

А2016
3029к

ТАЛҒАТ КЕҢЕСБАЙ




МАРАФОН

РОК-НОВЕЛЛА, ӘҢГІМЕЛЕР, ПОВЕСТЕР



Талғат КЕҢЕСБАЙ


МАРАФОН



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

Талғат КЕҢЕСБАЙ

МАРАФОН



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84(5қаз)-44

К 31

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министiрлiгi
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестiктi жоғарыла-
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насип-
хаттау және мұрағат iсiнiң iске асырылу тиiмдiлiгiн арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттiң әлеуметтiк маңызды түрлерiн
басып шығару» кiшi бағдарламасы бойынша жарық көрдi»**

К 31 Кеңесбай Т.

Марафон: Повестер мен әңгiмелер./Талғат Кеңесбай. –
Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. –288 б.

ISBN 978-601-7505-33-2

XX ғасырдың сексенінші жылдарында қазақ әдебиетіне келген буынның талантты өкілі Талғат Кеңесбай – жаңашыл жазушы. Жазушының оқырмандарға ұсынып отырған «Марафон» атты бұл кітабына бірнеше повестері мен әңгімелері топтастырылған.

Шығармаларының тілі жеңіл, көркемдік ерекшеліктері оқырманның арман-қиялын шарықтатып, мол әсерге бөлейді.

Кітап әдебиет сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84(5қаз)-44

ISBN 978-601-7505-33-2

© Кеңесбай Т., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.



1 БӨЛҮМ
ПОВЕСТИЕР



ГАУҲАР

Толған айды төңкеріп тастап, Ертістің тоңазыған бетіне қып-қызыл қына шашып, күндіз-түні қаланың кара түтінін үн-түнсіз жұтып жатқан момын қарағайлардың басына шапшаң өрмелеп шыққан күннің шапағы еңселі үйдің үлкен-үлкен терезелеріне кірпіктерін жебедей қадады да, мамықтай үлпілдеген ақ жібек перденің сақина көздерінен тамып-тамып түскен ұсақ сәулелер түнемелдің бұрыш-бұрышына сынаптай сырғып келіп, төсекте ұйықтап жатқан сұлу келіншектің бұлде жамылғысына жабысты да, буға айналып көтеріле берді...

Бөлме іші әп-сәтте ағараңдап бара жатты. Керілгенмен, көзін ашпаған келіншек сүйрік саусақтарын созып маңайын сипалай бастады. Есікті ақырын ашып, аяғын білдірмей басып келе жатқан күйеуі тізесін орындыққа соғып алды. Гауһар көзін ашты:

– Не болды?

– Ұйықта. Ұйықтай ғой, – жанына келіп отырған күйеуі құшақтап, аппақ тамағынан сүйіп, қап-қара шашын тарамдап қойды. – Ұйықта, жаным...

– ?

– Қазір мен жуынып алайын. Кофе ішесің бе, әлде шай ма?

– А, не ішсем екен? – деді Гауһар еркелеп.

– Демала ғой, мен қазір.

– Музыка қойшы.

Күйеуі бөлмеден шығып бара жатып музыка қосып кетті.

Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны».

«Мың миллион алқызыл гүлдер, гүлдерден де көп аппақ көбелектер. Ақырын-ақырын жел соғып тербеліп-тербеліп кеткенде, көбелектер де ғайып болып кетті. Гүлдердің басы үзілердей қалт-қалт етіп, дала өртеніп жатқандай, дәл қазір күйіп кететіндей, енді тіршілік үзілетіндей, жоқ-жоқ мүлдем олай емес, жел кенет тына қалып, сол кезде көбе-

лектер қайтадан гүлдермен сағынысып қауышып, тіршілік сыйлаған әлемге қуанып, шаттанып өмір биін билеп бара жатқандай...»

– Компотты жылытып әкелдім, – деп жарты сағаттан кейін күйеуі келді.

– Неге мұздай суық әкелмедің? – деп Гауһар күйеуіне мейірлене күлді.

– Иә, саған суық әкелемін. Ойыңда бар ма, Делиге барғанда, суық су ішемін деп қалай ауырғаның? – деді.

– ?

– Мен жұмысқа бара берейін, шетелдіктермен келіссөз жүргізуім керек. Қазір Меруерт келеді. Таңғы астарыңды ішкен соң, есеп-қисабыңды жақсылап қарап шығарсың. Кешке қонақасыға кешікпессің.

Гауһар ақырын жымыиып қойды.

– Терезені ашшы.

Күйеуі жатын бөлмеден шығып бара жатып үлкен терезелердің перделерін ысырды. Жап-жарық...

Гауһар төсектен сергек тұрды да, жуынып аулаға шықты. Бақша ішіндегі гүлдер мен қайың, шыршаларды дәл бүгін алғаш рет көргендей қарап тұрып қалды.

Буырқанып-шымырланып фонтан атқылай бастады. «Вася ағай, молодец, әйтеуір, менің көңілімді тауып отырады», – деп іштей бағбан шалға риза болды.

– Қайырлы таң! – деді күтуші әйел мол денесін бұрып. – Таңғы асты қай жерге апарайын?

– Бақшада ішейін, таңқурайдың жанына апарыңызшы.

– Құдай-ай, – деді күтуші әйел ашуланған болып. – Қазір көресің, сенің мазанды ана қақпас алып, шайды да іше алмассың...

– Меруерт келуші еді, күзетшілерге айтарсыз, қақпаның алдында тұрып қалмасын.

Күтуші әйел маймаңдап үйге қарай кетті.

– Қызым, жақсы ұйықтадың ба? – деп айқайлай сөйледі бағбан шал. Гауһар оған қолын бұлғап, алты қанат киіз үйдің орнындай айналдыра отырғызылған таңқурайдың ортасындағы дөңгелек сәкіге барып отырып еді, тұмсығын

шиқылдатып сұр тиін келе қалды. «Қап, конфеттің болмай қалғанын қарашы, Туна апай», – деп айқайлап қалып еді, құйрығын сүйреткен кішкентай тиін ағаш басына бірақ өрмелеп шықты.

Тиінге қарап отырып, Хайнань аралында пальма ағашының басына өрмелеп шыққан арық қытайдың кокосты үзіп алып әкеп беретіні есіне түсті. Қолына жиырма доллар ұстата салып еді, қайтадан пальма басына өрмелеп, тағы біреуін әкеп беріп, тұра қашты. Ештеңені түсінбей қалған Гауһарға Алан күлімсіреп «ол сен тағы бір жиырма доллар бере ме?» дегені ғой.

– Ақшадан қашып бара ма?

– Иә, ханым, елдің бәрі сенің күйеуің ғой дейсің бе, ақшадан қашпайтын? – деген Аланның дауысы суық шығып еді.

– Апай, қайырлы таң! – деп үстіне әдемі көкшіл көйлек киген Меруерт келді. Көңілді. Көздері күлімсіреп тұр. – Апай, қалайсыз?

– Ой, Мика, сен қандай әдемісің!...

– Сізге еліктегіміз келеді, апай... Айнұр менен де әдемі...

– Сөз жоқ, сөз жоқ... Прекрасно! – деп Гауһар алақанын шапалақтады. – Екеуің де принцессасындар...

– Рахмет! – деді сұлу қыз күлімсіреп.

– Келгенің жақсы болды, жаным, қазір таңғы асты бірге ішетін болдық. Осы мен көптен ойлап жүрмін, Айнұр екеуіңді Стамбұлға бір жылға достарымызға айтып, сол жаққа жұмысқа орналастырғым келіп жүр.

– Ойбай, апай, – деді Меруерт көзі бақырайып.

– Біз ол жақта не істейміз? Әлде біз сізге ұнамай жүрміз бе?

– Жоқ, жоқ, о не дегенің, сендерден айналайын. Жалпы, сауда мәдениетін түріктерден үйрену керек. Еуропаның қай қаласына барсаң да, біздің түрік туысқандарымыздай жоғарғы деңгейде қызмет көрсете алмайды.

– Аа, мен шошып кетсем, апай. Құжаттарды қарай бересіз бе? – Меруерт сөмкесінен шағын ноутбук алып шықты, – Міне, электрондық нұсқалары.

Осы кезде күміс подносты толтырып күтуші әйел келді.

– Астарыңыз дәмді болсын!

– Сізге рахмет, шайды өзім құярмын.

Күтуші әйел тез басып кетіп қалды.

– Дәм ала отыр.

– Рахмет, апай, есеп-қисапты қарай отырасыз ба?

– Керегі не, саған сенеміз ғой...

Бағбан шал шөп шабатын агрегатты әрі-бері дырылда-тып тоқтамай жүр.

Күтуші әйелді шақырды.

– Тыңдап тұрмын, – деді еңтігіп.

– Ақсақалға айтшы, біз шай ішіп алғанша, қоя тұрсын.

– Мені тыңдағысы келмейді қырсық шал. Бүгін немересінің туған күні екен, «ертерек қайтқым келіп тұр» дейді. Жаңа бір тиінді ұстап алған екен немересіне, қайтадан босатып жібердім. Гауһардың ойына бағбан шалдың күнде таңертең келіп, әр гүлдің мінезін айтып, біраз әңгіме айтатыны есіне түсті. «Е, е, ағамыз таң атпай ішіп алған екен ғой».

– Маған конвертке салып үш жүз доллар әкеп беріңізші, – деп күтуші әйелге күлімсірей қарады.

– Не, базарға бармақсыз ба? Алан Рахметович білсе, мені өлтіреді... – деп, күтуші әйелдің көзі шарасынан шығып кетті.

– Өтінемін, апай. Мен жоғарыға көтеріліп, сейфті ашпай-ақ қояйын, – деді Гауһар еркелеп.

Бағбан шал резеңке етігімен жер тепкілеп, агрегатты қақалтып-шашалтып әрі-бері жүр. Гауһардың есіне зират басынан келгеннен кейін есіктің алдында тұрған шешесінің етігін бауырына басып, құшақтап тұрып жылағаны түсті. «Анашым, анашым, «келесі жылы мектепке апарам» деп едің ғой, осындай әдемі етікті маған да «әперемін» деп едің ғой... Мен қайда қалдым, мама-ау, мама-ау...»

– Апай, – деді Меруерт оның ойын бөліп, – таңғы шайыңызға рахмет, мен жұмысқа барайын.

– А, иә, айтпақшы, мен де бірге барайын. Тағы не шаруа бар?

– Келесі айда бауырым үйленуші еді, кредитке костюм-шалбар, қалыңдық көйлегін алсам деп едім...

– Өз дүкеніңнен өзің кредит аласың ба?

– Енді, апай...

– Дима, машинаны дайында, – деді.

– Қайсысын?

– Джипті.

Ұзын бойлы оққағар жігіт гаражға қарай кетті.

– Мен қазір, – деп Гауһар үйге кіріп кетті.

Меруерт сәкіде отыр. Күтуші әйел мен бағбан шаңқ-шұңқ етіп ұрысып алды. Шал қақпадан шығып бара жатып күтуші әйелді оңдырмай балағаттады:

– Старая карга...

Осы кезде үйден аяғына ақ кроссовка, бозғылт джинсы киген Гауһар шықты. Қап-қара көзәйнегін бір алып, бір киді.

– Дима, дайынсың ба?

«Lexus»-тің жанында тұрған Дима басын изеді.

– Гауһар Өмірзақовна, ана қақпастан жүз долларды қайтарып алдым. Оларға екі жүз де көп, алқаш, оңбаған! Ертең көресіз, арақ ішіп жұмысқа шықпайды...

– Немересіне сыйлық ретінде беріп едік қой...

– Ол қақпасқа...

– Енді мұндайды қайталамаңыз, сол ақшаны өзіңіз алыңыз...

– О не дегеніңіз, өтінемін, сіздің есебіңізге жазылған, міне, қайтарамын, – деп көк қағазды Гауһарға берді.

Күтуші әйелге Дима қабағын түйіп еді, маймандап қазандық жаққа қарай кетті.

– Дима, андағы рацияңды мен ұстай тұрайын, жана таңғы шай ішкен жерімде ұялы телефоным қалып қойыпты.

– Қазір.

– Тез машинаға отыр, – деді Меруертке.

– ?..

Өзі арбандап кетіп бара жатқан оққағарға қарап-қарап қойды. Дима үстелдің жанына келіп, айналасынан ұялы телефонды іздеп жатқанда, джип қақпадан шығып үлгерді.

– Осы үйден шықсам болды, өзімді сондай жақсы сезінемін. Ағаларың да мына оққағарды менің жаныма байлап қойды. Уһ, әрең дегенде құтылдым қой...

Аппақ джип аспалы көпірдің үстімен ойнақтап, трамвай желісін бір кесіп өтті.

– Апай, ақырын жүрінізші, – деді Меруерт көзі бақырайып. – Неге сонша қатты жүргізесіз?

– Әлгіден қашқан түрім ғой. – Терезені ашты да, рацияны асфальтқа лақтырып жіберді. – Пәле болды ғой мынасы...

Олар үш қабатты сауда үйінің алдына келіп бір-ақ тоқтады.

– Ал, Мика, үшінші қабатқа ешкімнің көзіне түспей көтеріліп кетейік.

– Онда қызметтік лифтімен көтерілейік, менде карточка бар ғой, – деді Меруерт күліп.

– Айналайын! (Гауһар маржандай тістерін көрсетіп күлді.)

– Маған бір демалыс сыйлайтын болдың... Бауырың мен болашақ келініңді шақырып қойсаңшы, өздері таңдап алсын.

– Апай, мен тек кредитке ғана аламын.

– Мені ренжітпеші, айналайын. Айтпақшы, әлгі Дима бүкіл қаланы шулатып іздеп жатқан шығар, – деді лифтіге кіріп жатып.

– Ағай ренжіп жүрмесе... – деді Меруерт.

– Ренжімейді, ағаларың күледі де қояды.

Олар үшінші қабаттағы жас жұбайларға арналған салонға келді. Келушілердің қарасы көп емес екен. Сатушы қыздармен Гауһар жылы амандасып жатыр.

– Халдерің қалай, қыздар?

– Жақсы, апай, – деді бәрі. – Өз халіңіз қалай?

– Рахмет!

– Қане, Мика, бауырыңа телефон шал, тезірек келсін.

Меруерт ұялы телефонын алып, бауырымен сөйлесе бастады.

– Апай, өткен айымыз табысты өтті, – деді әкімші қыз Айнұр. – Осы маусымда ғана елу жұпқа той киімдерін саттық. Тек, мына тігін цехына бір-екі машина алмасак болмас, клиенттеріміздің шалбарларының балағын, көйлегінің жеңін қысқартуға үлгірмей жатырмыз. Алан Рахметовичке жазбаша хабарлама салғанмын.

– Ағаларыңның қолы тие бермейді, маған айтқандарың жақсы болды. Қане, Италиядан әкелген костюмдерді көрсетші? Ел алып жатыр ма?

– Әрине, түрік өнімдеріне қарағанда, сұраныс бағасының қымбаттығына байланысты сәл аздау.

– Айнұр, осы сені кімге ұқсайды десем, әнші Мақпал Жүнісовадан аумайсың ғой, – деп әзілдеді.

– Бәрі солай дейді, – деп Айнұр күлді.

– Сен өзің қай жерден едің?

– Үржардан.

– Осы сіңлім неткен сұлу десем, бал мен алма жеп өскен екен ғой, – деп күлді.

– Рахмет, Гауһар Өмірзақовна, сіз де сондай әдемісіз.

«Сатушы, мұнда келінізші» деген әйелдің дауысы шықты. Айнұрдың топ-модельдер сияқты жүрісіне қарап: «Нағыз сұлулық этикасы, біздің қазақтың қыздарының бәрі жүріс-тұрысы, мінездері осындай болса ғой» деп ойлады Гауһар.

– Сіздерде ерекше қымбат екен.

– Бізде эксклюзивті тауарлар.

– Баламыз үйленетін еді. Қатарынан қалмасын деп едік, аздап болса да жеңілдік жасамайсыңдар ма?

– Мен бес пайыз төмендете аламын. Ал сіз біздің хозйя-камен сөйлесіңіз, ол кісі тамаша адам.

Гауһар олардың дауысын естіп тұрғанымен, екі көзі орта бойлы, шашы бұйра жас жігітте. «Қайдан көрдім бұл баланы? Әлде біреуге ұқсаттым ба? Кімге... кімге?..»

– Өзіңіз сөйлесіп көріңіз, – Айнұрдың дауысы анық естілді.

– Сәлеметсіз бе? – деп жанына келді әйел.

– Сәлеметсіздер, – деген Гауһардың өне бойын ток соғып өткендей болды. Құлағы шыңылдап, сол шақта ештеңе есті-мегендей... – Тыңдап тұрмын, – деді күлімсіреген болып.

– Баламыз үйленуші еді, – деп толықша келген келіншек жарқылдай күлді. – Сіздерде арнайы жеңілдіктер болмай ма, тым құрмаса жиырма пайыз дегендей...

«Кімге ұқсайды мына бала, кімге ұқсайды?»

– Гауһар, сен бе? – деген ер адамның дауысын естіп селк ете түсті.

– Иә, танымадым.

– Өмірзақовна, мені танымадың ба?

Гауһар шашы ағарып, көзінің алды қалталанған орта бойлы мығым жігітке таңырқай қарады.

– Қайратпын ғой...

– Не, не, ой, Қайрат, бұл сен бе? Қанша жыл болды ғой... Мектеп бітіргеннен бері көргенім осы, кешірерсің.

– Ұл міне, менің ұлым, жолдасым Алтын. Алғашқы қызығымыз ғой, дос бар, дұшпан бар дегендей... Асыл-бегімнің тойына дайындалып жатқан түріміз.

Толықша келіншек тепсініп, мол денесі ірк-ірк етіп, мойын тамыры көгеріп, қыстығып сөйлей алмай, көзі шарасынан шығардай ызаға булығып әп-сәтте өзгеріп шыға келді.

– О, сенің ұлың болса, не керектеріңнің бәрін сыйға тартамын. Бала кезден бірге өскен досымсың ғой..., – деді Гауһар Қайратқа күлімсірей қарап.

– Біз қайыршы емеспіз, кім деп жүрсіңдер... Мен баржоғы скидка сұрағаным ба? – деп, күйеуінің қолынан жұлқылады.

– Кешірерсіз, апай, сіз өзіңіз кіммен сөйлесіп тұрғаныңызды білесіз бе? – деді Айнұр дауысын қаттырақ шығарып. – Ақырын сөйлеңіз.

– Білем, білем. Ал сендер кімнің кім екенін білмейсіңдер. Жүріңдер, – деп долданған әйел күйеуі мен баласын жұлқылап жүр.

– Кешірерсің, – деді Қайрат құлағына дейін қызарып.

– Охрананы шақырайын, – деп Айнұр қолын соза бастап еді, Гауһар оның білегінен ұстады:

– Қоя ғой...

– Не деген мәдениетсіз әйел!

– ?..

Гауһардың тамағына өксік тығылды.

Бұлардың жанына қайтадан келген Меруерт аң-таң боп қалды.

– Айнұр, не болды?

– Әй, бір жыңды қатын...

– Бауырларың келе ме? – деді Гауһар бойын тез жинап.

– Айнұр, менің атыма 3000 доллар тауар чегін жазарсың, ағаң екеуміздің жас жұбайларға сыйлығымыз болсын.

– Рахмет, апай! – деп Меруерт ұялыққырап қалды.

– Апай, – деді Гауһардың жанына қайтадан келген Асылбек соңына бір қарап қойып. – Мамама ренжіменіңші, сіздерге салмақ салмайын дегені ғой.

– О не дегенің, айналайын. Папаңның денсаулығы қалай? – деп сұрап қалғанын өзі де білмей қалды.

– Өткен жылы бір инфарктен қалды, әйтеуір.

– ?..

– Сіз сондай әдемісіз, апай, бізге ренжіменіңші, – деп Асылбек қоштасып кетіп қалды.

– Мынадай мәдениетті жігіттің шешесі ана көкбет әйел екеніне сене алмай тұрмын, – деді Айнұр оның соңынан қарап тұрып.

– Апай, дегенмен кредитке алсам, дұрыс болар еді...

– Мика! – Гауһардың дауысы қатты шыққаны соншалық, екі қыз селк ете түсті.

Айнұрдың көзі бақырайып кеткен.

– Апай, – деді екеуі қосарлана.

– Мені лифтімен төмен түсіріп жіберіңдер, кафеде отырамын. Біраздан соң келіңдер...

Меруерт қолдары дірілдеп, карточканы құрбысына әрен берді.

Кафеге қызмет бөлмесі жағынан кірген кезде, қыздар оған жапа-тармағай амандасып қарсы алды. Гауһар ас мәзірін сұрады да, шеткі орындыққа барып отырды.

– Не қалайсыз?

– Қызыл шарап, тәттілерден болса. Жо-жоқ, тұра тұр, жүзім болса.

Даяшы қыз оның шарап сұрағанына таңырқағанын білдірмей барға қарай бұрылды.

Гауһар бір бөтелке француз шарабын әп-сәтте орталап тастады. «Қайрат, сенімен осылай кездесемін деп ойладым ба...»

– Сіздің мұныңыз не? Мен бәрін шефқа айтамын. – Дима төбесінен төніп тұр.

– Айтсаң айт, сенің қолыңнан одан басқа не келеді? Бар айт, содан бірдене шықса. Ал мен болсам, сенің маған екі жыл бойы бес мың долларды қайтармай жүргеніңді айтамын.

– Кеш-і-рі-ніз, – деді Дима тұтығып. – Менің әйелім ауру ғой...

– Мен де аурумын, – деді Гауһар ызалана күліп.

– Сіз бе? – деді Дима таңырқап. – Мұндай сөзбен қалжыңдауға болмайды.

– Бар, Меруертті маған шақырып кел!

Телефон шырылдады.

– Алло.

– Жаным, – деді күйеуі, – бүгінгі күнді еркелікпен бастағаныңа ризамын. Кешкі банкетке кешікпесең болды. Сені сүйемін...

– ?..

Гауһар үндемеді. Күйеуі тағы да біраз жылы– жылы сөздерін айтып жатыр.

Тыңдағысы да, естігісі де келмейді.

Ол Қайратты ойлап отыр...

«Қайрат, қаншама жыл өткен соң осылай кездестік пе?...»

Барда жүрген қыз музыка қосты.

Күйеуі жылы-жылы сөздерін айтып жатыр. Ол естіп тұрғанмен, ештеңе ұққан жоқ. Тек Қайратты ойлап отыр. «Қайрат, қаншама жыл өткен соң кездескенімізде, әңгімелесе де алмадық қой...»

– Мұғалім, мұғалім, – деді Гауһар, – ұйықтап қалдыңыз ба? Қақпаны біреу қағып тұр.

– Не? – Алан орнынан әрең тұрды. – Қорықпа, қазір.

Киініп сыртқа шығып кетті. Сол сәтте Гауһар орнынан неге тұрғанын өзі де білмейді. Бойынан қорқыныш жоғалып кетті. Сұп-суық еденді жалаңаяқ басып есікке жақындады.

– Сен қайдан жүрсің? – деді Аланның дауысы.

– Мұғалім, тыңдаңызшы мені, мен Гауһармен сөйлесуге келдім.

– Кет, оңбаған! Еше ішіп алғансың, сені соттатпағанымызға айтқан рахметің бе?!

– Мұғалім, мен емеспін. Құдай үшін Гауһармен тілдесейінші.

– Ол үйде жоқ.

– Оның үйде екенін жүрегім сезеді, мен оны сүйемін...

– Мә саған, иттің баласы!

– Ұрыңыз, ұрыңыз, мұғалім, өлтіріп тастаңызшы мені!
Мен Гауһарды сүйемін.

– Мә, саған, иттің баласы!

Гауһар төсегіне барып жатқанын өзі де білмейді. Жылаған жоқ.

Сол түні Гауһардың көзінен жас шықпады.

Жүрегі жылаған еді...

Меруерт келді. Екі көзі қып-қызыл. Жылағаны көрініп тұр.

– Айнұр жұмыстан шыға алмады.

– Отыра ғой, айналайын, сен маған ренжіп қалдың ба?

– Жоға, – деді Меруерт жыламсырап, – сізге ренжімеймін. Келмей жатып әлден осындай, бізге қандай келін болмақ? Әке-шешесіне де киім-кешек алмақ, онымен қоймай «Бір бөлмелі пәтеріңізді бізге сыйға беретін шығарсыз» дейді. Ол айтпаса да, ініме өзім де беретін едім, енді бермейтін болдым.

– Иә, қазіргі жастар...

– Бауырыммен бүгін жақсылап сөйлеспесем болмас. Әлден бұлай болса, бара-бара не болмақ?

– Қайтесің, жастардың арасына түсіп, уақыт өте келе бәрі орнына келеді...

– Сіз солай ойлайсыз ба? Алан Рахметович екеуіңіз үйленген кезде сіздерде осы дүниенің бәрі бар ма еді?

– Біз үйленгенде ме? – деп Гауһар терезеге қарап кетті. Есіне... есіне...

...Қуанышы қойнына сыймай сыртқа шықса, мұғалімі күтіп тұр екен. Қолында екі үлкен чемодан. Өзі сондай көңілді.

– Гауһаржан, дипломың құтты болсын! – деп бетінен сүйді. Өне бойын ток соғып өткендей болды. Төрт жыл бір үйде, бір бөлмеде тұрса да, қолынан ұстап көрмеген ер адамның күтпеген жерден бетінен сүйгенін неге жорырға білмей, екі беті қып-қызыл боп кетті.

– Ағай...

– Айналайын, енді біз жалдап алған пәтерге бармаймыз.

– Енді қайда барамыз?

– Біздің, то есть, сенің өз үйің болады.

– Қалай-қалай?

– Жүре ғой, – деді мұғалім күліп. – Баяғыда біреу айтыпты ғой «Лашық болса да, өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп. Кеттік.

Олар жолай дүкеннен бір шампан, оны-мұны алып, трамвайға отырып қаланың шетіндегі Затон ауданына келді...

– Апай, апай! – деп Меруерт саусақтарын жазып, оның көз алдына шеңберлеп өтті.

– Мені естіп отырсыз ба?

– А, – деп Гауһар күлді. – Иә, иә, не айтып отыр едік?

– Сіздер үйленгенде...

– Ә, қу қыз, бәрін біліп алмақсың ғой. Одан да өзің қашан тұрмыс құрмақсың?

– О, апай! – Меруерт аппақ тістерін көрсетіп күлді. – Суретші жігітіміз әлі өзінің ұлы туындысын салып біткен жоқ.

– Иә, – деді Гауһар күліп, – Ақберен досың менің портретімді салып, жүзімнің жартысын қап-қара қылып қойып еді ғой... Ой, сонда ағаңның ақшасын төлеуін төлеп алып, сол күні-ақ отқа жағып жібергені...

Меруерт қызарақтап төмен қарады.

– Шарап ішемісің? – деді Гауһар оның ыңғайсызданып отырғанын байқап.

– Жоқ, апай, жұмыс көп қой. Сіз де ішпей-ақ қойыңыз, бастық білсе, ұрсады. Ол кісінің ішкенін көрмеппіз...

– Микажан-ай, ағаларың алтын адам ғой. Маған ешқашан ұрысқан емес, бірақ мен саған бір қызық айтайын ба? – деп Гауһар жан-жағына қарап алды.

– Айтыңыз, – деді Меруерт.

– Осы сауда үйін ашқан жылы болар, Мәрмәр теңізінде демалдық қой. Кешкісін ресторанда вискиден бір-екі ұрттап еді, «Гүзәл, Гүзәл» деп түріктің биші қызының артынан қалмай қоймасы бар ма!

– Қойыңызшы, апай, біздің бастықты мазақтамаңыз. Я вам не верю.

– Шын айтам, – деп күлді Гауһар. – Ертеңінде ағаларың менен ұялып тығылғанын көрсендер, аяп кеттім. Әртiс болып, «жаным, күнім» деп сол күннен бастап сөйлей бастадым. Неге екенін білмеймін, әдет болып кетті. Жаным, күнім демесем, ағаңмен әңгімем жараспайтын сияқты, – деп күлген болды.

Меруерттің есіне дауыс көтеріп сөйлеген әйел түсті.

– Бағанағы клиенттерді түсінбей қалдым ғой...

Жаңа ғана күлімсіреп отырған Гауһардың өңі әп-сәтте бозарып кетті. Үн-түнсiз отырды да:

– Диманы шақыр, үйге қайтамын, – деді. Меруерт оның түрін көріп шошып кетті.

– Қазір, апай, – деп орнынан тез көтерілді.

«Сол түн болмағанда...» – Гауһардың тынысы тарылды.

Еңтігіп оққағары келді. Меруерттің көзі бақырайып, не болып қалғанын түсінбей тұр.

– Апай, мен артық бірдеңе айтып қойдым ба?

– Жоқ, – деді тынысы тарылып Гауһар. – Сол түн болмағанда ғой...

– Не дейсіз, сол түн? Ұқпадым.

Гауһар оған жауап берген жоқ.

– Мені үйге тез жеткіз, – деді оққағарға қарап.

...Төсегіне құлап түсті. Өксіп-өксіп жылады. Ықылық атып жатып ұйықтап кетіпті.

Ояна алмай қиналды. Қиналды.

– Жаным, тұршы, саған не болды? – деді күйеуі.

«Сол түн болмағанда ғой...»

Ыстығы көтеріліп, күйіп-жанды.

– Қазір, қазір, дәрігер шақырамын.

«Сол түн болмағанда ғой...»

Дәрігер көп бөгелмеді. Шынысы қалың көзәйнегін алды да, жасаураған көзін сүртті.

– Жігітім, қорқынышты ештеңе жоқ. Жұбайыңыздың жүйкесі тозған, – деді.

– Не дейсіз?

– Жүйкесі тозған. Жақсылап тынықсын, бассейнге барсын, таза ауаға шықсын, тіпті моншаға түскенде, қайың сыпыртқысын пайдаланғаны дұрыс.

– Сіз не айтып тұрсыз? – деді Алан түрін суытып. – Жүйкесі тозған деген не сөз? Сіз... сіз кімнің үйінде тұрғаныңызды білесіз бе? Бұл әйелдің жүйкесін тоздыратын не жағдай бар?..

– Бауырым, – деді, оңаша сөйлесейік дегендей қолтығынан ұстаған дәрігер түк басқан қабағын керіп. – Сіз білесіз бе?..

– Иә?

– Өмірде, – деді сыбырлап, – адам баласына дәріден де бір ауыз жылы сөз қажет болатын кездер болады. Сондықтан жұбайыңызға анда-санда көңіл аударып қойыңыз.

– Авраам Исаевич, түк түсінсем бұйырмасын.

– Онда мен сізді түсіндім, – деді жасы келген дәрігер күлімсірей қарап. – Мен сізді түсіндім, ренжімесеніз шығарып саласыз ба?

Қақпадан дәрігерді шығарып салып, ойланып тұрып қалды. Ойына келген сұраққа жауап іздегендей, еңселі үш қабатты үйіне қарады. Терезесі жарқырап тұр. Үнсіз сәкіге барып отырды. Ойланды. «Не жетпейді, жүйкесі тозғаны қалай? Әлде бір жері ауыра ма? Менен не жасырып жүр?..»

Тықыр-тықыр еткен аяқ дыбысына жалт қараса, Дима келе жатыр.

– Алан Рахметович, бағбан шал келіп тұр, ішке кіргізейін бе?

– Не боп қалды тағы екі кештің арасында, бұларда тәртіп бар ма өзі?.. Кіргіз.

Дима пультті басты. Есік ашылды. Бір себет алқызыл гүлдерді көтеріп бағбан шал келді.

– Мынау ненің құрметіне?

– Гауһар Өмірзақовна ауырып қалды деп естідім. Ем болсын дегенім...

Алан мырс етіп күлді. «Бар, өзің тапсыр» дегендей ишара білдірді.

Шал жоғары көтеріліп барады. Қолында бір себет гүл емес, топ-толық айды иығымен мықшындап көтеріп бара жатқан сияқты. Бойы құнысып, аяғын басқан сайын шықыр-шықыр еткізіп, теңселіп жоғары көтеріліп барады. Бүкірейген бағбан шалдың соңына қарап тұрған Аланның

көз алдына өзінен үлкен асқабақтың дәнін көтеріп бара жатқан құмырсқа елестеді. «Бейшара» деп дауыстап айтып қалғанын байқамай қалды.

– Не, не дейсіз? – деді Дима.

Алан үндемеді. Осы кезде құйындатып жел соғып өтті, жапырақтар ұшып, олардың үстін жауып кетті. Қаудырлаған жапырақтарды сілкіп жатыр еді, аспанда қиқулаған тырналар ай бетін шимай-шимай қылып, түнгі аспанмен ұшып барады. Дима жоғары қарап тұрып:

– Уже летают журавли. Мен болсам әлі мұнда жүрмін. Шіркін, әйелім жазылып кетсе. К чертовой матери, «Калининград кайдасың?» деп кетер едім. Эх, Балтық жағалауы, сағындым ғой сені, – деді.

Алан оның сөзін естісе де естімеген болып, үйге кіріп кетті.

– Ой, қандай әдемі гүлдер! – деді Гауһар.

– Қызым, өзіңе әдейі әкелдім, ертеңге қалдыруға шыдамадым, – деді бағбан шал.

Олардың сөзін баспалдақпен көтеріліп келе жатып естіді. Бір бүйірден табағын көтеріп күтуші әйел шықты.

– Апай, байқаңыз, Вася досыңыз бар.

– Не дейді, құдайым-ау, мезгілсіз уақытта ол қақпасақа бұл үйден не керек?

Күтуші әйелдің таңырқаған түрін көріп Аланның күлкісі келді. «Осы екі қарияға не жетпейді өзі?».

– «Сіз шақырды» дейді, – деп күлкісін әрең жасырды.

– Ол қақпасты ма, баяғы бір шөлмек дәметіп жүрген шығар.

– Жоқ, жылыжайдан келе жатыр екен.

Күтуші әйел есікті қақпастан ішке кірді.

– Гауһаржан...

Бір себет гүлді көріп таңырқап қалды да, бойын тез жинады.

– Сен бар, шыға тұр, Гауһаржанға ыстық сорпа әкелдім. Бөгет жасама...

– Апай, көрдіңіз бе, Вася ағай маған гүл әкелді, – деді Гауһар.

– Бұған ондай ақыл қайдан келсін, Дима айтқан шығар...

Бағбан шал миығынан бір күліп алды да:

– Гауһаржан, бұл апаңа өмірі ешкім гүл сыйламаған ғой, илтипаттың не екенін қайдан білсін, – деді.

– Маған ба, маған гүл сыйламақ түгілі, би кешінде мен үшін жігіттер төбелесіп қалатын. Фокстрот, твист деген билер бізден қалған, – деп етженді күтуші әйел ырғалып-ырғалып қойды. Гауһар күліп жіберді.

– Қане, қане, тағы билеші, – деді бағбан шал.

Осы кезде бөлмеге Алан кірді.

– Басеке, мына кемпірдің биін көріңізші, – деп бағбан шал ыржалақтады.

– Несі бар, жап-жақсы. Апай, жалғастыра беріңіз, – деді Алан күлімсіреп.

Күтуші әйел бетін бір шымшып, бөлмеден шығып кетті.

– Сізге рахмет, Вася ағай, гүлдеріңіз әдемі екен. Осы үйдің ауласында неге өсірмей жүрсіз?

– Бұл Алжир гүлдері, бес жыл болды, әрең жерсіндіріп келе жатырмын. Алла бұйыртса, оншақты көшетті осында әкелмекпін.

– Вася ағай, – деді Гауһар, – сонда қалай, біздің аулаға бірден отырғызса өспей ме?

– Қызым, бұл пияз емес қой. Бұл гүлдің ерекшелігі – адам бойындағы кеселді өзінің бойына сіңіреді. Өте нәзік гүл, бұлардың өз жүрегі бар...

Бағбан шалдың бір сөйлесе ұзаққа кететінін білетін Алан оны арқасынан қағып:

– Вася ағай, әлемде сіздей бағбан адам жоқ шығар. Ал қазір Гауһар Өмірзақовна демалсын, – деді.

– Иә, иә, жақсы, демалыңыз, тез сауығыңыз, – деп бағбан шал бөлмеден шығып кетті.

– Уһ! – деді Алан. – Осы сенің кемпір-шалдарыңнан әбден жалықтым. Сөздері көбейіп барады, мүмкін, бұлардың орнына басқа біреулерді аларсың...

– Жо-жок, олай демеші, онсыз да бүгін өле салғым келді... – деп, алақанымен аузын жаба қойды.

– Не?

– ?..

Алан келіншегінің жанына келіп отырды. Маңдайынан сипады. Бетінен сүйді.

– Жаным, өле салғаны несі?..

– Жай айта салғаным ғой, осы үлкен кісілерге бауыр басып қалдым...

– Ол әңгімені енді қозғамайық, – деп Алан күлді де, жамылғысынан шығып қалған келіншегінің бақайын бас салды. Гауһар аяғын тарта қойды. Күйеуіне еркелей қарады... Сол сәтте телефон шырылдады.

– Алло! – деді Алан. – Тыңдап тұрмын... Иә, иә, не дейсің, финпол? Неге, неге? Бірденесін бермедіңдер ме? Алмайды? Онда өзім барармын.

Гауһардың көзі бақырайып кетті.

– Алаңдама, – деді күйеуі. – Мен Қурчатов қаласына барып келейін. Біздің вагондарды финполдың жігіттері жібермей тұр екен...

– Шаршаның ғой, ертең барсаңшы.

– Ертеңге қалдыруға келмей тұр ғой.

– Мен киімдеріңді дайындайын.

– Жо-жоқ, әуре болма, жаным. Күртешені алсам болды, Құдай бұйыртса, тез қайтамын.

– Байқашы, сен үйден шығып кетсең, алаңдаймын.

– ?..

Алан келіншегінің маңдайынан сипап, ернінен сүйді.

– Шашың ағарып барады ғой, жаным, – деді Гауһар оның шашын саусақтарымен салалап.

– Мен жүремін, сен алаңдамай ұйықта.

Гауһар күйеуінің иығын, білеу-білеу бұлшық еттерін сипалап қойды.

– Байқап жүрші...

– Алаңдама, – күйеуі бөлмеден асығыс шығып кетті.

Гауһар телефонның түймесін басты.

– Туна апай, бәсеке жол жүріп барады. Екі термос шай, оны-мұны салыңызшы, – деп трубканы қойды да, орнынан тұрды.

Есік пен төрдей сүлік қара «Toyota-40» сырғып кеп есіктің алдына тоқтады. Димаға күйеуі бірдеңе айтып жатыр. Гауһар екінші қабаттың терезесінен бәрін көріп тұр.

– Шеф, хозайка терезеден...

Алан артына бұрылмады, Димаға ақырын сыбырлап сөйлей берді:

– Сен маған хозайқанның бүгін қайда барғанын, кіммен сөйлескенін анықтап бер.

Дима басын изеді.

«Жастық салу керек еді ғой, жол бойы ұйықтап барады ғой...»

Гауһар терезені ашқанша, «Toyota» лып етіп қақпадан шығып кетті.

«Енді не істедім, «Hummer»-ге неге отырмады екен?..»

Күйеуіне телефон шалды. Ұз-а-ақ. Жауап жоқ. Тағы шалды.

– Не болды?

– Жаным...

– Біз қаладан шығып кеттік. Ұйықта! – Күйеуінің дауысы әмірлі шықты. – Шаршадым.

Гауһардың өнебойы мұздап кетті. «Ренжітіп алдым-ау».

Жарықты сөндіріп, төсегіне жатты. Кірпігі айқаспады. Ой, ой, ой. Көз алдына небір елестер келді.

«Сол бір түн болмағанда...»

Мың-мың мәрте қайталады. Ойланды.

Үн-түнсіз екі иығы селкілдеп жылады.

Кемсеңдеп жатып ұйықтап кетіпті.

– Қызым, тұра ғой, түс болды ғой, – деп күтуші әйел екінші қайталағанда көзін ашты. – Түс болды, қызым, сені оянды ма деп Аланжан үш рет қоңырау шалды.

Басы мең-зең. Орнынан тұрып, жуынатын бөлмеге қарай бара жатыр еді...

– Қызым, мынаны қара, – деді күтуші әйел. – Гүл емес, сыпыртқы ғой мынасы, қақпас шал-ай, Алжирдің гүлі деп қояды, жолдың шетінен жұлып алған шығар...

Гауһар таңғалды. Аппақ гүл қурап, қарайып жүдеген. Солған.

– Апыр-ай, ә! Вася ағай кеше кешкісін ғана әкеліп еді ғой...

– Осы гүл солғанша, Вася ағаңның екі аяғы көктен келмейді екен.

Гауһар басын шайқап күлді де, жуынатын бөлмеге кіріп кетті.

Көбік шашқан джакузи жанына барып отырды. Ұз-а-ақ ойланды. «Қайрат, сені ұмытып едім ғой... Жо-жоқ, ұмытқаның не, сені ұмытайын деп аласұрып жүрмін ғой... Іштей ойлап... қаншама күндер-түндер азап көргенімді білсең ғой...»

– Қызым, – деп дауыстап күтуші әйел есікті қақты, – өзін жақсы көретін сүлгінді әкелдім.

– Киім ілгішке іле салыңыз.

Есік ашылды да жабылды. Бүлк-бүлк еткен кең джакузиға бір сүңгіп алды. Айнаның бетін сүртіп еді, жалаңаш иығына қара шашы төгілген өз бейнесін көрді. Ұп-ұсақ тамшылар кірпіктерін иіп жатыр. Ұсақ-ұсақ тамшылар...

Гауһардың есіне ең алғашқы Затондағы лашық үйлері түсті.

...Табалдырықтан аттар-аттамастан жағымсыз иісті сезіп тұрып қалған.

– Гауһаржан, бұл үй сенің дипломыңа көрімдігім болсын... Жері де бар төрт сотық. Бірге бау-бақша да егерміз...

– Мұғалім, не ғой...

– Айналайын, сен енді бүгіннен бастап мені мұғалім деп айтпайтын боласың.

Гауһар буын-буыны дірілдеп, үндемей қалған...

Душ қабылдап шықты. Ақырын басып түнемелге бара жатқан оны күтуші әйел көріп қалып, жанына жетіп келді.

– Қане, қане, дастарханға жүр, тауықтың етін асып, кеспе көже жасап қойдым.

– Киініп алайын.

– Халатпен жүрсің, ештеңе етпейді, екеуіміз ғанамыз ғой...

Каминнің жанындағы креслоға отырған оның бойы бірден жылынды. Бір шара кеспе көженің иісі бұрқырап, тәбетін ашып жіберді.

– Апай, рахмет.

– Қызым-ау, денсаулығыңды күтсеңші, – деп сөзін бастап келе жатты да, есіне әлдене түсті ме, төменгі қабатқа кетті.

Шытыр-шытыр етіп жанған ағаштың жылуы мен ыстық тамақ жанын рахатқа бөледі. Әп– сәтте маңдайы терлеп, денесі бусанды. Күтуші әйел кешіріңкіреп барып шай мен тәттілерін көтеріп келді.

– Қалайсың, қызым?

– Өте дәмді болды, апай, рахмет сізге...

– Кел, шай ішейік, мына шайды арнайы демдедім. Жеті түрлі шайдан жеті қасық және сонша қасық шөп бар.

Хош иісті ыстық шайдан бір ұрттаған Гауһар күліп жіберді.

– Шайларды Индиядан, шөптерді Вася ағайдан алған шығарсыз...

– Ой, жынды қыз-ай, таң атпай сен үшін әуре боп жүрсем, Вася қақпасты айтады ғой, – деп жорта бұртиды.

– Қайдан білейін, бағбан шалды аузыңыздан тастамайсыз...

– Қайтем ол қақпасты?

Күтуші әйел екеуі шайды әзілдесіп отырып ішті. Ыдыс-аяқты жинай қойғысы келмегендей әңгімесін жалғастырды.

– Қызым, – деді сәл күрсініп алып, – өзіңді ойласаңшы. Сен әйелсің, міне отыздан асып кеттің. Бала көтеруің керек, құдайға шүкір, бәрі жеткілікті емес пе...

– Иә, апай, бар ғой...

– Өзгеріп барасың... Ішінде не шер бар, қызым?.. Ақтарсаңшы. Керек болса жылап ал. Бірақ, іштен тынба. Еркекке айтағын шындық та, айтпайтын шындық та болады, байқаймын, күйеуіне айта алмай жүрген бір әңгімең бар сияқты...

– Сіз оны қайдан білесіз?

– Мен де әйелмін ғой, қызым, неге білмеймін? Өзіңді-өзің қинай бермей, сырынды ақтар, Аланжан түсінігі мол адам ғой...

– Күйеуім керемет адам, оны өзіңіз білесіз.

– Ал, қызым, сен басыңдағы бағынды бағалай біл, еркек үшін әйелдің адалдығы азық етеді.

– Ой, Туна апай, сіз... – деп үндемей қалды да, Лондонда өзіне ырымдап алған бойтұмарды француз әйеліне сыйлап жібергені есіне түсті.

– Иә, иә, Туна апайың осал емес, – деп оның ойын бөлген күтуші әйел, күрсініп алып сөзін жалғады. – Солдаттан генерал жасаған қатын көп шығар, ал мен прапорщиктен полковник жасадым, он жылдың ішінде, әттең өмірі қысқа болды. Әйтпесе, о дүниеге лампас киіп кетер еді.

– Ну, апайка, даёте, – деп күлді.

– Ал қазір сәл демалып ал да, төменге түс, күйеуіңе өз қолыңмен тамақ істе, түбін күйдірсең де, ниетіңмен жасаң, еркектің жүрегін жаулайсың.

— Иә, иә.

Каминге мол қылып ағаш салып жібергенін өзі де білмей қалды. От жанып жатыр. Ойланды. «Сол түн болмағанда ғой, сол түн болмағанда ғой... Сол түн, қарғыс атқыр сол оқиға». Көзінен мөлт-мөлт еткен қос тамшыны оттың қызуы құрғатып жіберді.

Гауһар орнынан тұрды.

Баспалдақтан төмен түсіп келе жатқан оны көріп күтуші әйел күліп жіберді.

– Қызым-ау, мына киім киісіңді үйді қағып-сілкетін адамға ұқсатамын, – деді таңырқап.

– Осы сізге Вася ағай екеуміз жақпай-ақ қойдық қой, а, Туна апай...

– Сенің бір тал шашыңнан садаға кетсін ол қақпас, ал, не істейміз, не бұйырасың?..

– Маған бір тауық, үш-төрт алма, екі помидор, дәмдеуіштер, сарымсақ, төрт картоп, майонез беріңіз.

Күтуші әйел сұрағанының бәрін алдына қойды да, Гауһардың не істейтінін бақылап тұрды.

Бройлерді мүшелеп бұзып, барлығын жақсылап араластырды. Майонезді көп салды. Тұз-бұрышты да аямады. Фольганы дәл қырық қабаттай қылып орады.

– Қызым-ау, мынауың ботқа болды ғой, енді не істемексің?

– Аулаға шығып от жағамын да, шокқа орап тастаймын.

– Жо-жоқ, атай көрме, дала суық, ауырып қаласың...

– Онда мен, – деді Гауһар күліп, – каминде пісіремін.

– О тоба, о заман да бұл заман каминге тамақ пісіргенді кім көрген?

– Мен дайындаймын.

Гауһар жоғарыға қырық қабагша оралған фольганы көтеріп кетті.

– Қой, кәрі кемпір жастармен жас болма, одан да тамақ әзірлеуге кірісейін, – деп өзімен-өзі күбірлеп жүр еді, телефон шырылдады.

– Алло, Туна апай, бұл үйде мені ойлайтын адам бар ма өзі?!

– О не дегенің, Аланжан, саған аландап отырмыз... Иә, түсте тұрды. Ұйқысы қанбаған ба, есіней береді, өзіңе арнап каминге тамақ пісіріп жатыр... Иә, иә, соны айтамынау, көрерміз не болатынын. Жо, о, не дегенің, мен емес, өзіңсің еркелетіп жіберген.

Гауһар фольгаға оралған тамақты шокқа көміп тастады. Қып-қызыл шоқтар. Затондағы үйдің ауласы есіне түседі.

От жағып, екеуі ұзақ әңгімелесетін.

– Айналайын, әлі көрерсің, өзіміздің керемет үйіміз, кәсібіміз болады.

– Сенбеймін, ескі үйдің ауласына мына үйді әрең салдық.

– Жаным, маған сенбеген адамды жек көремін, есінде болсын...

Қып-қызыл шоқтар.

Көзі жасаурап отырып, қалғып кетіпті. Есік қағылды. Қараса, ыржиып Дима тұр. Күтуші әйел оны ішке кіргізді.

– Туна апай, то есть, мамаша золотая.

– Қарным ашты деші.

– Иә.

– Әй, оңбаған-ай, қолыңды жу да отыр, бастық келе жатыр.

– Білемін.

– Сенің білмейтінің болсашы, – деп күтуші әйел оған үлкен кесе кеспе көже құйып берді.

– Туна апай, біздің шахиня, то есть хозяйка тамақ ішті ме?

– Әрине, оны қайтейін деп едің? Жап-жас болып осы сенің тіміскіленіп жүретінің не осы...

– Жүз грамм ішті ме дегенім ғой, – деп өңешін сұқ саусағымен шертіп қалды.

– Не, не? – Күтуші әйелдің түсі бозарып кетті.

– Дәрі, сироп ішті ме дегенім ғой, – деп кулана күлді оққағар жігіт. – Әйтеуір, Вася ағай екеуіңе жақпай-ақ қойдым ғой, – деп жорта өкпеледі.

– Жарайды, жарайды, ана қақпасты ауыздарыңа алма-сандар болмай ма? Мен жоғарыға барайын. Біздің ку қыз не істеп жатыр екен...

Күтуші әйел ендігіп жоғары көтеріліп бара жатқанда, Дима ұялы телефонын қолына алды. «001-шеф» нөмірін терді... Жауап жоқ. Шегір көздері аспандағы айға түсті. «Біздің шефқа не болған өзі?»

Тас жолға бауыры тиер-тиместен зулап келе жатқан кара көліктің артқы орынтағында отырған Аланның көзі ілініп бара жатыр еді, телефоны безілдей жөнелді. Тіпті, қояр емес. Ұйқысы ашылды. Белгісіз нөмір. Бойын әлсіз діріл билеп өтті.

– Алло.

– Қалайсың, бауырым?

– А-а, – деді дауысын бірден танып. – Шеф, өзіңіздің арқаңызда жүрміз ғой, тыныштық па?

– Курчатовтан келе жатырсыз ба? – деді қарлыққан дауыс.

– Иә, иә, біз жолдамыз, сіз қайдан білдіңіз? – деді таңырқап.

– Бәрін білеміз. Ештеңеге алаңдама, сенің бір ай уақытың бар, кетпейсің бе ана жерден? Лондонда кішкене болса да баспанаң бар... Оны-мұны қағаздарыңды жөндеуге мықты нотариус пен юрист жіберемін...

Аланның жүрегі тоқтап қала жаздады. Қолын сермеп жүргізушіге тоқта деген белгі беріп үлгерді.

– Ей, ты где?

– Мен, мен... – деді дауысы дірілдеп, – тыңдап тұрмын.

– Удались от чужих глаз!

Ол машина ішінен сүйретіліп шықты. Есікті ашып тұрған оққағарын ымдап ішке кіргізді. Оншақты қадам артқа кетті.

– Не болды? – деп сұрады рульде отырған.

– Білмеймін. Дегенмен, сақ болайық. Что то случилось?..

– Оққағар «УЗИ» автоматын оң жағына қарай ыңғайлап қойды.

Жарты сағат екеуі көлік ішінде отырып бастықтарын сырттай бақылады. Әрі-бері өткен бір де бір көлік дыбысы естілмейді.

Ай жарық. Жап-жарық.

Алан ілби басып көлігіне қарай келе жатыр. Екеуі далаға атып-атып шықты.

Көліктің жанына келе сала кіші дәрет сындырды.

– Су бер, – деді оққағар жүргізушіге сыбырлап, – қолын шайсын.

Алан қолын жуды да, сүлгіні қолына ұстап, ойланып біраз тұрды.

– Бауырым, – деді жүргізушіге қарап, – ішетін бірдеңе бар ма? Шампан дегендей...

Екеуі ай жарығында бір-біріне таңырқай қарады. Шопыр лып етіп артқы қорапты ақтарып жүріп, бүйендей бір виски алып келді.

– Аға, виски бар екен, – деді дауысындағы таңырқауды жасыра алмай.

– Әкел.

Түрегеп тұрып қылқылдатты. Толғай жұтты.

– Шеф, ауырып қаласыз, – деді оққағар жігіт дауысы гүр етіп.

– Иә, иә, – деп Алан бөтелкені асфальтқа лақтырды.

Шотландық вискидің иісі бұрқ етті. Быт-шыт.

Жарық ай...

Ай астында орнынан жеңіл қозғалған «Toyota» сырғып келеді. Қос жастықты әрі– бері мыжғылап жайғасып отырған Аланның маңдайынан жылы тер шықты.

– Музыка қойшы, – деді жүргізушіге.

Ричард Клайдерман. «Айлы түн сонатасы».

Ой иірімі. Ой. Ой. Ұзақ ойға кетті...

Тұманды түн еді ғой. Лондон. Түн жарым. Екеуі бизнес орталығының «Лимузиніне» мінбей қойған. Аудармашы жылармандай болды. «Сіздер неткен адамсыздар, түсінбеймін. Пост-советтің менталитетінен айырылу керек қой... Дүние өзгерді, ал сіздер өзгермейсіздер. Бағана сіздерге пәтер алындар деген ұсынысқа үндемей қалғандарыңызда ұяттан жерге кіріп кете жаздадым...»

Екеуі қол ұстасып тұманды көшеде жүріп, шағын ресторанға кірді. Адам қарасы көп емес екен. Бәрі өте сыпайы бас изеп амандасты.

Шеткі үстелге кеп жайғасқан. Даяшының бір жақсысы – негр қызы ақ тістерін көрсетіп орысша амандасты. Аң-таң болған. «Москвада оқығанмын», – деп тез-тез тапсырыстарын жазып алып, кетіп қалды.

– Осы күнге де жеттік қой, – деді Гауһар көзі боталап. Алан күлген болды.

Гауһар саусақтарын созып күйеуінің қолынан ұстады. Сұп-суық.

– Тоңып қалыпсың ғой...

– Жоқ, оны қайдан шығардың, жаным? Бүгінгі кездесуде сондай қиналдым, елге аман-есен жеткен соң ағылшын тілін үйренейік.

– Жарайды, мұғалім.

Екеуі күліп жіберді. Залда отырғандар мойындарын бұрып жарасымды жұпқа қарап, жылы жымыды.

Ыстық кофеге еріндері тигені сол еді, шағын подносты көтеріп негр қызы келді.

– Сіздерге ерлі-зайыпты француздардан сый-сияпат, – деп сіріңкенің қорабындай бірдеңені алдарына қойды.

Олар аң-таң болып даяшыға қарады.

– Сіздерге құрметі, жымыып бас изеңіздер. Бұл олардың ұлттық брендтерінің бірі...

– Біз олардың дастарханын көтеріп алайық.

– Құдай үшін олай істей көрменіздер, – деді даяшы сыбырлап. – Бұл Москва емес, сіздер Лондонда жүрсіздер.

– Қазір мен көрейін, – деп Гауһар қол сөмкесіне үңіліп, баланың алақанындай кішкентай тұмарды алып шықты. Қазақтың ұлттық оюымен кестеленген, көздің жауын алады.

Даяшы «голливудтық» күлкісіне басып, француздарға қарай кетті.

– Өте дұрыс істедің, – деді Алан.

– Алматыда аэропорттан алып едім...

– Мерси, – Егде әйел ілтипат білдірді.

Гауһар жымыды. Алан басын изеді.

– Ертең үй сағып аламыз, – деді күйеуі. – Оны сенің атына оформить етеміз.

– Керегі не? Өзіңнің атыңа жазарсың, маған үш этажды үйді жаздың ғой.

– Саудаласып отырайық, – деді Алан ашуланған болып.

– Ренжімеші енді, Лондоннан үй алып бер дедім бе саған? Оданда екеуміз ерлі-зайыпты болып некеге неге тұрмаймыз?

Аланның өңі бозарып барып, көзі жарқ етті.

– Гауһаржан, жаңа ғана негр қызы айтты ғой, «Сіздер Мәскеуде емес, Лондонда отырсыздар» деп. Көрдің бе, өмір қалай өзгереді? Мәскеуден басқа әлемде керемет жерлер бар екен... Сол Совет өкіметінің заңдарын қайтеміз?.. Ана егде тартқан ерлі-зайыпты француздар сияқты бірге қартаймаймыз ба?! – деп артына бұрылып қарап еді, ерлі-зайыпты француздар көрінбеді...

– Уһ, Алла-ай! – деп екінші қабатқа көтерілген күтуші әйел сәл демін алды да: – Қызым, қайдасың? – деп дауыстады.

Үн жоқ. Креслода бүрісіп Гауһар ұйықтап жатыр. Күтуші әйел орнында тұрып қалды.

– Ұйықтап жатырсың ба, қарағым?..

– ?

– Әй, қызым-ай, – деп жамылғымен қымтап қойды. Көзі шокқа көмкерілген фольгаға түсті. Иіс. «Күйіп кетпесе мұнысы, тәтті ғой...»

Қою қара шаштары иығына төгіліп түскен, ұзын кірпіктері жұмылған Гауһар алаңсыз ұйқыға кеткен. Күтуші әйел оған қарап тұрып: «Шіркін-ай, бір шарана көтерсең ғой, уайым-қайғынды ұмыттар едің» деп ойлады іштей. Жарықты өшіріп, төмен түсіп келе жатыр еді, есіктің қонырауы соғылды. «Қазір, қазір» дегенше, Дима жүгіріп барып есікті ашты. Қожайын келіпті.

– Жаным! – Көзін ашқан Гауһар күйеуінің мойнына асылды. – Аман-есен келдің бе? Алаңдадым ғой...

– Шаршадым, жуынып алайын, – деді күйеуі.

– Мен, мен...

– Аланжан, Гауһар Өмірзақовна өзіңе арнап күні бойы тамақ істеді, – деді күтуші әйел оның шаршаған түріне біртүрлі күдіктене қарап.

– Көрініп тұр, күні бойы тамақ істеп шаршағаны, – деп қысқа қайырды.

Күтуші әйел оның дауысындағы салқындықты сезіп, не істерін білмей бір орында сілейіп тұрып қалды. «Ойбай, мұның мұндай мінезі жоқ еді ғой».

– Апай, не істейміз? – деп жанына Гауһар келді. – Осы каминнің жанында отырып тамақ ішсек...

– Өзің біл, қарағым, мен тұшпара дайындап қойғанмын. Жүр, бауырсақты тездетіп пісіріп жіберейік.

Ол жуынатын бөлмеден шыққанда, журнал үстелінің үстін екі әйел жайнатып жіберді.

– О, дәмді тамақтың иісі мұрнымды жарып барады ғой... Қане, көрейік.

Әйелдер бір-біріне қарап күліп қойды.

– Так, көрейік. Ыстық бауырсақ, о, сірне жасағансыңдар ма?

– Мен тұшпара жасадым, мына фольгадағы тамақты Гауһаржан жасады.

– О, керемет! – Алан екі алақанын шарт еткізіп бір-біріне соқты. – Қане, ас иесімен тәтті деген, келіндер.

– Қалай екен? – деді күтуші әйел оның тамақты сүйсіне жеп отырғанына қарап.

– Керемет. Сіз неге дәм ауыз тимей отырсыз?

– Мен бүгін, рұқсат болса, үйге барсам.

– Әрине, әрине, – деді бармақтарын жалап қойып. – Қазір Дима сізді апарады.

– Өзім қайта берем ғой. Кезекші машина бар емес пе...

– Димо-ау, қайдасың?

Өңкілдеп жүгіріп оққағар жігіт келді.

– Слушаю вас, шеф.

– Димон, Туна апайды үйіне апарасың, өзің де бүгін демал. Ты заслужил сегодня отдохнуть.

Күтуші әйел рахмет айтып, кетіп бара жатып өз-өзінен күбірледі: «Құдайым, өзің сақтай гөр».

– Туна апай, – деді төменге түскен соң оққағар жігіт, – сіздің дәмді тұшпараңыздан келіншегіме ала барсам, әлде Вася ағайға қалдырдыңыз ба?

– Әй, оңбаған, адал аспен бірге оның атын атаушы болма!

– Қойдым, қойдым, – деп ыржалақтады оққағар. Күтуші әйел күнкілдеп жүріп банкіге тұшпара құйды да, Димаға берді.

– Үйге барған соң сәл-пәл қыздырып берерсің. Келіншегің қалай?

– Ептеп жүре бастады, бірақ әлі қайда... – деді оққағар күрсініп...

Тарс-тұрс есік жабылды.

– Туна апай үйіне бармағанына бір жұма болып еді, қуанып кетті ғой, – деп күлді Гауһар.

– Тамағың дәмді болды. Қазір, қолымды жуып келейін, – деп орнынан тұра беріп еді...

– Отыршы, жаным. Қазір, қазір, – деп Гауһар сүлгіні ыстық суға бір шылап алып келді де, күйеуінің саусақтарын бір-бірлеп сүрте бастады.

– Ішетін бірдене бар ма? Шаршадым.

– Не? – Гауһар күйеуіне таңырқай қарады. Өйткені күйеуі бұрын-соңды ішімдік сұрап көрмеген.

– Жоқ әлде, саған ғана ішуге бола ма?..

Бардан бір бөтелке «виски» алып жатып сәл кідірді. «Ах, Дима, сені ме!»

– Өзіне неге құймайсың? – деді күйеуі.

– Ішпеймін. Мен төменнен барып мұз алып келейін.

– Керегі жоқ. – Алан хрусталь бокалдың түбінде бір тамшы қалдырмай бір-ақ тартты. Гауһардың көзі бақырайып кетті. – Шаршадым, жаным, бір-екі жұмаға Дубайға барып келейікші, әлде Катонқарағай жаққа барамыз ба? Суық түсіп келе жатыр ғой, Дубай дұрыс шығар.

– Өзің біл... – деді Гауһар.

Алан қалған «вискиді» құйды да, қылқылдатып жұта бастады. Гауһар оның білегінен сипады.

– Жаным, ауырып қаласың ғой, ішпеші енді.

– Жарайды, болдым, басым шыңылдап кетті... Келші жаным, бірдеңе айтшы маған, – деген кезде Гауһардың тамағына өксік тығылды. Көзіне жас келді. Күйеуін құшақтап үнсіз жылады.

«Сол бір қарғыс атқыр түн...»

Күйеуі жөтелді.

– Жаным, есімнен кетпейді, ұмыта алар емеспін. Мен... мен өзің болмасаң, әлдеқашан өлер едім ғой... Қарғыс атсын сол адамды, қара жер қалай көтереді сондай жыртқышты...

Күйеуінің иығы селк-селк етті. Гауһар басын жұлып алды.

– Не болды, жаным?

– Түк емес, – деген күйеуі қолын созып өзіне «виски» құйды да, ішіп салды.

– Жаным-ау, ішпеші. Мұндай әдетің жоқ еді ғой. Сол Курчатова бекер бардың.

– Олар, – деді Алан тісін шықырлатып. – Түкке тұрмайтын он миллион доллар үшін мені түрмеде шірітпек. Шеф маған бәрін өзі уладить етемін деді. Ол да маған сенбей. Мен өзіме сенбеген адамды жек көремін ғой. Өлтіре салғым келеді.

– Ондай сөз айтпашы, жаным, – деді Гауһар жыламсырап.

– Ал, саған не жетпейді?

– Талай жыл бойы сол оқиғаны ұмыта алмаймын, мені қалаға алып кетпегенде, милицияға барғанымда, мүмкін, табылар ма еді...

– Ха, ха, ха!..

Күйеуі қаркылдап күлді. Гауһар аң-таң.

– Әй, ақымақ-ай, ол мен ғой.

– Не, не, ондай әзіл болмайды. О не дегенің, ол қарақшы...

– Ха, ха, ха!.. Сен сұлу едің, оның үстіне ана сүмелек сенің соңыңнан бір елі қалмайды, амалсыз солай істедім.

– Не, не? – Гауһар орнынан атып тұрды. Қалш-қалш етіп, бота көздерінен жас моншақтары домалап жатыр. – Мүмкін емес, мен сенбеймін!..

– Маған сенбейсің бе?

– Сенбеймін, мүмкін емес...

– Кеше бала махаббат сүмелегің сауда үйіне іздеп келді ғой... Соған сенесің, әлі ұмыта алмай жүрсің...

– Сен бе мені зорлаған? Сенбеймін, қалай, қалайша, мүмкін емес...

– Былай, – күйеуі жұдырығын сілтегенде Гауһардың көзінің оты жарқ етіп, еденге құлап түсті. – Былай, былай, – күйеуі оның киімдерін жыртып, зорлауға кірісті.

– ...Мұғалім, – деді Гауһардың дауысы әрең шығып, – сіз... сіз...

Күйеуі алқынып жатыр.

Гауһардың көз алды қап-қара болып бара жатты...

Қанша уақыт өткенін білмейді. Ол бір кезде көзін ашса, үстіндегі киімі жұлым-жұлым, жыртылмаған жері қалмапты. Күйеуі қор-қор етіп ұйықтап жатыр. Тек терезеден түскен саумал жарықтан манайын ақырындап байқап қалды. Есік ашық. Орнынан сүйретіліп тұрды. Тілерсегі дірілдеді. Әжетханаға барып құсып-құсып жіберді, суық сумен бетін жуды. Айнадан өз түрін көріп шошып кетті... ақырын-ақырын басып шағын бөлмеге келді. Кешегі өзі киген сұрғылт

джинсиі мен оны-мұны киімдерін көрді. Аяғына шұлықсыз кроссовкасын тез-тез киді. Тың тыңдады. Баспалдақтан ақырындап бірінші қабатқа түсті. Дір-дір еткен саусағының ұшымен пердені сырып, аулаға қарады. Күзетшілер көрінбейді. Сұқ саусағымен сыртқы қақпаның пультін басты да, қақпаға қарай жүгірді дерсің... Шарт етіп ашылып, сарт етіп жабылған қақпадан шығып үлгерген Гауһар беталды жүгіре берді. Жүгіре берді. Сүрініп құлады. Басын көтермей, жан-жағына алақ-жұлақ қарады. Ешкім көрінбейді. Орнынан тұрып, ілбіп жүре берді... Ұзақ-ұзақ жүрді. Күн көтеріле Ертісті жағалап, қаланы бетке алды. Басына ешқандай ой да келмеді, бойындағы бағанағы қорқыныш та жоғала бастап еді. «Енді маған бәрібір!»

Ертістің жағасында қыдырып жүрген адамдар табиғат ерекше сұлу жаратқан мұңлы келіншектің жанынан әрібері өтсе де, назар аудара қоймаған. Гауһар мына жалған дүниеде адам баласымен тілдескісі келмеді ме, үн-түнсіз ағып жатқан ұлы Ертіспен іштей сырласқысы келді.

«Қайран, Ертіс өзенім, сенің қанша жыл, қанша ғасыр бойы ағып жатқаныңды білмеймін. Білетінім менің көз жасыма сенің куә екенінді, сен менің құрбымсың. Олай дейтінім, студент кезімде лекциядан кетіп қалып, өзіне ғана бар сырымды айтушы едім ғой, көз жасымды төгуші едім ғой...»

Ертістің кеудесі ауыр қозғалып, беті көгеріп, тынысы әлсін-әлсін шығып, еш жауап қата алмай үн-түнсіз ағып барады.

Жауап жоқ.

Гауһар сөйлеп отыр. Іштей.

«Ертіс, сен айтшы, алғашқы махаббатым Қайратымды шын сүйемін. Жүрегім қанжылап отырып, талай рет өзіне ғана айттым ғой. Сен куәсің мұңыма да, сырыма да. Сол бір қарғыс атқыр түндегі толықсыған ай да куә».

Осы кез Ертістің беті шүпірлеп, ағаштардың жапырақтары сытыр-сытыр етіп, бір шулы өзіне жақындап келе жатқандай болды. Ту сыртынан ән естілді. Ақботаның сыңғырлаған ғажап даусы естілді.

Ай боп іздеп күнді,

Таң боп іздеп түнді.
Сағынамын әлдекімді,
Армандаймын аңсап.

Жауыннан қашқан екі ғашық Гауһардың жанынан жүгіріп өтіп бара жатыр. Бұрымды қыз сықылықтап күлді де:

– Апай, жаңбырдың астында қалып қоймаңыз! Бізбен жүріңіз, – деді.

Гауһар селқос отыра берді. Ақботаның сыңғырлаған әні үзіліп-үзіліп жетті.

Келем деші, күнім,
Келем деші бүгін...

Жаңбырдың шуы. Сұп-суық тамшылар. Гауһар орнынан тұрды. Мына өн бойына бытырадай тиген күміс тамшылардың арасынан осы бір сұлу әнді Қайратына арнағандай, тіпті өзі орындайтындай іздеп барады. Іздеп барады. Жаңбыр шуылы. Сұлу ән үзіліп... Сұлу ән үзіліп-естіліп... Жақындай берді. Жақындай берді. Малмандай суға малынып, сәл күнгірттеу кафенің ішіне кірді де тұрып қалды. Жаңбыр шуылы жоқ. Ақботаның әні.

Жан сырымды айтсам,
Тек жұлдыздар білсін.
Айтшы, жаным, қайда жүрсің?

Тәтті мұңға батып,
Сені күту бақыт.
Өтсін мейлі қанша уақыт.

Күнгірт кафенің ішіне көзі үйрене бастады. Жан-жағына қараса, екі-үш еркек сыра ішіп отыр екен. Қос алақанымен омырауын жаба қойды.

– Қош келдіңіз! – деді даяшы жігіт жымыып, – жауының астында қалып қойдыңыз ба?

– ?

Келем деші, күнім,
Келем деші бүгін...

– Сен білесің бе? Мына әннің сөзін кім жазғанын білесің бе?

– Жоқ, – деді, иығын қозғап.

– Өзіміздің Оразғали ағаның інісі Ринат.

– Қой, ей. Ауылдағы жұмбақ айтыстың шебері Орекеннің бауыры ма? Ой, Аллаһ-ай, қанына тартып тұрған ұл десенші.

– Кел, алып қояйық.

– Жеңгей осы әнші Ақботада керемет қызғанады ғой сізді.

– Ой, сенің жеңген бар болсын. Телевизордағы әнші қыздан қызғанғаны несі. Оны мен тірідей көрген де емеспін. Дауысы ұнайды маған...

Гауһар олардан алыстап терезенің алдында бос тұрған орынға барып отырды. Даяшы жігіт ширақ қимылдап, ас мәзірін алдына ұсынды. Гауһар сасқалақтап, джинсиінің қалтасына қолын салып еді, әбден дымқылданған жүз доллар шықты. Бұл кешегі Васяға бермекші болған үш жүз доллардың біреуі еді. Даяшы жігіт дымқыл қағазды әрі-бері қарап: – қазір курс 120 теңгеден ғой, мен жүз оннан алайын, – деді.

– Бәрін ала беріңіз, – деді Гауһар.

Оны-мұны дастархан үстіне қойып жатқан жас жігіт бір уыс ұсақ теңгелерді алдына қоя салды. Лимон салынған кара шайдан екі ұрттап, бойы жылынып қалды. Терезеден сыртқа көз тастады. Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Байғұс торғай басын қорғап, жақтауды паналап, кішкентай тұмсығымен көмек сұрағандай су шайып жатқан терезені тықтық еткізді. Әбден суланған шашын саусағымен тарамдап отырған ұзын бойлы, жіңішке жігіт жанындағы сұлу қызға жымыып бір қарады да: «торғайдың тірлігін қарашы» дегендей иегінен ұстап қойды.

– Баука, Баука, барып алып келейікші, – деді сұлу қыз.

Шашын бір сілкіген жігіт ақырын жымыды да, кафеден шығып, бейшара торғайды алып келді. – Ботагөз, мына торғайды бірдемеге орайықшы. Екеуі дастарханның шетін бүктеп, торғайды орап қойды.

Гауһар жауын басталған кезде жүгіріп бара жатқан қос ғашықты енді таныды. «Қайрат екеуіміз де осындай едік қой. Құдайым-ау, Құдайым! Қайратым қайда жүр екен?»

– Тағы не қалайсыз? – деді даяшы жігіт. – Тіпті шайды да ішпей отырсыз ғой, ыстықтай әкелейін бе?

— ?

Гауһар қалың ойға шомылды. Қарғыс атқыр сол бір түнді ойлады. Соңғы қоңырау соғылған күн еді ғой. Мамыр айының соңғы күндері, әбден толықсыған толған ай. Жұп-жұп болып тарасқан жастар. Түн ауып еді.

«Гаука, бетіңнен бір сүйейінші», – деді Қайрат.

«Ұят болады».

«Кімнен, жаным?»

«Көрдің бе?» – деді Гауһар аспандағы айды нұсқап. Қайрат артына жалт бұрылғанда, бойжеткен тұра қашып, арықтан өтіп кетіп еді. Бозбала қуып жетті.

«Кәне, кәне, айтшы? Айдан ұялып тұрсың ба? Айда көз де, тіл де жоқ. Тек менің жүрегім ғана сөйлеп тұр ғой, Гаука».

«Рас па?» – деді қыз сұлу көзін төңкеріп. «Рас, жаным, рас. Шын сені ғана сүйемін. Өмір бойы сені алақаныма салып, аялап өтемін. Он баламыз... жо-жоқ... он бес... жо-жоқ... жиырма баламыз болады. Он ұлымыз маған тартады. Он қызымыз саған тартады».

Бойжеткен қолымен бетін басып: «Ұялмайсың ба сен сондай сөз айтуға? Екеуіміз оқуымыз керек. Ал сенің ойың болса...» деп өкпелей сөйледі.

«Ренжімеші, Гаука, ренжімеші. Екеуіміз жұмыс та істейміз, үйіміз де болады. Тек сен маған сенші. Мен сені ешқашан ренжітпеймін. Тек маған сенсең болды. Сенесің ғой, иә?»...

Ай жарығы төгілген ғажап түн еді бұл. Сол түні Гауһар ұяла-ұяла тұңғыш рет жігітке мойнынан құшақтатып, балғын ерінен алғашқы рет сүйгізіп еді. Басы айналып кеткен. Ай да шыр көбелек айналған. Тоқтаусыз айналған. Жылдам-жылдам айналған.

АЙНАЛҒАН...

Қимай-қимай екеуі қоштасқан. Екеуінің арасын бөліп тұрған арық қана болатын. Тіпті, елеусіз еді. Сол күні олар өмір-өзеннің екі жағына ажырап кеткендерін білмеген, тіпті де ойламаған еді ғой...

... Күн де көтеріліп, бүкіл ауыл малдарын өріске айдап, абыр-сабыр болып жатқан кез. Арықтың бойында киімі

жыртылған, ес- түссіз жатқан сұлу қызды әуелі ауылдың ойын балалары байқап қалған. «Әне, әне, ана жерде біреу өлгелі жатыр». «Жо-жоқ, өліп қалыпты», – деді екіншісі. Қазан ошақтың маңында жүрген бір-екі әйел: «Ойбай, ойбай, мынау әлгі жетім қыз ғой», – деп, беттерін шымшып екеуі екі жаққа жүгіріп кеткен. Бір сұмдықтың болғанын байқап қалған ер-жігіттер бойжеткеннің балғын денесін көргеннен кейін теріс айналған. «Бұл сұмдықты кім істеді? Кім істесе де, құдай атсын». Кемсең-кемсең етіп жылағандары да болды. Гауһар ес-түссіз еді. Ауылда қай бір милиция бола қойсын. Сельсовет те жоқ екен. Ауыл адамдары шарасыздықтан не істерлерін білмей тұрған. Сол кезде мектепте физкультурадан сабақ беретін Алан деген жігіт жетіп келіп, «Сендерге бұл не? Цирк па? Тарандар! Бәрін өзім реттеймін. Бұл менің педагогтық парызым. Кәне, тарандар!» – деп үстіндегі жейдесін шешті де, шала жансар жатқан қызды орап, үйіне қарай алып кетті. Жиналған жұрт қарап тұр.

Бойжеткеннің аппақ, топ-толық балтыры қып-қызыл қан еді...

– Ойбай, мынаны кара, – деген дауыстан ойы бөлініп кетті. Жан-жағына қараса, бағанағы торғай шиқ-шиқ етіп кафенің ішінде ұшып жүр. – Бәлесін қарашы, жылы жерде әбден кептіріп алған соң ұша бастады, ә, – деді жігіт.

– Ұшсын. Торғай екеш торғай да ұшу үшін жаратылған, – деді сұлу қыз.

Гауһар аз-кем жан-жағына қарап отырды. Көзі бір сәт кафенің қабырғасында тұрған шашын жайып жіберген сұлу қыздың бейнесі бейнеленген картинаға түсті. Дәл маңдайынан бөлінген бетінің бір жағы ақ, бір жағы қап-қара...

«Менің сұрғылт ойларымның ішінде,
Жылап отыр жараланған періште».

Ақберен, – деген жазуды ап-анық оқыған Гауһардың жүрегі дір-дір етіп кетті. Терезеден қараса, жаңбыр да бәсеңдеп қалыпты. Орнынан тұрды. Еш сөз айтпастан қыз бен жігіттің жанына келді. Сонау бір жылдары күйеуі сыйлаған жүзікті саусағынан шешті де, екі жастың ортасына қойды.

– Бұл не, апай? – деді Ботагөз.

– Сендерге сыйлығым болсын.

– Жо-жок, апай, – деді Бауыржан. – Бізге ешқандай сыйлықтың керегі жоқ.

Осы кезде олардың жанына келген даяшы жігіт Гауһарға қалдырып кеткен ақшасын болмай алғызды.

– Апай, – деді Ботагөз күлімсіреп. – Сыйлығыңызды қабыл ала алмаймыз біз, тек ренжімеңізші.

– Рас айтасың, сіңлім, – деді күрсініп. – Бұл жүзік маған да бақыт әкелмеген, сендерге өз жүзіктерің бақыт әкелсін.

– Рахмет, апай.

– Мүмкін, бізбен отырып шай ішерсіз, – деді Бауыржан.

– ?

Гауһар көздері боталап, екі жасқа қарап, үн-түнсіз кафеден шығып кетті. Торғай шырылдады.

Далаға шыға салып кең тыныс алғанда, аспан ала тақияланып, көк көйлегінің етегі көрініп қалыпты. Желкем жел дым бүркеді. «Уһ» Гауһар тобығымен су кешіп жүріп келе жатып, қолындағы жүзікті лақтыра салды. Қанша уақыт жүргені белгісіз. Автобустардың аялдамасына келді. Аялдаманы паналаған адамдар өте көп екен.

«Новостройка – Аэропорт!»

«Базар – Облбольница!»

«Барахолка – Саяхат!»

«Стеглянка – Восточный!» деп айқайлаған дауыстарға жалт қараса, бес-алты микроавтобустар тұр екен. Елеусіз келді де, біреуінің ішіне отыра салды. Топырлап адамдар мініп жатыр. Көп ұзамай автобус орнынан қозғалды. Ығыжығы. Бір кезде олар қала сыртына шықты. Автобус ішіндегі адамдар сирей берді. Оның жанына он төрт-он бес жасар әдемі бала келіп отырды.

– Әй, – деді бес-алты флягтың ортасында тұрған әйел. – Сен қымыз апарып жүретін Туна апайдың хозяйкасы емес пе? Өзі ішіп алған ба, немене?

– Есің дұрыс емес, сенің! Шіріген байдың қатыны емес пе? Олар автобуска мінбейді. Қайсы-қайсы дейсің өзі? – деп мойнын созып қояды.

– Әне, он бірінші маршрутқа мінді.

Қақалып, шашалып, қайықтай шайқалып, ақ «Газель» орнынан қозғалып кетті.

– Апай, сіз жетінші дачаға бара жатырсыз ба? – деді жанына отырған бала.

Гауһар үндемеді.

– Ааа, – деді бала. – Сіз Старая Крепостьқа бара жатырсыз ғой. Ол жақта бүлдірген көп өседі, иә, апай? Бізден ары қарай жеті остановка жер ғой.

– Иә, – деді баланың көңілін қимай. – Өзің қайда барасың?

– Атам, апам үшеуіміз жетінші дачаға барамыз. Менің көгершіндерім бар. Қаласаңыз, сіздің де немереңізге берейін. Менің есімім Мағжан.

Гауһардың басы шыңылдып, жүрегі солқ– солқ етті. «Қарағым-ау, қайдағы немере? Менде бала да жоқ қой. Менде енді ештеңе де жоқ. Қайратым да жоқ. Мен бәрін де жоғалттым. Мен енді тірі өлікпін. Аспан да, жер де енді менікі емес. Мен сорлы бір әйелмін. Он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен едім. Енді міне...» Терезеге қарап кетті. Күн Ертіске қарай еңсесін түсіріп келе жатыр екен.

– Апай, апай, – деді Мағжан оның білегінен тартып. – Сіз білесіз бе? Менің атам жазушы болған кезінде. Бірақ мен кітаптарын оқыған жоқпын. Бәлкім, сіз оқыған шығарсыз. Апам бәрін өртеп жіберіпті. Мүмкін, сіз оның «Париждің ғажап әтірі» деген алғашқы кітабын оқыған шығарсыз. Оны қайдан табуға болады, а? Егер тауып жатсаңыз, біз жетінші дачада тұрамыз. Көгершін асырайтын Мағжан десеніз, елдің бәрі біледі. Сіздің немереңізге ең таңдаулы көгершіндерімді берем. Тек атамның сол кітабын тауып беріңізші. Атам соған ашуланып кешке шейін арақ ішеді. Өзі маған ұят екен. «Қойсашы, ата», – десем, «кітабымды тауып берші», – деп жылайды.

Гауһар баланың басынан мейірлене иіскеді. «Аман жүр, балақай».

– Ааа, апай, – деді Мағжан күлімсіреп. – Немереңіз алыста ғой, сіз оны сағындыңыз ғой.

– Иә, қарағым, мен оларды осы уақытқа дейін көп күттім, енді мәңгі сағынатын болам.

– Не? – деп Мағжан шошып кетті. Өлденеге ыңғайсызданғандай екі беті ду-ду етіп қызарды. Басын қаси берді.

Осы кезде жандарына тізесі шыққан трико киген, шолақ жең жейдесі, әбден тозған, көз алды көлк-көлк еткен, басында ши қалпағы бар Мағжанның атасы келді.

– Макс, бағанағы апаңнан тыққан шөтешке қайда? Әкелші, бір ұрттап жіберейін.

Бала ұялғаннан бетін баса қойды. – Ата, ата, уйди, по-жалуйста.

– Макс, Макс, құлыным, берші, бір-ақ рет ұрттайын. Бала атасының кетпейтінін білді ме, қолындағы пакетінен ақырын құтыны шығарды. Шал тізерлеп отыра қалды да, қылқ-кылқ еткізді. Қолдары дірілдеп, құтының аузын жапты да: – Кешіріңіз, қарындас, – деді.

Гауһар үндемеді. Терезеден Ертіс жаққа қарады. Сирек қарағайлардың арасынан жалт–жұлт етіп бір сәуле көрініп қалады. Автобус тоқтады. Жетінші саяжай, – деп өңешін созып қойды толықша келген кондуктор келіншек. Жолаушылар түсіп жатыр.

– Сау болыңыз, апай, – деді Мағжан басын қасып. – Бізге қонаққа келіңіз. Көгершін асырайтын Мағжан десеңіз, бәрі таниды. Атамның кітабын іздестіре жүріңізші, иә, апай.

Гауһар қолын созып, баланы өзіне тартты да, баланың мандайынан мейірлене иіскеп–иіскеп алды. Бірақ бір ауыз сөз айтпады. Айта алмайтын да еді.

«Тіл-көзден аман жүр, балапаным».

– Мен сіз жайлы керемет повесть жазам, қарындас. Есіңізде болсын. Сосын бірге отырып виски ішеміз.

– Әдірәм қалғыр, қақпас, қайдағы повесть жазған саған. Алдымен басыңды жазып алсаңшы. Танертең картошка қазсаң, жүз грамыңды берем.

– Шынымен жүз грамм бересің бе?

– Түс дедім ғой, шық, шық, – деді бәйбішесі.

Шал жерге түсті.

– Қарындас, мені ұмытпай жүріңіз. Мен сіз жайлы повесть жазам.

– Апай, сау болыңыз, – деп қолын бұлғады Мағжан.

– Сіз түспейсіз бе? – деді етжеңді кондуктор әйел.

– Мен Старая Крепостьқа барам, – деді бар күшін жиып алып.

Кондуктор әйел оған тесіле қарап алып:

– Сізді бұрын-соңды көрмеп едім ғой. Туыстарыңызға бара жатырсыз ба?

Гауһар үнсіз басын изеді. Жүрегі шаншып: «Қайдағы туыс менде, құдайым-ау?! Қайдағы туыс? Жер жаһанда жалғыз қалдым ғой. Жалғызбын. Жалғызбын. Жалғызбын».

Автобус тас жолда тасырмамай келеді. Гауһардың көзі қып-қызыл боп, Ертіске батып бара жатқан күнге түсті. Шопыр жігіт магнитофонды іске қосты. Дауысын күшейткені соншалық салонның іші жаңғырып кетті.

Кіналама, кіналама мені,

Мұңая да, қуана да білем.

Тамшы болып жесір қатқан гүлдегі,

Үмітімнен тайып-құлап жүрем.

«Кінәламаймын жаным сені, Қайрат! Сен мені іздеп келдің ғой. Сол күні терезеден секіріп түссем, мәңгі сенімен бірге болатын едім ғой. Кінәламаймын сені, Қайратым-ау, кінәламаймын!!!

КІНӘЛАМАЙМЫН» деп айқайлап жібергенін өзі де байқамай қалды.

– Ақырындатшы, ақырындатшы, – деді кондуктор келіншек күйеуіне.

Музыка ақырындады. – Мен сізге сдачаңызды қайтарып бергенмін, – деді. Гауһар күреніткен Ертіске қарап отыра берді. Кондуктор әйел сұқ саусағын шекесіне апарып айналдырып қойды. «Есі құрыс емес қой деймін.»

Өмірім менің сұрақтардан құралған,

Көңлімде мұң, мұңсыз өмір сүре алман.

Сенімім мені шырақ жағып тұр алдан,

Ұсынумамен тағы бір арман.

«Шіркін-ай, – деді шопыр жігіт. – Майкл Джексон, Майкл Джексон дейді бәрі. Ән айтса, осы Мейрамбектей келтіріп айтпай ма?»

«Иә, – деді кондуктор келіншек. – Баяғыда студент кезімізде осы Мейрамбек құртақандай бала «Бозторғай» деп ән айтқанда жылаушы едік қой».

«Есімде бар, – деді шопыр жігіт. Студент кезімізде сені сонау Каменькадан Ленин сарайында болған «Тамашаға» апарып едім ғой. Әкеннің, бостан босқа НарХозда оқыдым. Сен де бес жыл Женпи-де босқа оқыпсың».

«Шүкір де, шал-ау, шүкір де! Балалар жетсін, қолымыз босайды».

«Қайдағы босаған? Сен қатын да қайдағыны айтады екенсің!».

Осы кезде автобустың алдына бір джип пен мерседес кеп тоқтай қалды. Өңкей қара костюм киген, еңгезердей бес-алты жігіт келіп жетті.

– Ойбай, қатын, рекет келді!

– Ақшаны тық, ақшаны тық. Құдай-ай, рекет деген жоғалып еді ғой. Бұл қайдан шыға келді? Милицияға звонда, милицияға!

Еңгезердей Дима есіктің екі езуін екі жаққа айырып жіберді де, ішке кірді. Гауһар айқайлап жіберді: – Жоқ! Жоқ! – Қолымен орындықтың темірінен мықтап ұстап алған. – Жоқ! Жоқ! Бармаймын!

Алан екі оққағарымен ол да автобустың ішіне кірді. Кірді де, Гауһарды отырған орындығымен қоса, қопарып жұлып алды. Гауһар оның бетін қан-жоса ғып тырналап жүр. Сонда да қарамады. Кондуктор әйел айқайлап сөйлеп келе жатыр еді. Бір оққағар пистолетін шығарып, үндеме дегендей белгі берді.

– Әй, әй, – деді шопыр жігіт. – Біз бұл автобусты арендаға алғанбыз. Хозяйнға қалай төлейміз бұны?

– Убери, – деді пистолет ұстаған жігітке Алан. – Ал сіз, братан, бізді көрген жоқсыз. Ақша керек пе сізге, – деп әр қалтасынан бір-бір пачка көк доллардан ұстата салды. –

Бұл менің сіздерден кешірім сұрағаным. Игілігіңізге жұмсаңыз. Еш сұрауы жоқ бұның.

Олар Гауһардың айқайлап жылағанына қарамастан, оны автобустан алып түсіп кетті.

Шопыр мен кондуктор әйел бір сәтке үнсіз орындарында сілейіп тұрып қалды. Жаңағылардың көліктерінің шуылы біраз естіліп барып басылды.

– Әлгілер кетті ме? – деді күйеуі сыбырлап.

– Не? Қорқып тұрсың ба? – деп әйелі мырс ете түсті.

– Жоға, жоға, мына ақшаны не істейміз дегенім ғой.

– Ол ақша енді сенікі.

– Қайтып кеп, әкен, процентімен қайтар демей ме?

– Сен де қайдағыны айтасың-ау. Оларға ақша керек жоқ.

Сені де, мені де, ешкімді де іздемейді. Олардың жоғы басқа.

– Әй, пәлсапанды соқпашы. Ішім жанып бара жатса, қайдан білесің? Бұл постановка шығар. Не деген байлық шашылып жатқан? Ондай болса, ана еріккен қатын біздің автобуста неғып жүр?

– Ол еріккен әйел емес. Ол нағыз бақытсыз әйел ме деймін.

– Әй, мынандай ақшамен адам бақытсыз бола ме екен?

– деді күйеуі уысындағы ақшаны сілкіп-сілкіп. Айтарын айтса да, өн-бойындағы қорқыныштан арылар емес. Бір орында сілейіп әлі тұр.

– Сен де айтасың-ау. Сен бе әйелдің жанын түсінетін? Білем ғой мен сені. Өмір бойы бірге келе жатырмыз ғой, – деп терең күрсінді. Көзіне жас алды.

Қараңғы түсіп келе жатыр еді. Қараңғы.

ҚАРАҢҒЫ...

Сол қараңғының құшағында Гауһар да бар еді. Кең төсекке әкеп жатқызып, білегінен, әр-әр жерінен укол салған. Сөйлей де алмай, қыстығып жылай алмай, сұлық түсіп жата берді.

Қол-аяғы ұйып барады. Ай сәулесі молынан төгіліп тұр. Бірақ, Гауһардың көз алды сонау бір қарғыс атқыр түндегідей қап-қара болып кетті. Құлағына ән үзіліп жетті.

Келем деші, күнім,

Келем деші бүгін...

Күн көзін ашып алған. Төңірек ақ қанаттанып, түнемелдің ішінде әр-әр жерден күміс шыршықтар ойнай бастаған.

– Дәрігер, дәрігер, оянды, оянды, – деді күтуші әйел.

Гауһар көзін сәл ашып: – Мен қайдамын, Туна апай? – деді.

– Құдайға шүкір, үйдесің, өз үйіндесің. Ақылың бар ғой сенің, айналайын.

– Бекер болды, апай, бекер ғой. Бекер! – Айқайлай алмай, қайта талықсып кетті.

Сол жатқаннан Гауһар келесі күні түсте бір-ақ көзін ашқан. Бұл жолы сергек, тіпті ештеңе болмағандай, қайраттанып өз аяғымен тұрған. Бойына бір күш біткендей. Есік ақырын ашылды. Бір себет гүл көрінді. Вася ағай екен.

– Айналайын, қызым, сені оятып жібердім ба? – деді өзінше сабырлы болғансып.

Гауһар жауап қатпай терезе жаққа мойнын бұрып еді. Екі дәрігер келіншек ұйықтап жатыр екен. Үстілеріндегі ақ халаттарын да шешпепті.

– Қызым, – деді Вася дауысы дірілдеп. – Мынау, өзіңе әкелген гүлім. Төрт жыл баптап өсіріп едім. Сен бұл үйден кетсең, мен де кетем. Бір күн де тұрмаймын, – деп кемсеңкемсең етіп жылап жіберді. – Айналайын, қызым, осы үйде маған дұрыс қарайтын сен ғанасың. Сен кетсең, мен жетім шал болып қаламын ғой.

Гауһар үндемей келіп құшақтады. Шалдың селкілдеген екі иығынан сипады. Жылағысы келді. Жылай алмады. Көз жасы суалған.

– Сіз шығыңыз! Шығыңыз! – деді оянып кеткен дәрігер. Шалдың жеңдерінен тартқылап.

– Жоқ! Жоқ! – деді Гауһар тістеніп. – Сендер өздерің шығындар!

– Гауһар Өмірзақовна, – деді егделеу келген біреуі. – Сіздің қан қысымыңызды өлшеуіміз керек.

– Мен шығайын, қызым. Бұлар дәрігерлер ғой. Әбден қаралып алшы, балапаным, – деп шал шығып кетті.

Екі дәрігер екі жақтап қан қысымын өлшеп әлек боп жатыр.

– Сіздер мені әурелемеңіздерші. Жатып демалайын, – деді Гауһар.

Екі дәрігер біраз қарап тұрды. Гауһар жамылғысын бүркеніп орнына барып жатып қалды. Жым-жырт. Есік сарт етіп жабылды. Қанша жатқаны белгісіз. Диманың жөтелгені естілді. Жамылғыны сырып қараса, еңгезердей оққағар терезенің алдында тұр екен.

– Әй, скотина! – деді Гауһар ызаланып. – Ко мне!

Дима екі-үш аттап жақындап келді. Бет-аузы тырналған, жоса-жоса.

– Сен менен екі жыл бұрын бес мың доллар ақша алдың ба?

– Дәл солай.

– Сол ақша өзіңе қалсын. Бірақ, бір условием – ешкімге білдіртпей маған у әкеп бересің. Егер де әкелмесең, бақшаның ішіне басыңа дейін көміп, Вася ағай аузыңа үш мезгіл су тамызып отыратын болады. Если с головы Кайрата упадет хоть волосок, я тебя уничтожу! Бұның бәрін істеген сенсің! За все теперь будешь отвечать!

– Да вы что?! – деп Диманың көзі бақырайып кетті.

– Бар, у тауып әкел маған!

Бірінші қабатта Алан он шақты нотариус пен заңгерлерді жинап таңертеңнен бері отыр еді. Көңілі алаң. Диманың төбесі көрінді. Аланның бойы мұздап кетті. «Тыныштық па?» дегендей оққағарға сұраулы көзбен қарады. Дәу Дима басын изеді.

– Ал, мырзалар, – деді Алан маңайындағыларға шолып қарап. – Бәрі реттелді ме?

– «Глобус» кен орнын сіздің жұбайыңыздың атына жазу үшін директорлар кеңесінің жиыны міндетті түрде қажет. Бұл мәселені ертең-бүрсігүнгіге қалдырайық, – деді бас заңгер.

– Ит жесін ол «Глобусты»! Оларға да, ит-құстарға да бірдене қалдыруымыз керек қой.

– Алан Рахметович, кешіріңіз, мен үйге бармасам болмайды. Әйелімнің дәрі-дәрмектері таусылып қалыпты.

– А, саған ақша керек пе? – деп қалтасынан бір уыс көк қағазды ұстатты. – Ал, ал, қысылма. Бүгін үйіңде бол. Бүрсігүні Гауһардың туған күні. Күзетті бақыларсың. Бар сенерім сенсің, Дима.

Оққағар уысындағы ақшаны қатты қысты да, миығынан бір күліп, үйден шыққанда, күннің сәулесіне қарай алмай, көзін жұмып тұрып қалды. «Надоели, вы богатые!» Жалғыз күннің жылы сәулесі кереуетте жатқан Гауһарға да түсіп еді. Ол да кірпіктері дірілдеп, күнге қарсы қарай алмады. Ойланды. Ұзақ. Ой үстінде еді. Автобуста көрген жазушы ойына орала кетті. Әдеби кеш болған. Орта бойлы, жіңішке келген, көзі дөңгеленген, шашы бұйра, «Париждің ғажап әтірі» кітабының авторы студенттермен кездесуге келген. Саты-саты орындықтарда отырған студенттер орындарынан тұрып қол соққан. Гауһар қозғалмады. Жазушы да, оқырмандар да сөйлеп жатыр. Гауһарға бәрі-бір. «Адам тағдыры, адам тағдыры деп қояды ғой мына жазушы. Адам тағдырын қайдан білсін ол?» Бір кезде. Бір кезде... Гауһардың дауысы қатты шығып кетті. – Адам тағдырын қайдан білесің?!

– Не? – деді жазушы күлімсіреп қарап. – Маған бірдеңе дедіңіз бе?

Гауһардың екі беті қып-қызыл боп дуылдап кетіп еді...

Есік тықылдады да, дәл бір жас жұбайларға ұқсап Туна мен Вася ағай кіріп келді. Қолдарында шағын табақ.

– Гауһаржан, – деп күлімсірей сөйледі. – Мына Вася ағайың ақылды жігіт екен. Кеше таңертең қолымды сұрай келіпті. Гауһаржанға Саржалдың жақсы бір қымызын әкеп бер, оны қызым екі-үш кесесін ішсе, сенен басқа ешкімді любить етпеймін. Солай ғой, Василий Иванович? – деп сықылықтап күлді.

– Так точно, мадам Вуаль-ля!

Гауһар күлген болды.

– Кәне, кәне, қызым, – деп Туна үлкен бір тостаған қымызды өз қолымен Гауһардың ерніне тақады.

Беті көпіршіктенген, хос иісті, балдай қымызды тоқтамай сіміргенін өзі де байқамай қалды. Қыстығып тұрған кеудесі кеңіп сала берді. Маңдайынан шып-шып тер шықты.

– ЗАГС-ке кеттік пе? – деп бағбан шал күтуші әйелге қулана бір қарап қойды.

– Кет әрі, қақпас.

– Не дейсіз, апай? – деді Гауһар.

– Ойбай, ойбай, келші Василий Иванович, жаңағы суық қазымыз қайда? Гауһаржан дәмін татсын. Міне, ыстық бауырсақ. ЗАГС те, мына қақпас та қайда қашар дейсің? Сен тамақтанып алшы.

Гауһар тағы бір кесе қымыз ішіп, бауырсақ пен қазыдан біраз жеді.

– Ой, апай, шаршадым. Ұйқым келіп тұр, – деп есінеді.

– Ұйықта, ұйықта, құлыным. Кәне, жамылғыңды жауып берейін.

Есінеді келіп. Әшейінде күніне қырық рет қырқысатын бағбан мен күтуші әйел ыдыстарын көтеріп шығып кетті. Олардың әртіс боп ойнап жүргенін Гауһар сезген жоқ. Гауһар жалғыз. Есінеді. Кірпіктері айқаса берді. Терезе жақтауында гүр-гүр етіп, қанаттары сатырлап, «бөлмеңе кіргізіші» дегендей екі ақ көгершін көрінді. Гауһардың мойылдай қара көздеріне бір сәтке қуаныш ұялағандай болды. «Мынау кеше автобус ішінде кездескен сүйкімді баланың көгершіндері ғой. Аты кім еді? Мағ... иә, иә, Мағжан. Мен қазір орнымнан тұрамын да, осы қарғыс атқыр үйден ештеңе алмастан, жетінші дачадан сені тауып аламын, балақай. Апаң мен атаңа айт сенің жазушы атаңды білемін. Студент кезімде көргенмін. Тағдыр деген осы екен ғой?»

Есік ашылып, еңсесі түсіп кеткен, сақал-мұрты өскен Алан кірді. Қасында екі нотариусы бар.

– Гауһаржан, – деді миңгірлеп. – Барлық имуществоны сенің атына жаздым. Міне қағаздары, – деп жанына әкеп қойды.

Келіншегі орнынан атып тұрды. Қалш-қалш етіп:

– Жоғал, хайуан!

Қағаздарды бетіне лактырып жіберді. Нотариустер жердегі парактарды жинап жатыр.

– Шық, иттің баласы! Шық! Жолыма тұрма, кетем мен бұл үйден!

Төсегіне етбетімен түсіп, ұзақ жылады, тоқтай алмай жылады. Көз алды қарауытып барады. Қараңғы. Қараңғы.

Құр сұлдері шыққан Алан басы айналып, баспалдаққа отыра кетті. Екі шекесі солқ-солқ етеді. Көздері қанталаған. Төрдегі жабылмаған терезеден топ-толық ай төніп келе жатты.

«Сол бір түн, – деп ойлады. – Сол бір түн...»

Түн жарымда есік қағылған.

– Аланжан, мен ғой, – деп әр жақтағы дауыс сыбырлай сөйледі. – Сыртқа шығып кетші.

Алан Қайраттың әкесінің дауысын бірден таныды. Бойын тез жинап алды.

– Не керек сізге?

– Ақырын, ақырын, Аланжан, ақырын сөйлесейікші, азаматсың ғой...

– Иә, азаматпын. Мен ертең ауданға милицияға барамын, тек Гауһар есін жинап, сөйлесуге шамасы келсін деп отырмын.

– Сен, бауырым, шулатайын деп тұр екенсің ғой, – деді Қайраттың әкесі тістеніп. – Одан не шығады, мен ұлымды соттаппаймын. «Заготконтордың» бастығы екеуміз бәрін шешіп қойғанбыз. Біздің айтқанымыз болады. Тіпті болмаса, мойнына алатын адамымызды дайындап қойдық. Өзің үрген ит сияқты далада қаласың, одан да келісімге келейік...

Алан оның сөз төркінін бірден ұқты.

– Мен сізді сыйлаймын ғой.

– Е, мұның жөн, бауырым, – деп қайтадан сабырмен сөйлей бастады. – Ертең ана қызды ал да, қалаға кет. Жұмысыңды, тұратын жеріңе жететін ақшанды береміз. Біздің заготконтордың жігіттері бәрін өздері жөндейді. Содан кейін біз сені, сен бізді көрмейсің... Қызды оқуға түсіресің бе, өзің біл, тек менің ұлымнан аулақ әкетсең болды, бір айдан кейін оны үйлендіремін...

Ай дәл осындай топ-толық жап-жарық еді...

Дима баспалдақпен төмен түсіп бара жатыр. Артына бұрылып қараған да жоқ. «Әй, Дима-ай, – деді іштей, – Сен маған өкпелісің ғой, білемін, басқаларға бір-бір машина бергенде, маған қайда дейтін шығарсың... Шетелге сенің

әйелінді емдетуге апарамыз деп шықпаймыз ба мына елден...

Терезеден ай жарығы төгіліп тұр.

Оққағар артына бұрылып қарамады.

Гауһар көзін ашты. Ақ сәуле құйылып тұр. Кең терезеге қарады. «Бұл қарғыс атқыр үй ме? Мен қайтадан келгенмін бе?» деп бойын қорқыныш билеп кетті. Көзін жұмды. Есік қағылып:

– Қызым, қалайсың, айналайын? – деген күтуші әйелдің дауысы шықты.

Таңғалды. Көзі шарасынан шығып, басын көтеріп алды. Әдемі киінген Вася ағай мен Туна тұр. Ерекше бір салтанатқа баратындай сәнденіп киініп алыпты. Үңіле қарады. «Сіздер ме?» – деп даусы құмығып шықты.

– Біз, біз, балам, – деді Вася. – Happy birthday!

– Оның не сөз, әй, қақпас...то есть Василий Иванович.

– Мадам Вуаль-ля, бүгін Гауһаржанның туған күні емес пе?

– Иә, иә, сол үшін келіп тұрмыз ғой. Айтсаңшы қызыма. Түнімен екеуіміз ұйықтамай, жылыжайда гүл тердік емес пе?

– Міне, шетелдіктер салты бойынша бес сантиметр бұр жарған гүлді әкелдік. Біздің болашақ семьямыздың атынан қабыл алыңыз. Солай емес пе, Туна.

– Кому Туна, кому Талеугайша Газизовна. Вдова полковника.

Жасы келген екі адамның дәл бір кәсіпқой актерлардай ойнап тұрғандарын білмеген, Гауһар күліп жіберді.

– Менің жанымды ұғатын айналайын сіздерден. Орнынан атып тұрып, екі қарияны құшақтады. Еңкілдеп жылай алмай қиналды.

– Қой, қоя ғой, – деді күтуші әйел арқасынан қағып. – Вася ағаң міне, бір себет ас әкелді. Осы жерде отырып, үшеуден-үшеу тамақтанамыз. Кешке қонақтар келеді. Бірақ, біз сенімен біргеміз, сен кетсең, біз де кетеміз бұл үйден, – деп көз жасын бір сығып алды. Бағбан шал тез-тез шағын үстелдің үстін жайнатып жіберді. Ортаға француз

шарабын қойды. Салфеткамен оралған әдемі үш фужерді де қойды.

– Ал, қыздар, – деді екі алақанымен шарт еткізіп. – Тойды бастап жіберейік.

– Құйсаңшы ей, қақпас. Ой, ой, ой, Василий Иванович...

– Жарайды, қақпас болайын, бағбан болайын. Мен Гауһаржанның әкесімін. Иә, қызым?

– Иә, иә, Вася ағай, – деп бір сәт Гауһар күлімдегендей болды. Бағбан шалға шынында риза боп қалып еді.

– Василий Иванович, а ну-ка налей, джентльмен мой.

Бағбан шал фужерлерге иісін бұрқыратып француз қызыл шарабын құйды. Үшеуі бір–біріне қарап күлімсіреп, үнсіз қолдарындағыны іше бастады. Гауһар ернін тигізіп ұрттап қойды. Бойы жылынды. Біресе бағбан шалдың иығына, біресе күтуші әйелдің кеудесіне басын қойып, еркелей бастады. Туна еңкілдеп жылап-жылап жіберді.

– Қой, апай, жыламаңыз, – деп айтып қалғанын өзі де байқамай қалды.

– Жыламаймын, қызым, жыламаймын. Сенің туған күніңе қуанып отырғаным ғой. Құдай қолдап қырық жасқа да толдың ба?

– Иә, Қайрат екеуіміз бір күні толдық қой. Ол қайда екен қазір? Қайда екен? – Бота көздеріне мөлт-мөлт етіп жас келді.

– Так, қыздар, – деді бағбан шал олардың көңілін аулап. – Менің денсаулығым үшін, менің гүлдерім үшін алып қояйық.

– Әдірем қалғыр, сенің сыпыртқыларың кімге керек? Ертең-ақ курап қалады.

– Ну, мадам Вуаль-ля.

– Апай, апай, – деді Гауһар оның білегінен ұстап алып. – Вася ағайды ренжітпейікші. Оның әдемі гүлдері үшін! – Фужерлер қоңыраудай сыңғыр-сыңғыр етті.

Гауһар осы жолы тауысып ішті. – Кешке қонақтар келсе, сіздер не істейсіздер?

– Не істесе, оны істесін. Біз сенің жаныңда боламыз. Тек мадам Вуаль-ля саған бір дәрігер алып келіп еді. Кішкене қарасыншы, қызым.

– Мен ауру емеспін ғой. Сіздер неге түсінбейсіздер?

– Ауырмайтыныңды білеміз, шаршадың ғой, айналайын, – деді күтуші әйел. – Дәрігер болғанда, ол экстрасенс. Бес-он минут қана өзіңнен алыста тұрып қолдарын жайып тұрады. Басқа ештеңе істемейді. Көзіңді жұмсаң болды.

Гауһар үнсіз келісті. Есік ашылып, ала шапан киген, ұзын бойлы еркек кірді. Жымыып амандасты. Гауһарға жұғымды адам болып көрінді. Іші жылып қалды. Қолдарын алдыға созып, айтқандарын істеп тұр. Үш рет Гауһарды құлатқан кезде күтуші әйел мен бағбан шал басын жерге тигізбей қағып алып тұрды. Сәлден соң экстрасенс екі алақанымен екі иығынан соққан кезде дереу есін жиып алды. «Суф, суф» – деп қолдарын ауада оскылап алды да, – мына екі жанашыр адамыңа сенесің бе? – деді. Гауһар «иә» дегендей басын изеді. Гауһар бағбан шал мен күтуші әйелмен ұзақ отырды. Басына ешқандай ой келмей қойды. Тіпті, өткен өмірін де елестете алмады.

– Жүр, қызым, қонақтарға барайық. Кеш боп қалыпты.

– Апай, мен қандай көйлек киемін? – деп қалай айтқанын байқамай қалды.

– Бәрі дайын ғой, дайын. Әй, қақпас, шыға тұр сен. Қызымыз киінсін.

– Не дейсіз? Қақпас дейсіз бе? – деп сықылықтап күліп жүріп киінді.

Екеуіне еріп астыға түсті. Ешкімді байқамайды. Өзінен-өзі сықылық-сықылық етіп күліп қояды. Ат шаптырым үстел басында қаланың барлық ығай мен сығайлары отыр еді. Оларға тіпті амандаспады. Қақпа ашылып, гитара мен скрипкаларын ойнатып бір табыр сығандар кірді.

«Ай, ай, ай» – Әйелдер етектерін желбіретіп.

«Цоп, цоп» – деп еркектер алақандарын соғып.

Скрипканың үзік-үзік дауысы келді құлағына. Мол дастарханда, шыны ыдысқа құйылған қымызға көзі түсіп еді. Желкесінде тұрған даяшы қыз байқап қалды да, алдындағы ыдысқа толтырып қымыз құйып берді. Гауһар толғай ішті. Тағы ішті. Тағы ішті...

Айналасына қарап отыр. Бұлдыр-бұлдыр. Көз алдына біреудің анық бейнесі келмей қойды. «Бұлар кімдер?» – деді іштей. Ойлауға ғана шамасы келді. Лоқсып құса бастады дастархан басында. Ту сыртынан қапсыра құшақтаған темірдей қолдар өзін тік көтеріп, бақшаның ортасына алып барды. Гауһар қайтадан лоқси берді. Мұздай суды екі алақанына толтырып бетін жуды. Қайта-қайта жуды. Бір кезде басын көтеріп қалса, еңгезердей Дима тұр екен.

– Ах, ты, скотина! – деді Гауһар тістеніп.

Оққағар селк ете түсті. Қолдары дір-дір етті.

– Ах, ты...

– Шас, шас, – деп қалтасынан шиедей ғана қызыл құтыны ұстатты.

– Пошел вон! – деді Гауһар.

Оққағар ығысып қалды. Жан-жағына қарап еді. Күйеуі де, ешкім де көрінбеді. Сығандар шулап жатыр.

Баспалдақпен жеңіл көтерілді. Түнемелге келді де, ай жарығын бүркемелеп тұрған пердені ысырып-ысырып жіберді. Топ-толық толған ай. Кең терезеге бетін төсеп келе жатыр. Келе жатыр...

«Біз тағы да жүздестік пе, жарық ай? Сол бір қарғыс атқыр түнде Қайрат алғаш рет ернімнен сүйіп, мәңгілікке ажырап кеткенімізге сен ғана куәсің ғой. Менің де, Қайраттың да еш күнәсі жоғына сен ғана куәсің, жарық ай».

Гауһар жан-жағына қарады. Көзі шараптың ұзын мойнына түсті. Төңкеріп еді фужердің түбінен сәл асты. Еш қиналмастан құтының аузын ашып, он шақты тамшыны сілкіп-сілкіп құйды. Жан-жағына қарады. Үстіндегі көйлегін шешіп, анадан туғандай тыр жалаңаш болды. Табаны суық еденге тиіп-тиіп терезеге жақындады. Толықсыған айға қарап тұрып қалды. Ойланды. «Қайрат, Қайрат жаным, алғашқы махаббатым! Мен қазір айдың ана бетіндегі анама аттанамын. Жазғыра көрме. Жарық дүниеге де дәл осылай келдім ғой. Пәк едім ғой, Қайратжан-ау... Бұл өмірде сені ғана сүйемін, сүйіп өтемін. Менің еш кінәм жоқ қой, Қайратжан-ау...»

Жарық ай қол созымдай жерде қалғандай еді. Фужер ұстаған қолынан біреу шап берді.

– Ішпе, ішпе, денсаулығыңды құртасың ғой. Кешірші мені, қаласаң бұл қаладан кетейік. Мына дүниенің бәрі сенікі, – деді Алан.

– Керек емес дүниенің! Әкел, ішем...

Күйеуі қос қолдап ұстап, сындырардай өзіне қарай тартып, қылқ-қылқ еткізіп жұтып алды. Қолындағы фужерді сындырып жіберді. Алдыға бір-екі адым жасап, сырылған пердені жұла-мұла жалаңаш Гауһарды ораған болды. Езуінен қан ақты. Теңселіп-теңселіп тұрып, жерге гүрс етіп құлады. Гауһар жерде көзі шатынап, о дүниеге аттанған күйеуінің басын ұстап, айға қарап жылай бастады. Аулада сығандар әндетіп жатыр. Гауһар айқайлап жылады.

Жыла. Жыла. Жыла.

Бетінде дағы бар ай да терезеден кетпей тұр.

Жыла, Гауһар. Жыла...

Сенің көз жасың жүрегіңдегі талай жылдан бері жүрген қайғы-мұңыңды, ұйқысыз өткен түндердегі жаныңды азапқа салған ойлардың мұзын жібітер.

Гауһарым менің, жыла...

Жыла...

10.08.2011 – 15.08.2011 ж.ж.

Ұлы – Семей

ОЙШОҒЫП

(Дидахмет Әшімханұлына)

«Өркімді заман сүйремек...»

Абай

...Сағым көтеріп, сағыныш бұған Алатауға қарап Телжан ойланып тұр. «Қанша жыл өтті? Иә, иә, бақандай он жыл зырлап өте шығыпты-ау. Жас ақын-жазушылардың жиынына келгендеріне... Алматыға сонау Алтайдың бір қолтығында жатқан ауылдан келген ол бас-аяғы бір аптада республикаға танымал боп шыға келемін деп мүлдем ойламаған... Газеттер күн құрғатпай суреттерін басып, радио-телевидение дегенің кезекпен-кезек тікелей эфирге шығарып, әпсәтте «жұлдыз» боп шыға келді... Ауылға телефон соққанда келіншегі өкпелей сөйлеген: «Сен немене ұлың екеумізді ұмыттың ба?! Телевизорға түскенде ылғи жаныңда мөлііп тұратын қыз кім?» – демесі бар ма. Ақ көңіл, ақ көйлек Телжанның үйленгеннен бері келіншегінен естіген ауыр сөзі осы болды.

Еркек емес пе, ашуланған!

«Өзің емес пе едің, талантыңды өшірмей, Алматыға ұмтыл, аяғыңа байлау болмаймын» деп салған.

Әйелінің жеңіле қою екіталай. «Етегіңе жармастым ба?... Барамын дедің. Бар дедім. Тек анау балағыңа ошағандай жабысқан қызыл көйлекті қыз кім дегенім бе «сезікті секіреп» дегендей, шегірткедей ыршығаның не?» – деді дауысын көтеріп.

Енесі жарықтық айтушы еді, ұлы дүниеге келгеннен кейін «Қарағым, Телжаным, мына менің қызыммен айтысып-тартысып жеңбейсің. О заман да бұ заман, Керейдің қыздары ешкімнен жеңілмеген, «әке-көке» деп алдай сал» дейтін... Сол есіне түсе қалды. Тез бойын жинады.

– Жаным-ау, күнім-ау! Қатын боп қызғанғаныңнан айналайын. Сені түнде түсімде көріп едім, Ертістің ағынына

қарсы итеріп жатырсың, осыған көрінген екен ғой... Барамын ғой екі-үш күнде ұлдарымды ерекше сағындым», – деп өтірік-шыны аралас сөздерді айтып-айтып жіберіп еді, Райханның даусы дірілдеп, еріп сала берді.

– Сен өзі үш мезгіл тамағыңды ішіп жүрсің бе? – деп сұрады. Телжан соңғы бес жылда күндіз-түні қағаз шимайлап, қилы-қилы мінезді кейіпкерлерді басынан өткізген бір әйелдің көңілін аулай білетін жағдайға жеткен кезі еді...

– Баяғыда, студент кезде, сенің бөлмеңнен жеген рожкидің дәмі ауызға келді ғой, – деп бірді тастады.

– Қашан? Есімде жоқ, мүмкін ана Үржардың қызының бөлмесінен жеген шығарсың, – деген кезде Телжанның үні өшті.

– ?...

– Алло! – деді Райхан дауысы ап-анық шығып, – Қайдасың?

– Иә, иә. Тыңдап тұрмын ғой.

– Сен кетер күні таңертең «бір жаңалық бар сияқты ма» деп едім ғой сол рас-ау деймін... Кешеден бері әлгі гранат дегенді жегім кеп, аңсарым ауып кетеді. Қызық, ә...

– ?...

– Алло, папасы, тыңдап тұрсың ба, ақшаң болса, бір-екі килосын ала салшы. Сондай қиын жегім кеп тұр.

– Неге? – деп сұрады Телжан.

– «Неге?» деп менен сұрап тұрсың ба? – деп келіншегі күлді. – Жарайды, қашан қайтасың? «Шалқар» радиосынан сөйлепсің ғой. Әйелім, ұлым бар деп айттың ба?

– Радионы тыңдаған екенсің ғой...

– Жоға, біздің үйде радионы жөндейтін еркек бар ма? Дүкенге барғанмын, сатушы әйел айтты. «Жаңа ғана жігітін сөйледі. «Әдебиет», «әдебиет» деп бір әйелдің атын үш рет айтты. Тіпті, сенің атыңды атамады да... «Туған жерім – жер жәннаты» дегеніне де шүкір» деп соғы-е-е-е-п отыр. Мен қарап тұрамын ба: «Жеңеше, сіз білмейді екенсіз ғой, менің азан шақырып қойған атым «Әдебиет» қой дедім. «Мәдениет деген бөлемнің атына ұқсастырып қойған» деп періп жібердім. Көзі «банка» болды ғой.

– «Жап-жас боп қатыншылын қарашы қайнымның» деп бетін шымшып қалды. Мені ұмытқан жоқсың ғой, иә?!

– Есің дұрыс па? Ұмытқаны несі, сендерді сағынып өлгелі жүрсем. Үйден шыққаным бес күн емес, бес ай болған сияқты, – деп шынын айтып еді, келіншегі қорғасындай еріп кетті.

– Сенің тілеуіңді тілейміз ғой. Аман-есен оралсаң болды. Кеше кешкісін Ахмет нағашымның үйіне звондағанмын. Нағашым дачаға кетіпті, жеңгем саған риза боп отыр. Жүз грамм ішпейді екен деп. Дұрыс, сен күйеу баласың, басқа жерде іссең ішерсің, туыстардың үйінде сол құрғырды татып алмашы, сен іше де алмайсың ғой, екі стөпкіден кейін қылжиып қаласың ғой. Айтпақшы, қайтарда гранаттан бір кило ала келші, сен келгесін үйге кісілер келеді ғой, өрік... мейіз...

Осы кезде «уақыттарың бітті» деп телефонистка үзіп тастады.

Телжан өкініп қалды. Бөлменің ішін әрі кезіп, бері кезіп біраз жүрді де қойды. Кенет терезенің алдына кеп тоқтағанда көзі ақбас Алатауға түсті... «Біздің Мұзтауға қатты ұқсайды екен. Тіпті, егіз сияқты. Бірақ, мына дүниенің екі бұрышында...» деп ойлады. «Келгелі Көктөбеге бір шықпаппыз ғой». Аяғына кроссовкасын киді де, далаға беттеді. Қонақ үйдің алдына шыққанда шашы жалбырап Семейден келген прозаик жігіт тұр екен.

– Ассалаумағалейкум, бауырым! – деді, көз таныс боп қалған жігіт.

– Неғып тұрсың таң атпай?

– Қонақ үйдің күзетшісі қуып шықты, әкеңнің... Ертең қорытынды ғой. Бір күннің әрі не берісіне шыдармын. Бір повестьпен қатыстым, ілігемін бе, білмеймін, қай секцияға түскенімді де білмеймін. Обком комсомолдың жолдамасын ала алмадым, – деп күрсініп қойды. – Холлда тұрған дивандарын аяй ма, әкеңнің...

Телжанның есіне Ахмет ағасының «Анау Семейден келген жігіттен бірдеңе шығады. Стилі жақсы!»– деген сөзі есіне түсті

–?...

– Бауырым, бөлмеңе кіріп жуынып алуға бола ма?

– О, не дегенің?! Түнде келсең ғой, холлға түнегенше, диван бос тұр ғой.

– Ауылға телефонмен сөйлесемін деп заказ бергенмін, креслода ұйықтап қаппын... Танертең телефонның безілдеген даусынан шошып ояндым! – деп күлді...

– Дұрыс болған сөйлескенің... Үй ішің аман ба екен?

– Шүкір, рахмет! Мен Көктөбеге бара жатыр едім... Жүр, «Көктөбеге» барып келейік... Аспалы көпір арқылы көтерілеміз....

– Ой, қымбат шығар... Өзің бара бер, мен осы жерде тоса тұрайын. Әкеңнің жоқшылық әбден қысты, біз қолына қалам ұстаған қазақ қаламгерлері Толстой сияқты бай болуымыз керек! Бара бер! Мен тоса тұрайын!

– Тоса тұрамының не? Мә кілт, бөлмеге кіріп, жуынып-шайынып демала бер...

– Жо-жоқ, иесі жоқ үйге кірмейтін әдетім еді...

Телжан шаршап тұрған жігітті аяп кетті де:

– Қой, бұл не тұрыс? Жүр, қысылма! – деді. Екеуі бесінші кабаттағы Телжанның бөлмесіне келді.

Семейлік жігіт боқша дорбасынан орамалын, сабыны мен сақал қырғышын алып шықты да, жуынатын бөлмеге кеткен кезде есік қағылды. Ашса, фестивальге келген Тараздың асау ақыны Бауыржан екен...

– О, Бауке, жоғары шық...

– Телжан, Семейдің прозаигін көрдің бе?

– Мұнда... – деді Телжан, ванна жақты иегімен нұсқап, ...

– Уһ! – деп, Бауыржан орындыққа отыра кетті. – Қызық жігіт өзі... «Кілтті дежурныйдан аласың!» деп айтып кеткенмін... Кеше кешкісін Көсемәлі екеуімізді Сайын ағай таудағы дачасына шақырған, өте кеш келдік... Келсем, бөлмеде жоқ. Дежурныйдан сұраймын, «Кілтті тастап, кетіп қалды» дейді. Ұят болды... Сенде түнеді ме?

– Жоқ, есіктің алдынан кездестірдім. Сайын аға «Жабайы алманы» жазған жазушы ма?

– Иә, керемет ағамыз ғой. Ұят болды-ау, а... Мен буфетке барып бірдеңе алып келейін...

– Мен де барайын! – деп Телжан оған ілесе шықты.

– Ну, мальчики! – деп күле қарсы алған ұйғыр әйелі Бауыржанға көзі түсіп ойланып қалды да, «Не қалайсыңдар?» деді...

– Мантадан үшеу, үш пирожки, лағманға заказ берсек, бөлмеге апаруға бола ма?..

– Бөлмеге апаратындай не болды сендерге, ауырып қалдыңдар ма? Осы жерде отырып-ақ ішсеңдерші! «Тар жерде отырып тамақ ішкенше, кең жерде отырып таяқ жеген жақсы» деген сөз бар ғой...

– «Рас-ей!» – деді Бауыржан, – «Ертағаны шақырып келейік...»

– Оны қасқыр жей ме? Біреуің барсаң да болады ғой. Ал сен, Сәкен Сейфуллинге ұқсайтын жас жігіт, қала тұр. – деп алтын тістерін жарқырата күлген ұйғыр келіншек Бауыржанға сүйсіне қарады.

Телжан бөлмесіне келсе, Ертаға танауы пысылдап, ұйқыға кетіпті...

«Ағай... Ағай» желке тұсынан шыққан дауыстан селк ете түсті. Жалт бұрылып қараса, хатшы қыз екен.

– Неге телефонды көтермейсіз?...Сізді срочно бастық шақырып жатыр...

– Ааа...

– На ковер...

Есік тарс жабылды да туфлидің өкшесі тақ-тұқ етіп ұзай берді.

«Телефонның дауысын қалай ғана естімедім».

Кабинетінен шығып бара жатып, кең терезеден анық көрініп тұрған Алатауға тағы да көзі түсті. Ұшар басынан бұлттар үзіліп-үзіліп көшіп жатыр екен..

Бұлттар көшіп....

Нәзік ..

Балаң ақынның бармағы майысып отырып жазған алғашқы шумақтары сияқты...

Сәл-пәл түсініксіздеу...

...Ұзын дәлізбен қабылдау бөлмесіне қарай келе жатып, алдыға басқан аяғы кері кетті, мың-миллион құмырысқа илеуінен қашып, бұның арқасын паналағандай жауырыны жыбырлап жынына тимесі бар ма?!

...Орындыққа елеусіз отыра кетті. «Көппен көрген – ұлы той, жігіттермен бірге Ақмолаға тартып кету керек еді.» – деп ойлады. Оған келіншегі қойды ма, «Осы министрлікте істегеніңе үш-төрт жыл болды, сенен кейін келгендер «Самалдан», «Мамырдан» үй алып жатыр. Сен болсаң ынжықсың, не жарығы, не суы жоқ «Шаңырақта» отыра береміз бе? Мына екі ұлың ертең-ақ үйленеді, сонда елге не бетіңмен қарайсың? – деп, үлкені үшінші класс, кішісі бес жастағы екі ұлын көз алдында «үйлендіріп» те тастады. Қойшы, әйтеуір, таңертең бастығының алдынан бір-ақ шыққан. Сөзін әріден бастаған: сонау Өскеменнен арман қуып Алматыға келгені, келіп алған соң пәтерден пәтер ауыстырып, жер алып, шағын үй салып алғанын, әзірге жарық пен су мәселесі ғана шешілмей тұрғанына дейін қозғаған. Осыншама уақыт сөйлегенінде бастығы тыңдады да, үн-түнсіз шығарып салған.

Содан бері бір апта өтсе де, бастығының «үнсіздігі» жанын жегідей жеген. «Мекеме Ақмолаға көшіп жатқанда Алматыда қалайын, үй беріңіз» – дегені орынсыз болғанын өзі де сезеді. Бастығы не ойлады екен?! Не ойлаушы еді?.. «Нашар жігіт екен, команда алып едім, қиыншылықтан қашып кетті»...

– Телжан Алтаевич, неге отырсыз, бастыққа кірмейсіз бе? – деген хатшы қыздың дауысын естігенде селк ете түсті.

Буын-буынынан әл кетіп, бастығының алдына барды.

– Жағдай қалай?

– Жа-ақсы.

– Міне, біз жолға дайындалып жатқан, – деп, бастығы кабинет ішіндегі ұқыпты жинақталған қораптарға көз жүгіртіп өтті. – Ертең контейнерге тиейміз де, «Ақмола қайдасың?» деп тартып отырамыз. «Осы аңсаған мемлекетімізді коррупция кемірмесе екен! Жатсам, тұрсам ойлайтыным осы. Әй, қиын-ау, қиын», – деп министр басын шайқап-шайқап қойды.

– Ертең ертерек келемін, тым құрыса жүктерді тиесіп жіберейін, көшке ере алмағаныма ренжімеңіз, – деді бар күшін жинап.

– Жоқ, әуре болма! Бүгіннен бастап сенің өз шаруаң басыннан асатын болады.

«Өз шаруаң» дейді бастығы. «Менен аулақ жүр!» дегені ғой. Іші удай ашыды. «Не де болса, жігіттермен бірге кету керек еді».

– Екі айдан соң, баспаға қызметке орналасасың, екі жыл бойы кезекті демалысыңды алмапсың.

– Ренжімеңіз маған! – деді басын көтермеген бойы.

– А, айтпақшы, – деп бастығы күліп алды. – Ұмытып барамын, ана жолы айтқаның жақсы болды. Кеше әкімшіліктен алашақ үйлеріміз бар еді, саған үш бөлмелі пәтер беретін болдық.

– Не?! – Орнынан атып тұрды. Есі шыққаны соншалық, үстелді айналып, бастығының алдына жетіп барған.

– Рас па?

Бастығы күлді. Қолына үйдің бір жапырақ қағазын ұстаып, арқасынан қақты. Аузына сөз түспей кабинеттен шығып бара жатып, қайта кірді.

– «Рахмет!» – деді көзіне жас алып. – «Бұл жақсылығыңызды ұмытпаймын, Құдайдан қайтсын!»

– «Отыр», – деді бастығы орындықты нұсқап. – «Екеуіміз ұятқа қала жаздапмыз».

– Қалай?

– Сенің менде жұмыс істегеніңді елдің бәрі де біледі. «Жанында жүрген жігітке үй бермей кетті» деген жаман атқа қалдыра жаздадың! Өзің шешіліп ештеңе айтпайсың, қайдан білейін, саған пәтер керегін. Ал қазір, мына қағазға менің атыма өтініш жазып бер, – деді бастығы, күліп.

– Алтеке, бір бөлме болса да жетер еді ғой... – деді даусы дірілдеп.

– Қазаққа үйдің көптігі жоқ! – деді бастығы. – Тезірек жаз өтінішіңді, уақытым жоқ, «Шаңырақтағы» үйінді саяжай қылып ал...

Телжан өтінішті әрең жазды. Бастығы қонжитып қолын қойды. Бар болғаны осы.

Аялдамаға келіп, үйдің қағазын мұқият оқып шықты да, орамалына орап, төс қалтасына салып алды.

Автобустың төбесі көрінер емес. Такси ұстамақ болып қол көтергені сол еді, «шиқ» етіп «Опель» кеп тоқтады.

– Шаңыраққа».

– «Шаңырақ» деген қай жер?..

– Рыскулова – Петрова и дальше – деді. Өзінің қолы әрең жеткен «Шаңырақты» білмегеніне ыза болып.

– Қанша төлейсің?

– Өзіңіз біліңіз, – деді мәрттік танытып.

– 200?

– Кеттік.

«Опельге» мініп тұрғаны осы. Іші кішігірім үй сияқты. Бір түрлі жылы, бір түрлі қызық. Қарға адым жүргеннен кейін, жүргізуші шал жанар-жағармайдың қымбаттағанын айтып зар жылай бастады. Шопырдың сөзін бөліп тастап, өзінің талай жылғы арманының орындалғанын, бастығынан жомарттығын жайып салды.

– Құтты болсын! – деді бағанадан шаршап сөйлеп отырған шофер көңілденіп. – Абрам Иванович.

– Телжан, – деп қолын ұсынды.

Танысып алғасын өзін еркін сезінді.

– Абрам Иванович, сіз де біздей кезіңізде пәтерден пәтерге көшіп жүрген шығарсыз?

Орыстың шалына сұрағы ұнамай қалды ма, жылдамдықты үдетіп жіберді. – Верный – наш город.

Осы шалдың «личный жизнін» сұрап нем бар? Семейдегі досым – Ертаға болса, мына шалды шырқ үйіріп, мәшинесін мақтап, «Опельде» неше үйір жылқының күші барын, жеті атасынан бастап жіліктеген кезде шал бұларды жүз теңгеге «Шаңыраққа» қалай апарып тастағанын өзі де білмей қалар еді. «Опель» зуылдады. Телжанның көз алдына құмырсқаша қыбырлап, баспана салып жатқан қазақтың балаларының тірлігі кино лентасындай зырылдап өте шықты.

Өзінің қоржын үйінің ауласына келіп тұмсық тіреген кезде:

– Осы үй сенікі ме? – деді Абрам Иванович.

– Иә.

– Шіркін, особнякка не жетсін!

Іші жылып сала берді. Қалтасынан жүз теңгеліктің төртеуін суырып «опельдің» иесінің алақанына салды.

– Үйге кіріп, шәй ішіңіз?

– Рахмет, Телжан бауырым.

Терезеден бәрін көріп тұрған келіншегі: – Неменеге жетісіп, таксилетіп жүрсің? – деді өкпелеп.

– Енді, енді...

– Жүр, сөйтіп, балаларға одан да печенье ала салсаң қайтер еді!

– Балаларға үй әкелдім! – деп, жылдам-жылдам бүгінгі күнгі «ұлы жаңалығын» жеткізген. Келіншегі пәтердің қағаздарын кеудесіне басып, ал жыласын келіп. Даладан жүгіріп келген екі ұл үрпиісіп, әке-шешесіне қарап тұр.

– Әкелеріңді құшақтап, беттерінен сүйіндер.

Ұлдары жақындаған болды. Өздері бірденеден қорқып тұр. Шешелеріне тығыла береді.

– Сен қазір базарға барып кел, – деді суық сумен бетін жуып жатқан келіншегі.

– Менде үш жүз теңге бар.

– Иномаркамен жүргенді білесің, – деп келіншегі сандықтың түбінен жүз доллар алып шықты. – Балаларға аяқ-киім аламыз ба деп сақтап жүр едім. Таксилетпей, Аманжолдың машинасымен барып келсеңші.

– Үйінде ме?

– Иә, жаңа Жамал келіп кеткен. Біраз бензин құйып бер, ұят болмасын.

– Кеттім онда, – деді Телжан.

– Токтай тұр. Курстастарыңа айтарсың. Келгені келер, келмесе өкпе жоқ...

– Кете берейін бе? Семейге Ертағаға звондайын.

– Тұра тұр. Шымылдығың желбіреп тұр ма? Әйгерімге айтсаң айтарсың, анауыңды қоя тұр... айтпақшы, «обменный пункттің» алдындағы жалған ақшаға айырбастайтын жыл-постардан байқа!

– Қиын қызықсың ғой. Бала емеспін ғой.

– Кешке ұрттап алып, «Алтайдай жер қайда?» – деп жүрме! Ұят болады.

- Райхан, болды ғой енді.
- Тұра тұр, алатын тамақтардың тізімін жазып берейін. Ұлдарыңды ала бар...
- Ура! – деп қуанды екі ұлы. – қалаға барамыз.
- Бөгет қылып қайтемін бұларды?
- Ертіп жүруге ұяласың ба? – деді келіншегі. – Күлге аунап тапты ғой дейсің бе, өз ұлдарың!

Көршісінің «Москвичімен» дастарханға керектінің бәрін жеткізіп алды. Қазан көтеріліп, ет піскен кезде көршілер мен қаладағы туыстар да келіп қалды. Бәрі мәз. Пәтердің құжатын қолдан-қолға өткізіп көріп жатыр. Ол қатты қобалжыды. Ет пен сорпа ішіп отырған қонақтардың біреуінің май бармағы «Телжан Алтаев» деген жазуды басып қалса қайтпек.

Қонақтар үйді-үйіне тарасып, ыдыс-аяқты жинастырып жатқан кезде, жалп етіп жарық өшті. «Шаңырақтың» тұрғындары үшін бұл үйреншікті жағдай болса да, дәл осы сәтте қараңғылық орнағанына ыза болды.

- Бұлар өстиді, енді.
- Сенімен ерегесіп жүр ме еді, өшіргісі келсе, өшіреді... Одан да пештің аузын аш та, оттың жарығымен балаларды төсегіне жатқыз.

Берілген тапсырманы орындап келсе, Райхан пердені ысырып, үй ішіне ай жарығын молынан түсіріп қойыпты.

- Папасы, үйдің құжаттарын әкелші, көрейін.

Сандықтан пәтердің қағазын алып келді.

- Ой, жылағаның не?

Келіншегі иығы селкілдеп, үнсіз жылады. Қапсыра құшақтап алды. «Ақылдым менің, сен болмасаң қайтер едім. Өскеменде пәтерден пәтерге көшіп жүргенде сыр бермедің». Шашынан иіскеді.

- Сені сүйем, Райхан, сенен басқа ешкімнің керегі жоқ...
- Рас па? – деді келіншегі кемсеңдеп.
- Рас, жаным, сенен басқа ешкімнің керегі жоқ маған.
- Саған менен басқа қатын бір күн де шыдамайды. Айтып-нұқып отырмаса, аяғыңды баспайсың ғой...
- Иә, жаным, сен болмасаң...

Екеуі құшақтасып, күбірлей бастады. Ақсаумал сәуле үйдің ішінен шыққысы келмей шыр айналды.

Пәтер деген аты болмаса, он екіде бір нұсқасы жоқ болып шықты. Құрылысшылар бастаған да тастаған. Суық суынан басқа ештеңесі дайын емес. Жарық тартылмаған. Телжан қатты қобалжыды. – «Көппен көрген ұлы той», ептеп жөндеп аламыз ғой, – деп, келіншегі көңілін өсіріп қойды.

Екі жұма тырбандап, қабырғаларын әктеп, сыртқы қос есікті салдырды. Ыстық су мен газды қосса көшіп келмек.

Бір күні әбден шаршап, ай жарығымен үйге келсе, шам түбінде келіншегі хат оқып отыр.

– Тамағың дайын тұр, – деді күлімсіреп. – Папасы, мен ертең балаларды ертіп ауылға қарай жүріп кетсем, өздері келе алмайды екен... Жамал проводниктермен келісем деп отыр...

– Дұр-ры-ыс, – деді есінеп. – Барсаң бар, мені қайтесің, скоро аллергиям басталады ғой... Мен де сендермен бірге барайын ба?

– Ештеңе етпейді, оншақты күнде қайтып келеміз, жолда Семейге, Әйгерімге, бір күнге соқсам болады.

– Ертағаларға деп айтсаңшы. Ер адамның есімін бірінші айту керек, – деп түзетті.

– Әй, соныңды қойшы. Айналайын Әйгерім болмаса, – деп келіншегі құрбысын мақтап жатыр...

Сонымен, Телжан үш бөлмелі пәтерде жалғыз өзі. «Шаңырақтағы» үйге алаңдамайды. Көршілері сенімді. Жалғыз серігі – радиоқабылдағыш. Кешкісін білте шамның жарығымен кітап оқыған болады. Әбден зерікті. Жұмысты қайнатып жіберуге болар еді, оған ақша қайда? Бәрі удай қымбат. «Китайский» дүние алмаңдар, – деп анаукүні қонақтар санасына патриоттық сезімді мықтап құйған. Басқаға шама қайда? Жок! Ауылға ертіп кетпеген Райханға өкпелі.

Есік қағылды. Орнынан сүйретіле тұрып, құлыптың құлағын бұрады. Өз көзіне өзі сенбейді. Босағада баяғы «Опельдің» иесі тұр.

- Абрам Иванович!
- Да, откуда вы меня знаете?
- Помните «Шаңырақ»?
- Какой еще, «Шанырақ»?.. Ладно, – деп қаркылдап күліп алды да, – Черт с вами! Сіз бен біз көрші болдық, – деді.
- Құтты болсын!
- Жағдай былай, бауырым, қазақтармен көрші болған қандай жақсы, – деді ыржалақтап. – Жаңадан есік қойғызып едім. Қарай саларсың. Үйде балалар бар ма?
- Құдайға шүкір, екі ұл.
- Жөн екен, біз қалада көп болмаймыз, әйелдің төркіні Германияда еді, екі-үш ай сол жақта боламыз ба деп жүрміз. Балаларыңа да ескертіп қой, есікті қолдарымен ұстап жүрмесін.
- ?
- Осы кезде көршінің жылтыр есігін талпақ танауымен итеріп бульдог шықты да, теңселіп жақындай берді.
- Кому говорят? Ложись на место! – деп иесі зекіген кезде, зып беріп ішке қайтадан кіріп кетті.
- Өте ақылды ит, – деді Абрам Иванович, – бұл үйді шынын айтсақ, осы үшін алдық. Ана жақта көршілер мазасыз...
- Есікті шалдың тұмсығына тіреп тұрып жапты. «Жетпіс жеті әкенді... Абрам Иванович... итке бола үй алған, қақ әкеңнің...» тамағына өсік тығылып, үш бөлмелі пәтердің ішінде шығыршыққа айналған тиіндей шыр айналды.
- «Шаңырақтан» жер алып, қанша қазақтың аш-жалаңаш балалары күні үшін, күрке соғып, күнге қақталып жүр. Көршілерін жамандайды еше, қарашы, талай рет жігіттер «национальный вопростарды» қозғаған кезде, әңгімеден қашқақтап кетуші еді. Енді, міне, алдынан шықты. «Ертең газеттегі жігіттерге айтып, жазу керек, бұл Абрам Ивановичтің тірлігін...»
- Есік қағылды. «Әкеңнің... Абрам Иванович, көрсетем мен саған». Жұлқып ашты. Ыржиып Аманжол тұр.
- Ассалаумағалайкум! – деп қолын ұсынған көршісін қапсыра құшақтады.
- Келгенің қандай...
- Әй, тасбауыр болып кеттің бе-ей? Сағындық қой, барсың ба?

– Жүрміз ғой, өздерің қалайсыңдар?

– Үш күн болды телевизор жанып кеткен, сендердікін көріп жүрміз.

– Е, жарайды, не ғып босағада тұрсың, жоғарыла!

– Жоқ, давай киін, қатын жіберді саған. «Райхан жоқ, қарны ашып жүрген шығар» – деп таңертең бір әтештің басын шапқызды. Көже дайындап жатыр.

– Несіне әуре болдыңдар.

– Оны ана құрдасыңа айт... Жолдан екі кило картоп алуым керек, өзі бензинге ақша жоқта, біздің қатын да кісіге тапсырманы үйіп беретін әдеті.

Көліктеріне отыра бергені сол еді, жандарына сөмке көтерген әдемі келіншек жетіп келді.

– Осы үйде тұрасыздар ма?

– Иә, – деді Телжан.

– Сіздің көршінізбін, мына үйде тұрамын, – деп, келіншек қатар тұрған бес қабатты үйді көрсетті.

– Біреуді іздеп жүрсіз бе?

– Орталық базарға апарып тастамайсыздар ма?

Ол ыңғайсызданып, Аманжолға қарап еді, сабазың қамшы салдырмады. – Сіздей әдемі жан айға апар десе де апарамыз.

– Я такая невезучая. Муж бросил. Даже номер моей квартиры тринадцатый, – деді келіншек көлікке отырып жатып.

Базарға қалай жеткендерін білмей қалды. Әдемі келіншек үш жүз теңгені шытырлатып тұрып Аманжолдың қолына ұстатты.

– Жоқ, алмаймыз, – деді Телжан.

– Сіздер болмасаңыздар, басқа біреуге бұдан да көп төлеймін ғой, – деп келіншек көзін төңкерді. Мәшін ішінде француз әтірінің иісі қалды. Көңілді қытықтайтын жұмсақ иісте Аманжолдың жұмысы жоқ, ақшаны алып, машинаның руліне, о жер, бұ жеріне соғып, «ұшықтап» жатыр.

– Әй, сен майлыаяқ болдың, бензин де, бір бөтелке «Тараз» да болатын болды.

Қала ішінде олар екі сағаттай айналды. «Ақсайға» барып, одан «Саяхатқа» екі жолаушыны апарып, есептесіп болған Аманжолға:

– Әй, сен мені үйіңе апарасың ба, жоқ па? Әлде Алматыны алты айналдырып аштан өлтірейін деп пе едің? – деді.

– Кетші-ей! Мен сен үшін жанталасып жүрсем, кешке жақсылап бір отырайық та, біздің қатынды білесің, үстелдің үстіне өмірі екінші бөтелкені қоймайтынын. Өзіміз ала барсақ еркін отырамыз ғой...

Аманжол «сценарийді» құрып жатыр. Ол үндеген жоқ. Бағанағы көрші келіншектен ақша алып, ыңғайсыз жағдайға қалдырғанын айтты.

– Кетші-ей! И так конкурентов много, – деді Аманжол. – Көрмейсің бе, көшеде қаншама такси қаңтарылып тұр.

Көліктен түскеннен кейін Аманжолға ермей аулада тұрып қалды. Өзінің үйіне қарады. Қара құлыпты көріп, жүрегі бұлқынды. Аулада сары самауыр мұржасынан түтін шығып тұрушы еді. «Шаңырақ, Шаңырақ, қаншама қазақтың баласына пана болдың?»

– Әй, городской құрдас, бізді менсінбей тұрсың ба? – деген Жамалдың даусынан ойы бөлініп кетті.

– Жоға...

– Ә, бәйбішенді сағынып жүрсің-ау, – деп күліп алды да, – «үйге кірсенші», – деді.

Дастарханның төріне шыққаннан кейін жүрегін басты. Сүт қатқан қою күрең шайдың екі кесесін ішкеннен соң, маңдайынан тер бұрқ етті.

– Түү, сенің шайың недеген тамаша!

– Бізге бірдене бермеуші ме едің? – деді Аманжол келіншегіне қарата.

– Өзің неге ала келмедің? – деді Жамал.

Үн-түнсіз үшеуі шай ішіп біраз отырған соң, Жамал жарқылдап күліп алды да, – Тәкең кеп қалды ғой, – деп бір бөтелке әкеп ортаға қойды, – осыдан басқа жоқ, сұрамаңдар.

Екі еркек әп-сәтте түлеп шыға келді. Өздері де, көздері де жайнап, бағанағы бойкүйездіктің бұғауынан шығып, буын-буындары босап, «Танертеңмен бір сұлу қыз суға келеді», «Бойында Арыстың өзіңмен таныстым» деп әнге баса бастады.

– Әй, қатын, тағы бірденең жоқ па? – деді біраздан соң Аманжол.

– Қайдан болсын, тамақ алыңдар, – деді Жамал екеуіне кезек-кезек қарап.

– Ой, ұмытып кетіппін ғой, мынау «калымнан» түскен ақша, – деп бес жүз теңгені келіншегіне берді.

– Бензиніне қалдырдың ба?

– Тәкең аман болса, бензин табылар.

– Көршіден қарызға алған бір бөтелке бар еді, – деп Жамал бір шөлмекті алып келді. – Осыдан кейін «көке» десеңдер де жоқ.

– Ой, біздің қатын маладес, а?!

– Құрдас-ау, рахмет саған, бізді сыйласаң, Құдай сені сыйласын! – деді Телжан.

– Құдайы көрші, Тәке, сен үшін ғой.

– Бұл енді, өзіміз барып алып келмесек, бізді менсіне ме? – деді Аманжол.

– Айтасың-ау, әкіри.

– Жә, болды, қойыңдар. Алып қойсаңдаршы.

– Ой, біздің қатын маладес, кел Тәке, сенің үйің құтты болсын, сол үшін!

Қырлы стакандар сарт-сарт соғылды.

– Құрдас-ау, – деді Жамал даусын өзгертіп. – Өзіңе бір өтінішім бар, сендер көмектеспегенде кім көмектеседі маған. Кенже сіңлім былтыр тұрмысқа шығып еді ғой, ауылда өзің білесің, жұмыс жоқ. Әбден қиын болды. Сендер үйлеріңді бір жылға бере тұрыңдар. Базарға шығып, нан-шайларын айырсын дегенім ғой...

– Әй, қатын, сен не айтып тұрсың, есің дұрыс па? – деп Аманжол басын көтеріп алды.

– Сен тыныш отыр.

– Бала-шағаны әрең асырап отырғанда сіңліңді шақырып.

– Осыған-ақ менің төркінім жақпай-ақ қойды.

– Пошла ты, осы үйді салғанда кім көмектесті?! Біреуі бір шеге әкеп берді ме? Ұлым аман болсын, сол үшін қабырғам қайысып еңбек етіп жүрмін. Білесің бе, ей сен қатын? Құдай бар болса, осы үйде қызық көріп, ұрпақ өсірсем деймін.

– Ой, шіркін-ай, – деп, Жамал ернін сылп еткізді. – Қорлық көріп жүрсің ғой, бейшара.

– Қойыңдар, – деді Телжан.

– Әй, қатын, – деді Аманжол өзеуреп. – Сен менімен неге ақылдаспайсың, а?

Қырлы стакандар сарт-сарт соғылды.

– Көрсетемін мен саған, командовать еткенді, көзіңе көк шыбын үймелетем, – деп Аманжол тісін шықыратты.

– Үймелетіп жүрсің ғой, сенің арқанда қытайдың ала қабын арқалап базарда жүрмін.

– Әй, қойсандаршы! – деп, Телжан екеуінің арасына түсті.

– Қонақ отыр демейді, қатын сияқты менімен салғыласып отырғанын қарашы. Осы досыңа айтшы, не жазығым бар, менің төркінімнің аты естілсе төбе шашы тік тұрады. Не жазығым бар саған, мына досыңның көзінше айтшы. Ұлын екеуің үшін дипломды сандықтың түбіне тастап, қап арқалап жүрмін ғой... Көк машинаны мініп алып кетеді «калым, калым» деп. «Калымға» барып жүрсің бе, қатынға барып жүрсің бе, мен қайдан білейін?!

– Жаңа ғана мен саған ақша бердім ғой.

– Пішту, біздің базарда арба сүйреткендер оны жарты-ақ сағатта табады.

Қырлы стакандар сарт-сарт соғылды.

– Мен саған басынғанды көрсетемін, бұл үйдің иесі менмін! – деп, Аманжол кеудесін жұдырықпен соғып-соғып қойды. – Мен ұнамасам саған, ана базардың бастығына тиіп ал, қарық боларсың.

– Ой, ұятсыз, арам! Саған дауа жоқ екен ғой. Айтып тұрған сөзіңді сиқын қарашы! Жақсылықты білмеген қайыршы, ана астындағы көк машинаны кім берді саған? Менің әкем берді.

– Әй, бұлдап жүргендерің он жыл болған «Москвич» пе? Ала беріңдер итаяқтарыңды, ұлым екеуміз «Жигули» аламыз.

– Атаңның қақ басы, бірінші бұтына дені дұрыс шалбар алып алсаңшы.

– Әй, әкеңнің...

– Әй, әй қой енді жынданбай, көзімді көгертесің. Ертең базарға шыға алмай қаламын.

– Саған қолымды былғап қайтем, – деді қалш-қалш еткен күйеуі. – Бері кел, ұлым...

Бағанадан диван үстінде көзі бақырайып отырған Арман қорғана басып әкесіне келді.

– Ұлым, менің, сенің атаң великий адам болған... әрине, сені көре алмай кетті... апарам сені Атамекенге, сен үшін салдым осы үйді. Мен сені Түркияда оқытамын. Әлі «Шаңырақты» паналаған талай қазақтың ұл-қызы өсіп-өнеді. Жетімі жетіледі, жетпегені байиды, қаладан благоустроенная квартира алады, әлі қол бастайтын батыр ұл да, ел бастайтын көсем ұл да осы Шаңырақтан.

Аманжол ұлын құшақтап ұйықтап кетті. Анда-санда былдырлайды, «ұлым менің, екеуіміз атаға барамыз...».

– Құдай-ау, осы досыңа не жазығым барын білмеймін, аузына бірдеңе тисе болды, менің төркініме тиіседі.

Телжан үндемеді.

– Сені шақырып алып, концерт көрсеттік, ренжімеші. Өзімізсің ғой, қазір көрші апайымызды шақырып, үшеуіміз тамақ ішеміз.

Телжан далаға шықты. Өзінің үйіне қарады. Шап-шағын. Жетімсіреп тұр. Екі жыл бейнеттеніп салған үйі. Кеш болса да екі ұлы үйге кірмей ойнап жүруші еді.

Терең күрсінді. Жүрегі бар екенін сездіріп шым-шым етті. «Әй, Райхан-ай, мені де ауылға ала кетсең қайтер еді... Шөп шауып рахаттанып қалар едім ғой...»

...Көрші апай қаладан келген жиенін қоса ертіп келді. Асығыс екен. Қонақтар бір-екі кесе шай ішкен соң қозғала бастады. Телжан да рұқсат сұрап, солармен бірге қайтпақшы болды. Аманжол ұлын құшақтаған бойы ұйықтап жатыр.

– Құрдас, ренжіме бізге, ер азаматсың, бағанағы өтінішімді аяқасты етпе, сіндімді көшіріп алсам, базарға шығып, өз күндерін өздері көрсе жарар еді, – деп Жамал нығарлап қойды. – Квартираларыңды төлейміз ғой.

– Мәселе шешілді, – деп Телжан келте қайырды.

Қалаға кірген кезде жазғы кеш түсті. Көз байланбаса да көше шамдары жана бастады. Телжан пәтеріне кірмей,

подъездің алдындағы орындыққа барып отырды. Шаршаған ба, буын-буынынан әл кетіп, басы айналды.

Қарсы үйдегі төртінші қабатта, балконда тұрған бағанағы келіншекті көрді. «Ақшасын қайтарып беру керек, біз көрші тұрамыз. Дүниеқоңыз Аманжол үш жүз теңгесін қағып алды. Маған ұят». Сүйретіліп орнынан тұрды. «Менің үй алғанымды көре алмайды. Қонаққа шақырғандары осы ма? Қатыны екеуі ұрсысып...» Басы айналды. Бойын түзеген болды. Екінші қабат. Үшінші... Қалтасын ақтарып, үш жүз теңгені мығымдап қолына ұстады. «Қайтарып беру керек, ұят болады».

Төртінші қабат. Он үшінші пәтер. Әдемі есік. Қорықпай қонырауды басты. Қызыл халат киген сүйкімді келіншекпен сөйлесіп тұр.

– «Бағанағы жігіт сізден ақшаны алғанда «қайтарып бер, қайтармасаң өзім қайтарам» – дедім».

– «Бұныңыз не, мені кім деп жүрсіз?...»

– «Сіздей әйелді сыйлау керек. Машинам болса, сізді Шымбұлаққа алып барар едім. Міне, әкелдім...»

– «Ой, рахмет, нағыз джентельмен екенсіз ғой!»

– «Мен қайтайын...»

– «Үйге кіріңіз, кофе ішейік»

– «Кеш болып кетті, рахмет».

– «Мені кім деп ойлайсыз?...»

Келіншек жорта бұртиып өкпеледі. Ренжіткісі келмеді. Үйге кірді. Керемет... кофе.

«Мүмкін, ептеп виски ішерсіз. Өзім ішіп көрген емеспін, бірақ сіздей джентельмен үшін...»

Келіншек зыр жүгірді. Жүгіріп жүріп музыка қойды. Жүгіріп жүріп балқонды жапты.

«Маса кірмесін» – деп жарықты өшірді.

«Энергия үнемдеу керек...» – дәліздің жарығын өшіріп, май шам жақты.

«Вишня, вишня,

Зимняя вишня...»

...Қатты шөлдеп оянды. Дір-дір етеді. Көзін жұмып, қайта ашты. Масқара! О жер, бұ жері ашық әдемі келіншек сәл езу тартып ұйықтап жатыр. Орнынан атып тұрып, терезеден да-

лаға қарады. Таң атып қалыпты. Құдайы көршісі Абрам Иванович бульдогын қыдырдып жүр. Журнал столының үстінде тұрған вискиді бокалға толтыра құйып тартып жіберді.

«Вишня, вишня,
Зимняя вишня...»

Екі күн далаға шықпай, үйінде жатып алды. Үсті басын кір-кір сезінеді. Көрші келіншекті ойласа, атып тұрып ваннаға барады. Жуынады. Сабынданады. Бәрібір. Киінеді. Қайта ауыстырады. Кір. Үш күнгі тозақ.

Үшінші күні бұрынғы жұмыс орнына барды. Бастықтың қабылдау бөлмесінен басқа кабинет быт-шыт. Басқа мекеме қоныстанып жатыр екен. Өз кабинетіне келді. Ешкім де, ештеңе де жоқ. Бос. Тек баяғы қызыл телефон еденде тұр. Иесі келгенін сезді ме, кісінеп жіберді. Көтерді.

– Ты, где ходишь? Я пятьсот восемнадцатая.

Тастай салды. «Еркелегені».

Ертаға-ай!

Қуанғаны соншалық «Қазақстан қонақ үйіне қарай құстай ұшты. Семейдегі досы. Келген сайын осы қонақ үйге жатады. Мұндай қуанбас. Күйзеліп жүргенде келе қалғанын қарашы. Әр келгенде жігіттердің басын қосып, еркелететін әдеті. Қайырболаттар да осында шығар. «Ертаға келді» дей салуды да білмейді.

Кешке сауна. Ресторан. Бильярд. Ертағаның жүрісі осы. Құдай біледі. Құрдасы Досымханның машинасы қонақ үйдің алдында қаңтарылып тұрған шығар. Бірақ көрінбеді.

«№518-ші бөлме...»

Тікұшақпен бесінші қабатқа көтерілгендей сезінді. Пысылдап лифтінің есігі ашылғанда, біреу радионы бар даусымен қойған екен деп қалды.

Болса дағы қаталдықтың, каскөйліктің бейнесі,

Қасқыр болып ойланамын кейде осы.

Қақпан қауып, сирағымды шорт кесіп,

Жүрсем егер тағдырыммен кектесіп –

Ұлыр едім ұзақ-ұзақ аспанға,

Жалғыз гана жауыз Аймен беттесіп.

«Бес жүз сегіз, бес жүз тоғыз...» – деп бөлмелерді жағалай санап келе жатыр.

Қасқырларым қасқырлыққа құнықсын,
 Ал адамдар қасқырлықты ұмытсын.
 Мен де жедім Адам жеген тәтті асты, –
 Неге олар меніменен қастасты?

Айт оларға,

Қақпандарын... Қақпандарын әкетсін.

Адамдығын өздеріне бас етсін,

Адалдығыш қасқырларға паш етсін!

Дауысқа жақындай түсті. » Бес жүз... »

...Мен – қасқырмын

Қақпан кескен сирағын,

Қасқыр болып, қасқырлықты сыйладым.

Қасқыр болып ұлып тұрып Адамға,

Осы жырды, осы сырды сыйладым.

«Передача түсіріп жатыр ма?» – деп ойлады.

– Ой, Әбе, молодец. Жарайсың!

– Міне, поэзия...

Міне, «518» деп ішінен ойлады да есікті қақты.

– Сіз Телжан ағасыз ба? – деп сұлу қыз бетінен сүйгенде
 ынғайсызданып қалды.

– Ерекең осында ма?

– Әрине, жоғарылаңыз үш күн болды сізді қайдан таба-
 рын білмеді досыңыз, – деп күлгенде дүрдиген ернінің ара-
 сынан аппақ маржандай тістері жарқ етті. Қаз мойын, мойыл
 көз, қара шашы иығына төгілген сұлу қыздың оқтаудай түзу
 аяқтарына көзі түсіп кеткенін өзі байқамай да қалды.

– О, Тәкебайчик, келдің бе? Құшағын айқара ашып, Ер-
 таға қарсы жүрді.

– Ассалаумағалейкум, досым?!

Екеуі төс қағыстырған соң, Телжан төрде отырған ақ
 шашы жалбыраған, қабағы қатулы адамға қос қолдап аман-
 дасты – «Ағасы, Сіздің қолыңызды алып қояйық».

– Амансың ба, бауырым, түсің жылы екен сендей азамат-
 тың қолын алуға болады.

– Танысып қойындар, мына төрде отырған Арлан қасқыр-
 дай азулы Алдияр деген менің жездем, ұлтымыздың ұлы
 ақыны. Мына жігіт қазақтың Шукшины Телжан Алтаев де-
 ген азамат, менің жан досым! Ал, Даукен, күй мынаны...

Ақсары, жұқалау жігіт ширақ кимылдап, вискиді құйып шықты. Алдияр стаканды кері итерді.

– Осы вискиді ұнатпаймын. Қандаланың исі шығады – деп тыжырынды.

– Алдияр көке, шетелден келген виски жаман болмас. Ойбай, өзімді таныстырмаппын ғой... Атақты Шұбартау көтерілісінде хан сайланған Мырзаш атаның ұрпағы – Дәулет боламын.

– Дәулескер күйші, ақын, менің бауырым каратист – деген Алдияр қалың қабағын ашып күлді – Алып қойыңдар.

Телжан стаканға ернін де тигізген жоқ, столдың шетіне қоя салды.

– Оу, достым, мұның не? – деді Ертаға.

Телжан басын шайқады. Ертаға бөтелкені қолына алып стакандарға толтырып құйды да орнынан тұрып сөзін бастады – Алдияр аға, сіз қазақтың ұлы ақынысыз!

– Әй, осы сөзді қой дедім ғой саған, қазақта Ұлы ақындар көп, Бас ақынымыз – Абай, жаңашыл ақын – Мағжан, ал сендер ауызға келгенді оттай бермесендерші!

– Әй, ағатайым-ай, дұрыс айтасыз, ат-шапаным, міне! – деп Алдиярдың алдына бір пачка ақша қойды. Алдияр сол кезде томағасын сыпырған қырандай өткір көздерімен жалт-жұлт етіп, Ертағаға қарады – Әкет, мынауынды!

Ертаға оның сөзін естімегендей, сөзін жалғай берді.

– «Арпа ішінде бір бидай» демекші, ортамыздағы гүліміз Күлчетай үшін ішейік, – деген кезде Алдияр орнынан атып тұрып, алдындағы үстелді бір-ақ төңкерді.

– Оңбаған, тексіз дейін десем жақсы атаның баласысың. Не деген азғынсың-ей, а, а, кет жоғал, көзіме көрінбей мә, ақшаң мына қатыныңның ышқырына тығарсың, – деп лақтырып жібергенде бөлменің ішіне жапырақ жауғандай болды.

– Жүр кеттік, Дәукен!

– Әбеке, бір ашуынды берші, маған – деді Ертаға жалынып.

– Әй, идиот, ел аман жұрт тынышта әп-әдемі келіншегіңді тастап, мына жәлепті мияулатып, жаныңа неге ертіп жүрсің-а? Сен жазушы едің ғой. Құдай-ау, не боп барасың сен?...

– Ой, ағашка, вы что я всего дважды была замужем, об этом Еруха хороша знает...

– Бұйырса деңіз, – деп Дәулет бір түйреп өтті, – Дай бог не последний раз.

Оның кекеп тұрғанын түсінбеген Күлчетай оны бас сап сүйді.

– Шіркін, заочный женгейдің сүйгені-ай, – деп Дәулет әндетті.

– Есін бар да, еліңді тап, Ертаға! – деп Алдияр есікті тарс жапты.

Дәулет кешірім сұрап оның соңынан кетті.

Екі дос бір-біріне үнсіз қарап тұр. Екеуінің кеудесінде екі белгісіз сұрақ. Күлчетай тонқандап ақша жинап жүр. Ертаға оның бөксесінен бір тепті.

– «Ты что?» – деп, Күлчетай күлді – «Мен саған доппын ба?». Күлчетай ашуланған жоқ, күлді.

– Арақ бар ма?

– Қазір, қазір, дорогой, қазір, – деп жиналған ақшаны онсыз да тырсылдап тұрған омырауына тыға салды. Көзі жайнап күлімдей қараған кезде, Ертаға еріп түскені анық еді.

– Келші, жаным...

Күлчетай Ертағаның құшағына қойып кетті.

– Жаным сол, сен болмасаң қайтер едім...

– Ашуланбашы, жүрегің ауырады ғой. Қазір бәрін жасаймын, – деген кезінде мөлдір көздеріне жас толды. Телжаның жүрегі жылыды.

Күлчетай бетін жууға кеткенде, Ертаға ашулана сөйледі.

– Сендер мені түсінбейсіңдер, маған өмір сүру керек! Өлмеуім керек, сол үшін Күлчетай сияқтылар керек маған...

– ?...

– Мені жазуды тастап кеттің деп жазғыратындар көп. Олар өтірік жанашырлар. Мен атақты болғым келмейді, түсінесің бе? Келмейді... Мен жазбаймын, диктофонға оқимын...

– Ну... ну, қойшы, жаным, – деп Күлчетай оны құшақтады.

– Ауырып қаласың, ағаң болғасын айтады, ол кісі ақын ғой.

– Қолың су ғой, жаным, сүртсеңші, – деді.

– Дауысың қатты шықты, ауырып қалды ма деп шошып кеттім ғой.

– Жаным сол, мына жерді жинастырып бізге арақ берші.

– Қазір, қазір, – деп Күлчетай зыр жүгірді. Қимылына көз ілеспейді. Әп-сәтте бәрі дайын болды.

– Мен ішпеймін, – деді Телжан – Маған вообще ішуге болмайды. Көтере алмаймын, осы құрғырды ішпей-ақ қойсам деймін.

– Алдияр сияқты үстелді төңкеріп кетіп жүрме! – деді Ертаға күліп.

–?...

– Кәні, мен бағымды сынап көрейін, – деді Күлчетай қаркылдай күліп – Ағамыз мені сыйлайтын шығар... кәне... кәне, молодец!

– Кездесуіміз үшін!

– Сен үшін!

– Күлчетай үшін!

– Достығымыз үшін!

– Семей үшін, – деп Ертағаның көзі жасаурап ешкіммен қағыстырмай-ақ тартып жіберді. – Қайран Семей, саған не дейін, көзден бұл-бұл ұштың ғой.

Телжан қатты қысылды. Екі облыс бірігіп, орталық – Өскеменге кеткен. Ертағаның өкпелеп отырғаны осы жағдай.

– Ертаға, тебе нельзя переживать, – деп Күлчетай мойнына асылды, – жүрегің ауырып қалады. Қойшы, жаным?!

– Күлчетай дұрыс айтады. Ертаға, қойшы осы саясатқа жоламайықшы, саған жаны ашып отырған қарындасымыз үшін.

– Қартайғанда көрген қызығым ғой, кәне, кәне, орныңнан тұршы, айналшы былай. Қалай, Телжан досым, қане, фигурасын қарашы...

Бокалдар сыңғыр-сыңғыр етті.

Бір кезде далаға шыққан. Бет алыстары – Көктөбе. Түнгі аспанға қарап Ертаға қайтадан әнге басты.

«Семейім менің, Семейім,

Аһ, саған енді не дейін?»

– Ертаға-ау, мен квартира алдым ғой, қонақ үйге жатпай үйге жүр? – деп бағанадағы айтпаған ең басты жаңалығын айтты.

– Құтты болсын! Сүйіншің, міне.

Досы қалтасынан әдемі былғары әмиянын алып шықты да, бес жүз доллар санап берді.

– Ой, Ертаға-ай, мынауың не? Сен немене осы үшін келеді ғой дейсің бе? Өзің жолаушы жүрсің ғой...

– Сіз, Ерекенді ренжітпеңізші, жүрегі ауырады ғой, – деп қалды Күлчетай. – Қазақтың салты емес пе, алыңыз.

– Азырканып тұрсың ба? – деді досы.

– Ертаға, қойшы енді.

Телефон шырылдады. Ертаға әлдекімен оңаша сөйлесе бастады.

– Телжан аға, – деді көзін төңкеріп. – Сіз маған ренжіменіңізші. Біз Көктөбеге өзіміз көтерілейік деп едік. Сіз барсаңыз өзіңіз білесіз, Семейді айтып жүрегін ауыртады. Тек маған ренжіменіңізші.

– Қалай, такси аламыз ба?

– Ертаға, ренжіме, мен қайтайын. Ертең үйде тосамын.

– Күлчетай екеумізді ме?

– Әрине.

– Ақылдым менің, міне, нағыз дос. Күлчетай, қалай, а, Телжан ағаң?!

Әдемі қыз мөлдір көзін төңкеріп «мынау» дегендей бас бармағын көрсетіп қойды да: – Я удивлена, почему у него нет подруги?

Телжан ыза болған. Намыстан. «Подруга... көрсетейін мен саған подруганы, көрші келіншекті көріп таң қаларсың.» Асығыс қоштасқан.

Ештеңе ойлаған жоқ. Ойлауға мұршасы да болмады. «Рамсторға» соғып, «Вискидің» біреуін қолтығына қыстыра шыққан. Бет алысы – белгілі он үшінші пәтер. Көрші келіншек...

«Арғы жағын айтпаймын, ішің білсін, әлу-ай...»

...Үшінші күні қарға адым жердегі өз үйіне сүйретіліп әрең жеткен. Күндіз-түні «Вишня, вишня...». Жалығып кетті. Оның үстіне кербез келіншек «за товаром» басқа қалаға бару керек болып қалды.

– Әй, қайда жүрсің?

Селк ете түсті. Кілтті бұрап тұрған қолы дірілдеді. Жалт бұрылса, Аманжол.

– Сен өзің қайдан жүрсің? – деді бойын тез жинап алып.

– Қыдырып жүрмін. Қайдан жүрсің дейді ғой. Қатының келе жатыр төркінінен, бүгін сағат он сегіз нөл-нөлде. Екі күн сені іздеп жүрмін. Ұшты-күйлі жоқсың... «Айттыңдар ма, келетінімді?» – деп сенің қатының менің қатынымның подругасының жұмысына күнде звондайды екен. Біз не айтамыз. Қанша бензин жақтым... клиенттер жоқ, қазір...

Өне бойын ток соғып өткендей болды. Буын-буынынан әл кетті. Есікті ашып, ішке кіре бергенде қайдан келгені белгісіз, қарғыбауын сүйретіп бульдог жетіп келді де, өкшесін жалай бастады.

– Ой, шешенді...

Бульдогты бүйірден бір тепкен кезде, баспалдақтан төмен қарай домалады.

– Дауысы қандай жаман, – деді Аманжол тыжырынып – Қыңсылағанын қарашы, кәпірдің.

– Арғы атасы қасқыр емес, ит қой.

Телжан үш бөлмені әрі-бері кезіп жүріп алды. Қалай болды, солай. Өзгеріс жоқ. «Әттеген-ай, Ертаға берген бес жүз долларға тым құрымағанда ванна мен дәлізді жөндеп алуға болатын еді. Оған...»

– Шыбындаған жылқыдай өстіп жүресің бе? – деді Аманжол. – Бар вокзалға. Жынды ма-ей мынау? Қатының мен бала-шағаң келе жатыр ғой...

Жүрегі шаншып-шаншып кетті. «Не істесем екен, не істесем?...»

– Ақша бар ма сенде? – деді Аманжол тызылдап.

Қалталарын ақтарып жүріп, әбден шиыршықталған жүз доллар тауып алғанда, бетіне қан жүгірді. Кербез келіншектен есін бір жиғанда жасырған болуы керек. Жақсы сақталыпты.

– Аманжол, сенің осындайда ойлап табатын стратегияң бар еді ғой.

– Әкел, долларыңа қазір былай істейміз: біраз бензин құйып аламыз да, газеттен жарнама арқылы үй жинайтын

адамдарды тауып аламыз. Бір сағаттың ішінде пәтерінді айнадай жарқыратады.

– Ой, сен...

– Сөзді бөлме, қазір сені моншаға апарып тастаймын, сыпыртқы алып, біраз сабаланып ал, сосын ұйғырлардың кафесіне барып лағман жейміз де, вокзалға барамыз. Бензин құямыз.

– Ой, сен өзін...

– Немене, қатыныңнан сөз естігің келіп тұр ма?

Мә, мынаны алып, не істесең оны істе – деді көк қағазды беріп жатып. – Кілтті саған беремін, мені моншаға апарып таста.

– Үйде ет бар ма?

– Мазак қылып тұрсың ба?

– Бәрі түсінікті, – деді Аманжол ойланып. – Уақытты өткізбей кірісейік, ендеше.

Моншаға бара жатып көліктеріне бензин толтырып алды. Газет сатып алып, екі-үш жерге телефон шалып, бағаларына келісті. Осының бәрі Телжан үшін азап, өне бойы тырысып, шөлдей береді.

– Қазір базарға барып, бір-екі пачка «китайский кафель» сатып алайық.

– Әй, әкеңнің, сен өзі мені моншаға емес...

Телжан қатты ашуланды.

– Сізге екі сағат болды, – деді моншашы.

– Тағы бір сағатқа жалғайын, – деді Телжан, – есімді жаңа жиып келе жатырмын.

– Мейліңіз.

Телжанның басына ой келді. Жаман. Қорқынышты. Сұмдық. «Мүмкін, ол әйел... қазір не көп, жаман ауру көп...»

Тастарды қайнатып тұрған саунаға кіріп барды. Ойдан құтылмақ.

Ой. Ой. Ой. Сол оймен бір сағат жүріп, сүйретіліп далаға шықса, Аманжол күтіп тұр екен.

– Әй, өлтірмесең бір саптаяқ сыра берші.

– Жүр, ұйғырлардың кафесіне барамыз, сыра не болады...

Телжан есін жинады. Көңілді. Сорпасы бетіне шыққан үлкен екі кесе лағман мен бір қырлы стакан арақты тастап алған. Терлеп... бапты қою күрең шай ішіп отыр.

– Бетің бері қарап, кісі болып қалдың-ау.

– Айтпа деймін, тағы бір жүз...

– Кет-ей, жүз грамың бар болсын, бағасы қандай қымбат, үш литр бензиннің ақшасы...

...Вокзалға жарты сағат бұрын келіп алды. Көліктерінен түсе бергенде май-май шүберекті қолына ұстатқан көршісі:

– Беті-қолыңды жақсылап ысқылап жібер.

– Есің дұрыс па, жаңа ғана моншадан шықтым ғой.

– Әй, қатының келе жатыр ма?

– Келе жатыр.

– Түріңе қарашы, аршыған жұмыртқадайсың. Әйел деген еркегінің өзі жоқта жүдеп-жадап жүргенін жақсы көреді. Сонда сезіктенбейді. Шалбарың үтіктелмепті, оған да шүкір.

Телжан оның айтқанын істеді.

– Міне, жақсы болды, «Джон негр баласына» ұқсамасаң да, үй салып жүрген кезіндегі қалпыңа түстің.

– Кетші-ей.

Пойыз дәл уақытынан жаңылмай, II Алматы вокзалына ендіге жетті. Екі ұлы сағынып қалыпты. Құшақтап алып палалап жатыр.

– Сағындым ғой сендерді.

– Бізді ұмытқан жоқсың ба? – деді Райхан.

Телжанда үн жоқ.

Балаларын бауырына басып, бір кезде жан біткендей:

– Сендерден күннің ісі шығады ғой, – деп қойды. Райхан әлде бірдемені айтпақ болып қозғала бастап еді, Аманжол да бір қу емес пе, «заправка жасап алайық, ә» – деп қойып қалды. Сөзді қуса, сөз шығатынын білген Телжан әрі қарай жақ ашпады. Үйлеріне де келді. Заттарын көтеріп жоғарыға көтерілді. Телжанның құлағы, екі беті ду-ду етеді. Есік ашылды. Екі бала кірді. Райхан үш бөлмелі үйді аралап шықты да, ұзын дәліздің дәл ортасына келіп жалп етіп отыра қалды.

– Мама, мама не болды? – деп, екі бала шешелерін айналсоқтап жүр. Бұл әйелінің жанына баруға бата алмады. Сәл-

ден соң Райхан орнынан тұрды. Көңілді. Ештеңе болмаған сияқты. Бұған жымиып қарады.

– Папасы, «Шаңыраққа» барайық.

– Үйді бізден тартып алды ма? – деп үлкен ұл жылап жіберді. – Кеткім келмейді бұл үйден он милиция келседе шықпаймын. Менің үлкен атам майдангер болған екен...

– Қой, Бекеш, жылама...

Кіші ұл сөмкеден қамшы алып шықты да,

– Бекеш, қорықпа, мынаумен атам қасқыр соққан екен. Ержан көкем берді. Любой мелисаны сабаймыз, үйімізді бермейміз...

Райхан күлді. Екі ұлын бауырына басып, «Қорғандарым» деді.

– Бекеш, мына үйді сенің атыңа жазып берейін...

– Менің атыма «Шаңырақтағы» үйді.. – деп, кіші ұл таңауын көтерді.

Райхан ойланып біраз тұрды да, «Кеттік нотаруиска» деді...

«Күнәһар» жігітте не сөз болсын, Телжан үн-түнсіз келіскен.

«Сенім хатқа» Телжан қол қойғанда Райхан «енді үйді қатырып жөндеймін» – деді...

Райхан аяқ астынан көңілденіп сала берді...

Жолдан Аманжолдың машинасына бензин құйып, құтты мекен – «Шаңыраққа» қарай тартып отырды.

Шаңыраққа келгеннен кейін Райханның үнсіздігі оны арбаға жеккеннен де ауыр болды. Күн ұзақ үлкен ұлды ертіп, каладағы үйге кетеді. Шығыршықтың ішінде шыр айналған тиін құсап үй айналасында айналсоқтап жүріп, маңайдағыларға Телжанның да қадірі кетіп еді. Оны өзі сезген.

Сол күні Райхан қатты шаршаған, тіпті ауырып келген сияқты көрінді. Бұның қайнатып қойған шайына да қараған жоқ, бір сағаттай төсекте сұлық жатып алды. Қайта-қайта «Мамаңа не болған?» – деп үлкен ұлынан сұрай береді. Бала болса иығын қиқаң еткізеді де қояды. Жауап жоқ.

– Мамасы, тұрып шайынды ішсеңші, – деді бір кезде жанына барып. – Монша жағып қойдым. Түсіп алсаңшы.

Әйелі басын көтерді. Қатты бір уһіледі дерсің.

– Өлтіремін, ол қатынды! – деді тістеніп.

Шай ішіп отырып, ақкөңіл Телжан ойлады: «Е-е, ауылға барып ана үлкен абысынымен тағы да ұрсысып келген екен ғой, баяғы. Ағам балаларға атаған малдарын сатып, ақша қылып берейік деген болар. Жеңгем сыры белгілі ғой, қасқыр жеп қойды деген шығар».

– Сен ауылға барып, бір-екі апта демалып, шөп шауып келсеңші, қайнағамның денсаулығы болмай жүрген көрінеді, – деді Райхан ақырын ғана.

«Бәсе, айттым ғой, бар бәле сол жеңгемнен келді. Былтыр үлкен ұлдарын оқуға түсіруге көмектесе алмап едік, соған өкпелеп жүр ғой. Біздің қолда не тұр екен? Әй, жеңгем-ай! Осы жолы мінез көрсетпей-ақ қойсаң қайтер еді?!». Сонымен, ертеңіне түс қайта Телжан Түрксіб бағыты бойынша жүретін пойызбен «Өскемен қайдасың?» деп кетіп бара жатты...

Қаракөк аспан үлкен көл сияқты. Ай болса, қол аяғын бауырына тыққан ұлу сияқты еді. Сүйкімді. Бейкүнә. Қозғалмайды орынан... Бүк түсіп жатыр... Момын...

Кешкі тамақтарын ішіп алған соң ағайынды екеуі әңгімелесіп отыр. Ақырындап. Естелік. Сағыныш. Ағайындылықтың ақ көйлегінің түймесін ағытып еді ғой...

– Бауырым, – деді ағасы құшақтап Телжанға, – Міне, екеуміз екі үй болдық. Мені бағып-қаққан атам мен апам да бұл күндері жоқ.

– Менің әке-шешем де жоқ.. – деді Телжан даусы өзгеріп – Биыл алты жыл болыпты. Бірінен соң бірі кетті. Ендігі келетініміз сенің үйің, Ержан аға.

– Менің сенен басқа бауырым жоқ – деді Ержан жанып жатқан отқа көзі жасаурай қарап – Кішкентай кезімде қолым тигені рас, оны кек санамай үйге келгеніңе рахмет. Артымнан ерген бауырым емессің бе, атамнан қалған, ағамнан қалған малдарды өсіріп жатырмын. Саған тиесілі жиырма қой, отыз екі қозы. Сатамын десең өзің біл, уақытымен қырқып,

купкеге түсіріп отырамын. Ит-құстан аманбыз. Тәтем орыстың екі сиырын сауушы еді ғой, сен аудандық газетке орналасқанда біреуін сойып, базарға өткізген. Қара ала сиыр әбден қартайған соң, оны арзанға сатып жібергенмін. Бұзауының өзі қазір мүйізі қарағайдай ірі қара болды. Малың түгел, бауырым.

– Мал түгендеуге келген жоқпын. Мен маған тиесілі дүние бар деп ойлаған да емеспін. Сонша малды қайда ұстап отырсың?

– Қайдасы несі, осында ауылдың шетіндегі атамдардың ескі үйі бар еді ғой. Соны оралман ағайындар сұрап алған. Бір жақсы адамдар... Солар сауынға сұрап алған. Ұсақ малды соларға қосып қойғанмын... Бір жақсы адамдар..

– Ол үй жақсы еді ғой. Атамның әңгімесін тыңдауға, апамның құрт-майын жеуге баратынмын. Сен болсаң, мені қуатын едің ғой. Менің үйлеріңе келе жатқанымда, анандай жерден төбем көрінісімен, Ақбақайды айтақтап қорқытатынсың. Ақбақай да абалап үргенмен, мені бірде-бір рет қауып көрген емес.

– Ағайынның арасына ит болса да түспейін деген ғой.

– Әй, сен не айтып отырсың, екеуіңнің араларына түскен иттерің сонда мен болғаным ба? – деп екі шелек суды үйге алып бара жатқан жеңгесі долданды.

– Сен туралы әңгіме жоқ, – деді Ержан.

– Қайдан білейін, жазушы бауырыңа өтірікті шындай қылып, ақсақты тыңдай қылып әңгіме соғып отырсың ғой. Менің қайныма сенің малың не керек, бір кітап жазады, бір үй алады біз ауылда күндіз-түні шапқыласақ та мына тұрған Өскеменнен үй түгілі, тауық қора ала алмаймыз.

– Жеңеше, баяғыда «Шаңырақтағы» моншасына түсетін үй сіздердікі.

Жеңгесі естімеген адамдай үйге кіріп кетті.

– Ертең атамның үйіне барайықшы.

– Әрине, барамыз. Саған отбасылық жоспар құру керек. Мен қазан айында екі торпағынды өткізіп ақшасын жіберіп отырайын, сен Алматының маңынан семіз бір бұзау сатып алып отыр. Кемінде тоқсан келі ет шығарады. Қолыңа тиын-тебен түсе қалса, жылқының қазы-қартасынан ептеп алып

тоңазытқышқа салып тастаңдар. Үнем болады. Келімді-кетімді кісілерің болады. Сен еркек адамсың, отбасың жүдеп қалмас үшін дастарханың мол болу керек. Бала-шағаның ішіп-жемі, киім-кешегі сенің мойныңда. Келін түсінігі мол бала. Ана жолы ауылға келе сала өз үйіне бармай осында келді. «Ата-енем сіздерсіздер» деген келіннің сөзін естігенде... – деп Ержан көзіне жас алды.

Жел соғып өтіп еді от ұшқын шашып, лаулап жана бастады. Телжан ағасының көңіл-күйі бұзылғанына өзін кінәлі санағандай, – Ержан сен маған ренжулісің бе?! – деді.

– Е, жоға, аға-тәтемнің баласына қалай ренжиін. Сенің командировкаға кеткенінді пайдаланып құжаттарын да тапсырмаған екен. Ол инженер болғысы келмейді екен. Әнеу күні Ақмолаға барып келді. Ауылшаруашылық институтына түсем дейді. Факультетін айтып еді, тілім де келмейді. Жер телімін өңдеу сияқты агроном емес, ... айтып еді ұмытып қалдым.

– Қазір оқудың түрі көп қой...

– Әйтеуір, тіл-көзден аман болсын екі қарындасың әлі кішкентай өзің көріп отырсың? Біржан болса Ақмолаға кетті, әйтеуір, аман болса екен, өзің сияқты азамат болса екен деп ойлаймын.

– Иә, тәтті балалар, қарындастарың. Біржан менен де асып, үлкен азамат болсын! Сен де кішкентай кезінде бұзық едің ғой, атамның сақалын тартып талай жұлқыладың ғой.. Атаң да қандай салмақты адам еді. Айтпақшы, – деп күлді Ержан, – сенің кіші ұлың керемет, менің қойнымда жатты – «Ата, сасықсыз ғой бірақ, менің атамсыз, сақалың неге жоқ?» дей ме? Менімен ойнап, бауыр басып қалып еді.

– Келер жылы соңғы қоңырау соғылысымен, ұлдарды өзіңе жіберемін.

– Құдай тілеуінді берсін. Жанымнан тастамаймын. Шөп шапқызып үйретейін.

– Осыдан бір ай бұрын келіннің нағашы ағасы – Ахмет келген, жанында Дәулет деген кішкене ұлы бар. Бір жақсы бала екен. Әкесі жұмсай береді, ол балада ренжу деген жоқ. Қолынан келмесе де әкесінің сөзін екі етпей алдыға ұмтыла береді екен.

– Иә, Дәулет балдыз бір жақсы бала, – деді Телжан – Біздің ұлдармен араласып тұрады. Маған еркелеп тілімен шағып алады. Бірде Ахмет ағатайдың бір жақсы араласатын жолдасы бәлінске қатты ауырып түседі. Әкесі екеуі көңіл сұрауға барады. Содан ана кісі: «Дәулетім-ау, өліп қала жаздадым ғой, енді жатысым мынау, ішімнен бір шелек қан кетті» – деген ғой жыламсырап. Сонда біздің балдыз: «Аға, ер жігіттің үш жұрты бар деген. Қайын жұрты, өз жұрты, нағашы жұрты осы үшеуінің де отыз жыл бойы қанын ішіп едіңіз, бір шелек қана шыққанын қарашы!..» – деген ғой. Ауырып жатқан адам күлкіден өлген ғой...

– Әйтеуір, әкесінен бір елі қалмайды екен. Біздің ұлмен әзілдері жарасып дос боп алды. Ахмет аға біздің шалмен қатты сыйлас еді ғой. «Аға, Аға» деп тұратын еді. Маған айтады ағам жақсы еді, талай әңгімелер ішінде кетті ғой, – деп әйтеуір Ахмет аға біздің ұлдың Ақмолаға оқуға документ тапсырғанын естіп, қатты қуанды.

– Ой, өзі Ақмолаға барып екі ай жұмыс істеді де Алматыға кері қайтты ғой... Келе сала «Желмая» деген классикалық повесть жазды... Өзі менсінбеген Ақмолаға балаларды үгіттеп...

– Сен олай деме, Ахмет ағаның өзі де айтқан – Ақмолада қызметім жақсы болды. Айлығым анау-мынау кәсіпкерден артық болмаса, кем болған жоқ... Менің қолым емес екен елу жыл қоныс болған Алматыға сыймай, Алтайды аңсаймын да тұрамын. Қазір үй салып жатырмын. Дәулетімді үйлендіремін де өзім ауылға қайтамын деп отыр.

– Иә, маған да көп көмектесті ғой.. Осы жерден жұлып ап, аудандық газетке апарды, одан республикалық... осы жұмысқа орналасуыма тікелей ол кісінің ықпалы болды...

– Сыйласып жүр, Ахмет ағаңмен ағамнан қалған Запорожец осы аулада бес жыл қаңтарылып тұрды. Бір қозылы қойға да ел алмады ғой.. Әркім бір теуіп сынып қалған соң, Гүлнұр мен Нұргүлдің ойыншық машинасы боп кетіп еді. Бауырың Ақмолаға барам дегенде ақылын айтып үш жүз доллар ақша берді». Қосшы деген жерден дача сатып алып қыста жөндеңдер деп жатқан. Содан қойшы. Бір апта Зорожецті жөндеп әрең болды. Көрші ауылда омарташы шалдың баласынан екі қой беріп аварияға түскен сондай маши-

наны алып кеп саймандарын алды ма?» Екі жыл ремонтсыз жүреді деп отыр өздері...

– Бауырым сонда Ақмоладан құрылыс салып жатқанын маған неге айтпаған, мен де көмектесетін едім ғой?...

– Олар үш дос, бір бауырмыз дейді ғой... Орталарында Бауыржан деген атамның үйінде отырған оралманның үлкен ұлы бар, оның документтерін колледжге тапсырған екен, жылдық оқу ақысы қырық бес мың теңге, түк емес деп отыр өздері...

– Өзінің оқуы ше?

– Ақша төлемейтін оқу деді.. Түсібедім, – деді Ержан...

– Иә, ол ағамыз керемет адам. Елдің бәріне қамқор болып жүреді. Астындағы атын түсіп беруге бар ғой.

– Өлі отырсындар ма? Ағайынды қоңыр қаз құсап, – деп жеңгесі шлапшын толы кірдің суын жанып тұрған оттың үстіне төге салды.

Шала от...

Бықсыған түтін...

Ағайынды екеуі аң-таң.

Түтін...

Аспанда...

Аспанда...

Аспандағы бүк түскен Ұлу – Ай бой тасалады.

Телжан ұйықтай алмай қиналды.

Басына нелер келіп, нелер кетпеді...

«Осы жеңгеме не жетпейді? Көзі тірісінде кемпір-шалмен алысты. Байқұс, әжесі ауыл адамдарынан ұялып төменшіктеп жүруші еді. Көкесі әке-шешесіне Телжанды жұмсайтын «Барып айт, ата-апа жүр, менің үйіме тұр» – деп. Жүгіріп баратын. Атасы мен апасына «Ата-ау, көкем сіздерді көшіріп әкел» деп. Апасы жылайтын... «Бар пәле, менің ұлымда бізге көрсетпей қызыл арақ ішеді екен, келінім жақсы қайта-қайта төркініне қашпағанда не істейді? Ол да біреудің баласы» деп әңгімесін қозғайтын.

Телжан ол кезде ештеңе түсінбейтін...

Бүгін де ештеңе түсінбейді.

Жеңгесіне не жетпейді?...

Жұмбақ...

Орнынан тұрды да қабырғада ілулі тұрған атасының кара тонын иығына іліп, далаға шықты. Түтін бықсып жатыр... Аулақтау барып бақшаның ортасына жата кетті.

Ауыл жым-жырт. Ит те үрмейді. Тып-тыныш. Тек құлағында жеңгесінің дауысы «Моншаға деп жинаған ағашты неге жағасындар-а, сендер костер жағатын пионерсіндер ме?..» Жеңгесін шаңқ-шұңқ еткен дауысы...

«Құдайым-ау, орманға отын апармайтын» ауылда тұрамыз ғой – деп ойлады Телжан.

Ой. Ой. Ойлар...

Ой құшағында жатып аспандағы сансыз жұлдыздарға қарады. Көкесінің ашуланып «Өз балаңды өзің асырауың керек екен... Енді міне, көрдің бе? Кемпір-шалдың мазасы жоқ, біздің жүйкемізге де маза жоқ» – деп темекісін будақтатып жүдеп отыратын еді. Енді ол кісілер жоқ. Жалғыз ағасы Ержан ғана қалды. Есінде... ағасының ата-енесі сонау Шыңғыстау жақтан көшіп келген адамдар еді. Бейсенбай аға жақсы адам еді-ау... бес қызы болды. Кенжесі осы Айман жеңгесі біраз жыл оқуға түсе алмай, қайта-қайта ауылға кеп жүргенде Ержан алып қалып еді...

Атасы марқұм дүрілдетіп той жасады.

Телжанның есінде қолбаса мен сыраға тойғаны. Одан кейін ұмытпайтын оқиғасы Ержанның он бес сөткелік абақтыға қамалғаны... Шошынған. Телжан. Қорыққан.

Ержан жазасын өтеп келген күні атасы, апасы, көкесі, мамасы үн-түнсіз отырып, бір-бір кесе шай ішіп, барлығы бір келісіп алғандай үйден шығып-шығып кеткен. Екеуі ғана қалған. Жақ жүні үрпиген, Ержан оған адам танымастай өзгеріп кеткендей көрінді.

– Аға! – деп тұңғыш рет айтқанын өзі де білмей қалды.

– Бауырым! – деген сөзді тұңғыш рет естіп еді-ау!..

– Телжан, бауырым! – деп еді сонда көз жасын сүрткен Ержан ағасы – Сен, мен сияқты түрмеде шірімейін десең ауылда қалмай, қаладағы интернатқа барып оқы! Өспеген ұрпақпыз, бізден де біреу шықсын да... алдыға ұмтыл, бауырым!

Осы кезде есік шиық етіп ашылды да, Бейсенбай мұғалім кіріп келген. Ержанның атасы. Көзінде жас... «Балам, өлтірсең міне басым, кешір мені, қызыммен тұрасың ба, тұрмайсың ба оны өзің шешесің. Саған өкпем жоқ. Бар пәле менің қызым мен шешесінде... Үйді жина деп қай еркек әйеліне айтпайды, соған бола шу шығарып не керегі бар еді, а... Кешір балам, ұят болды сенен! Кешір, айналайын!

Ержан тістеніп үндемеді.

Хром етігін сықырлатып атасы кірді.

– Құда, қой сойғалы жатырмыз, бата жасаңыз, – деді сақалын саумалдап...

– Таспен атқанды, аспен атайын дедіңіз бе? Құда, қайдағы бата, қайдағы тамақ Ержанды өкпелетіп алдық қой, құда-ау?!

– Жә, қарағым, бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде ештеңе етпес.

– Әй, құда-ау, өлтірдіңіз-ау, – деп Бейсенбай мұғалім орнынан тұрды.

– Оу, құда-ау, екі иығыңда диірменнің қара тасындай зіл бар ма, қимылдасаңшы, не болды сонша, – деді Атасы күлімсіреп.

– Ой, аға-ау, иыққа қыз бен қатын қара тастан да ауырды салып берді. Осы үйге жердің үстімен емес, астымен келдім.

– Қой, әңгімені. Әңгімені көбейтпе құда, сыртқа шығайық! Әй, Телжан, бас-сирәк үйтесің, әйда жүр, – деді атасы қабағын түйіп. – Тұр орныңнан...

Ержан екеуі тағы да оңаша қалды.

– Әй, – деді бауырының басынан тартып жіберген Ержан – Қазір мыңқылдамай интернатқа барып оқиын деп, нақтылап айт. Майыспа, сен жігітсің, қалаға барып интернатқа оқиын де... Ұқтың ба?

Телжан иығын қиқан еткізіп, есікке қарай бара жатқанда ағасы мықтап бір тепті.

– Кет, көзіме көрінбей...

Бойын ыза буып, далаға атып шықты.

– Әй, Телжан – деді шешесі – Велосипедіңе мін де құдағиды шайға шақырып кел.

Телжан сол күні ешқайда бармай, тау асып кетіп еді...

Өксіп жылаған...

Сол жылы күзде Телжанды Өскеменге интернатқа Бейсенбай мұғалім апарған.

Телжанның жасаураған көзі жұмыла берді.

...Күн Мұзтаудың басына тез шығып, төңіректің апшысын қуыра бастағанда Телжан орнынан бірақ тұрған. Ұйқысын аша алмай, керіліп-созылып жүр еді.

– Не, үйде салып қойған төсекке жатпай, далаға түнеп жүрсің? – деді жеңгесі.

Оны тыңдамаған адамдай... беті қолын жуып келді де:

– Жеңеше, – деген Телжан күйген картопияны жеп отырып. – Осы Райхан ана жолы неге ренжіп келді?

– Ойбай, көтек, не дейді? Ренжігені несі? Өй, кет әрі, жап-жас болып қатынжандысын қарашы, мынаның!

Жеңгесі осылай деді. Осылай деп қана қойған жоқ, кір жайып жүрген көрші Кержақтың кемпірі – тетя Марусяны шақыртты, магазинге бара жатқан бір-екі әйелді қол бұлғап шақырып алды. Күйген картошканы орталарына қойып, әй жиналысты ашты дерсің. Қайынысының екі ұлына осыдан біраз жыл бұрын атаған екі тайды құлындатқанын, сөйтіп төрт мал ғып беріп, оны сатып, ақшасын бергенін, осы жолы Райхан келгенде сүйіншіге құлағындағы құйма сырғасын шешіп бергенін, мына қайнысының үй алдық деп бір ауыз ағасына телеграмма жібермегенін, үлкен ұлын Алматыға оқуға түсірмей жерге қаратып жібергенін, оқуға түсірмегенін қойшы, ағалап артынан ерген інісіне бір костюм-шалбар кигізбегенін, қойшы әйтеуір, жеңгесі жарты сағат «Алтай» радиосының тікелей эфиріне шыққан».

Кержак кемпірді білмеймін, қалған екі-үш әйел күңкілдесіп, беттерін бір-бір шымшып, әуелгі бағыттарын өзгертіп, көше-көшені бойлап кеткен.

Жеңгесіне тағы бірдеңе айтайын деп еді, үйден қатты-қатты жөтеліп, ағасы шықты. Күйеуінің төбесі көріне сала қазан-ошакқа қарай сырғып бара жатқан жеңгесін ымдап шақырып алды. Бір ауыз сөз айтқан жоқ... бірақ, шапалақпен ондырмай бір тартқан кезде жеңгесі жерге домалап түсті. Телжанның зәресі ұшып кетті.

– Сен ертең үйге қайт! – деді ағасы Телжанға ақырын ғана.

Ертеңінде Өскеменнен Телжан аттың басын Семейге бұрды. Қазір дегенің ақшасын төлесең кез-келген иномаркамен Семейге жетіп барады екенсің. Айналасы екі сағатта «Ауди-100»-ге екі жүз жиырма шақырым деген не, досы Ертағаның есігінің алдына барып, бір-ақ тоқтаған. Төртінші қабатқа лифтімен көтерілді. Өзіне таныс, бірақ көптен келмеген отыз жетінші пәтердің есігінің қоңырауын басты.

– Папа, сен бе? – деді қыз баланың дауысы. Іле есікті ашып жіберді.

– О-о-о, Айжанка, үлкен боп өсіп қалыпсың ғой!

Қыз бала томсырайып қалды. Ішкі бөлмеден шешесі шықты.

– Бәле, біздің үйге де Ерекеннің келетін уақыты болады екен-ау. Жоғарыла, жоғарыла. Қайдан жүрсің? Алакөлден келе жатырсың ба, күнге керемет күйіпсің ғой?

– Жоқ, Алтайдан келе жатырмын. Біздің Ертаға мырза қайда? – деді. Әйгерім екі иығын бірдей көтерді.

– ?

– Мына үйді сатайық деп... көруге кісілер келеміз деген еді, солар ма десем, өзің екенсің ғой. Кел, жоғарыла, шай ішейік, – деп ас үйге шақырды.

Қуыршағын құшақтаған Айжан өз бөлмесіне кіріп кетті.

Ас үйде екеуден-екеу отыр.

– Үйлерің құтты болсын! – деді Әйгерім күліп. – Жақсы болды, қаладан үй алғандарың. Балалар өсіп келе жатыр. Ертең кемпір-шал болғанда «шаңырақта» екеуің ғана қаласындар ғой. Айтпақшы, бағана Райхан звондаған, кешке сен келеді деп көрші-қолаңды шақырып қойыпты ғой. Ал, сен болсаң, Семейде жүрсің, – деп қойды.

– Түстен кейін осы жерден самолетпен ұшамын. Ертаға мырза қайда?

– Махаббат майданында жаралы болып, ауруханада жатыр дейді.

– Ауруханада жатқаны қалай? Тағы да жүрегі ауырып қалды ма?

– Әй, білмеймін соны, қай жері ауырып жатқанын. Бір жұма болыпты ғой, әйтеуір. Оны қайтесің, шайыңды іш. Өзіңнің ел-жұртың аман ба?

– Иә, енді, Ертаға...

Осы кезде қоңырау шылдырлады. Үйге орыстың әйелі мен екі еркек кірді.

– Мы по объявлении.

Әлгі үшеуі төрт бөлмелі үйді жарты сағат қарады.

– Семь тысяч даем, – деді орыстың әйелі.

– Да вы что? Мы купили эту квартиру за пятнадцать.

– Ну и что, сейчас Семипалатинск – не областной центр.

Үй сатып алмақ болған үшеу кеткесін Телжан тықырши бастады. Әйгерімнің қабағы түсіп кеткен.

– Ертаға қайда жатыр? – деп қайта-қайта сұрағаннан кейін бе, «қайда-қайда болушы еді, городскойда» дей салды.

Телжан аяқкімін киіп жатыр. Жанына Айжан келді.

– Аға, мынаны папама барсаңыз «мен берді» деп айтыңызшы, оның аяғы ауырады ғой, – деп қолына байпақты ұсатты.

Ол қоштасып үйден шығысымен қалалық емханаға жаяу тартқан. Анда-санда дұрыс келе жатырмын ба деп сұрап қояды.

– Қазір тихий час, екі сағаттан кейін келіңіз, – деді бір шелек су көтерген әйел.

– Екі сағаттан кейін самолетім еді, айналайын.

– Кімге келіп едіңіз?

Телжан досын мықтап таныстырып шықты.

– А-а, білеміз ол кісіні. Дәрігерлер әйтеуір, клинический смерттен алып қалды ғой. Екінші қабатта, бесінші палата. Платныйда жатыр. Сізді өткізбейді, қазір тұра тұрыңыз, мен мына суды апарып тастап өзім кіргізіп жіберейін.

Телжан палатаға кіріп, тұрып қалды. Әуелі досын танымай қалған. Екі жағы суалып, шүңірейіп көзі ғана қалыпты.

– Ертаға, саған не болған? – деді кереуетте жатқан досын құшақтап. – Ауырып қалдың ба?

Ертаға басын ғана изеді. Жымиып біраз жатты да:

– Ты откуда?

Телжан қысқаша өзінің қайдан келе жатқанын, самолеттің реті Семейден келіп тұрған соң, осылай қарай бұрылғанын айтты.

– Бәсе, – деді не қуанарын, не ренжитінін білмей.

Қос жастықты сәл көтеріп, шалқалай жатқан Ертаға еріндері дірілдеп, кемсең-кемсең етіп жылады.

– Телжан, сен маған ренжімеші. Менің ешқандай кінәм жоқ. Бар ойлағаным артымнан еретін бір ұл болсын дедім. Атадан жалғыз едім. Әкем марқұм да жалғыз өсіп еді. Ұрпақ желісі үзіліп қалмасын деген едім ғой. Мен өлсем біздің әулеттің шежіресі де әрі қарай дамымай қалады екен. Қателеспедім демеймін, қателестім. Тек мен өлгесін детдомнан бір ұлды алып, менің фамилияма жаздыршы. Менің ұлым деп камқор болшы...

Телжанның тамағына өксік тығылды. Өмір мен өлімнің арасында жатқан досын қатты аяды. Айжан берген байпақты алып, білдіртпей жастығының астына тығып қойды.

– Ереке, өйтіп айтпашы, жазылып кетесің әлі.

Ертаға басын шайқады. – Болмайды енді, енді болмайды.

Осы кезде есікті ақырын ашып бір жас қыз кірді.

– Сәлеметсіз бе! – деді Телжанға қарап.

– Сәләматсыз ба, айналайын!

– Ертаға аға, мына көйлектеріңізді жуып, үтіктеп әкелдім.

Қазір су ысытып қойдым, басыңызды жуып алыңызшы.

– Кешке қарай жусам деп едім.

– Аға, кешкі автобуспен ауылға кетемін. Мамам алпысқа толып, туған-туыстарды шақырып жатыр екен. Күні бойы бухгалтерияға бардым, ақша береме деп. Енді подаркасыз қалай барамын деп тұрмын, – деді.

Пейджер шылдырлады. Ертаға әрең оқыды.

– Көзі шатынап, терезеге қарап тұрды да: – Сука! – деді тістеніп.

Жас қыз беті ду етіп қызарды да, шығып кетті.

Біраздан соң сатыр-сұтыр етіп, есікті алқын-жұлқын ашып Күлчetaй кіріп келді.

– Чо, лежишь, да? Ну, лежи! Сен білесің бе?... – деп бірденені айтып келе жатты да, бұған жалт бұрылып қарап: – А-а, сіз бе, қалыңыз қалай? Қашан келдіңіз? – деді.

– Жаңа келдім.

– Сен білесің бе? – деді Күлчetaй Ертағаға сұрланып. – Сенің әперген мына тоның, оказывається, не настоящая норка. Каспийде қырылған итбалықтың терісі екен, Қытайда жасалған представляешь, подругаларымның алдында мас-

кара болдым! – деп пакеттегі салынған тонды еденге бір-ақ тастады да, шығып кетті.

Жұп-жұмсақ, әп-әдемі, қоңыр күрең тонды Телжан жерден көтерді. Екі дос үнсіз, бір-біріне не айтарын білмейді.

– Рұқсат па, аға? – деп жаңағы сары қыз келді.

– Кіре ғой, айналайын.

Қыз бала леген мен ыстық су құйылған ыдысты кереуеттің басына қойды да:

– Ой, қандай жақсы тон, – деп қызыға қарады, бірақ қолымен ұстаған жоқ.

Ертағаның шашын үш қайтара сабындап жуып, сүрте бастады.

– Ертаға аға, сіз қысылмаңызшы, әлі-ақ аяғыңыздан тұрып кетесіз. Менің де сіз сияқты ағам бар, қазір әскерде. Сағынып жүрмін. Мамам екеуімізге хат жазбай, дружить етіп жүрген қызына ғана хат жазады.

– Қалыңдығы әдемі шығар, ә? – деп күліп қойды Телжан.

– Қайдан білейін, аға. Бір-екі рет көрдім. Көп боянады екен. Бірдеңе айтайын дедім де, ағатайым ренжіп қала ма деп ойладым. Өзіне ұнаса болады да, әйтеуір мамамды күтсе болды. Маған бәрібір, мен әйтеуір үйден кететін адаммын ғой.

Ертаға орнынан үш ұмтылып тұра алмады.

– Телжан, ана тонды әперіп жіберші, – деді Телжанға қарап. – Ал, айналайын, сенің мамаңның тойына деген Телжан ағаң екеуіміздің сыйымыз болсын, мына тонды ала ғой, – деді.

– Жо-жоқ, аға, мынадай қымбат нәрсені алмаймын. Ауылға алып барсам көршілер не деп ойлайды? Қалаға кеткен қыздардың бәрі бұзылған, теріс жолмен ақша табады деп ойлайды. Жо-жоқ, атаманыз, керегі жоқ маған. Мамама бір орамал, бір-екі килограмм индийский шай болса болады.

– Онда былай болсын, Ақзер. Мына тонды ал, сендер төрт қыз пәтер жалдап тұрасыңдар ғой.

– Иә.

– Осыны сатыңдар да, төртеуің керектеріңді алыңдар. Қазір алып кет, ал әзірге мынаны мамаңа апарарсың, – деп бес мың теңге берді.

– Рахмет, аға, дүйсенбі күні айлық аламын, бірден қайтарып беремін сізге, – деді күліп. – Ал тонды бергеніңіз үшін

рахмет, төрт қызға дедіңіз ғой, мен жалғыз келіп алмаймын, төртеуіміз келіп алайық. Өзіңіз беріңіз. Олар мен туралы не ойлап қалады? Өзірге сіздің палатада тұрсын, – деп, өзі шкафқа іліп қойды.

– Жолың болсын, Ақзер, мамаңа сәлем айт.

– Сау болыңыздар. Ертаға аға, рахмет сізге, дүйсенбі күні қайтарып тастаймын ақшаңызды.

Ақзер бұлармен қоштасып шығып кетті.

– Шіркін, – деді Ертаға шалқасынан жатқан күйі. – Қазақтың қыздарының бәрі осы баладай болса ғой, шіркін! Халқымыз әлдеқашан ілгері басып кетер еді ғой.

Телжан үн-түнсіз. Үлкен терезені айқара ашты. Бір кезде бөлменің ішін қоңырсыған түтін исі алып кетті.

– Жап, ойбай! – деді жөтеліп. – Мына орман өртеңгелі бір жұма болды. Көз алдымда қарағайлар емес, кітапханалар жанып жатқандай елестейді маған, – деді Ертаға.

Телжан үн-түнсіз.

– Екі ұлыңды спортпен шұғылдандыр. Қазір балаға компьютер үйрету керек, сол жағын ескерерсің. Менің кішкентай Айжанкама да көз қырыңды саларсың... Баламның мектеп бітіргенін көрсем деп едім. Оған енді қайда... – деп күрсінді.

Телжан үн-түнсіз.

– Ал енді, сен аэропортқа үлгермейсің, вокзалға қарай зымыра. Пойыздан қалып қоярсың. Сау бол. Қайда жүрсең, аман бол, – деп қолдары дірілдеп, мойынындағы тұмарын шешті де:

– Мына қасиетті тұмарды атам марқұм мойыныма бірінші класқа барғанда тағып беріп еді. Айжанкам мектеп бітіргенде, бұл бабаңнан қалған тұмар еді деп мойнына тағарсың, саған аманат...

– Ертаға, олай демеші, әлі-ақ жазыласың ғой.

Екеуі үнсіз қоштасты. Алай-дүлей көңілмен вокзалға жетті.

Вагонның есігі жабылар-жабылмастан қарғып мінген кезде оны кеудесінен итеріп жерге түсірмек болған жолсеріктің иығын қапсыра құшақтай алғанда темір арба танауы пысылдап, өкшесі тақ-тұқ етіп орнынан қозғала бастап еді... «Бы-

лай тұр! Құлаймыз, есікті жабайын» – деді қараторы жігіт күлген болып...

Телжан ақырын жылыстап терезенің алдына барды... Се-
мейдің төсін қақ жарып ағып жатқан Ертіске қарап еді жүрегі
бұлқынды». Қайран, ақкөңіл досым сенің тағдырың не болар
екен?» Тамағына өксік тығылды. «Қайран, Ертаға досым, да-
лада қалдың-ау... Сен неге аласұрдың? Неге? Неге?...»

«Жаңасемейге» кеп айылын бір тартып алған пойыз сар
желіске басты. Көз алдынан өтіп жатқан бағаналар...

«Қайран, Ертаға, досым-ай»...

– Орналастыңыз ба, көке? – деп жанына келген жігіт жы-
миып күліп, – «Шаршайсыз ғой»...

Телжанның басы айналғандай болды. Көз алды қарауы-
тып барып ашылды. «Маған не болған, шаршағанмын-ау...»

Осы кезде ту сыртынан ән салған қыз баланың нәзік дау-
сы естілді. Қандай тамаша ән...

«Біздің ауыл Барлықтың бөктерінде, елигай.

Ұзақ болды ауылдан кеткеніме, елигай,

Қоңыр тауда қой бағып әнге салдым, елигай,

Құлағына жел болып жетпеді ме, елигай...

Қош есен бол көргенше,

Дәм-тұз айдап келгенше,

Әнен айтып кетейін,

Ішке бүге бергенше...

Телжаның басы айналғаны тоқтады. Жаны жай тапқан-
дай. Тамаша дауыс... Балаң дауыс..

«Таудың қызыл пісті деп бүлдіргені, елигай,

Сағындың ба ауылыңды бұл күндері, елигай?

Алыс аулы, қарағым, қалған кезде, елигай...

– «Өй, баракелді, өркенің өссін...»

– «Нағашылырына тартқан...»

– «Садағаң кетейін, құлыным...»

– «Астанада ән салуға жеткізсін құдай...»

– «Айтқаныңыз келсін...»

Қазақи бауырмалдық. Сырт көз қызығарлықтай, жылы
қарым-қатынас... Сарт етіп есік ашылғанда жаулық тартқан
егде әйелмен сақалы шошайған қарт адамды жаңағы ән сал-

ған кішкене қызды, тағы да екі адамды байқады. Купенің босағасынан күліп шыққан жас жігіттің жүзі жылы екен.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп, қос қолдап амандасқан ол Телжанға сұраулы жүзбен қарады.

– Уағалейкум! – деді Телжан танымаған сынай танытып.

– Жолаушымыз, ағасы, Жарма, Семейден келе жатырмыз... Осыдан он шақты күн бұрын Тарбағатайдан шыққанбыз.. Алматы келдік... Содан жолдамыз... Қазақтың даласы кең екен ғой, – деп Телжанның білегінен ұстап аз тұрды.

– Не болды, бауырым?...

– Аға қан қысымыз жоғарлап тұр ғой.. Қәне, бізге кіріңіз.

– Жо-жоқ,әуре болма...

Бейтаныс жігіт купесіне кіріп, кішкене қол қобдишасын алып шықты.

– Ағасы, сіздің қан қысымыңыз жоғарылап кеткен сияқты. Кәне, өлшейік.

Телжан үнсіз келісті. Жолсеріктің купесіне барып қан қысымын өлшетті.

– О, аға, мынау болмайды ғой... Жатыңызшы мына жерге... Кәні, кәні, – деп ине салды.

– Жата тұрыңыз. Қан қысымыңыз көтеріліп тұр... Телжанның әп-сәтте бойы мұздап өтті де, көз алды ашылып сала берді...

– Ой, рахмет, атың кім бауырым?

– Хан –Толқын Керей деген бауырыңызбын. Жоғарғы сыныпты дәрігермін. Үрімжінің доғдырлық оқуын бітіргенмін... Семейге Жарма деген жерде жатқан Керей Жәнібек батырдың басына барып зиярат қылып келе жатырмыз...

– О, – деді таңырқап Телжан. – «Сонау Қытай елінінен атаңызға бола келген екенсіз ғой»

– Біз әуелі Үрімжіден Алматыға келдік... Содан Ақмолаға жеттік... Жүдеу қала екен.

– Жаңа еліміздің Астанасы болып жатыр. Біздің қазақ не көрмеген? «Мың өліп, мың тірілген» қазақпыз ғой... Дербестік алдық, оғанда құдайға шүкір...

Пойыз зулап келеді. Жолсерік жігіт үш адамы бар. Қазанның қара күйесіндей дәу жігіт орысшалап боқтық араластырып сөйлей бастады.

– На хрена сидите здесь? Мы совещаемся, идите вы отсюда...

Телжан күмілжіп ештеңе айта алмай қалды. Оралман жігіт ағылшын тілінде

– Excuse me, but I am measuring pressure of this man and going to give him injection, – деп еді үшеуі бірдей аң-таң болып қалды.

Екеуі тамбурға шыққан кезде «Әкешім, анам шақырады», – деді қызы купеден басын шығарып.

– Ағасы «білмеген жердің ой шұңқыры көп» деген. Келінінің алаңдап жатыр.. Аяғзде қан қысымыңызды бір өлшесем.. Біз Бақтыдан өтеміз ғой.. Мұқан Буыршының батыр жігіті қарсы алады. Ол да бізбен кеденнен бірге өтеді. Танертең үлгеруіміз керек. Кешірерсіз..

Терезеден кең далаға қарап тұрғанда жанына жолсерік келді.

– Байеке, орналастыңыз ба?

– Ағаңа орын тауып бермейсің бе, жаның ашыса, – деді Телжан.

– Ашуланбаңыз, бәйеке, аман болсақ табамыз плацкарт пойдет?...

– Әрине, – деді Телжан селкос қана.

– Базар жоқ.. бәйке... Қазақша жақсы сөйлей аласыз ба?

– Мен не орысқа ұқсаймын ба? Жоқ, әлде...

– Ашуланбаңыз, бәйке, Абайды оқығансыз ба, қазақша мақал-мәтел білесіз бе?

– Бір кісідей.

– О, бәйеке, жақсы сізді Князьдың купесіне апарайын сөйлесіп көріңіз чоң қазақ мүмкін қабылдап қалар сізді...

– Князь? Ол кім? Мафияның серкесі ма?

– Солай десе де болады... Биылға осымен үшінші мәрте менің сменама дөп келді... Өзі шатақ шал... Бір купені бірақ алады ешкімді кіргізбейді... Бывший зоготавитель... Осы жолы бәйбішесі жанында екен ана жолы немересі Рүстем болған еді, ой, керемет бала умный пацан...

– Түсінікті, – деді шаршағанын сезе бастаған Телжан, – Мен не істеуім керек?

– Сәлем берсеңіз болды, әргі жағын Князь өзі шешеді орын бере ме, жоқ әлде ит қосып қуа ма –деп қырғыз жігіт ыржалақтап күлді – Он мощный психолог...

– Тонымызды шешіп алмас барайын... баста жолды, бауырым...

Екеуі бесінші купенің есігінің алдына барып біраз бөгелді. Телжан қымыздың иісін сезгендей болды.

Жолсерік есікті қақты да кейін шегініп кетті.

«Кіре бер» деген гүрілдеген дауыс шықты. Имене басып Телжан ішке кірді.

– Ассалаумағалейкум, ақсақал...

– Уағалейкум, бізде орын жоқ саған...

– Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады деген атам қазақ. Таңдайым кеуіп қалды, – деп күлді...

– Ой, ененді ұрайын... сөзді тауып кеттің, кел отыр, – Бәйбіше, басыңды көтер, қонақ келді. Қалғып кеткен әйел адам басын көтерді де Телжанға «Амансың ба, әкем?» деп жылы амандасты....

– «Сәлеметсіз бе, тәте?» – деп, бидай өңді ақ самайлы әйел адамға амандасқан Телжан дөңгелек жүзіне айбар біткен шегір көздері от шашып тұрған шалға қарады – «Аға»...

– «Тұра тұр!» – деді – «Әй, Зұлқаш, мына ұлға қымыз құй»...

Әйел адам ыдыс-аяқты реттеп шеті кертілмеген таза кесеге толтырып бетінің майы көбіктенген қымыз құйып, «Ас болсын әкем, мына құрттан да ала отыр!», – деді.

Телжан бет аузын шымырлатқан қымыз толы кесені бірақ қотарды.

– Вот, бал қымыз екен...

– Бұл – Саржалдың қымызы.

– Керемет екен...

– Әкем, кесеңді бер, шөліңді басып ал, айналайын, – деп әйел тағы да толтырып қымыз құйды. Шал болса, дастархан үстінде беті жабулы табақтан бір тілімнен қазы-қартаны алып, Телжанға берді, – Ас болсын, балам!

– Рахмет, аға, сіздерді әуреледім ғой.

– Көп сөйлемей, қымыз іш...

Телжан кесе толы қымызды тағы да төңкеріп тастап, шал ұсынған етті жеген кезде маңдайынан шып-шып тер шықты. – Рахмет сіздерге.

– Ас болсын, қарағым. Демінді алып тағы да сіңіріп іш... Саржалдың қымызы бал ғой, ағаңның Шабак деген бауыры бар сол баптайды бұл қымызды.

– Да, – деді Телжан таңырқап, – Саржалдың шабағы мынандай болса, шортаны қандай болады екен?..

– Елдің бәрі солай айтады, – деп әйел адам күлді.

– Шабағым мықты азамат боп өсті, бала кезінде тентек болған шығар... Қазір керемет жігіт бодды... Үйір-үйір жылқы бағып отыр... Қайтсе текті атаның баласы ғой. Оның Ике атасы Алашорданың қамқоршысы болған. Қытайда менің әкеммен жақсы араласып еді. Икенің обалына қалған Совет өкіметі ғой. Қытай қазақтары Шәкерім атамның ұлы Зият ағамды да ерекше құрмет тұтатын еді...

– Сіз Қытайда туған оралмансыз ба?

– Жоқ, мен Мақаншы деген жерде туғанмын. Әкем Түркісіб жолында бригадир болған. Сүйегіміз Тобықты, оның ішінде Көкше деген тармағынан. Атамекенім Шыңғыстауда.

– Аа, түсіндім, кешіріңіз.

– Кешірім сұрағаның не? Сенікі дұрыс. Шәуешекке әкем марқұм НКВД-ның бір орысын атып тастап бір-ақ түнде қашып барған. Шағантоғайда осы жақтан барған тобықтылар баршылық екен. Жақсы өмір сүрдік. Шығыс Түркістан ежелден қазақтың атақонысы ғой... Есінде болсын, Қытай қазақтары үш аймаққа бөлініп айтылады. Іле, Алтай, Тарбағатай.

Шал үш саусағын бүктіде сәл ойланып барып сөзін жалғарды. – Мен, Кеңесжан Қылышұлы деген ағаң боламын...

– А-а, – деп желкесін қасыған Телжан өзін қысқаша таныстырды.

– О, жақсы үлкен атаның баласы екенсің... Қаратайдың ішінде қайсысың?

– Сарғалдақ...

– Сен өзіміздің бала боп шықтың, кел қымыз іш, – деп Шал өз қолымен толтырып қымыз құйып берді. – Саржалдың қымызын бір тартшы...

– ?

– Қалай екен?

– Тамаша, Саржалдың қымызына не жетсін....

– Рахмет, балам! Әдетте Өскемен жақтан келетіндер Шардан мінуші еді, сен Семейден отырдың?

– Досым ауырып жатыр еді, соның көңілін сұрайын деп Семейге бұрылғанмын...

– Солай де... Досыңның көңілін сұрауға сонау жерден бұрылсаң, тегін жігіт болмадың? Ол кім? Біз Семейдің біразын танитын сияқты едік. Досың кім?

– Ертаға деген...

– Е, ол берекесіз бауырым ғой, басын таудай қып, аяғын қылдай қылды ғой...

– ?

– Шылым шегемісің? – деп Кеңесжан әңгімені басқа арнаға бұрып жіберді.

– Жоқ, аға..

– Арақ ішесің бе?

– ?

– Түсінікті...Өзің не қызмет жасайсың?

– Мен жазушымын, – деді аты-жөнін қайталап...

– Осы Алтай тек жазушыларды ғана дүниеге әкеле ме?

Шіркін, Оралхан керемет еді ғой...

– Ол менің бауырым еді ғой, – деп, әйел адам ауыр күрсінді.

Купенің ішінде аз уақыт үнсіздік орнады. Пойыз жүйіткіп келе жатыр.

– Ал, жарайды, аға, мазаларыңызды алмайын! – деп орнынан тұра бергені сол еді, Шал жеңінен баса тартқанда қайта қалай отырғанын білмей де қалды.

– Отыр!– деді Шал, әмірлі дауысын қатты шығарып, – Мен сенімен әңгімелесіп отырмын ғой, ошақтан секірген сиыр емес шығарсың, әлде дәмнен үлкенсің бе?

– Атасы-ау, қойсаңшы, бала емеспе?

– Әй, женщина, замолчи, а.. Қайдағы бала? Мен бұның жасында бір ауданның заготконторасын ұршықша иіргенмін..

– Иә, білемін ғой нені иіргеніңді, нені илегеніңді... Қонаққа неге ұрсасың? Біздің Ерланымыздай жас бала, не болды сонша?

Бәбішесінің сырын білетін Шал әп-сәтте өзі де, даусы да өзгеріп шыға келді.

– Әй, балам-ай, тәтең дұрыс айтады сен жоғарыда тұрған заттарды мына жерге қой... Мен саған төсек-орын әкелткізейін... Шал орнынан тұра, есікті ашып...

– Әй, Әбділдәбек, қайдасың? – деп айқайлады.

– Не болды, бәйке? – деп, жолсерік жігіт жүгіріп келді. – Бәйке...

– Сен қымыз ішпеушіме едің?

Әбділдәбек желкесін қасыды.

– Бар, қонағымызға төсек-орын әкеп бер...

– Есть, товарищ Генарал! – деп, қолын шекесіне апарған жолсерік кері бұрылды.

Телжан аң-таң.

– Балам, әкенің кейде аяқ астынан артист боп кететіні бар... Ренжіме орналасып ал, кәзір жақсылап шәй ішеміз...

– Бәйбіше, қолымды жуып келейін... Бауырыңды орналас-тыра бер..

– Жарайды, Атасы...

Телжан аң-таң. Апасының үйленіп, үй болғанда оңашада «Балам, әйеліне қол тигізіп ашындырма... Онымен қатынды тәрбиелей алмайсың, жөн-жосықсыз қазымырлана берме! Өзінің миында бар адам болса, ерін сыйлап өтеді» – деп айтқан сөзі есіне түсті...

– Генарал қайда? – деді төсек-орынды алып келген жолсерік.

– Қолын жууға кетті. Кел, тізе бүк! – деп, үлкен кесеге толтырып қымыз құйып берді. Жолсерік жігіт түрегеп тұрып бір-ақ төңкерді де, түшкіріп жіберді.

– Жаракімалла! – деп, Кеңесжан купеге кірді.

– Бәйке, әже, сіздер демала беріңіздер. Пойызда бригадир мен проверяющийлер аралап жүр. – деп, қырғыз жігіт орынан тұруға ыңғайланды.

– Сен оларға айт, есікті тоқылдата бермесін... Саржалдың қымызын олар үшін әкеле жатқан жоқпын. Қырғыз Ұлы халық... Әбділдәбек, соны сен сезінесің бе? – деді Кеңесжан.

– Рахмат, бәйке!

Улутчыл дейт билбеген,

Улутун кимдер сүйбөгөн,
Кыргыз деп келіп дүйного,
Кыргыз деп кетем дүйноден...

– Ой, жарайсың, Әбділдөбек...

– Менин улутм Кыргыз, Улуу даңазалуу айкөл Манас баатырдын урпагымын, Қурманжан датканын уулумун, казакқа күйоо баламын... айалым Нұрғул Қордайдан...

– Ой, бәрекедді, қыздарымыз қытаймен шүршітке кеткенше сендей адал қырғызға барғаны дұрыс болған қызымыз жаман жерге бармапты...

– Рахмат, бәйке, мен кеттім...

– Танысканыма қуаныштымын, күйеу бала! – деп Телжан қолын қысты, – Саған да рахмет...

– Телжан, балам, қолыңды жуып кел, шәй ішейік. Мына жерге тәтең шағын дастархан жасап жіберсін...

– Мен де көмектесіп жіберейін...

– Әй, – деді Кеңесжан дауысын көтеріп, – Сен не үйіңде қазан ошақтың басында жүрген еркексің бе, көп оттамай бар қолыңды жуып кел.

Телжан күліп, шығып кетті. Қолын жуып тұрып ойланды. «Бір керемет кейіпкер таптым... Бір повесть жазбасам» деп ойлады. Тамбурға шығып, қазақтың кең даласына ұзақ қарап тұрды. «Қайран, Ертаға! Қандай ақ көңіл жанашыр досым, бұл жағдайға қалай ұрындың? Отбасың да керемет еді... Неге быт-шыт болдыңдар? Неге? Неге? Ендігі тағдырың не болмақ? Күлчөтайға қайдан ғана ұрындың екен? Досым-ай, саған енді қалай ғана көмектесем екен? Емі бар ма сенің дертіңнің? Досым-ау...». Тамағына өксік кептеліп келе жатқанда «Телжан» деген дауысқа селк ете түсті. Жалт бұрылып қараса, Шал екен...

– Қазір, аға.

Қайтадан беті қолын жуып кеп, купеге кіргенде таңырқап тұрып қалды. Төрдегі пойыздың шағын үстеліне аңшылардың кішкентай ошағы тұр. Оның ішіне май шамды кесіп, білтесін жағып, үлкен шәйнектің танауын шуылдатып қойыпты.

– Кел,кел, бауырым, жоғарыла! – деп алдыда тұрған шахмат тақтасы сияқты шағын дастарханды жеңіл көтеріп алды. – Жоғары өтіп кет. Тез..тез..

Телжан жайғасып отырды.

– Не болды, әкем, бір жерің ауырып тұр ма? Түрің бозарып кетіпті ғой! – деді Зұлқаш.

– Жоқ, тәте, жол шәршатты ғой... Қайта Сіздерге кездесіп, жолым болды.

– Жас адам шаршай ма екен? Сендей кезімізде...

– Иә, білеміз, бұның жасында не істегенінді – деді түсін салқындатып Зұлқаш.

– Мына шағын дастарханды.. – деді әңгіменің ауанын басқа жаққа бұрып жіберген Кеңесжан, – Ерланымның досы Жұмағали балам арнайы жасатып берді. «Батя, дойбыны шебер ойнайсыз, әрі жол жүрсеңіз дастарханыңыз ені жетпіс ұзындығы мына таяқшаларын қосқанда жүз тоқсанға барады. Өте қолайлы»деп еді, рахат болды осындайда...

– Бауырыма шәй ішкізсеңші...

– Ойбай, кешір, бауырым! Тәтең Ақжарда туған, Тәуке руынан... Екеуміз Қытай елінен шаңырақ көтеріп келдік Атамекенге ...

– О, Сіз жезде болдыңыз, ақсақал...

– Осы Үлкен атаның балалары бір-біріңді сонау жерден танысыңдар ғой... Қазақта «Бай – байға, сай – сайға құяды» деген сөз бар. Мен осы мақалға «Найман – Найманға құяды» деген сөзді қостым...

Телжан күліп жіберді де, теңселіп келе жатқан пойыздың терезінен далаға қарады.

...Екі өкпесін қолына алып, басындағы қып-қызыл тақиясы қай сайда қалатынына қарамай, әр шүрегей төбенің басынан бір-бір секіріп, жанұшыра жүгірген бауырмал баладай батып бара жатқан күн жирен кекілін желбіретіп бұлардан қалысар емес...

Пойыз жер апшысын қуырып келеді.

Зулап келеді...

– Қой, бала, қымыз іштік, шайға қандық, енді Аягөзге төрт сағат бар, кішкене демалып алайық. Сосын бір бір кесе қымыз ішеміз де, жақсылап ұйықтаймыз. Аягөзде жарты сағат тұрады. Оятсам, ренжіме. Біз кәрі адамбыз, тізе сырқырайды, бел ауырады бір жерде құлап жатсам, елден ұят...

– Ой, қойыңызшы, жезде, ауыра қалады екенсіз... Сұлу әйел көрсеңіз, көзіңіз жайнап, жас жігіт боп кетесіз ғой...

– Өй, ененді ұрайын, қызталақ...

– Ал, балаңмен жасты адамнан сөз есті. Рахмет, бауырым, сенің айтқаның дұрыс. Ал, енді дем ала ғой, бауырым...

– Ой, ененді ұрайын, мынау қайтеді – ей, а...

Кеңесжанның даусында реніш жоқ еді...

Телжан басы жастыққа тиісімен қор ете түсті...

«Телжан, қалайсың, бауырым, сені сағындым ғой!» – деді ақкөйлек киген Ертаға күлімсіреп. Өзі әбден жүдеген. Көптен сақал-мұртын, шашын алдырмаған сияқты..

– Амансың ба? Саған не болды? Мына күйге қалай түстің? Не болған саған? Не болған?

Ертаға үнсіз...

– Мода қуып жүрсің бе? Ертаға-ау, бала боп кеттің бе?

– Ұлымды сағындым! – деп, жылап жіберді – Сағындым. Ол қайда, көрген жоқсың ба?

– Сенде ұл жоқ еді ғой... Қайдағы ұлды айтып тұрсың? – деді Телжан.

– Өзімнің ұлым... ұлым менің. Мен одан адасып қалдым. Кішкентай еді ғой, башпайлары қандай сүйкімді еді?!

– Білмеймін ғой...

– Сен мені білмейді екенсің ғой, – деді Ертаға, – Сен білмейсің ғой расында мені.

– Әбден білемін. Серісің, мырзасың, қолың ашық, бірақ көрінген жәлептерге жем болдың? Ақшаң көп екеніне мақтанып, оңды-солды шаштың.

– Досым-ау, табаламашы мені... – деп жалт қарағанда, Телжан шегініп кеткенін байқамай қалды.

– Ренжіп қалдың ба? Өзің айтшы, мына Күлчөтәйды қайдан тауып алдың?

– Ол менің өмірімді ұзартады. Ұл тауып береді маған. Ол мені байытады...

– Ана көзі бақырайған жәлеп қатын ба?

– Иә, ол сондай қатын, бірақ ол менің өмірімді ұзартатын адам. Өзі сұлу.

– Әй, ит досым-ау, әбден миыңды айналдырып жіберіпті ғой. Оқытып қойған ғой сені.

– Ха ...ха ...ха.. – Ертаға күлді. Күлген сайын кішірейе берді, кішірейе берді. Бір кезде күлкісін тоқтатып, кемсең-кемсең етіп, жылай бастады – Мынаны қарашы, досым, тырнақтарым өсіп кетті. Қазір аламын. Содан соң ана дөңнің астында бұлақ бар, егер тартылып қалмаса, сені шақырамын. Үш рет атыңды айтып, дауыстап шақырамын. Келмесең, әрі қарай ұлымды іздеуге кетемін.

Күн шымылдық ішіне кірді. Қап-қараңғы. Қараңғы. Қараңғы.

Бойы тоназып үрейлене бастады.

– Телжан...

– Е,бәсе, досым-ау, мені қалдырмаушы едің!

– «Телжан» деймін...

Бөтен дауыс.

«Телжан-ау»

Тасырлатып жанынан бір үйір жылқы шауып өтті.

Ол көзін ашып алды да, ештеңе түсінбей сәл жатты.

«Семей-Қызылорда» пойызы Аягөз қаласына кеп...»

...Орнынан тұрып, төменге түсіп, есінеді кеп. Кеңесжан басына телпек киіп далаға шығуға дайындалып апты. Мырс етіп күлді...

– «Күлсең, кәріге күл!» – айда, алдыға түс, – деді Кеңесжан, – Не болды сонша ұйықтап? Жас жігіт емессің бе, ширақ болу керек..

– Сіз, солдат сияқтысыз, жезде...

– Бауырым, ренжіме, өзіңнің ағаң ғой! – деді Зұлқаш, – Бір жерде сүрініп құлап қалмайын дегені ғой...

– Ой, тәте, ағамыз құлайтын адамға ұқсамайды. Біреуді бір ұрып құлатпаса...

– Ой, енеңді... сөзді көбейтпе? Түс алдыға...

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп түсіп келе жатқан Кеңесжанды қолтықтап алды.

– Бұ қай бала?

– Аға, бұл балаңыз дәрігер, – деді Телжан.

– Ассалаумағалейкум, – деп жандарына шойыннан құйғандай қол-аяғы балғадай еңселі жігіт жылы жүзімен амандасты.

– Менің бауырым – Мұқан. Буыршынан.

– Елің кім? – деді Кеңесжан.

– Керей, Жәдік одан Байғара, – деді Мұқан.

– О, Қуандық батыр Ер-Жәнібектің сенімді серігі болған. Қанас өзені өткел бермей жатқан шығар, – деді Кеңесжан.

– Кешірерсіз, сіздің қан қысымыңызды өлшейін! Біз асығыспыз! Бақтыдан өту керекпіз. Ықтиярхатты алып, Қазақ еліне көшіп келемін, – деді.

Мұқан мен Кеңесжан сөйлесіп тұр. Хан-Толқын тез-тез оның қан қысымын өлшеп болған соң,

– Ал, ағайын, сау болыңыздар! Аман болыңыз, ақсақал! Түнімен жүріп барып, Бақтыдан ертесімен өтіп кетсек... Талай жігіттер бері қарай көшпек, бізде ілігіміз керек...

– Ал, жолдарың болсын! – деді Кеңесжан.

– Аман болыңыздар...

Олар жылы қоштасты.

Перронда ығы-жығы халық. Қолдарына бір-бір пакет ұстап алған саудагерлер тауарларын ұсына бастады.

– Колбаса алыңыз...

– Сыра алыңыз, Сергополский

– Қымыз – Саржалский

– Шәшілік... шәшілік барански

– Лайбаран емес пе?

– Жағың қарыссын, кәпір! – деді шаң-шұң еткен әйел дауысы, – Өзің лайбарансың...

– Аға, чистый самопал алыңыздар.

– Былай тұрайықшы, – деп шал оны қолтықтап алды. Екеуі вокзалдың сәл адам қарасы аздау бұрышына барып тұрды.

– Аға, мына жаңбыр по заказу жауды ғой...

– Сенің ниетің ғой, бауырым. Әлгі жастарды ойлап тұрмын да, біз көшкенде заман жақсы екен-ау...

– Сіздің купеге кіргенше танысқанмын Хан-Толқынмен. Ал, Мұқанмен жаңа таныстым. Жақсы жігіттер екен...

– Атам марқұмда, әкем жарықтық та осы Түрксібті салысқан адамдар. Аягөздің тарихы тереңде ғой. Бұл – қасиетті жер. Ее, шіркін, Аягөз – қазақтың алтын қазынасы ғой. Сендер, жазушылар, әсіресе, жастар қыз-қырқын туралы жазғанға үйірсіңдер. Ол да керек тақырып шығар... Бірақ,

тарихты, кешегі ашашырлықты, қазақтың басынан өткен зұлмат заманды неге жазбайсыңдар? Жаңағы екі жігіт туралы жазуға болады ғой...

– Аға, ол күрделі тақырып қой...

– Мысалы, сен аулыңнан келе жатырсың... Сол елде кариялар бар шығар, солармен әңгімелестің бе?

– Жоқ, ол жағын ойламаппын да...

– Әне, көрдің бе? Миыңа да кіріп, шықпады. Сенен кейінгі жастар, тіпті де ойламайды.

– Байқаймын, әдебиеттен хабарыңыз бар сияқты..

– Әу демейтін қазақ жоқ қой, бала кезімнен батырлар жырын жаттап өскенмін. Оның үстіне Шәуешектің гимназиясында Төлеубек Жақыпбайұлы екеуміз бірге оқыдық.

– О, ол кісі мощный жазушы ғой. «Қыран» туралы көркем туындысын оқығанмын. Нағыз классика. Керемет жазушы ғой...

– Ой, айналайын балам-ау, зерделі азамат екенсің ғой.

Дұрыс айтасың, керемет еді ғой... Ана бір жылы Алакөлге барғанмын. Судан шығып жағалауда отырсам, ақбас шал өтіп барады. «Әй, Аманжан!» – деп айтып қалғанымды білмей қалдым. Көздері күлімдеп жаныма келді, аз-кем ойланды да, «Дауысыңды танып тұрмын.» – дейді.

«Ал, тап, кіммін?» – дедім тамағыма өксік тығылып...

Бір кезде Аманжан орнында сілейіп тұрды да қалды. Көзінен жас парлап тұр.

– Кеңес-ау, бұл сенбісің? Тірі ме едің?

– Менмін

Екі шал елу жыл өткен соң, Алакөлдің жағалауында осылай табыстық. Қытайда жүргенде Төлеубек үшеуміз ойынсауықта домбыра тартып, ән салатын едік. Төлеубектің кейінгі тағдырын содан естідім....

– Сіздің әкеңіз Түрксібтің жол бригадирі болған екен. Өзіңіз Мақаншыда өмірге келіпсіз. Сонда Қытайға бара жатқанда жолда туғансыз ба?

– Әй, сенде, бір журналист сияқты тергейсің ғой. Менің шешем өте мейірімді адам еді, жарықтық кішкентай балаға «әй» деп сөйлемейтін. Дауысы сондай жұмсақ еді... Босана алмай қиналған әйелді табанын қыздырып, булап босанды-

рып алатын ерекше қасиеті болған. Совет өкіметі қазақтың бар малын қырып елде жоқшылық жайлап алған. Бала-шаға, кәрі-құртаң аурудан қырылып жатады. Өкімет арнайы «медбригада» жабдықтап, ауыл-ауылға жібереді. Менің шешем де солардың қатарында болады. Ауыл-ауылды аралап жүріп, екі ай дегенде Мақаншыға жеткен күні толғақ қысып, Қатынсудың жағасында босанады. Кіндігімді балтамен өзі кеседі. Сөйтіп, өмірге келген жаман ағаң...

– Мен жазайыншы осы оқиғаны...

– Е, баяғыда бір бауырым қырам-жоямын, жазамын деп кеткен еді. Көрмедім содан... Ал, сенің Ертаға досыңның «Бамбук таяғы» деген әңгімесінің оқиғасын мен айтып бергенмін. Оны ол, тіпті әспеттеп, бамбук таяғының ішіне апиын тыққызып алып шыққан шекарадан. Одан Мәскеудің бандиттерімен байланыстырып, әбден былықтырыпты.

– Аға, Ертағаның ол шығармасы жоғары бағаланды. Оқырмандар іздеп жүріп оқиды...

Оның «Ыстықкөлдiң салқыны» деген повесі керемет еді. Бамбукта шындыққа жанаспайтын бос қиялдан туған нәрселер көп. Шынындығында ол ұйғырдың жігіті. Ақсуатта бір байдың баласын өлтіруге Қытайдан тапсырма алған адам еді ғой. Базар өзенінде жуынып жатқанда аяғы тайып құлап мерт болған. Оны сенің Ертаға досың көтеріп, әлдеқандай қылып аспандатты. Шекарадан қолында таяғы ғана бар болғаны болмаса, ештеңе ерекшелігі жоқ. Ол жай ғана оқиға... Бамбук таяғының ішінде «Николайдың» басы деген орыстың алтын тиындары болған...

– Көркемдік шешім ғой, аға...

– Әй, оттамашы, сен де... Жүр, мінеік, пойыз жүргелі тұр.

Шалдың дауысымен қатар күн күркіреп, шатырлатып найзағай ойнады

– «Бісіміллә».

...Екеуі бір-бір кесе қымыз ішіп жатуға ыңғайланды. Жоғарыға шығып алған Телжанның ұйқысы келе қоймады. Кеңесжан одан оны-мұны сұрап жатыр. Әлгінде шығып кеткен Зұлқаш жылы су әкеп, шалының аяғын мұқият жуды да, жақсылап сүртіп, қайтадан шағын пласмаст легенді төгуге шығып кетті.

– Аға, баяғының байлары сияқтысыз ғой, – деді Телжан күліп.

– Әй, баламысың деген, менің шешем жарықтықта әкемнің аяғын жуған. Онда тұрған не бар? Көп оттамай ұйықта...

Пойыз жүйіткіп берді дерсің... Күн күркіреп, найзағай ойнап жатыр....

Жарқ-жүрк... Купе ішінде біреу шақпақ шағып жатқан сияқты.

«Бісіміллә».

Телжан Семейде ауруханада жатқан досын ойлады. «Не болдың, Ертаға-ау, не болдың? Сен не істедің өз-өзіңе?.. Мен сенен ақша сұрадым ба? Кітабыңды шығарамын... Қалған ақшаны өз қызыңның атына банкіге салып қоямын. Тек аман болшы, досым... Тез жазылып кетші»...

...Әппақ әлем. Қапалақтап қар жауып тұр. Зулап келеді... Жоқ, ұшып келеді. Соншама асығыс. Тау-тасқа қарайтын емес. Аэрошана биік төбенің басына ықынып шықты да терең сайға ұза-а-ақ ұшып барып дік ете түсті. Қар бұрқ етті. Ақ түтек. Телжан ештеңе көре алар емес...

– Досым, қайдасың? – Ертағаның дауысы.

– Мен мұндамын.. Ештеңе көрінбейді?

– Қозғалма, әр жағың күз, сен байқамай тұрсың.. – деді Ертаға.

Қанша уақыт тұрғанын білмейді. Айналасы жарқырап, жылып, қар еріп, көл-көсір суға айналды.

– Ертаға қайдасың?

– Мен мұндамын... Аууу, мен мұндамын.

Қараса, досы Көктөбенің басынан қол бұлғап тұр.

– Сен Көктөбеге қалай шықтың? Семейде ауруханада жатыр едің ғой...

– Мені Көктөбенің басына шығарған Алдияр ағаның қасқыры. Сол көкжалға мініп келдім.

– Мынауың ертегі ғой, Ертаға-ау...

...Күн көтеріліп, Телжанның маңдайын күйдіріп бара жатыр...

Торғай шырылдап берсін.

«Қапшағайға келдік...Қапшағай»

...Телжан көзін ашты. Орнында жата берді. Басы мең-зең.

«Әй, сен, басымды қатырмашы!» – деп Кеңесжан қолындағы ұялы телефонын лақтыра салды. – Осы сенің ұлынның басы істемейді. Үйдің фундаменті екі ай бұрын құйылып қойды. Мынау жынды «Батя, план өзгерді» – дейді ғой маған. Кірпіштен саламыз дедік қой...

– Балаңыздың бір білгені бар шығар, – деді Телжан көзін уқалап, –Заман өзгерді ғой...

– Әй, шатырға шығып алған қораздай қиқуламашы. Онсызда түнімен біреуге «тоқта, тоқта» деп қой қайырғандай айқалап, ұйқы бермедің...

Телефон қайтадан шырылдады.

– Әй, кемпір, ал сенің ұлын. Ал мына телефонды, давлением онсыз да...

– Алло, – деді Зұлқаш, – Балам, амансың ба? Иә, әкең екеуің таң атпай тіл табыса алмай жатырсыңдар. Өзі ғой, дейсің бе, әрине, өзі. Ол мінезін білемін ғой... Сейсмологияға есептелген дейсің бе? Ааа, жақсы болған, айтамын. Ағаштан құра саласыңдар, а? Әу баста солай істеуге лайықтадыңдар. Жай айтқанмын дейсің бе? Е... дұрыс Гуляның идеясы жөн... жөн... – Зұлқаш біраздан соң телефонды жапты.

Үлкен кісілер бір-біріне қарап үнсіз отырғанына Телжанның күлкісі келді, орамалын алып, төмен түсті де, жуынуға барып, тамбурға кеп, терезе алдында тұрды. Жол бойындағы саяжайда адамдар қарасы көп... «Бәріміздің туған жеріміз бар... Жер жетерлік... Бірақ, Алматыға ұмтыламыз. Прописка жоқ, тіпті бір түнеп шығатын жер жоқ болса да. Орталық болғаны үшін бе? Базар болғаны үшін бе? Әдемі биік үйлері үшін бе? Ауылда да адам қызығарлықтай үй тұрғызып, бау-бақша егіп тұруға болады ғой...»

– Әй, Телжан.. – деген шалдың дауысы шықты.

Ойы бөлініп кетті. Купеге кірсе, бағанағы ашулы Шал емес, басқа адам отырған сияқты. Күлкісі келді.

– Кел, бауырым, қымыз ішіп алайық. Шайды үйіңе барып, келіннің қолынан асықпай ішерсің. Қазір Алматыға жетеміз. Алдымыздан немереміз шығады жолдастарымен...

– Мен көмектесіп жіберейін...

– Жоқ әуре болма? Өзің жолдан келе жатырсың. Түнімен біреуді айғалап шақырып шықтың. Қымыз іш те, үйіңе тезірек жетуді ойла, бала...

– Аға, жолығамыз ғой. Рахмет сіздерге...

– Айтпақшы, Зұлқаш, қағаз-қалам берші, мына ұлға әдірісті жазып берейін... Ертең кешке таман келінді ертіп қонақ боп кетіндер... «Немби» бригадасы қашан келуші еді... Үш күннен кейін шығады... келін самолетпен келем деді ме?

– Ұшақпен келейінші, – деп, рұқсат сұрады. Онысы дұрыс, ағаш тиеген машиналармен келе ме енді.

– Алтыным, Гуля қызым ғой ақылды бала, көрдің бе? Үйді ағаштан салайық... Ой, айтқан ақылыңнан айналайын... Мынаның ұлы соны ойлауды да білмейді, – деді. Бағана ғана «ертоқымын бауырына» алғаны есінде жоқ... Зұлқаш апай күлді де қағаз бен қалам берді.

– Сен бері отыр, – деді қағаздың бетіне адресін жазып жатқан Кеңесжан, – Алматы. Мыңбаева 139, Бауман көшесімен сәл жоғары көтерілсең, алдында үлкен үй тұр... Семейге келсең, «Пожарная 89» деген әдіріске келесің.. тәк бүгін 13-і ме, он бесі күні кешкі он тоғыз ноль-ноль деп жазып қояйын, – деп бір жапырақ қағазды Телжанның қолына ұстаты... Кешікпей кел...

– Біздің баламыз машинасымен барып алып келсін, – деді Зұлқаш апай...

– Баламды мазаламаңдар, оны сол күні Қапшағай жаққа жіберемін Телжан мен келін өздері келеді...

– Аға, ана қалада, мына қалада үйіңіз бар екен, әйтеуір құрылыс екен, Астанадан бірақ салмадыңыз ба үйді...

– Мен де солай айтамын. «НЕМБИДІ» сонда жіберсе. бірақ айда тұрғызамыз деп отыр, – деді Зұлқаш апай.

– «НЕМБИ» деген... Фирманың аты ма?

– Жоға, – деп Кеңесжан аға күлді, – Біздің ұлымызбен бірге оқыған балалар ғой «Нұрмағанбетов, Ертуғанов, Манкенов, Бекишев, Исаков» деген фамилияларының басқы әріптері ғой...

– О, жақсы.. мынандай жігіттермен үй емес қала салуға болады ғой. Астанадан Көктөбелі коттеджді бір-ақ тұрғызбайсыз ба?

– Әй, балам, бізде жас болдық, тәтеңмен жайлауда таныстық. Алдына келген ақындарды сөзбен сабап жеңіп жатыр екен... Бір үзілісте «Қарындас, не арманыңыз бар, орындаймын» – деп қолымдағы ақ перчаткамды шешіп алдына тастадым....

– Ой, Кеңесжан, қой енді... – деп Зұлқаш ыңғайсыздана күлді.

– Содан... – деп орнынан қозғалып қойған Кеңесжан, – Кеш бата ауылына қайтатын болды. Жанында құрбысы бар, менің жолдасым бар дегендей, ауылына шығарып салдық. Содан қойшы, бір жылдан кейін құда түсіп алдым ғой.. Күндіз-түні жылайтын туған жерін айтып... Сосын елуінші жылдардың басында бір баламызды көтеріп, бері өттік қой... Одан кейін алпысыншы жылдары бір көш болды.. Туыстарымыз бен таныстарымыз келді. Біз ол кезде Шыңғыстауда Бозанбай атамның қорасында отырғанбыз. Бұл біздің атамыз, әкемнің әкесінің қыстауы... Құт болды. Ерланым сол жерде туды. Міне, тырбындап Ерланды жеткізіп едік, енді оның баласын бағыып, сол жетсе деп жүрміз... Ал, Астанаға келсек, ол жер қазаққа қоныс бола ма? Соңғы жетпіс жыл келімсiктердiң ойнақ салған жері. Қайтадан Алматыға көшіп келсе, не істемекпіз? Сұрағы көп, жауабы аз өмір болды ғой... Қытайда жүргенде Алматыда оқитын студенттер каникулға келгенде жыр қып айтатын еді. Сонда біз ойлайтынбыз, Қазақ елінің Астанасында бір күн тұрып өлсек деп. Өмір өзгерді, бәрі өзгерді. Құдай осымызды көп көрмесін, тәуба құдайға, енді ғасыр жаңалығын кейінгі жастар көрсін. Ал, жарайды, бауырым, сен бізге алаңдама. Пойыз тоқтағанда, біз елдің бәрі шығып болғаннан соң бес минуттан кейін есігімізді ашамыз. Әдет солай... толпаны ұнатпаймын... Өлгі сөз жазатының бар ма?

– Иә, диктофоным бар...

– Алып ал, айтпақшы, «Көк тудың желбірегені» деген өлеңді жазған Шәуешектен келген жігітті танысың ба, соныда ерте келсең...

– Иә, Алмас қазір қаланың сыртында саңырауқұлақ өсіреді. Білемін жақсы жігіт.

– Менен сәлем айтарсың, жөнді білетін жігіт қой, түсінер...
Оның сол өлеңі қазақтың гимні болады әлі.. Келсін де...

– Сау болыңыздар, көп рахмет.

– Жолың болсын.

Телжан үлкен кісілермен жылы қоштасып, купеден шыққанда жолаушылардың сөмкелеріне сүрініп қала жаздады. Ара-арасынан ептеп өтіп шығып келе жатып еді, жолсерік жігіт шықты.

– Жолуңуз шыдыр болсун, «чоң» бәйке, – деді күліп.

– Рахмет саған, бауырым, аман бол, – деп Телжан мың екі жүз теңгені қолына ұстатып, шығатын есікке қарай жүріп кетті. Сыртқы есіктен алып, Алатау көрінген кезде оның есіне Төлеубек марқұмның кітабындағы «Хош бол, балапаным», «Хош бол, ана» дегендей ана қыран Алтайға, бала қыран Алатауға кетті. Орнында мелшиіп, мәңгі қозғалмай Хантәңірі қалды...» деген сөздері түсті.

Вагонның есігі ашылғанда қапырық ауамен бірге, сонау жерде шыршалардың түбінде алба-жұлба киінген қазақ қыздарының түсініксіз тілде сұңқылдаған, «Кришна», «Кришна» деген дауыстары дәлбір бетіне түкіргендей болды. «Құдайым-ау, кеше ғана «илигай» әнін тыңдап ем, не боп кеткен бұл Алматы!» Жерге секіріп түскен оны таксист жігіт демеп жіберді, «Көке қайда барасыз?» ...

Телжан баратын бағытын айтты.

– Тоса тұрасыз ба, бір-екі адам алайын? – деген кезде есіне Аманжол түсіп, күліп жіберді. Шеткері шығып тұрған кезде жанына ақ-сары, орта бойлы жігіт келді.

– Телжан аға, амансыз ба?

«Мына жігітті қайдан көріп едім» деп ойлағаныша...

– Аға, мені танымай қалдыңыз ба? «Қазақстан» қонақ үйінде Ертағаның нөмірінде Алдияр аға бар, кездесіп едік қой...

– Аа есімде, – дей салды.

– Неғып тұрсыз, апарып тастайын? – деп қолындағы телефон трубкасын әрі-бері айналдырды. – «Апар» деген жеріңізге апарып тастаймын. Ертағаның досысыз ғой..

Жүрегі жылып сала берді. Жан-жағына жалтақтап қарағаны сол еді, бағанғы жігіт жетіп келді. Ыржындап күлді.

– Әй, Сметана, пассажир ұрлағанды қойсаңшы...

– О, Берік, сәлем. Кешке үйдесіңдер ме?

– Иә, үйдеміз. Алмагүлдің подругасына барып қайтайықшы деген. Кілт казір құдықтың басында бір тас тұр, соның астына бастырып қоямыз. Ертерек келсең, монша жаға сал...

– Ағаны мен апарайын, а? – деді досына жалынғандай...

– Әй, Сметана, досым-ай, кімде кошелек барын білесің а?! – деп, ақкөңіл жігіт қарқылдай күлді, – Менің пасажирларым Талғар жаққа Тұздыбастауға барады екен. Ағатай, ренжімеңіз, өзім апарып тастаушы едім...

– Жоқ, Сметана досың апарарды ғой, – деді ойында ештеңе жоқ. Таксист жігіт ал кеп күлсін.

– Менің атым Дәулет, – деді бұрыннан таныс екенін білдірген жігіт қызарқтап, – Аға, жүреміз бе?

– Кеттік...

«Шырша түбінде қаз қатар отырған қазақ қыздары дәл бір жоқтау айтқандай, «Кришна», «Кришна» деп қала берді».

– Аға, көрдіңіз бе, мына «Кришнайт» қазақ қыздарын, ертең бұлар кімнен бала табады, тапқан баласы саналы бала бола ма? Құрып барамыз ғой, аға-ау, құрып барамыз, – деді Дәулет.

Жолда келе жатып Дәулет жан-жағына қараумен болды.

– Не болды, бауырым, жан-жағына жалтақтап?

– «Обменный пунктке» қарап отырмын да, доллар бүгін елу тиынға өсіпті... Кеше жеті де елу еді бүгін сегіз мың теңге боп кетіпті... Ол ақшаны табу үшін таңертеңнен кешке дейін шапқылап жүрміз...

– Доллар жинап жүрсің бе?

– Иә, аға, теңгеге сенім бар ма? Ертең бір доллар жүз теңгеге бір-ақ секіrmесіне кім кепіл? «Каменканың» жоғарғы жағынан жер алғанмын... Ертаға ағамнан бір керемет дачаның жобасын алғанмын..

– Ол ағаңмен қашан кездесіп жүрсің?

– Осы көктемде Алдияр аға үшеуіміз Ақсуаттың тау– тасын мына көкқасқамен араладық қой... Бір ауылға жетеміз де, атқа мінеміз. Алдияр ағаның бауыры Берікжан бәрін дайындап қояды. Керемет болды...

– Сметана, – деді жас жігіттің атын ұмытып қап, – Бензин күймаушы ма едің...

– Болады, қазір бұрылайын.. Сіз отыра беріңіз, мен де он литрлік талон бар еді..

– Жоқ, әуре болма, бауырым. Мен жасап берейін...

– Бес литр жетеді, аға...

Телжан көліктен шықты да, бензин құятын жігітке «Мына машинаның багына қанша бензин сияды, сонша толтыр» – деді.

– Оператор әйелге бір бакка жететін ақша беріңіз де, жанында тұрыңыз. Мен қолымды көтергенде тоқтатады. Жетпей қалса, төлейсіз. Артылып қалса, маған шайлық бересіз, – деп жас жігіт көзін қысты...

Телжан оның айтқанын істеп, кабинаға кіргенде Дәулет ренжи сөйледі.

– Аға, мынауыңыз не? Біз мына бензинмен екі-үш күн шапқылаймыз. Мына талонды алыңызшы, ұят болды –ау...

– Қой, бауырым, о недегенің? Бауырым емессің бе? Оның үстіне алдымнан шықтың?

– Қарсы алдыңыз дейсіз ... Онда жолаушыға шай беру менің міндеттім ғой... Екі кварталдан кейін ұйғырлардың кафесі бар, тамақтары мықты, сонда барайық...

– Барайық, сен өзімнің бауырымсың ғой. Жүз грамм ұрып алғым кеп тұр! – деп шындығын айтты.

– Оо, Сіздерді түсінемін ғой.. – деп Дәулет жылдамдықты үдетіп жіберді.

– Бауырым, ақырын... Келін сол кафеде істеуші ме еді?

– Жоға, аға, мен үйленбегенмін...

– Сөйлесіп жүрген қызың бар ма?

– Иә, қалыңдығым бар... Әзірге «үйленейік» деп айтқан жоқпын. Ақсуаттан келісімен Ертаға көкем қатты риза болып, мың долларға «Верхний каменкадан» жоғары жерден бір орыстың кемпірінен дача мен он соттық жерді Алдияр ағама алып берген. Ақын көкеміздің мінезі қызық қой. «Мен сендерге орыстың Иваны емеспін жер тырмалайтын» деп менің атыма жаздырды... Үйленгенше он соттық жерге бір времянка салсам, ақша болады ғой... Қазір орыстың кемпірінен сатып алған дачаны бес мың долларға сұрап отырғандар бар. Оны жалға беріп қойдым. Жақында екінші жерге ақы-

рындап құрылысты бастаймын. Бар нәрсе басын жоғалтпайды ғой...

– Тойыңа шақырасың ғой...

– Спесокта барсыздар, аға, бірақ той «Чупа-чупста» болады, келе алсаңыздар...

– Ол қай жердегі ресторан?..

– Ол менің туған жерім, – деп күлді. – Семейдің Шұбартау ауданы...

– Аа, білемін. «Комсомол жастар бригадасын» бастаған аудан ғой...

– Әй, ағай, қайтейін?! Сізде айтасыз-ау. Өзіңіз ойлаңызшы, мектепті жаңа бітірген бала, қолындағы аттестатын тастап, «қой бағамын»деп жұлқынып шыға келе ме? Олардың ата-анасы жоқ па? Ағалары, әпкелері жоқ па? «Арманыңнан адаспа, айналайын» дейтін. Совет өкіметінің қазақ жастарының оқусыз, білімсіз, ауру, ой-санасы төмен болсын деген ниетінен туған проектылары ғой.. Совет өкіметінің ең кеш орнаған жері біздің Шұбартау ғой... Беріспей «көтерілістен – көтеріліс» жасаған ғой... Мырзахан деген ағамызды Совет өкіметіне қарсы көтерілісте Хан сайлаған.

Дәулеттің даусының қатты шыққанынан Телжан оның ренжіп қалғанын байқады да, әңгімені басқа жаққа бұрып жіберді.

– Бауырым, Алдияр ағамызбен туысқансыздар ғой

– ?

Бұрылыстан сызылып келе жатқан көлікті босатып жіберді де, Дәулет артына бұрылып, – Аға, не дедіңіз? – деп сұрады.

Телжан сұрағын қайталады.

– Аа, – деді Дәулет дауысын созып, – Туыстығымыз былай ғой... Алдияр көкем маған негізінде жезде, бірақ, ол кісіні «аға» деймін. Ол үйдегі Күлзия апай мен менің шешем екеуі туған бөлесі... Менің нағашы апайым... Ал, Ертаға досыңыз Күлзия апайдың бауыры. Бір Мотыштың балалары ғой...

– О, екеуміз, тіпті, жақын болдық қой...

– Келдік, аға, –деп Дәулет көлікті тоқтатты.

– О, біздің үйге де барсақ болар еді, – деді.

– Жоқ, аға, жаңа қоныстанып жатырсыздар. Кейін келінің екеуміз шашуымызды алып барамыз. Биыл Әсемді алып барайын деп отырмын. Алдымен Түркістанға барып, зиярат етіп, Астанаға бір-ақ барсам... Бір жақсылап қыдырып, қайтар жолда Қарқаралы арқылы келе жатып, солға бұрылып кетемін де, «Шұбартау қайдасың?» деп тартып кетпейміз бе Әсем екеуміз. Босағаны бір аттатып алғанан кейін той қамына кірісеміз. Барлық сметасы жасалып қойылған, чики-чики болады бәрі...

Екеуі ішке кірді де, жоғарғы жақтағы кең үстелге отырды. Даяшыға ас мәзірін қарап отырған Дәулет сұйық лагман, бір шәйнек шай, оны-мұны тапсырып, бір бөтелке арақты қосты...

– Ой, Дәулет бауырым, оның бәрін кім ішеді?

– Алдыңызда қалсын...

Даяшы зыр жүгіріп жүр. Бәрін әкеп, үстел үстіне қойып... Мойны ұзын бөтелкені қылтамағынан ұстаған күйі Дәулет жымыып күлді де, – Аға, қырып салмаймыз ба? – деді.

– Не дейсің? – деп көзі бақырайып, Телжан оған таңдана қарады.

– Алдияр ағамен көп кездеспегенсіз-ау?

– Расында ол кісіні білеміз ғой талантты ақын екенін. Бірақ, біліңкіремейді екенмін.

– Оны байқадым. Қырып салу былай, – деп үлкен стаканға шүпілдетіп арақ құйды. Құйды да үстінен әрі-бері пышақтың жүзімен қырды. – Міне, осыны қырып салу деп айтады. Ал енді тартып жіберіңіз, братан.

Телжан күлкісі келсе де, бойын жинап жас жігіттің көңілін қалдырғысы келмей, бірақ тартты.

Оны-мұны келген кезде Дәулеттің телефоны шырылдады.

– Аға, отыра бересіз бе? Мені келініңіз Әсем шақырып жатыр. Подругасының ағасы Айдын Жомартовичтің үйінде екен... Мен Тастаққа барып келейін.

– Ой, келінді ренжітпе бар, бар. Менің сөмкемді әкеп бересің бе?

– Сіздің сөмкені қасқыр жей ме, жата берсін салонда, асықпаңыз... Қазір Айдын Жомартович мазғаны итереді. Бір

қырт әкеннің... Құлақ шекесінен бірақ тартар едім, Әсемнен ұят құрбысының ағасы..

– Үлкенді сыйлау керек

– Профессор болса, өлейік пе? Маған, «өкіметке налог неге төлеймесің?» дейді еше..

Осы кезде телефон шырылдады. Дәулеттің жаны шығып кете жаздады.

– Әсема, қазір келе жатырмын. ГАИ тұр, – деп трубкуны жаба салды.

– Аға, алаңдамай отыра беріңіз... Девушка, мен төлеймін ақшасын..

– Мәйліңіз, ака...

...Телжан жалғыз. Ойланды. Дұрысы, кеше Ертағамен ауруханада кездескенін есіне түсірді.

– Сен мені дұрыс түсін. Менің «Ыстықкөлдiң салқыны» деген повесiм жеттi, – дедi Ертаға – ...Ол кезде Айко екiншi балаға аяғы ауыр едi ғой.. Алты айлық едi мерзiмi.. Енеміз келдi де, астаң-кестеңiн шығарды. Ондағы маған қойған кiнәсi «Қырғызстанда әйелiң бар екен» – деп базардағы қатындар айтты дейме... Үшiншi күнi Айко мұрттай ұшты. Төртiншi күнi жедел жәрдеммен ауруханаға апарды. Түсiк тастады. Қан қысымы қатты көтерiлiп кетiптi. Баланы өз қолыммен жерледiм. Өзiм сүйегiне түстiм. Ұл бала екен.. Жерлеп жатқанда ақ шүпiрек ашылып қалып башпайларын көргенде.. не болғанымды бiлмеймiн. Ендi Әйгерiм бала көтере алмайды ешқашанда... Үйде ұйықтай алмаймын... Тiптi, бiрге отырып тамақ iше алмайтын дәрежеге жеттiк...

«Бiз сенi түсiнбеппiз ғой, Ертаға досым...» – деп iшi удай ашыды. Ақырын жан-жағына қарап алды да, үлкен стаканды орталап тағыда iштi.

Ишiн тiлiп ақ түстi.

Даяшыны шақырды.

– Қай ауылдың қызысың? Атың кiм?

– Эльмира. Меркеденмiн, әка, – деп қолын кеудесiне қойды да, – тыңдап тұрмын.

– Әлгiндегi мантиңды әкелшi.

– Бiраз күтесiз...

Телжан келіскендей басын шұлғыды. Ертағаның денсаулығы үшін бірді тартты. Ойланды. Ұзақ. Ойланып отырып, есіне нелер келіп, нелер кетпеді. Қайран досы Ертаға-ай! Қандай ақкөңіл, қандай бауырмал, елдің бәріне жақсылық жасап, жалпақтап, бір түйір нанын бөліп беретін ақкөңіл досы неге ғана солай болды екен, а? Ойланды. Ұзақ. Ойланып отырып, сонау бір кезде Өскеменде тұрғанда бір күні Ертаға келіп, түні бойы бұған өкпе айтқаны есіне түсті. «Сен қорқақ, жалтақсың. Өзіңнің пікірің жоқ. Сен білесің бе, екі дос орманда келе жатып, алдынан аю шыққанда, біреуі ағаш басына өрмелеп кетіп, екіншісі жерде өлген болып жата қалғанда аю иіскеп, тиіспей кеткен. Досы: – Аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады? – дегенде: – «Қиын жағдайда сатып кететін адаммен жолдас болма» – деп айтты, – дейді емес пе. Мен де сендей адаммен дос болып жүрген ақымақ екенмін», – деп есікті тарс еткізіп жауып кетіп еді ғой.

– Әка, міне мантиңыз, – деді Эльмира иіліп.

– Маған шай әкеліп беріңізші. Сүт қосыңыз, ашылау болсын, – деді.

– Хоп, мәйлыңыз.

Ойланды. Ұзақ. Ойланып отырып есіне түсірді. Ертағаның бір кітабы шыққанда бір ауыз сөз айта алмады ғой. Дұрысы – айтпады. Министрлікте отырып қаншама адамның кітаптарын мемлекеттік тізімге кіргізгенде, досының атын жазбады. Неге? Жазғысы келмеді. Келмеген емес – елемеді. Оның үстіне «досын кіргізіп жатыр» десе сұмдық қой... Маған кету керек бұл министрліктен...

Ой, ой. Ойлар...

– Официантка! – деп айғайлады бір кезде.

– Не боп қалды, әка? – деп үзіліп даяшы келді. – Не болды, әка?

– Счет ақел...

– О не керек? – деп төбесінде төніп Дәулет тұр.

Жарты сағаттан кейін ұйғыр қыздың қолынан сүйіп, кафеден шықты. Тілеуің бергір, Дәулет «Әсем», «Әсем» – деп әңгіме айтып үйіне жеткізіп тастады.

– Ур-ра, папам келді! – деді, есіктің алдынан кіші ұл қуанып...

- Амансың ба, балам? Үйде кім бар?
- Үйде қонақтар бар, папа, – деп сыбырлады.

Үйге кірді. Танымай қалды өз үйін өзі. Қонақтар мез-мәйрам болып қарсы алып жатыр. Алдынан Аманжол шықты.

– Әй, қайда жүрсің? Енді болмаса қайтайын деп жатыр едім. Аэропорттан қарсы алуға бардым. Онда жоқ екенсің.. Үлгермеген екен деп ойладымын... Оның үстіне бензин жоқ.

Жаналап қайта дастарқан жайғанмен, отырыстың сәні болмады. Бәрі бұған жалтақ-жалтақ қарап, шаруаларын айтып, бір-бірлеп қайта бастады. Төрде отырған егде әйел адам:

– Қарағым, Телжан, келін екеуіңе Құдай айдап, көрші болдық. Талдықорғандағы екі қабатты үйімізді, балалардың мал-мүлкін сатып, әйтеуір мына үйге қолымыз жетті. «Талдықорған областной центр емес» деп балалар – бәрі осылай қарай үдере көшкеннен кейін мал-мүліктің барлығын сатып, осылардың баласын бағайын деп келгенім ғой. Бала-шағасының қызығын көрсін, Абрам Моисеевич әйтеуір, біраз ақшасын түсіріп, үйін сатты бізге.

Телжанның арқасы мұздады.

Көрші кемпір бата берді. Қонақтар тарады. Аманжол да рұқсат сұрап ұлы екеуі қайтуға ыңғайланды.

- Әй, отыра тұрсаңшы. Жамал қайда, өзі?
- Ой, оны қайтесің? Басы ауырып жатыр үйде. Давление дей ме баяғы, өзін білесің. Мен келсем болды емес пе саған?
- Онда, мен ертең «Шаңыраққа» барам, біздің моншаны жағып қой.

– Жаға алмаймын, – деді Аманжол.

– Неге, неге жаға алмайсың? Отының жоқ па немене?

Аманжол еңкейіп оның құлағына сыбырлады: «Райхан ол үйді сатып жіберген».

«Сатып жіберген, сатып жіберген. Райхан сатып жіберген... Райхан, сатып, сатып...»

Құлағында жаңғырық.

Телжанның іші удай ашыды. Көзіне ып-ыстық жас келді. Тамағына өксік тығылды. Аманжолмен қоштасар-қоштаспастан балконға шықты...

«Вишня, вишня,
Зимняя вишня...»

Басы айналды. Ауа жетпей барады. Аяқ киімін киіп жатыр еді, екі ұлы екі жағына жармаса кетті. «Сендер мені сыйламайсыңдар,» – деп бұлқынды. Әйелі бұрқ-сарқ. Көз алдында дүние дөңгелеп бара жатыр. Аяғын нық басты... баспалдақпен төмен қарай кетіп бара жатыр... бара жатыр...

...Шөлдеп жатып оянды. Бүйтіп оянғаны бар болсын. Алақ-жұлақ етіп жан-жағына қарады. Ай жарығын өткізген әдемі перде. Костюм-шалбары орындықтың басында ілулі тұр. Ойбай, маскара, кеудесінде әйелдің әппақ қолы жатыр. Әйелге бұрылып қарауға шама қайда? Мәрмәрдай аппақ әйел қолын ақырын сырып тастады да, тез-тез киінді. Галстугын түзер-түземестен, нәскиін іздеді. Жоқ. Таппады. Аяғын ақырын-ақырын басып, есікке қарай бара жатыр.

– Қайда барасың?

Селк ете түсті. Бар күшін жинап, мойнын бұрды.

Райхан басын қылтитып, көрпеден шығып келе жатыр.

– Қайда барасың?

– Туалетке.

– Сонда осылай киініп барасың ба?

– ?

– Бар, енді, барып кел.

Түнемелден сүйретіліп шығып, сүмірейіп қайта кірді. Шешінді.

– Терезені ашып, пердені сырып тасташы, ауа кірсін үйге, – деді Райхан. Келіншегінің айтқанын істеп орнына келіп жатқан болды.

– Ал, сөйле...

Телжанда үн жоқ. Тілі байланып біраз жатты да: – Мына пердені «ЦУМ-нан» алдың ба? – деді.

– Жоқ, көрші қатын берді.

– Қай?...

– Әлгі сен үйіне қона жатып, «Вишня, вишня» деген кезде қанден күшік сияқты құйырығыңды бұлғаңдатып билейтін, сайқал қатын ше...

Телжан өлді. Өлген жақсы ғой, жүрек соғып тұр, құлақ естиді, бірақ бүкіл денесі мұз. Тас. Қозғалмай жата берді.

– Енді, сен мені тыңда, – деді сұп-суық біздей саусағын күйеуінің бүйіріне тіреген Райхан. – Енді менің айтқаным болады. Ол қатынды бүгіннен бастап ұмытасың. Мен сені Алтайға шөп шабу үшін емес, мына бес байдан шыққан шибұт қатыннан құтқарайын деп жібердім. Бір жыл осында Алматыда тұрасың. Үйді жекешелендіріп алайық... сосын Астанаға жұмысқа барасың. Семейдегі досыңды ұмыт. Одан енді саған пайда жоқ... Ауылдағы оралмандар тұрып жатқан Атамның үйін жекешілендіріп алып жерін кеңейтіп құжаттарын дұрыстап қояйық. Оралман ағайындар тұра берсін.. Қайынағамның екі қызын қолымызға алайық. Үлкен қыз Нұргүл «Тәте, өскенде модельер болғым келеді» дейді. Екінші қыз да бойжетіп қалды, қолымызда тұрсын, өзім тәрбиелеймін.. Салақ шешелері не үлгі көрсетеді. Қайран, қайнағам қандай жақсы адам... әттең, жаман салпы етек қатынға қор болды... Бізге уақыттың талабына сай өзгеру керек. Әркімнің өз шындығы болады...» Шаңырақтағы «үйді сатпағанда ақшаны қайдан алады екенмін... Соның бетіне қарап отырамыз ба? Бағана нағашым «Телжан келсе ғана барамыз, үйдің иесі жоқ кезде неге қонақ шақырасың» дегенде ыза боп жылағаным шындық... Бірақ, ойлап қарасам нағашымдыкі дұрыс екен..

Құрысын бәрі, «жыртық үйдің құдайы бар» деуші еді апам енді осы үйді ұқсатайық... Біржан қайныма қамқор болайық... өмірге ұмтылып тұр... Жақында ауылға барып қатын түсірейік... Сосын қайнағамының екі қызын алып қайтамыз... Есінде болсын, Ертаға досыңа жолаушы болма?

– Олай демеші, ол бізге...

– Пішту, онсыз да таңымыз атып, тауығымыз шақырған. Жолатпа оны осы үйге. Бөлмелерді адыраспанмен аластап, тазалап қойдым.

Бағана Семейден Әйгерім звондаған. Байқұс досың сүйретіліп үйге? жанында дәрігер мен нотариусы бар дейді. Жарты күн отырып барлық ақшасын, дүниесін Әйгерімнің атына жазыпты. Қаншама дүние дейді. Ақмолада құрылысқа ақша салып, екі бөлме, үш бөлмелі үйлердің қағаздарын... Семейден он екі дачаның қызының атына көшіріп беріпті. Талғарда бір дача мен Баянауылда бір гектар жерді

өзіне қалдыруды рұхсат сұрады дейді. Мұншама дүниені қай уақытта жинаған... Саған екі миллион теңге беріпті ғой «кітап шығарып берші» деп. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» – деген ертең қайтарып таста ақшасын... Сенің ана қатынға ұрынғаның сол досыңнан алған тәрбиенің... «Егер де жазылсам, жазда Баянауылда боламын, қыста Талғарда тұрамын» депті. Өліп қана қалмайды екен есалаң қайыршы, менің подругамның жастық өмірін құртты... Не деген ит жанды мынау а.. «Әйгерімге айттым Алматыға кел, сонша ақшамен Семейде қалма» деп. «Айжанканың болашағы үшін үлкен қалаға келгенің де дұрыс қой» деп айттым.

Біздің астыңғы қабаттағы апай бір мектептің директоры екен, араласайық. Мен өстіп базарда ала қап арқалап жүре беремін бе? Дипломым бар, мектепке жұмысқа шығайын, жоқ әлде ана қатынды орналастырасың ба?

— ...

Райхан иығы селкілдеп жылады. Ол келіншегін не жұбатарын, не жұбатпасын білмей үнсіз жатыр.

Күз келді ме, қыс келді ме, терезенің саңылауынан суық жел соға бастады...

1998 жыл. Алматы

2016 жыл. Астана

ҰЛЫ ЖЫЛЫ

...Біздің қалаға самолетпен келгеніңіз есіңізде ме? Әуе кемесінің терезесіне иегіңізді сүйеп, ұлы Ертіске қарап, ойланып қалып едіңіз.

Көз алдыңызда басын мұң торлаған қарағайлар мен өңештерінен қою түтін будақтаған завод-фабрикалардың сояусою мұржалары, бір-бірінен аумайтын қорап үйлер. Қолаяғын бауырына алған самолет қонуға ыңғайланған кезде бағанадан өзіңіз көріп отырған сұп-сұр көп қабатты үйлерден сәл жырақтау тұрған қып-қызыл үйді байқап қалып үңіле түсіп едіңіз.

Ол – біздің редакция.

...Мүмкін, Сіз Түркісіб жолы арқылы біздің қаламызға пойызбен келген шығарсыз. Таспадай тартылған темір жолмен тағасы тақылдап Ұлы Ертіс үстінен салынған аспалы шойын көпірді солқылдатып өтіп бара жатқан пойыздың терезесінен ағып жатқан өзенге қарап ойланып кетіп едіңіз. Отарба басы жағалауға келген кезде онша қашық емес көне сәулеттік сипаты бар қып-қызыл қос қабатты үйді көріп қалып едіңіз ғой. Ол – біздің редакция.

...Мүмкін, Сіз біздің қалаға автокөлікпен келген шығарсыз. Көпірден өткеннен кейін «ГАИ бекетіне» бір бөгелесіз, содан соң оңға бұрылып, екі көше төмен түссеңіз, біздің редакцияның қызыл бөркі бірден көрінеді.

Қалаға жаяу келсеңіз, облыстық газеттің мекемесін бірден табасыз. Өйткені, қоғамдық көліктердің белдік босатып, бел шешер жері біздің редакциядан жүз қадам жерде.

Бұрын аялдамада тұрған адамдардың басым көпшілігі біздің газетті оқып тұрғанын көретінсіз. Былтырғы тиражымыз 50 мың еді. Биыл қақ жартысын жоғалттық. Бар-жоғы 25 мыңға әрең жетті. Облыстың бірінші басшысы барлық аудан-мекемелерге бұйрық берді.

Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, СССР Журналистер одағының барлық мүшесі жүгірдік. Болмады. Былтырғы тиражды жинай алмадық. Басекең сыр білдірмеген болғанмен, бәрімізге оңай тиген жоқ.

...Шаруаңыз болып редакциямызға келсеңіз, «Не деген ғажап жандар, журналистер қандай мәдениетті адамдар!» – деп риза болатындарыңызды білеміз. Ішімізде ит өліп жатса да ешкімге сыр білдірмейміз. «Бас жарылса, бөрік ішінде» – деген Басекеңнің бұйрығы бар. Бұйрық деймін-ау. Тәртіп.

...Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз Сізді мұқият тыңдап, «Бастық бос емес», «Бастық обкомда», «Телефонмен сөйлесіп жатыр», «Жауапты хатшыға жолығыңыз!» – дейді.

...Жауапты хатшыға барғаныңызда, шашы сұйық, шегір көзін сығырайтып қағаз бен көк түтіннің арасында отырған арық жігіт Сіздің сәлеміңізді естімеген адамдай отыра бергеніне ренжімеңіз, мінезі солай. Есесіне қанша уақыт сөйлесеңіз де, сөзіңізді бөлмей тыңдайтынына мен кепілмін. Ол сізді не бөлім меңгерушілеріне немесе кәсіподақ төрағасына жібереді.

...Кәсіподақ төрағасы керемет адам. Көзіңіз жетеді. Үлкенкішіге бірдей. «Кешке үйге келіп келініңіздің қолынан шай ішіп кетіңіз», «Үйге кел, бауырым, тәтенің дастарханында отырып әңгімелесейік» – дейді.

Бірақ, ештеңе шеше алмайды. Оны өзі де, өзге де біледі.

...Мені іздегендер соңғы уақытта ештеңеге түсінбей жүр. Шынымды айтсам, өзім де шатасып қалдым. «КазГУ»-дің журналистика факультетін бітірген сияқты едім. Жауапты хатшы мені баспаханаға қуады. Ойнап та, ойландырып та айтып көріп едім курстасым қайырылмады. «Қаншама жаудың ішінде екеуіміз ғанамыз, бес жыл бірге оқыған жан досымсың, осыларға мені талатып қойып қарап отырарсың ба?». Екі бетім ду ете түсті. «Қайдағы жауды айтып отырсың?». Ол күледі. «Әй баласың ғой». Шынында шаршадым. Екі жыл заңды демалысымды алған жоқпын. Қысы-жазы шапқылау. Тым құрымаса іс-сапармен ауыл-аудандарға жіберуді қойды. Танертең жұмысқа келе сала бөлімнің материалдарымен «диктовкаға» отырамын да түстен кейін баспаханаға кетемін. Түнімен «ТАСС»-тың хабарын күтіп сарылып отырамыз.

Екі-үш сағат ұйықтаған боп қайтадан жұмысқа келемін. Бүгін де жұмысқа шаршап келдім. Ертеңгі сенбілік нөмірге кетіп бара жатқан «ЦК» материалдарын оқып отыр едім, көзім қарауытты. Кенет, ... жүрегімнің тамырлары бырт-бырт етіп үзілгендей болды. Бүк түстім.

Корректор қыз-келіншектермен бірге түпнұсқа қарап отырған курьер шал жанымға жетіп келді.

– Не болды, бауырым?

– Жү-ре-гім.

– Түү, түрің бозарып кетіпті ғой. Әй, қыздар, су әкеліңдер. Бәрі үрпиісіп тұр. Қиналып барамын. Қол-аяғым ұйыды.

– Не қарап тұрсыңдар, тез су әкеліңдер.

Бетіме бүркіп жіберген сұп-суық судан соң есімді жиғандай болдым. Қыздар қара шай әкеп берді. Аздап демалғасын өз-өзіме келгендей болдым. Қайтадан шаруаммен шұғылданып кетіп едім, шамам жарты-ақ сағатқа жетті. Бағанағы бағана ма басым айналып, локсып құса бастадым.

Бәрі шу ете түсті.

– Жедел жәрдем!

– Су, су әкеліңдер!

– Арақ ішпеуші еді ғой?!

– Шуламаңдар! – деген курьер шалдың дауысын ап-анық естідім, – Сабыр етіңдер.

Әп-сәтте ауруымнан айығып кеткендей болдым. Тек екі аяғым зілдей.

– Түү, адамның зәресін алдың ғой, кеше бір жерде болып па едің?

– Жоқ, аға.

– Қоя тұрыңдар, шуламай – деді шал. Сен, бала, үйіңе қайт. Қалған жұмысты ел емеспіз бе, бітірерміз. Әлгі кезекші шопыр қайда? Шақырыңдар!

Баспахананың автобусы зыр етіп үйге әкелгенмен, алтыншы қабатқа әрең көтерілдім. Есікті ашқан әйелімді қаға-маға диванға құлайын. Басым, жүрегім әкетіп барады. Бейшара халымды көрген Мақпал телефонға жармассын:

– Алло, жедел жәрдем... кешіріңіз, – одан әрі қарай өрт сөндірушілердің, қалалық анықтама, еларалық байланыс нөмірін, қойшы әйтеуір, есі шығып жүріп жедел жәрдемді тапты-ау.

– Неге жауап бермейсіздер? – деп жазғырып алды да, жағдайды тез-тез айтып шықты. Тілеуінді бергір «жедел жәрдемшілер» біздің үйдің маңында жүрген бе, жетіп-ақ келді.

– Иә, ағай, не боп қалды? – деді кірпігі ұзын келіншек, – Қайда істейсіз, газетте, біз туралы жазбайсыз ба? Кәне тіліңізді, дүр-е-е-с, демалыңыз тереңірек тағы.

Қобдиша көтерген екінші қыз үн-түнсіз. Есінеп қойып, өзімен-өзі отыр. Мақпал дәрігер келіншектің қимылын бақылап әлек. (Дәрігерлер үйге келісімен дертімнен айығып бара жатқандаймын).

– Жұмысыңыз ауыр болар, шамасы?

– Ағаңыз екі күн қатарынан баспаханада кезекші болған.

Қабағымды шыттым.

– Ағай, сізге демалу керек, жүрегіңізге салмақ түскен. Қағаз жазып берейін, ертең ЭКГ-дан өтіп алыңыз.

– Алғашқы көмек ретінде дәрі-дәрмек бермейсіздер ме? – деді Мақпал көзі жыпылықтап.

– Ештеңе етпейді, бүгін жақсылап демалсын, таза ауада серуендеу керек, ең дұрысы – қармақ салып, балық аулаған. Өзірге қорқатын ештеңе жоқ...

– Рахмет, айналайын, – дедім ризашылығымды білдіріп.

– Қолымды жуып алсам.

– Жүріңіз.

Орнымнан жайлап тұрып, дәрігеріме аздап қызмет жасап жібердім.

Қалғып отырған қарындас қобдишасын көтеріп, үн-түнсіз үйден шығып кетті. Кірпікті келіншек дәлізде тұрған айна алдына бөгелді.

– Сіз, сондай әдемі жансыз.

– Рахмет, ағай, сіз болмасаңыз, мені кім көзіне іледі.

Баспалдаққа дейін шығарып салып үйге кірсем, босағада аузы бұртиып келіншегім тұр.

– Сен осы рас ауырдың ба?

Ыза боп кеттім. Буын-буыным қайтадан дір-дір ете бастады.

– Бағана өліп қалмағаным өкініп тұрмын.

– Саған укол салмақ түгілі, дәрі де берген жоқ қой...

Бұдан әрі қарай сөзді көбейтпей түнемелге кіріп кеттім.

Ашу тарқар емес. «Қайдан ғана осы газетке келіп едім? Курстастардың бәрі Алматыда, мен болсам...»

Көңілдің қоңыр қазы құс керуеніне ілесе алмай қамығып, қанатын әлсіз қағады.

«Курстастардың...»

– Әкең қатты ауырып жатыр, жанына жатпасаң болмайды, – деп ұйқылы-ояу кішкентай қызымды қасыма жатқызып кетті. Маңдайынан, пысылдаған құртақандай танауынан иіскедім. «Мен өлсем, шешең екеуің не боласыңдар?!...» Жүрегім шаншып-шаншып кетті. «Қайтіп өмір сүресіңдер?» Балам тәтті ұйқы құшағында. Көрпесін қымтап орнымнан тұрдым.

Кең бөлмеге кіріп, әрі-бері сенделейін. «Неге баспаханадан шықпаймын? Екі күннің бірінде мені кезекшілікке жібереді. Қолымнан мақала жазу келмей ме? Бір жылдан асып барады, газет тілшісі болып жолсапарға шықпағаным». Телевизорды қостым. «Сүйгенім-ау, қайда жүрсің?» Белгілі жылауық ән. Байыз таба алар емеспін. (Мақпал ваннада шомылып жатыр). Барды ашып, орта кесе коньяк ішіп едім, ішімді тіліп түсті. Сәлден соң, маңдайымнан шып-шып суық тер шықты.

«Бұл қалай болғаны? Өз қолыммен макетке салып, баспаханың ең соңғы талаптарын өтеп, оқырмандарға жолдама алған үш жүз елу жол әңгіме қайда кетті? Авторға не демекпін? «Түнде ғана бар еді, таңертен нөмірден жоғалып кетті деймін бе?»».

Жүдеу көңілдің жетім күшігі бұрыш-бұрыштан ұлыған кезде жанымды қайда қоярымды білмеймін.

Тағы да жарты рюмка коньяк іштім. Осы «зәм-зәм» суға туған күнімнен бері ернімді тигізіп тұрғаным осы. Керемет ұнады. Бойым жеңілдеп сала берді. Телевизордың түймесін ағыттым.

«...Шықпасаң, шықпа алдымнан, мен саған өкпелемеймін...». Көңілім көтерілді.

«Шырқа қарындас, шырқай түс. Алдыңнан шықпаса өкпелемегенің дұрыс, өз обалы өзіне».

Кітап сөресінде тұрған альбомды алдым. Студенттік шақ. КазГУ. «Біздің бөлмемізде кімдер тұрады екен? 307. Терезесі Алатауға қараған бөлмемізде арманшыл, талантты жастар тұрып жатқан шығар».

Алғашқы оқуға түскендегі суретім. Жүдеген екенмін. Үсенов Бауыржан өлең оқып тұр. Біз оны Есенинге ұқсатып Үсенов деп айтатынбыз. Қызылорданың Бауыржаны, Аягөздің «жындысы» – Досымхан ... мынау Ләззат.

Ләззат! «Сен қайда жүрсің? Осы суретті кім түсіргені есімде жоқ. Сірә, Медеуден қайтып келе жатқанда түскен болуымыз керек. Басын менің иығыма сүйеп, еркелеп тұрғанын карашы».

Ләззат, «Сен қайда жүрсің?» Осы фотаны орыстың шалы түсірген. Есімде. Орталық бақта қыдырып жүргенбіз. Бізді қуып жеткен орыстың шалы ентігін баса алмай, әрең сөйлеп:

– «Сіздерді суретке түсіріп алуға бола ма?» – деп өтінген.

– «Газетке ме?» – деп сұрадым.

– «Жо-жоқ, фототілші емеспін. Пенсионермін. Айналайындар, мені дұрыс түсініңдерші, ақшада алмаймын, сендердей жарасқан жұпты көптен кездестірмеп едім».

– «Жынды ма, мына шал», — деп ойладым.

– Түсейікші, – деп Ләззат қиылып тұр.

– Тегін фотоға түспеймін, – деп қырсықтым.

– Жас жігіт мені дұрыс түсініңізіші.

– Не болды саған, үлкен кісіні сонша ренжітіп?

Ләззат мені қолтықтап алды. Шал фотоаппаратын шатырлата жөнелді. Бейне бір алақанын ашқан сайын қанатын қақтырып кептер ұшырып жатқан сиқыршы сияқты. Бір кезде Ләззатті менен бөліп алды да, әртүрлі қимылдар жасатып түсіре бастады. Шалдың бағанағыдай емес қимылы ширақ. Пленкасы бітті. Сәкіге барып отырды.

«Анна, Анна, бері келші. Мына жастарға қарашы. Тіл-көзіміз тасқа. Осылар бақытты болсын деп тілейік».

– Үйге жүріңіздер, – деп өтінді кемпірі.

– Рахмет, біз асығыспыз, фотоны қашан сатып аламыз. Шал ашуланды. Қатты кетті.

– Анна, мына жас жігітке қой деші, әйтпесе, сенің таяғыңмен басынан бір-ақ саламын.

– «Ленин сарайының» артында тұрамыз, Шевченко деген шалды сұрасаңдар, сол жердің иті де біледі – деді кемпірі.

Арада он күн өткен соң стипендия алдық. Ләззат күтпеген жерден бөлмеге келді.

«Қайда жиналдың?»

«Фотограф шалды іздейміз, тегін десем тулайсың ғой».

Бір сағат іздеп шалдың тұрағын тауып аддық. Шап-шағын кірпіштен өрілген әдемі үй. Бізді көре сала кемпірі жылап жіберді. Шал осыдан бес күн бұрын қан қысымынан кетіпті... Төбе шашым тік тұрды. Кеше ғана бізді қуып жетіп фотоға түсірген шал жоқ. «Ең соңғы түсірген суреті сендерсіндер. Сенің бейнеңді бойжеткен, өмір бойы іздеді. Соғыста жараланғанда жау шебінен қырғыз қызы арқасына салып, алып шыққан екен. Сол қыз дәл сенен аұмайды деп шал түнімен гармонмен майдан әндерін айтып еді. Амал қанша, мені тастап кетті. Жас кезінде сұлу әйелдің етегін көрсе аса елгезек болып кетуші еді. Ол жақта да жүрген шығар мекиен көрген қоразға ұқсап...»

Шалды «еске алайық» деп кемпірі бір бөтелке ақ арақ ашты. Қырлы стаканға шүпілдетіп құйды. Ләззат сыртқа шығып кетті.

«Кел, біздің дәстүр бойынша қағыспай алып қоялық». Кемпір бір-ақ тартты. Ептеп ұрттаған болдым. Досымханды ертіп келмегеніме іштей өкініп отырмын.

– Неге, ішпедің?

– Асқазаным ауырады.

– Мүмкін, самогон ішерсің, таза бидайдан ашыттым.

– Басымды шайқадым.

– Өлгі құрбын қайда? Шақыр, фотоларыңды берейін.

– Өзі өте әсершіл еді. Шалыңыздың қазасы ауыр тиді ғой деймін.

Екеуің келіп тұрсаңдаршы, оңашалап монша жағып берейін. Қыз бен жігіттің жастық шағының куәсі ғой, орыстың моншасы...

Екі бетім ду ете түсті. (Ләззаттің естімегені қандай жақсы болды).

– Шал тегін деген, ақшаларыңның керегі жоқ.

Екі-үш сомдықты үстелдің үстіне тастадым.

Кемпір көрмеген сыңай танытты. Он шақты фотоны қолыма ұстатты.

Біз кемпірмен қоштасып, аялдамаға келгенде Алматының ақ жаңбыры жауып кетті. Қолшатыр ала шықпаппыз. Теректің түбін паналадық. Жауын тоқтар емес. Ләззат құшағы-

ма тығыла түсті. Жүрегінің дүрсілін ап-анық естідім. Бетінен ақырын сүйіп алдым.

Ол да бір дәурен екен ғой. Жастығымның куәсі – студенттік альбомымды қайтадан орнына қойдым. Телефон шырылдады. «Құдай-ау, баспаханада бірдеңе болып қалды ма?» Буын-буыным қайтадан дірілдеді. Телефон безілдеуін қояр емес. Өзімді-өзім ұстап трубканы көтердім.

– ?

– Алло, – деді ар жақтан жағымды дауыс. Мейірман аға екенін біліп бойым босап сала берді.

– Кеш жарық, аға.

– О, даусыңнан айналайын, халің қалай? Сенің ауырып қалғаныңды естіп тәтең екеуміз қорқып қалдық қой...

– Аға, такси ұстап үйге келші, дауысыңды сағындым, бір ән салып берші...

– Әй, ұл-ай, кинамашы, тәтең екеуміз немере бағып отырмыз. Кейін бір сәті түскенде екеуміз кіріп шығамыз.

– Аға, ренжімеші маған.

– Құлыным-ау, сендей азаматқа кім ренжиді?

– Ренжитіндерді білемін.

– Қайтесің оларды көңіліңе алма, айтады, қояды. Өз басым саған өкпелеп жүрген адамды көрмеппін. Жұмыс болғасын ондай-ондай болады, тәу, дауысыңды естіп тәтең екеуміз қуанып қалдық қой...

– Үйде біреулер отыр ма?

– Жоқ телевизор ғой.

– Келінге сәлем айт, қайырлы түн болсын!

– Рахмет аға, деп алғысымды сәл «ұзақ» айтып трубканы орнына қойдым.

– Ақырын, ақырын қойсаңшы, көршілер... – Телевизордың даусын бәсеңдетіп, Мақпал студент кезіндегі балтырын жарқ еткізіп жаныма кеп отырды. Көптен бері байқамаппын, әйелімнің көзі қандай әдемі. Күлкісі...

Тағы да ептеп коньяк іштім. Рахат дүние. Дүние жап-жарық.

– Ренжімеші маған.

– Неге, ренжимін, папасы-ау, аман болшы, қорқып кеттім ғой.

Бота көздеріне мөлт-мөлт етіп жас келді. Алтайдың қарағай өңдес қалқа қызын қолыма құс қылып қондырғаныма алты-жеті жыл болды. Балқарағай төрт жыл қысырақ күй кешіп,

бесінші жылы бұр жаратыны секілді, үйленгеннен кейін біраз жылдан соң барып бөпе көтерді. Мөлдір үш жаста.

– Ренжімеші, аздап ұрттап қойдым.

– Ештеңе етпейді, папасы, далада ішпесең болды маған.

Бауырыма тығыла түсті. Шашынан әдемі иіс шығады.

– Бағана маған өкпелегенің не?

– Қызғандым.

– Кімнен?

– Дәрігерден.

– Неге?

– Саған не укол салған жоқ, не дәрі бермеді. Өзің шығарып салдың есік алдына...

– Баспалдаққа дейін.

– Бәрібір шығарып салдың ғой.

Бұндайда дауласпаған жөн. Үндемедім ойыма баспахана... автор... Бір сәтке тіпті өзімнің осы өмірде бар-жоғымды ойламауға тырыстым.

Түсте бір-ақ ояндым. Томпаң-томпаң басып Мөлдірім жаным келді.

– Папика, тұршы, балық аулаймыз.

– Балығы несі?

– Біз саған қармақ сатып әкелдік.

Ас-суымызды ішіп, үй-ішімізбен Ертіске аттандық. Трамваймен төрт аялдама жүріп түсіп қалдық.

– Жағалауда балықшылар өте көп екен. Біз де кірісіп кеттік. Келіншегім мен қызым қармаққа ілінген жалғыз шабақты шелектегі судан біресе алып, біресе салып жүргенде жылп етіп, қолдарынан сусып, суға сүңгіп жоқ болды.

– Өкінбеңдер, – деймін оларға. – Бұдан үлкенін ұстаймын.

Жарты сағат әурелендім. Берекем кетті. Қалытқыны бақылап көзім талды.

– Ағасы, халыңыз қалай? Ұзын бойлы, ақсары жігіт қол беріп амандасты.

– Жақсы, бауырым, тек балығы құрғыр қармағымды қаппай тұр.

Ештеңе етпейді, тәжірибесіздігіңіз көрініп тұр. Бір-екі ай қармақ салсаңыз.

Түніліп кеттім, «Бір-екі ай дегені, несі?».

– Шай ішейік, – деп Мақпал сөмкеден термос пен оны-мұнысын шығара бастады.

– Иә, бауырым, атың кім?

– Ермек. Күршімнен боламын.

Бауырым болдың ғой, — деп Мақпал қуанып кетті.

– «Зеленаяданмын».

– «Чердожтанмын», – деді Ермек.

– Саржалданмын, – деп қойып қалдым.

– Саржал, Саржал. Полигонның баласы екенсіз ғой.

– Иә, – дедім күрсініп.

– Өзен жағаламағаныңыз қармақ салысыңыздан білініп тұр.

– Ағаң облыстық газетте істейді, – деді Мақпал.

– О, жақсы болды, ағамызға айтар идеяларымыз бар.

– Ермек ашық-жарқын, ақ көңіл жігіт екен. Шүйіркелесіп жатырмыз.

– Апай, жездемізді жазда Күршімге апарып, шөп шабуға салмайсыз ба, шынығып қалар еді.

– Қайтесің, бауырым, қолы қатайып, қалам ұстай алмай қалып жүрсе, бір үйлі жан аш қаламыз ғой, – деп, Мақпал жерлесінің әзіліне орынды жауап қайтарып жатыр.

Ымырт үйіріле жиналды. Біздің «үйге жүр» деген қолқамызға Ермек көнбеді. Ертең зачеты бар екен.

Ертісті жағалап келеміз.

– Папасы, – деді Мақпал, – мүмкін демалыс аларсың, Күршім жаққа барып келерміз.

– Шөп шаба алмаймын ғой, — деп қырсықтым.

– Қойшы енді, шөп шапқанда тұрған не бар, шаршағаныңды ұмытып сергіп қаласың. Таза ауа. Біздің жақта бес жасар бала да қолына орақ ұстайды.

– Біз жақта шөпті трактормен шабады.

– Қойшы, енді бар жазығым ауылға барып демалсын дегенім бе?

– Саржалға барайық деп неге айтпайсың? Елге бармағаныма бір жыл болыпты.

Келіншегім үндемеді.

Күн мандайына шоқпар тиген батырдай ат жалын құшып барады. Қып-қызыл. Тоқымға ұйыған қан... Жүрегім дір етті.

Қала түтіні тік ұшады. Күн жексенбі болған соң үйдемін. Түске таман далаға шыққым келіп тықырши бастадым. Қызымды ертіп шаңғы тебуге қарағай ішіне кетіп қалайын десем, келіншегім бізге рұқсат бермеді. Мөлдірдің тамағына суық тиіп қалыпты, терезенің алдына келіп біраз тұрдым. Күн шуағын аямай төгіп тұр. Қар еріп кететін сияқты. Көктем келсе деп ойладым. Бірақ, күн дәл бүгін жақсы боп тұрғанмен Арқаның сақылдаған сары аязы әлі адда екенін ішім сезеді. Тық-тық. Қарасам, көк кептер кішкене тұмсығымен әйнекті тықылдатып тұр екен. Дастарханнан бір үзім нан алып, желдеткішті ашып терезенің жақтауына үзіп тастай бердім. Кептер бір шоқып, ұшып кетті. «Неге үрікті екен?» -деп ойладым. Қас-қағым сәтте ғайып құсындай жанағы ала мойын көк кептер он шақты туыстарын ертіп қайтадан ұшып келді. Бәрі жапырлай қонып, наннан дәм ауыз тиіп жатыр.

«Не деген ақылды едің, көгершінім. Адам болсаң бір түйір нанды бөлісу үшін ағайындарыңды шақырар ма едің, шақырмас па едің?! Өзің тойып, өзің қарқ боп кетер ме едің?»

«Сені телефонға», «деген келіншегімнің даусынан ойым бөлініп кетті.

– Ағатай, сіз бе?

– Мен.

– Ассалаумағалейкум.

– Бұл кім?

– Ертарғынмын, аға!

– О, хал қалай, інішек?!

– Жақсы аға, Алматыға кетіп бара жатырмын.

– Қашан жүресің?

Пойыз екі сағаттан соң, вокзалға ертерек келіп қойыппыз.

Қазір келемін, – деп трубканы орнына қойдым.

Киініп жатыр едім Макпал қолыма азын-аулақ ақша ұстатты. Бетінен сүйгізбей ас үйге кіріп кетті. Өкпелегені. Ақша бергені «Қалтамда автобусқа тиын-тебенім болмай, жаяу жүріп кешіктім» деп сылтау айта көрме деген сөзі. Ұқтым. Үнсіз үйден шықтым. Күн қаланы бір түрлі маужыратып тұр. Аялдамаға келген кезімде бір топ адамға тұмсық тірей тоқтаған трамвай біраз бөгеліп орнынан енжар қозғалды. Тиісті

бір жапырақ билетімді алып елден жырақтап, көліктің құйысқан тұсына барып отырдым.

Жол қапшықтарын әрең орналастырған үш әйел вокзалға жеткенше ауыздыға сөз бермей елдің есін шығарды.

«Бұлар кімдер?», – деп сұрады трамвайдан түсіп бара жатқанда егде адам жанындағысынан. «Коммерсанттар ғой», – деді үлкен кісі күрсініп.

Өз ойыммен өзім соңғы аялдамадан түстім. Вокзалға, аэропортқа келсем Алматыны, КазГУ-ді ойлай беремін. Курстастардың ішінде Ләззат қана астанада қалды. Ләззат... Ләззатжан. Жүрегім бір түрлі боп кетті. Сағындым Алматымды, сағындым КазГУ-ді. Сағындым. Шіркін, композитор болсам жақсы бір ән жазар едім. Ән жазар болсам, «Сағыныш — Ләззат» деп қояр едім. Екі тіркес ұйқаспай тұр деген адамға, жүрегімде мәңгілік сағыныш бар. Сол сағыныштан Ләззатты ажырату ешқашан да мүмкін емес дер едім.

– Аға, – деген дауысқа жалт қарасам, Ертарғын. Үстінде ұзын, сұр пальто. Басында елтірі папах, теңбіл-теңбіл шәрпісін мойнына екі орапты.

– Қалайсың, бауырым, – деп құшақтап бетінен сүйдім.

– Рахмет, аға.

Осы кезде қолдарына жылтыр сөмке ұстаған қыз бен жігіт сайтандай жанымызға жетіп келді.

– Әйелдеріңізге іш киім алмайсыздар ма?

– Шет елдікі, міне, көріңіздер, өкінбейсіздер. Шаужайымызға жармасқан екеуінен сытылып шығамыз деп жүріп бес-алтауының ортасына кіріп кеткенімізді өзіміз де білмей қалдық.

– Таза арақ алыңыз.

– Шетелдік сағыз.

– Шетелдік презерватив алыңыз.

– Шетелдік тәпішке.

– Шетелдік іш киім.

– Қытайдың сырасы...

«Әрең құтылдық қой», – деп мені қолтықтап алды.

Бір-екі көше төмен қарай жүрсек шағын парк бар, сол жерде менің боталарымды Ермек ойнатып жүр.

– Балаларды да алып бара жатырсың ба?

– Жоқ аға, оған жағдай қайда? – деп күрсінді.

– Тоқаш алыңыздар, жол жүргенде өкінбейсіз, бал қосылған ыстық шайға арнайы жасалған, – деп мойнына аспалы дастархан асып алған әйел жанымызға жетіп келді. Түрі сондай таныс. Өз өнімінің сапасы мен пайдасын айтып жатыр, айтып жатыр. Таныдым. Жүрегім ауырғанда келген кірпігі ұзын келіншек. «Бәрін тастап саудаға ашыққан екен ғой» Жүзін жел қақтаған ба түтігіп тоза бастапты. Ішім удай ашыды. Бізден ештеңе шықпайтынын біліп, автобустан түскен адамдарға қарай лап қойған көп әйелдің ортасында кете барды.

– Адамдар не боп барады? – дедім.

– Адамды емес, заманды кінәлаңыз.

– Заманды қалай кінәлайын, уақыт ағып жатқан су емес пе?

– Мүмкін ит басына іркіт құйылған заманнан бір мезгілде айырылып, қарап қалғанымыз да дұрыс болған шығар.

– Нес ідұрыс?

– Ұрпақ үшін. Біздің бабаларымыздың көрмеген қиыншылығы бар ма? Көз жасы мен қандарын аз төкті ме? Енді кезек бізге келді. Біздің халымыз оларға қарағанда оңайлау. Көз жастың орнына маңдайдың терін, қанның орнына қаракет етсек болғаны. Бәрі орнына келеді.

– Құдайға сенесің ғой деймін?

– Сенемін.

– Папа, папам келе жатыр, – деп бізге қарай үш қыз тұра жүгірді.

– Айналайындар, – деп Ертарғын қыздарын қапсыра құшақтады.

– Папа, сен келмей қала ма деп қорықтым, — деді кішкентай қыз.

– Ағаға сәлем неге бермейсіңдер? – деді Ертарғын.

– Ой аға, кешіріңіз, сәлеметсіз бе? – деді үлкені. – Папамды көріп... кешіріңіз.

– Рахмет, айналайындар.

– Папа, папа қарашы, біз аққала жасадық, жүрші көрсетейін, – деп екінші қызы әкелерін бақтың ортасына қарай жетектеді.

– Ермек, осы сен неге сөйлемейсің? – деп сұрадым сәкіге отырғасын.

– Аға, мен сөзді тыңдаймын.

– Сосын.

– Қорытынды шығарамын, керегін аламын, керексізін тастаймын.

– Ол не үшін?..

– Құпия, – деп күлді.

– Біздің арамызда қандай құпия болуы мүмкін?

– Сіз ойлағандай ештеңе жоқ, әрине, – деп күлді Ермек.

– Студент емеспін бе?

Біз қоғамда болып жатқан өзгерістерді бақылап отыруымыз керек. Бар болғаны осы.

– Танысқанымыздан бері мен туралы қорытынды ойларынды айтып берші.

– Ол енді нағыз құпия.

Біраздан соң жанымызға қыздарын ертіп Ертарғын келді.

– Мен жүре берейін.

– Әлі бір сағат бар, – деді Ермек.

– Мен асығып тұрғаным, балаларды үйге жеткізіп салсаңыздар.

– Ермек балаларды апарсын, мен өзінді шығарып салайын.

– Жо-жоқ, аға, жүре беріңіздер, мен асығыспын. Вокзалға бара берейін. 19-пойыздың уақытынан ерте жүретіні болушы еді, – деп Ертарғынның мазасы кетті.

Қоштастық. Ертарғын үш қызының маңдайынан сүйді. Көзіне іркіліп қалған жасты көрсетпей бұрылып кетті.

Біз такси ұстадық та, балаларды үйіне жеткізіп салдық. Есік ашқан жас әйел біздің көзімізше қыздарына «Қайда жүрсіңдер?», – деп ұрыса жөнелді. Томсырайған балаларды аяп кеттім. «Сіздің жолдасыңыздың жолы болсын, жаңа шығарып салдық» – дедім.

– Это мне не важно, – деп, келіншек есікті тарс жапты.

Ермек екеуіміз үнсіз аялдамаға келдік. Трамвайдың төбесі көрінер емес.

– Сен маған мынаны айтшы, Ертарғынның үйіндегі келін неге мінез көрсетті?

– Әй, ағай-ай, – деп Ермек күйіп кетті. – Осы қатын қазақтың талантты жазушысын құртып бітірді. Студент кездерінде танысқан. Жазушы дегенге керемет атақ, мансап көріп күйеуге шыққан. Жастық эмоция не істетпейді. Енді, міне, ақылсыз қатын табыс әкелмеген жазушыдан құтыла алмай әлек.

Жүрегім ауырып кетті.

Тағасын тақылдатып трамвай келді. Еремекпен қоштастым. Үйге жаяу қайтып келемін. «Осы уақытқа дейін қайда жүрсің», – деп әйелім сұраса шатақ шығармақпын. Еркекпін ғой...

Жауапты хатшы бастықтың кабинетінде жиналыс өткізеді деген хабарды естігенімде сене қоймағанмын. Бес жылдан бері барлық жиынды Басекен өзі өткізетін. Тіпті, екі орын – басарының бірі бізді жинап көрген емес. Бөлімдегілер бір-бірімізден бұл «жаңалықтың» шын-өтірігін сұрастыра бастадық. Өстіп отырғанымда Мейірман аға келді. Қабағы түсіп кетіпті.

– Не болды аға?

– Обкомның нұсқаушысы қатысатын көрінеді. Көзімізге көк шыбын үймелететін шығар.

– Бұл не жиналыс?

– Әй, білмеймін, «жау хатшы» жинап жатыр ғой.

– Басекен қайда?

– Ауырып қалған көрінеді.

– Бейбіттің қандай правосы бар?

– Білмеймін, обкомнан айтқан көрінеді.

– «На ковер», – деп хатшы қыз барлық бөлімді адақтап шығып жүр.

Бас редактордың кең кабинетіне жиналды. Жым-жыртпыз. Бір кезде обкомның нұсқаушысы мен Бейбіт келді.

– Сәлеметсіздер!

Бәріміз күбірлеп амандасқан болдық. Бейбіт төрде тұрған Басекеннің креслосына барып отырды. Үнсіздікті обкомның нұсқаушысы бұзды:

– Сіздер бүгінгі жиналысты жауапты хатшының өткізетініне таңырқап отырғандарыңызды жақсы білеміз, – деді.

– Сонымен жиналысты бастаймыз, – деп оның сөзін Бейбіт бөліп тастап, – жолдастар, бүгінгі жиналысымыз ішкі тәртіп мәселесіне арналып отыр.

Құдай сақтасын, бәрімізді бидайдай қуырып тастады. Екі орынбасар орындарынан тұрып, жауап бере алмай қиналды. Бейбітке осыншама мағлұматтарды кім бергеніне таң қалдық. Кәсіподақ төрағасына қатаң сөгіс берген кезде курьер шал шыдамай орнынан атып тұрды:

– Әй, бала, саған билікті кім берді, Басекен ауырса, ауырып қалған шығар, бірақ өлген жоқ қой, ертең өткізуге болмадыма?

– Сіз сабыр етіңіз, сабыр етіңіз, – деді обком нұсқаушысы.

– Біз өзіміз білеміз, сіздер сабыр етіңіздер, өз шаруаларыңызды біліңіздер. Жоғарыдан нұсқау бар...

– Жоғарғы жағың жорға мініп жүргеніне дауымыз жоқ, біз де ит мініп, ирек қамшылап жүрмеген шығармыз. Бастық ауырса, ауырған шығар, өлген жоқ қой, неге басынасыңдар, – деді курьер шал дауысы қатты шығып. Мейірман аға екеуміздің көзіміз түйісіп қалды. Басын шайқап-шайқап қояды. Ішінен курьер шалдың досына адалдығына таңданып отырған шығар деп ойладым. Бірақ, Мейірман аға осы отырған бәріміз білмейтін құпияның құрбаны болып отырған курьер шалдың аңқаулығына өкінгендей астыңғы еріндерін қатты тістеп алыпты.

– Осымен жиналыс аяқталды, жалпы сіздерге бір айтарымыз, газет – обкомның құзырында, осыны мәңгі естеріңізге сақтасаңыздар екен, – деп нұсқаушы сөзінің аяғында жауапты хатшының жиналысты өте жақсы жүргізгеніне өз ризашылығын білдірді.

Кабинетке ере кірген курьер шал желкеменен нұқып қалды.

– Көтер ей, басыңды!

Үндемедім.

– Үш сомың бар ма?

– Мынау жете ме, аға, – деп қалтамдағы жалғыз бір сомымды бердім.

– Рахмет, бүгінше осы жетер, – депшығыпкетті.

Телефон соғылды. Көтердім.

– Маған келіп кетші, – деді Мейірман аға дауысы бәсең шығып.

Бөлмесін кезіп жүр екен. Күбірлеп бірдене деп сөйлеп жүр.

– Жай шақырдыңыз ба, аға?

– Қайдан жай болсын, сен осы бүгін жұмысты қойып, үйіңе қайтып кетсең қайтеді? Әнеукүні ауырдың емес пе, ауруханаға жатып ал...

– Неге аға, неге?...

– Жалғыз ұлдың жағдайын ойлаймын, – деді менің сөзіме жауап орнына. Мені оң жамбастарына ала бастады, әдейі жасады, бүгінгісі біздің кәрі төбеттің кезекті ойыны ғой...

– Сені іздеп жатыр, – деп хатшы қыз жүгіріп келді. Қайда жүрсің, жауапты хатшы бастықтың кабинетінде күтіп отыр.

Кетіп бара жатыр едім, Мейірман аға жеңімнан тартып тоқтатты.

– Айналайын, жауапты хатшы мен ұрыса көрмеші, – деді.

– Түсіндім, аға.

Бастықтың кең кабинетіне жүрегім қобалжып кірдім. Көзіме түскені – бос тұрған қара кресло мен жарты қабырғаны алып тұрған күн-көсем бейнесі бар СССР-дың қызыл туы болды.

– А, сенсің бе?

Жалт қарасам Бейбіт терезе алдында көшеге ойланып қарап тұр екен.

– Менмін.

– Сен болсаң, отыр.

– Қалай жиналыс өткіздім?

– Қатырдың.

Ол тура бастықтың күлкісіне салып бір рақаттанып алды да, түзеліп отырды.

– Сен былай істе, бір-екі ай баспаханада бол.

– Неге?

– Екеуіміз бірге оқығанбыз. Қазір мыналарды өз қолдарымен өздерін құртқызып алайын, сосын ренжітпей бір бөлімді берермін...

– Әлі редактор болған жоқсың.

– Болмасақ болармыз.

– Ұялмайсың ба, әкендей адам бір күн ауырып қалып еді, креслосына барып жармастың...

– Әй, қайтейін, ашық ауызсың ғой.

– Мүмкін, бірақ ренжіме мен осы екеуіміздің арамызда болған әңгімені бастыққа айтамын.

– Дұрыс, айт, сен айтпағанда кім айтады? Одан әрі обкомға барыпайт, «ЦК»-ға хат жаз, – деді. Дауысында не зіл, не өкпе жоқ. Бетіме қарап күледі.

– Ұят қайда сенде?

– Әй, баласың ғой, – деді күрсініп, – баласың, баяғы жалаңаяқ студент кездегі мінезіңнен айырылмапсың.

Екі курстас бір сәтке үнсіз қалдық.

– Кейін бәрін де түсінесің, – деді ол үнсіздікті бұзып, – Осы сенен сұрайын деп ұмыта беремін, Ертарғын Ертісұлының әңгімесін Алматыға кім жолдады?

– Мен жібергенмін.

– А, өзім де солай ойлап едім. Азамат екенсің ғой, таланттар бір-біріне қамқор болу керек! Ал қазір баспаханаға бар, ертеңгі нөмірге обкомның материалдары кетіп барады, сол жағын байқа, біраздан соң өзімде барамын...

Баспаханаға келсем, курьер шал әндетіп жүр.

«Көңіл қалды достан да, дұшпаннан да,

Алдамаған кім қалды тірі жанда.

Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,

Жалғыз-жарым болмаса анда-санда».

– Ақсақал, ақсақал. – Қойыңызшы, жұмыс...

Кілт тоқтады. Бажырайып маған қарап тұрды да, балаша иегі кемсең-кемсең етті.

– Сенде мені жек көресің бе?

– Жоқ аға, жұмыс дегенім ғой...

– Жұмыс, жұмыс, мен күн көру үшін жүрмін, ал сендер жап-жас болып бұнда неғып жүрсіндер?

Үндемедім.

– Бері жүрші, – деді архив тұрған бөлмеге жетектеп. – Мен саған бәрін айтып берейін, уақытыңды алмаймын, зерден болса, бір сөздің астарынан бәрін түсінерсің...

Буда-буда қағаздардың ортасында тұрмыз. Бұл – редакцияның қаншама жылдардан бері түптелген газеттері. Осының ішінде бәрі бар. Он, жиырма жыл бұрын шыққан мақалаңыз керек болса, осы жерден табасыз.

– Сендер жастарсыңдар. Кімнің кім екенін түсінесіңдер, мен Аға сұлтан Құнанбай қажының ауылынанмын. Бізді көріңде өкіргір Сталин торғайдай тоздырды. Қазақстанда жүрген екі-үшеу-ақпыз. Бәрі жабылып біздің соңымыздан шам алып түседі. Қырыққа келгенше арақ ішіп көрмеп едім... Баяғыда редакторлыққа өтіп тұрғанымда Басекең бір қазақты ертіп келді. «Мынау сенің туысың, сені іздеп жүр», – деді. Таныса келсем, біздің ауылды... Бақанасты сайрап айтып тұр. Қалай ғана сенбейсің... Әке-шешемді, туған-туысымды, бәрін-бәрін. Бас салып жылайын. Шерменде көңілім, қалай

ғана сенбейін... Ұмытылған атамды... Кәкітай ағаны, Тураш ағамды айтып тұрғасын... Қысырдың құлындарындай шұрқырсайық. Қонақ еттім. Қуанышым қайғыға ұласты... Басекенді де, мені де алдапты иттің баласы. Бірақ, бәрін кеш білдім... есімді айықтырғышта бір-ақ жинадым. Сөйтіп, бәрімен бір-ақ күнде қоштастым.

– Содан соң, не болды?

– Не болушы еді, қарағым, кейіннен ол иттің баласы Абайдың 125 жылдығына бара жатып жүрегі қысып, өліп кетті, – деп естідім. Өлген өлді. Кеудесінде жаны бар мына мен мәңгілік курьер болып қала бердім.

– Сендерді шақырады, – деп корректор қыз келіп тұр.

Босағадан сұп-сұр болып бізді Бейбіт күтіп алды.

– Қайда жүрсіңдер? – деді зіркілдеп, – Саған айттым ғой, обкомның материалдарын...

– Ағамен сөйлесіп...

– Әй, сен де ағаламайтынды ағалап, мына шалдан не шығады?

– Бала, тілінді тарт, – деді курьер шал.

– Саған бала емеспін мен, как коммунист жұмысты талап етіп тұрмын.

Курьер шал қыздардың қағаз кесіп жүрген қайшысын қолына алып, жауапты хатшыға тап берді. Екеуінің ортасына шу етіп тұра-тұра қалдық. Шалды қапсыра құшақтап алдым.

– Ағатай, бір ашуыңызды...

– Мен коммунистпін, – деп айғайлады Бейбіт.

– Жетібасты айдаһардан туған шегіртке. Тобықтының көз жасы мен қанына тоятын кездерің болды ғой... Кет, көзіме көрінбей, қаныңды судай шашармын... Түсінгендер кегін алды дер, түсінбеген қанішер Тобықты дер. Айтса айтсын... біз туралы сендер не айтпадыңдар.

Бейбіт екеуіміз баспаханадан бірге шықтық. Көзі шатынап, басын жоғары көтеріп алып, менімен біразға дейін сөйлеспей қойды.

– Милиция шақырамын, куә боласың! – деді.

– Қой, ұят болады! Бастық бір күн ауырып қалғанда шулатпайық, – дедім.

– Бастықты қойшы, мынаның ызасы әбден өтті, көрсетемін бұларға.

– Ренжімей-ақ қой, Бейбіт! Ол курьер шалдың жоғарғы жақта туысы бар, бет жыртысып қайтесің?.. Сен өсетін адамсың, – дедім курстасымның өзім білетін ынғайына салып.

– А, кім ол, мен қалай білмеймін.

– Алматыда ағайыны бар деп естідім.

– Сен курстасымсың ғой, анықтап білші.

– Жарайды, милиция шақырмайсың ғой.

– Шақырмаймын, – деп ойланып, редакцияға қарай аяңдап жүре берді.

Басекеңнің үйіне бірінші беттің материалдарын мен апаратын болдым. Курьер шалға қыздар ыстық шай беріп ұйықтатып тастапты. Осыдан үш жыл бұрын барсам да Басекеңнің тоғызыншы қабаттағы пәтерін адаспай таптым. Есікті өзі ашты.

– Сәлеметсіз бе?

– Кешегі газетте қате кетіп қалған жоқ па?

– Жоқ, тазамыз...

– Неғып босағада тұрсың, жоғары шық, жеңгең жұмыста, қазір саған шай қойып берейін.

Басекең көңіл-күйі болмай отыр ма, мен әкелген қағаздарды әрі-бері ақтарды да, үстелдің үстіне тастай салды.

Бейбіт туралы сөз бастайын десем тамағыма бірдеңе кеп тіреліп тұрып алды.

– Сен оған ренжіме, — деді Басекең ойымды оқып қойғандай. – Курстасыңды айтып отырмын. Өзі бір пысық жігіт, келін де бір айналайын, жеңгеңе бауыр басып жақын жүреді. Ал, сен жоламайсың...

– Ынғайсызданам, аға.

– Сен басқаға ынғайсыздан, Бейбітті көрмейсің бе? Обкомдағыларды шырқ үйіреді. «Біріншімен» бір-екі рет коммандировкаға Алматыға да барып келді. Сен баспахананың маңайында жүрсің.

– Өздеріңіз жіберген соң...

– Сен басқа біреуді жібер.

Үндемедім.

– Газетке жандарың ашымайды. Жандарың ашыса маған бір жағынан шығысып көмектеспейсіңдер ме? Міне, екі ай болды. Ресейде дайын тұрған қағазға барып келетін ешкімді таппай отырмын. Қазір саған барып кел десем ат-тоныңды ала қашасың...

– Аға...
– Сен өзі Ресейге барып келесің бе, жоқ па?
– Аға, сіз айтсаңыз...
– О, айналайын, азамат екенсің ғой, бәсе сенен бір жақсылықты күтіп жүруші едім, – деп бастығым қуанып кетті.
– Шай, қояйын ептеп...

– Рахмет, аға, ертеңгі нөмірдің.
– Әй, сол газетті...
– Аға...
– Жарайды, бауырым, ертең қағаздарың түгел дайын болады. Ресейге барып кел, сосын қалғанын көрерміз.

– Кезінде бәрі үшінші қабатқа ұмтылғанда мен ешкіммен дауласпай жоғары шығып алғанмын. Рахат обком да, редакция мен баспахана – бәрі-бәрі көрініп тұрады.

... Ойланып кеткенім соншалық, лифті шақырмай, баспалдақпен төмен түсіппін...

Қағаз іздеп Ресейде жүріп келдім. Ол жақ өте бай өлке екен. Бәрі бар. Тек ақшаң мен айырбастайтын затың болса болды. Баспаханың зәру қағазын тауып, оны вагондарға тиеп жөнелткенше айдан асып кетті.

Елге келгенде пойыздан Басекеңнің өзі үлкен басын кішірейтіп қарсы алғанына бір жағынан таң қалдым. «Бұл қағаз бізге бес жылға жетеді». Қуанғанынан айтқаны. Он вагон қағаз. Аз дүние емес. Маған әйтеуір Басекең риза болса болды. Табанымды жерге тигізбеген Басекең бұйрық беріп «он үшінші айлықты», «Қаламақыны» қолыма ұстатты. «Шаршаған шығарсың. Бір апта саған демалыс. Кешке жауапты хатшы бар, төртеуіміз моншаға барамыз. Алты отызда осында бол».

– Жарайды, аға, – деп үйге қарай құстай ұштым. Қызым мені сағынып қалыпты. Мойнымнан тастай қылып құшақтап алыпты.

– Папа, сен бізді тастап кетті ме десем, – деді жыламсырап.

– Неге олай дейсің, балам, мамам екеуінді сағындым.

Тамақ ішіп, екі-үш сағат ұйықтап алдым. Басекең айтқан уақыттан сәл ертерек редакцияға келдім. Күзетші шал «үндеме» деген белгі берді. Түсіндім. Курьер шал мас. Мені көріп қалды. Шегінер жер жоқ, ішке кірдім.

– Ассалаумағалейкум, – деген сәлеміме пысқырған да жоқ. Аузына келген сөзін бората бастады.

– Қалайсың, саудагер мырза? Өміріңізге құлдық, не бұйырасыз. Алтын, күміс артқан түйенді қарақшылар тонағандай ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой, көтер еңсенді. «Досыңа достық – Қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» деп кім айтқан.

– Абай.

– Уағалейкумассалам, – деп курьер шал бағана берген сәлемімді енді алды. – Түсі жақсыдан түңілме деген, әу баста саған ішім бекер жылымаған екен.

Үндемедім.

– Сендер, – деді шал сөзін жалғап. – Жазда жауған қарды көрмей өстіңдер...

– Бұршақ жауғанды көргенмін.

– Әй, балам-ай, жассың ғой, әлі жассың, – деп мені құшақтап алды.

– «Біреуді досым деп ат бересің, оған сенің бір дұшпаның келіп, тай берсе бұзыла қалатыны несі» – деп кім айтқан.

– Абай.

«Шарана мен туып едім,

Бөз оранып өтесің,

Бір сағымды қуып едің,

Қайуақытта жетесің?

Қанша дәулет жиып едің.

Бәрі қалды, нетесің,

Мал үшін жан қиып еді?

Қайтып алып кетесің?!»

– Осыны кім айтқан, айтшы маған?

– Білмеймін, аға.

– Білмей-ақ қой, балам, білмей-ақ қой, егер де білгеніңде...

Шал жылады. Кемсең-кемсең етеді.

– Ақсақал, жылағаныңыз не?

– Жыламай енді қайтейін, құдай көзіме жас бергесін. Әруағы кешірсін, атам марқұмға кейде ренжимін. Бесіктен белім шықпай жатып, «досыңды сатпа, балам» – деп санама сіңіріп тастаған. Адал достарымның көрсеткені осы ма маған?

Есік қағылды. Шалдың өңі бозарып кетті.

– Қызылдар келді, қызылдар келді, – деп қараңғы бұрышқа қарай тығыла берді. Шопыр бала екен.

– Неге ашпайсың, ұйықтап жатырсың ба?

– Әй, ененді ұрайын, қалай, қалай сөйлейсің?

– Кончай, старик.

– Ой, ененді.

– Сол енемді... онда мен саған бір айлық ақшамды берер едім. Күзетші күліп жіберді. Бастық жібергенін біліп, шопыр баланың соңынан ердім.

– Брат, ренжімеші, мына итаяқ от алмай, кешігіп қалдым. Редакцияда күзетші шалдан басқа ешкім жоқ па?

– Жоқ, – дедім машинаға мініп жатып.

– А, кеп қалдыңдар ма? – деп бастық есік алдынан қарсы алды. – Кешіктіңдер ғой.

Әбден суық өткен бе, саунада ұзақ отырдым. Басекен темір жолдың бастығымен демалыс бөлмесінде ұзақ әңгімеге кірісіп кетті. Бейбіт құрақ ұшып күтіп жүр. Бір кезде мені шақырды.

– Борис Моисеевич, танысып қойыңыз, біздің курьер, – деді қалжындап.

– О, өте қуаныштымын, курьер дегеніміз керемет қой, революцияның қаһармандары осылар.

– Борис Моисеевич, біздің досымыз. Осындағы бүкіл темір жолдың құдайы.

– Қайдағы құдай, інішек екеуміз курьерміз ғой, сен әкелген он вагон қағаз үшін алып қоялық, – деді Борис Моисеевич.

Моншадан үйге қалай қайтқанымды білмеймін, мас болып кетіпін...

Үш күн бойы бала бағып үйде отырдым. Мақпал «ЦУМ» мен базар жақты аралап, кешкісін үйге ренжіп келеді. «Плащты, көйлекті алғым келді». «Неге алмадың енді?». «Ақша жетпейді, қымбат». Қалай ыза болмайсың, қырық күн мына суықта Ресейде жүргенімді бағаламаса келіншегім.

Төртінші күні таңертең хатшы қыз «бастық шақырады» деп телефон соқты. Киініп жатыр едім, есік қағылды. Аштым. Босағада түрі боп-боз боп Ермек тұр.

– Аға, аға, сізге келдім, – деп жылап жіберді.

– Не болды, інішек?

– Ертарғын ауруханада.

– Не болды, дұрыстап айтшы?

– Бір ай бұрын Алматыға кеткен еді ғой, облыстық ауруханадан бір-ақ шығыпты. Есін анда-санда бір жинайды.

– Қалай? Облыстық аурухана? Кездескен көлікті тоқтата салып, қала сыртындағы ауруханаға жеттік.

– Сіз кімсіз? – деп, маған тіксіне қарады дәрігер, – Удостоверение личности есть?

Күәлігімді көрсеттім. Әрі-бері аударып көрді.

– Кімі боласыз?

– Туысымын.

Бетіме қарады. Ермекке «осы жерде қал, маған бірге жүр» дегенді ыммен ғана түсіндірді. Ұзын дәлізбен еріп біраз жүрдім. Келген жеріміз кабинет емес, еркектердің әжетхана-сы екен.

– Қиындау, – деді сыбырлап.

– Сіз, Гиппократ заңына ант бергенсіз, – дедім даусымды шығарып.

– Біздің қолымызға өте кеш тиді, – деді тағы сыбырлап.

– Кеш тигені қалай?

– Тсс... — Дәрігер үндеме деген белгі берді.

Сосын тіс жармастан ұзын дәлізбен кетіп бара жатыр. Қуып жетіп білегіне жармастым.

– Айтыңызшы?

– Әрі кетсе бір күндік өмірі...

Үстіме біреу сұп-суық су құйып жібергендей қалтырап тұрып қалдым. Ермектің жаныма келгенін де байқамаппын.

– Аға, не болдық? Не істейміз?

– Қалада туыстары бар ма?

– Келіншегінің әке-шешесі тұрады.

– Олар біле ме?

– Әй, қойшы соларды, тірісінде сыйламағаннан кейін керегі не? – деп Ермек күйіп кетті.

– Сен осында бол, мен редакцияға барып келейін.

Бастық көңілсіз қабылдады, берген сәлемімді алған жоқ.

Көзі қып-қызыл. Түнімен қан қысымы көтерілген шығар деп іштей аяп кеттім.

– Сені ойлап ұйықтай алмап едім, – деп Басекен әңгімесін бастап келе жатыр еді қызыл телефон шыр етті.

– Иван Петрович, тындап тұрмын. Сізді... иә, иә. Ол жігіт... иә, бүгін приказ беремін... түсіндім.

Боп-боз болып кетті. Трубканы әрең орнына қойды. Стақанға су құйып ішті. Қалтасын ақтарып дәрісін іздеді. Таппады.

«Ертарғынға қандай көмегі болады екен».

Басекен шириғып, орнына түзеліп отырды.

– Сен осы Тымақбаевты жақсы білесің ғой.

– Ол кім?

– Әй, әлгі сендердің Ертарғын Ертісұлы дегендерін.

– Иә, білем...

– Тымақбаев өзін-өзі Ертарғынмын деп жүрген хулиган.

– Аға, псевдонимде тұрған не бар?

– Жақында Алматыда Жазушылар Одағына барып: «Дегелеңде ақбөкендер қырылып жатыр» – деп айтыпты. «ЦҚ»-дан арнайы тапсырма келді. Осындағы ғалым-жазушы Сүйеу Сақбаевич өзінің жеке меншік «Нивасымен» төрт күн Курчатовтың айналасын аралап шықты. Ешқандай қырылған ақбөкендер жоқ. Бізде экологиялық жағдай жақсы. Бір жаман хулиган баланың бір сөзіне бола дүрліктік. Не боп барады бұл өмір?

Басекен қалтасынан дәрісін іздеді. Таппады. Кетуге ыңғайлана беріп едім.

– Отыра тұр, әңгіме бар, – деді соншама бәсен дауыспен.

Түнімен сені ойлап ұйықтай алмадым.

– Неге, аға?

– Қиын болып тұр, бауырым, сені штаттан қысқартып жатырмыз. Ренжіме...

– Қалай? Жұмысымды...

– Ештеңе етпейді, әзірше аудандық газеттердің біріне бара тұр. Кейін қайтып алармын.

Тамағыма өксік тығылды.

– Аға, менің...

– Түсінемін, қайта құру деген осы – өмір заңы.

– Түсінемін, бірақ мен арнайы жолдамамен келгенмін, сотқа арыздансам қайтесіз?

– Қой енді, сен не, бала болып кеттің бе? Су ішкен құдығына түкіріп.

Басекен осы сөзді айтқан кезде екі бетім ду ете түсті.

– Жазығым қанша, аға?!

– Айттым ғой саған бұл – Қайта құру.

Басекен қызыл түймені басты. Кабинетке жауапты хатшы мен кәсіподақ иесі кірді.

– Ешқандай амал жоқ па? – деді Басекен.

– Қиналып тұрмыз, завхозды, курьерді, мына кісіні қысқартуға тура кеп тұр, – деді.

– «Мына кісі» дейсің бе, – дедім тістеніп. – Екеуміз оқу бітіріп осында бірге келіп едік қой... Қасқыр да қас қылмайды ғой жолдасына, рахмет саған.

Бейбіт теріс қарады.

– Қойыңдар-ей, шаңыраққа қараңдар, сен не айтасың?

– Өзің арыз жазып кет, аудандық газетке, – деді бастық.

Орнымнан атып тұрдым.

– Жазбаймын.

– Қалай жазбайсың? Сенің отырған үйің ведомоственный, бір жұманың ішінде заңмен аламыз, – деді Басекең.

– Соттассаң, соттасайық, бірақ мен ешқандай арыз жазбаймын. Осы мекемеде бес жыл қызмет еттім, маған үй беруге міндеттісіз. Сіз коммунист емессіз бе?

– Иә, дұрыс айтасың, бірақ ойында болсын коммунистер ешкімге үй әперуге міндетті емес, подпольный капиталистер шыға бастапты ғой, соларды жағалап көрерсің!

Басекең қалтасынан дәрісін іздеді. Таппады.

Есікті қатты жауып кетіп бара жатыр едім, жауапты хатшының:

– Көшедегі кім көрінгенмен түн жамылып арақ ішетініңді...

– деген сөзін ап-анық естіп қалдым.

Тарс еткізіп есікті жаптым, сүйретіліп сыртқа шықтым. Қар ұшқындап тұр.

– Сәлем, брат!

Жалт қарасам. Шопыр бала. Су жаңа «Волганы» жалтыратып сүртіп жатыр.

– Кеттік, бауырым, — дедім.

– Бастық айтты ма?

– Иә.

– Шеф айтса болды. Мәскеуге дейін барамын.

Қала сыртындағы ауруханаға қарай зулап келеміз.

«Сені жұмыстан қысқартып жатырмыз».

«Коммунистер ешкімге үй әперуге міндетті емес»...

Табаны күректей бес жыл еңбек еттім. Бес жыл бастығыма сөз келмесін деп күндіз-түні жүгірдім. Енді бәрі бітті.

«Үйді босатыңдар...»

«Шаңырағымыздың амандығын тілеп отырған келіншегіме не деп айтпақпын? Тірідей өлтіру ғой».

– Не? Маған бірдене дедіңіз бе? – деді шопыр бала.

– «Волгаң» жақсы екен, – дедім ыңғайсызданғанымды білдірмей.

– Кеше ғана қағазға айырбас жасап, екеуін алдық.

Тамағыма өксік тығылды. «Қырық күн Ресейде жүріп әкелген қағазды».

– Келдік, – деді шопыр бала машинаны тоқтатып. – Бастық күтсін деп айтты ма?

– Иә, – дедім даусымды нығарлап. – Мені қалай да күт, өте маңызды шаруа бар.

– Ұзын дәлізден дәрігер қарсы кездесті. Басын шайқап– шайқап күйзеліп тұр. Палатаға кірсем, темір төсекте Ертарғын Ертісұлы сұлық жатыр. Бас жағында тұрған Ермектің көзінен аққан жас кеудесін жуып кетіпті. Жазушының үш қызы әкелерінің қолынан ұстап үнсіз жылайды. Лама жағалы пальто киген сұпсұр келіншектің жүзінен абыржу, не қимастық білінбейді.

– Құлындарым, мені кешіріңдер, – деді Жазушы ап-анық сөйлеп. – Боталарым, сабақтарыңды жақсы оқыңдар, жазда ауылға ата-апаларына барып қымыз ішіп жүріңдер, – деді қиналып екі қолымен кеудесін тырналап. – Ер-ме-ек, менің қол жаз-ба-ла-рым-ды...

Кеудесі сыр-сыр етіп қайтадан сөйледі:

– Сенің әке-шешең маған топырақ салмай-ақ қойсын, – деді сәлден соң келіншегіне қарап.

– Әке-шешемнен садаға кет, ой, қайыршы есалаң, – деп келіншегі жұлқынып есікті тарс жауып шығып кетті.

– Күлімсіреп қыздарына қарады. Біртүрлі қимай қарады. Басын изеді.

Бойын түзеді. Бисмилла рахман-рахим. Ап-анық естідім. Өз жаназасын өзі күбірлеп айтып жатыр. Көзі аспанға қадалып, кірпігі қағылмай қалды.

Үш қыз құлындай шұрқырап, арбаға салып, моргке апара жатқан әкелерінің соңынан жүгіріп барады.

Ермек талықсып отыр. Лама жағалы пальто киген жазушының әйелінің көзінде бір тамшы жас жоқ. Сұп-сұр.

Мең-зең боп сыртқа шықтым.

– Ну, ты брат, даешь, – деді шопыр бала ренжіп. – Осынша кешіккеніңіз не?

– Кеттік.

Көпірге келгенде машинаны тоқтаттым.

– Қағаз бар ма?

– Қазір... – шопыр бала бастығының жап-жаңа қара түсті папкасынан қағаз алып шықты.

Өзімді-өзім ұстап, алабұртқан жүрегімді бастым. Қолдарым дірілдейді. «Мені өз еркіммен жұмыстан босатыңыз». Қолымды қойдым. Бітті. Бәрі де бітті. Бес жылғы еңбегім желге ұшты.

Арман-мүдде күл болды. Өзегім өртенді...

...Жұмысшылар жатақханасының жанынан өтіп барамын. Қайыршының өкшесіндей үнірейген терезеден домбыра тартқан бөрікті қазақты көріп қалдым.

«Бұл өлке біздің ауыл жайлаған жер,

Желіге асау құлын байлаған жер.

Көзіме оттай ыстық көрінесің,

Тебісіп құлын-тайдай ойнаған жер-ай...»

Тани кеттім. Моңғолиядан келген ақын жігіт. «Қазақ тілі» қоғамындағы жиналыста көзіне жас алып: «Коммунист жолдастар, Сіздерге рахмет! Қамқорлықтарыңыздың арқасында ата-жұртымда, ағайынның арасында қаздай қалқып, балықтай жүзіп, жалғыздығым білінбей жүріп жатырмын».

«...Беу, ахау сабаз,

Ұ шырдың ұясынан балапан қаз-ай» .

Жүріп келемін. Жоқ, тоқтап тұрмын...

Жүріп келемін. Қараңғы. Қап-қараңғы. Көзіме ештеңе көрінбейді.

«Үйге қалай барамын».

«Үй бар ма сенде?».

«Отбасына не айтасың?».

«Коммунистер ешкімге үй беруге тиіс емес».

Қараңғы. Қап-қараңғы.

Үскірік боран. Жалаң аяқ, жалаң бас жүріп келемін. Тоңдым. Тоңып барамын...

Дегелең жақтан қасқырдың ұлыған дауысын ап-анық естідім.

Солай қарай ілбіп жүре бердім...

АҚМАРҚА

«Дух, ты это хотел узнать. Узнай».
Олжас

Ұлы бесін еді...

Ит-құстан басқаға үре қоймайтын Жақсыбай ауылының дәу төбеттері бауырларын көтеріп, дөң асып түскен дәуіт бас, жылпың жүрісті, қара бесті мінген жолаушының ат омырауына қарғып, абалап қарсы алды. Қараша үй маңында жүрген қатын-қалаш, бала-шаға иттер үрген жаққа күн сала қараған. Салт атты алты таспа бұзау тіс қамшымен иттерді кезек-кезек осып қотанға келген кезде, шапанын желбегей жамылып сыртқа шыққан ауыл мырзасы орнында сілейіп тұрып қалған. Иелерін көріп ауыл иттері ырылдап-гүрілдеп көлеңке-көлеңкеге барып жатты.

Бұл келген – Дегеленнің сыртында тоқты қысыр қалмайтын құт жайлауды қоныстанған Қамысбайдың ортаншы ұлы – Ниетбай екенін бірден таныды. Ежелден Жақсыбай екеуінің ауылы ат сауырысын беріскен ел-ақ болатын. Даланың бөрілері де қатарлас қонған екі Қотанның кіндік тұсынан көң иісін иіскеп, сілекейлерін шұбыртатын. Қозы көш жерде отырса да, бірін-бірі биыл ерулікке шақырмаған. Қырғи қабақ. Қазықтарына қара айналғанмен барымташы жігіттер еңку-еңку далаға симай-ақ қойған. Сойыл, құрық ұсталып жылқылары кезек-кезек шабылған. Осындай барымта-қарымта тұсында Қамысбайдың бір жылқышысы жер құшқан. Кек қуып, құн даулаған бөрікті болмады. Тек, бұл оқиға, отыз тістен шыққандығын жасап, отыз ру арасына аңыздақтан кейінгі көдеге тиген өрттей қаулап тез тараған.

Мезгіл жылжып, боқырау кеп, сап-сары салдаланы қырау шалды. Жайлаудан қыстауға қоныс аударса да, Қамысбай ауылы тым-тырыс. Жалғанда мақтамен бауыздаған қиын. Жақсыбай жайлаудан күзеуге алаңдап көшті. Қайтсе де құ-

ныкер көңілі алаң еді. Қыс бойы мал шетіне ешкім тиіспеді. Араға жыл салып ат терін қиып келген Ниетбайдың бұл келісінен көңілін аққа берген Жәкең тіксінбеді.

– Ассалаумағалейкүм.

– Уағалейкүм! Жәке, армысыз, малыңыз аман ба?

Жұт болмай, төрт түлігі төлдеп, малдарына мал қосылған екі ауылдың адамдары жылы қауышты. Қымыз иісі қолқаны қауып, көңілді қытықтайтын үлкен үйге түскен қонақтың шынтағына мамық тасталды. Үй-іші қара көлеңке. Сары қымыз сапырылды. Тумысынан топырағы ауыр Жақсыбай үнсіз. Қар жауып, із басылғанмен жападан-жалғыз жалаң төс бұл келісін неге жорырын білмей ойы онға бөлініп отыр. Қонақ отағасының мұрындық қымызды сіміре түсіп, қыстан шыққан ант сүйекке тісін батырып-батырып қояды. Андасанда түгі салбыраған қалың қабағының астынан түйме көздері жылт-жылт етіп мүлік біткенді тінткілейді. Ол ол ма, кішілеу көзіне мейірім ұялаған жазық маңдайлы ат жақты, құс мұрыннан ақырын дем алып ауыл иесіне көз тоқтатпай отырған қаз мойын, қаймақ ерін, мойыл көзді, момын жүзді жас әйелге ұрлана қарап қоятынын қайтерсің...

Күн бетін тоқымдай қара бұлт жасыра қалып еді, онсыз да көңілсіз үй-іші күңгірттеніп, түрүлі іргеден соққан самал сақауланып, Ниетбайдың денесін тер басты. Үнсіздік... Осы кезде есік шиін көтеріп:

– Апа, – деп ішке бал арасы қонатын гүлдей майысып, мандайы жарқыраған он бес-он алтылардағы қыз кіріп келді. Табалдырықтан періште аттап, арқаның бар таза ауасы аңқылдай соққандай, есі шыққан Ниетбай: «Әпчу...» деп түшкіріп салды. Қыз бөгде адамды көріп тұрып қалды. «О, не қарағым...» – деген шеше сөзіне де жауап қатқан жоқ. Көз алдында тұрған үр сұлуға сұқтана қарап, ақыл-есінен айырылған Ниетбай орнынан сиыршылап тұрып кете жаздады. Бұл қимылын отағасы байқап қалған. Босағадан басын қылтитып, қоңыр қозы маңырап жібергенде үшеуі де селк етті. «Мені көрдің бе, мен осындаймын», – дегендей жаңа бүрін жарған жас өрім қайтадан сыртқа ұмтылып кетті.

Көз қарықтырған – ауыл мырзасының мойнына бұршақ салып, құдайдан тілеп алған жалғыз қызы – Ақмарқа. Жәкең жалғзын жасынан бетінен қақпай еркелетіп өсірген-тін.

Кейін омырауы білініп, шылбыр ұстарлардан бөлектеніп, қынама бел көйлек киіп, бір-ақ күнде көзге ұрып шыға келген. Тек ер балаға тән ашық-жарқын. Кейбір қылықтарын үлкендер жағы да сөкпейтін. Сөйткен Ақмарқаның айттырған жері жоқ. Жәкеңмен бауыздау құда боларлық бұл өңірдің белді-белді мықтылары оның жат жұрттық бала екенін білмейтін де. Білгендері бертінде ғана біліп, іштерінен: «Қалай ғана байқамағанбыз» десіп жүрді...

Бармағының басымен қара кесек етті ысырып, сарғыштауын ғана іліп отырған қонақтың араны ашылып, саусақтарын баттита жазып, көсеп алып, талғамай күйсеп отыр. Ол жалғыз келгеніне іштей қуанып отыр...

...Көгеннен қозылар ағытылып, ию-кию боп жатқан кезде сырт көзден тасаланып, Қамысбай сенімді екі жігіттерін үлкен үйіне шақыртқан. Ондағы ойы былтырғы оқиғаны бетке ұстап, жым-жырт жатқан Жақсыбайдың беліне салмақ салып көру болатын. Жығылғанға жұдырық жасайтын Жақсыбай емес...

Құныкер аты оныкі болғанымен, соқтыққан өз жігіттері екенін, оқыстан болған оқиғаны қалай өршітсе де, өзінің өлік шығарған аты барын Қамысбай әріден болжаған. Сөз қысқа болды. «Ертең Жақсыбай ауылына қарай жол жүресіндер...» Көкейіндегісін ашып айтпаған, жігіттерге босаға жақты иегімен нұсқаған. Бай баласы ұйқысын қандырып атқа қонғанша, түс ауып кеткен-тін. Ер үстінде қалғып үйренген ырғай қамшылы, ықшам жігіттер оның ырғалып-жырғалып атқа қонғанынша іштері пысқан. Жолға шығысымен жігіттер көңілденіп, екеуара үзеңгі қағыстырып, бұның бар-жоғына қарамай арқан бойы алда озып бара жатты. Ниетбай олардың соңынан шоқырақтап келе жатқанына өзінше намыстанған. Оның үстіне ауылдан ере шыққан сумақай екі тазы әр бұтаның басына бұттарын кезек-кезек көтеріп, салпаңдап қалмай қойған...

Бір дөң асып түскен соң, Ниетбай атын тебініп оларды қуып жетіп, «Әй, сендер ана иттерді ауылға апарыңдар, тегінде құмай тазыны көздеп жүргендер де бар, сақ болайық», – деген. Құртқанда құдай өстіп құртады ғой. Желөкпе көңіл, жас тақымдар оны райынан қайтармаққа едәуір әуреленген. Айтар сөз, жасар айла қалмады. Аузы қисық болса

да, бай баласынікі оң болатынына зығырдандары қайнаған. Күңкілдеп боқтаған, аттарын сауырға бір-бір салып кері бұрылған. Басқа амалдары да жоқ еді...

Екеуінің арасында жарытып әңгіме болмай-ақ қойды. Бар болғаны ас ішіліп, аяқ босады. Қалай болғанда да, адамның қаны тоқтының құны емес қой? Жақсыбай жабулы қазан жабулы күйінде қалды дейін десе, шілдесінде шырақ көрген бай баласының бұнысы несі? Бұл қай қыры? Бір басы бес бөріктінің сый-сияпатын көріп отырғанына қарамастан қонақ жігіт екі кештің арасында ауылына қайтпақшы болды. «От ала келмеген шығарсыз. Жата-жастанып, аунап-қунап дегендей бірер қонып аттаныңыз», – деген Жақсыбайдың сөзін жүре тыңдап, менмендік мінезіне басып, қайырылмайды. Етегіне жармасқандай болған мырзаны көзіне де ілмей, омыраулап, байлаулы атына қарай аяңдады. Кереге көзінен сығалаған ерке қыздың пәк жанары тақырлау жерде сырғып бара жатқан қамшының өрімін көріп қалды. Ирелеңдеп...

Ат тұяғының дүрсілі естілді. Артынша өршелене тұрған иттерге ауыл мырзасының қатты ақырып, зекіген ашуға толы, зәрлі дауысы естілді. Бал қымыздың қызуы бойын балқытқан Ниетбай жуан қарнын ердің алдыңғы қасына көтере салып, көз алдында айдай толықсыған Ақмарқаның бейнесіне елтіп, өз ауылы жағынан жайлап ескен қоңыр желге көкірегін тосып, желіп келеді. Көз алды тұман, әлде бір тәтті сезім мен үміт көңілін қытықтайды. Бие сауым уақыт бойы бір орыннан тапжылмай тұрған мырзаның жанына ешкім батып келмеді. Жақсыбай оның соңына бір қарады да, жерге былш еткізіп түкіріп, құрым етігінің өкшесі сықырсықыр етіп, үлкен үйге қарай аяңдады. Ауыл жым-жырт.

Ақ ботадай үлпілдеп ай туды. Туды да сүт сәулесін молынан шашып, сай-саланы қуып кетті. Осы кез адырнаны дірілдетіп, бас көтерген жел ауыл маңындағы шилерді биші қыздардың үкісіндей әгугайға сап тербете бастаған еді...

Алтыбақан. Сықылықтай күлген құрғыр қыздар, барын ортаға салған өңкей бозбала. Жарасымды әзіл, әуелеген ән. Ақмарқаның көңілі пәс. Ере келген жеңгесі құлағына әлдене деп сыбырлап, білегінен ауырлай шымшып өтсе де, селт еткен

жоқ. Денесі бір ысып, бір суыды. Бұрын-соңды өзі басынан кешпеген беймағлұм үрей бойын тітірентті.

«Ақ қыз-ау, саған не болды?» – деп ерке жеңгесі ыстық демімен құлағын күйдіре сыбырлағанда: «Басым ауырып тұр, қайтайықшы» дегенді зорға айтқан. Өңі қашып, молынан түскен ай сәулесі бетіне жүгірген қан толқынын айқындап тұрды. Батсайы көрпенің астында құшақтаса жатқан жеңге мен ерке қыз сырласпаған. Тек анда-санда жеңгесі бұның о жер, бұ жерін қолымен сипап көріп, «ту, денеңнің қызуы-ай, құшақтаған жігіт есінен танар-ау», – деп сылқ күлген болды.

Жеңгесі тынышталып, ұйқыға кеткенде Ақмарқаның көзінің алды қарауытып, ұйқылы-оюу күй кешіп ұзақ жатты. Қара шаңырақтан әуелі қамшының өрімі салбырап келе жатты да, кенет көздері жылт-жылт етіп, қызыл тілін жалаңдатып, түрі суық қара жылан боп шыға келген. Жылан. Сорғалап... Ақмарқа дауысы шықпай бастырылды. Адам қолы тимеген кеуде тұсы бір көтеріліп, бір басылған. Бір замат шошып ояңған. Түсі екен, өне бойы дел-сал, қол-аяғы ұйып қалған. Қап-қараңғы, керең тірлік. Жамылғысы сусып жерде қалыпты. Жеңгесі әлдене деп ұйқысырайды. Ақмарқа оба құсап ұзақ отырды. Бір кезде белінен бақанмен ұрғандай шалқалай құлады. Ақырын тыныстап, кеудесі дір-дір етіп ұйықтап жатыр.

Қап-қараңғы.

Жылан. Жылан...

Мүлгіген тау қойнауынан өзегін суырып жетім қозы аянышты маңырайды.

Түн. Қап-қараңғы...

Тоқтының еті топырақ татып тұрған шак еді...

Желідегі құлындар жуасып, бағлан пісіп, бас мүжілді. Бала-шаға тай үйретіп мініп, сай-саладан бүлдірген теріп қарық болды. Ел ішінде шілдехана, тұсаукесер, тоқымқағар жиі жасалады. Тіпті, жоқтан өзгені сылтау қылып көрші-қолаң кезек-кезек шақырысып, күбі түбін шын пейілдерімен сарықты. Ауыл жаз құшағында еді...

Күтпеген жерден сау-сау етіп, төрт салт атты Жақсыбай ауылына келді. Әбиір болғанда, ересек балалар бір-бір итті бұқынтып ұстап қалған. Аттары байланып, өздері қошаметпен үлкен үйге кіргізілді. Жәкең оларға бар ықыласын ақта-

рып, кәрлен кесеге құйылған бапты қымызды әрқайсысына жеке-жеке ұсына отырып, түстеріне көз тоқтатып қарады. Орта жастағы үшеуін тани қоймады. Сақалы омырауына түскен, шегір көзді сары шалды барып-барып таныды. Тіпті, сол сәт оған кесе ұсына берген қолы дірілдеп, сойылға жығылған жігіттің туған нағашысы – Қатырма шал екені есіне түсті. Қатырма шал әлде қайғыдан, әлде дімкестіктен бе, ана жылғыдан қатты жүдеген екен. Бірден танымай қалғаны да сол. Тізе үздіріп отырған төртеу де, оларға қарама-қарсы отырған ауылдың алтауы да – үнсіз. Қатырма шал ұзақ-ұзақ жөтелді. Бір замат бағанадан көкірегін жөтел емес, ашуға толы сөз қысқандай басын қалтақтатып сөйледі. Сөйлегенде бүй деді:

– Уа, Жәке! Бетіңді қаралайық, жаныңды жаралайық, – деп келгеміз жоқ. Ықыласыңның ықтасынында біздің ызғарымыз болса, оны да жылытқалы келдік. Еңсенді жоғары ұста, біз үйіңе жылан боп еніп, сен ақ құйып отырған жоқсың. Босаға керіп, басыңды иер туысың біз едік. Өйтпедің... Сен таспен атсаң, аспен атайық деп ақырын күттік. Жайлауға елдің алды боп қонсаң да, жатып алдың, жатқаның өзіңе жайлы болғанымен, біздің ескі жарамыздың аузын тырнап кетті, қылығыңа қарай қанға қан қылмаққа бел буғандарды ақылымен тоқтатқан, жасы кіші болса да, өзіндей бір елге пана болып отырған Қамысбайға енді қандай өкпең бар?! Жыл өтіп, жесірдің көз жасы кепсе де, көңіліндегі мұз сол құрсауында. Ерітетін өзін едің. Өйтпедің. Сонда да Қамысбай қасқадан туған төбелдігін танытып: «Ер жігітімізден айрылсақ та елдігімізден айырылмайық, барып қайтыңыз» – деген соң, төрдегі басымды төменге сүйреп, алдына кеп тұрмын. Сынар сойылсыңды, сөзге тоқтайтын азаматсың, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ: ауырлама, омыртқанның ішіндегі жұлыныңды суырғалы келдік...

«Ауырлама...»

Жақсыбайдың төбесінен жай түскендей болды. Қатырма шал суырылып сөйлеп отыр... Үлкен үй-ішіндегі әңгіме ұзаққа созылып барады. «Ауырлама...» Ақмарқаға құда түсе келгендерін қараша үй маңындағылар да естіп, беттерін шымшысты. Араларында бұл хәм жаманатты естіп, он екіде бір гүлі ашылмаған Ақмарқаны аяп, көздеріне жас алған

әйелдер де болды. Мырза қатты қиналған. Бауырына екі басты жылан ұялап, біреуі өзін шағатынына, біреуі өзгені шағатынына қиналды. Байлаулы, ештеңеге ауызы бармады. Бәйбішесі ел көзіне байбалам болмағанмен, оңаша ойға барып көй-көй жылады. Қатырма шал басы қалтақ-қалтақ етіп, суырылып сөйлеп отыр:

«Тұйғынына аққу керек екен, онысы – Ақмарқа».

Ауылдың оң қапталында айдын көл бар. Ақмарқа түс ауа құрбыларымен сонда келген. Маңырап соңынан қалмайтын жетім қозыны қолтығына қысып ала келген. Көл бетін толқытып, өңкей жас қыздар шешініп тастап, қолтықтарынан келетін тұсқа дейін қалқып-қалқып кеткен. Бейне бір жұмақтан келген ару қыздар сияқты қараған жанның көзін қарықтырады. Күлкілері қандай! Іш киімдері денелеріне жабысып, бір-біріне су шашысып, мәз-мейрам болады. Анда-санда су жұтып, қақалып жатқандары да бар. Көл беті көңілді. Әсіресе, Ақмарқа ерекше сұлуланып көл бетіндегі он қыз арасындағы жалғыз аққудай әсемдене таранады. Тұяғын суға батырып, маңырап тұрған қозыға су шашып-шашып қалып, сықылық-сықылық күледі. Ауылдағы әңгіме үш ұйықтаса түсіне кірмек емес. Ерке қыз айдын көлде аққудай жүзіп жүр.

Бір төбеге ие Жәкен бірден жалтара қоймаса да, жалғыз ботасының жас қамыстай екенін, қалауы болса құтты орнына өзі қондыруға іштей тілеулес боп жүргенін айтты. Сол-ақ екен қатырманьң басы қалтақтап тағы сөйлеп кетті:

– Құралай бастаған киіктің оңғанын көріп пе едің? Бұл қай сөзін? Қайт сөзіңнен, аузымнан оқ шықты деме, от шықты де, азар болса етегіміз күйер, жеңімізбен жапсақ та өшірерміз, өрісімізге жібермеспіз, қайт райыңнан, бөтен сөзді атама, жат жұрттық балаңды жатыңа емес жақынына, қолтықтасар Қамысбайыңа бересің, мал жайлауың, қонар бетін құдай бұйыртып қиық көзден тутаныңа келер болсаң, тұяқ тимеген ту шөпті басып келесің... Тоқта сөзге. Сен сөзге тоқтамасаң ашулы ағайын қан төкпекке, ер құнын даулап, Дегелеңнің даласын шаң көтермекке бекіп отырғалы қа-

шан, сенің жалғыз ауыз сөзің екі ауылдың мал-жанын сақтап қалмақ. Біздің төзіміміз жетті... Сөз сенде, ағайынның араздасуы да, құйрық-бауыр асасып, ауыз жаласуы да сенің байлауыңда, сенің тандауыңда. Алдыңда екі сүрлеу жатыр. Таңдағаныңмен жүр, мына отырған ағайынды тыңдасаң, туысыңды тауып беретініне түс...

Қатырма тықсырып барады. Май қалақтың басындай алақанын ашып-жұмып сөйлегенде Жақсыбайдың жауырынынан тартып өз ықтиярына бағындыратын сиқыры бар сияқты. Сөзі сүйегінен өтіп, қолқасын қуалап, тілін күрмеді. Әрі қарай құлағы шуылдасып, ештеңе естімеді, шұраланған аттай орнынан тырп етпеген. Құдалар оның ықыласын алмаса да: «Алланың жазуы» дегенге әкеп тіретті. Сөз осымен бітті. Дала заңы – бөлек. Білегің көтермейтін шоқпарды бөліңе байлатпайды. Қамысбай адамдарының сеніп келгендері де осы болатын...

Құда түсе келгендерді ауыл иттері естерін шығарып талай жерге дейін шығарып салған. Жайшылықта бала-шағаға: «Иттерді ұстаңдар» дейтін үлкендер де жақ ашпай үнсіз қалған.

«Ауыл жым-жырт...»

«Ауырлама...»

Ақмарқа көлге шомылып жүр. Қамыс-қоға бір түрлі мұң айтқандай. Жетім қозы жағалауда маңырап тұр.

Байқұс қыз бала...

Көп ұзамай... Қырық жетінің құны боп қыз көрші ауылдан аттанбақшы болды. Ақмарқаға осының бәрі түс сияқты. Оянып кетіп, бұрынғы қызғалдақ дәуренін қайта кешетініне үмітті. Шешесінің шықпаған жаны жүр. Қолдан келер дәрмен жоқ, тіл ұшына келген зәрлі сөздің уыты ішіне жұтулы. Әр жұтымы – өзекті тілер ашы. Аруана көздеріне жас толып, омырауын жуады. Жәкенді де қолтықтай тұрған өңкей бұқағуке ығай мен сығайлар өзара қауқылдасады. Ара-арасында:

«Жәкең, Жәкең» – деп, бір-біріне насып, оның мырзалығын, байлығын айтысып тұр. Ауыл мырзасының олармен ісі жоқ, буын-буынынан әл кетіп, бір сәт қалың жұртқа естірте аһ ұрып күрсініп алды. Оның бұл қиналысын әркім әрқилы жорыды. Жүзі – жылы, іші – мұз бір топ: «Шоқ, шоқ, «ит төлеуі – бір күшік» деп, құн орнын амал бермей жалғыз қызыңды қатын үстіне бергенің – өз сорың», – десе, енді бір аз ғана адамдар Жақсыбай мен бәйбішесінің жан ауруларын тәндеріне тигізді.

Ел сөзі, қауым қозғалысы Жақсыбайдың ойын бөле алмады. Қайта осы қалың көздер бұған жиіркене қарап, бетіне түкіретіндей көрінді. Өзін иірімі терең өзенге батып бара жатқандай сезінді. Тал қармануға шама жоқ. Дәрменсіз. Кенет балтырын балық түрткілегендей болды. Өне бойы дір етіп, артына жалт бұрылды. Адамдардың аяқтарының арасынан өтіп, жетім қозы маңырап, бұның жанына кеп тұр. Мойнынан еркелете сипап сүт беретін Ақмарқаның аялы алақанын іздеп жүр. «Таз ашуын тырнадан алады». Жақсыбайдың кеуде тұсын қысып, миын шаққан бар ашу-ызасы сыртқа тепті. «Кетшей әрі!»... көзіне көрінген жетім қозыны бүйірге пәрмендеп бір тепті. Қозы тымақтай ұшып, құдаларды аттандырып, ырым-жырымды аудастырып жүрген қатындардың алдына түсті. Олар тырбындап жатқан қозыны аттап-аттап өтіп, беттерін шымшыды. Қыз көші орнынан қозғалып кетті. Сыңсу. Көрісу. Жақсыбай екі-үш ұмтылып барып, тоқтады. Бауыры езіліп барады. Әйелдер де жыласты. Өзге жаулықтыдан өзгеше жылаған – Ақмарқаның шешесі. Тұяғын серпіп, жан тапсырғалы жатқан жетім қозының көз ұшында қыз көші ұзап барады.

...Ауылына келгесін Ниетбайдың жегені желім болды. Сол кеш батпастай көрінген. Тіпті, жайшылықта еңкейіп ұясына кіретін күн де дәл төбеде шақырайып тұрып алған. Мына әке малының құйрық-жалымен келген жас арумен оңаша қалар сәтті көз алдына елестетсе, нар тартқан кезбедей басы айналып жүре береді. Күн батпайтындай, қараңғы түспейтіндей көрінгені бекер екен. Кеш түсіп, іле ірге-іргеден бас көтерген қаралы әйелдер қара шаштарын жайып, қара шыттарымен жарық біткенді қымтап, аза тұтып келе жатты. Жым-жырт. Бір өзгешелігі дауыс сап жылау жоқ, тек іштей жан-дүниесі

лерін езіп, үнсіз жылау бар. Қалың қаралы әйелдер қап-қара түнге айналып, қап-қара тас болып қатып қалғандай. Түн. Қараңғы. Ай да бетін көрсете алмай қиналып, осы қаралы қалың жаулықтылардың құшағында қалған.

Қараңғы... Оңаша тігілген ақ боз үй ішінде шымылдық құрылған. Пиаладай сынып кетпей, оқалы киім киген Ақмарқа соның ішінде отыр. Жүдеу. Бірақ тәккаппар қылығы мөлдіреген бота көздерінен байқалып тұр. Отау үй ішінде әуелі әйелдер көп еді. Ақмарқаға олардың өзара сыпсың-сыпсың еткендері, кейде жыртындап жымысқылана күлгендері анық естіліп қалады. Сол әйелдерден отау үйдің іші арылып, жүрегін қайғы шайған жас қызметші келіншек қана қалған-тын. Ол, есіне әлдене түсті ме, жиі-жиі күрсініп, жіті қимылдап, сырттан жез леген мен тырна мойын, қозы құйрық құман әкеп, ортаға қойды. Сырттан түнгі шөпті сыртылдата басып келе жатқан Ниетбайдың аяқ дыбысын естіп, қызметші әйел лып етіп орнынан тұрды да, алты қанат отау үйдің ішіне ақ таңдақ шапағын шашып тұрған ондық шамды баса кетті. Ниетбай табалдырықтан аттамас бұрын жүрегін басқансып, сәт бөгелді. Айналасына қарап алды.

Қап-қараңғы. Мүлгіген меңіреу дүние. Түн тыныштығының туырлығын тіліп, кермедегі сәуірік кісінеді. Мұндайда үре жөнелетін иттер де тыныштала қалған. Жым-жырт. Қараңғы. Асық көңілі алшысынан түскен Ниетбай асықты. Өлде кімдер сияқты етігін қызықтайтынына шешкізген жоқ. Күні бойы еңсесін басып жүрген сырт киімдерін шымылдыққа жетпей жүре сыпырды. Көйлек-дамбалшаң ағараңдап шымылдыққа енді де, әй жоқ, шәй жоқ, бір бұрышқа үрке жылжыған Ақмарқаны тарпа бас салды. Денесіне тікенек кіргендей тітіркенген жас ару бұлтың етіп оның уысынан шығып кетті. Бейкүнә балапан қара құбыжықтың тырнағына ілінгісі келмей, айнала қашты. Шымылдық бауы үзіліп, жинаулы жүк құлады. Ақмарқаның иығынан бүре ұстаған Ниетбай алқынып, оны төсекке қарай сүйреді. Киімдері дар-дар айырылып жатыр. Ақмарқа жетім қозыдай...

«Жоқ, жоқ!» Көзі қарауытып, қаны тасыған Ниетбай құны төленген қыздың байбаламын не қылсын? Өлеусіреп тұрған ондық шамды қолына ілінген кебінімен жалп еткізіп өшірді

де... Ақмарқаның балдырған денесін жапырақтай калтыратып, бауырына басты. Жас арудың айғайлауға шамасы келмеді. Уыз жаны қақырап жүре берді. Обал-ай!... ..Сол түні бала қойшы жетім қозының терісін сыпырып алды да, малта жағып, арбаның дертесіне іле салды. Жылбысқы, арық қозының сүйекті етін иттер таласа-тармаса, жұлысып, әп-сәтте қарбытып алды.

Жақсыбай ауылы жым-жырт. Тоналған керуеннің күйін кешкен. Жым-жырт тірлік. Әркім өз қараша үйінде бас сауғалап алған. Үлкен үй іші де құсынан айырылған айдын көлдей мұңлы... Түн қараңғы болды. Тыныштық. Тек әлдеқайдан екі өкпекті қолыңа алып, дедек-дедек жүгіріп іздеген де жете алмайтын жерден – пенде біткеннің сай-сүйегін сырқыратып байғыз жылайды... Үрпек таң. Бауырын жазған ақбөкен-жел кең сахараны бір сәтке желпітіп өтті. Отау үй-іші ту-талақай. Тояттаған Ниетбай езуінен сілекей ағып қорылдайды. Бір-ақ түнде тәтті жемісінен тоналып, құп-қу боп Ақмарқа жатыр. Жалаңаш. Кірпігі әлсіз қимылдайды... Үй-үйден шыққан адамдар асыға басып, отау үйге қарай келе бастады. Әуелі үй-ішіндегілерді тесік-тесіктен екі-үш адам көрген. Бірте-бірте, аттылы-жаяулы адамдар тобы келе бастады. Бәрі келіншек көрмекке келген. Ақ жұмыртқадай отадан бәріне көз саңылау қайдан табыла қойсын. Жымың-жымың етіскен пенделер киіз үйдің уық-керегесін көрсетіп, арши бастады. Екі көздері үй-ішін жалмап барады. Ақмарқа есін жия алмай қиналып жатыр. Ниетбайдың олармен ісі жоқ, рақат ұйқы құшағында. О, қара түн! Қаралы кебін киген қайғылы әйелдер, тым-құрмаса сендер жас арудың түнін жасыра тұрмадыңдар ма?!

О, қара түн! Бейкүнә таң боп неге көзіңді аштың? Бетің күйсе де, бұл сұмдықты қалай ғана көрдің?!.. О, қазағымның қара түні...

Үш таң. Үш күн. Үш түн.

Аңызға кеу-кеулеген. Сүтіген сабағы кеуіп, дала беті күреңітіп, ит тілін топыраққа малып, бүйірімен жер соқты. Жылқы тұяғының жүрекшесін күйдіріп, сауын желіні суал-

ды. Бұл аптап жұтының шегі жоқтай көрінген. Ауыл қақталды. Түн баласы болмаса, ауылдан бейсауат ешкім аттап шыға алмады. Осы күндері Ниетбай өзінің өмірге келгеніне өкінді. Жұттың бір ұшығы – өзінің жастай алған тоқалына кеп тірелсе. Үш түн. Үш күн. Үш таң... Ақмарқа нәр сызбаған. Шиедей еріндері шыт-шыт жарылып, керегеге арқасын сүйеп, жағы суалып отырып алған. Алдына ас-су әкелген адамға алая қарап: «Өлемін, аштан бұратылып өлсем де арманым жоқ. Ақ тәнімді құрт жесін, Қамысбайдың қортығының қойнына жатпаймын», – депті. Бұл сөз алғашқы күні Ниетбайдың жанына қатты батқан. Намыстанған. Сонда да мына қапырықта көз алдында қаталаған жас тоқалын көргенде іші қыпылықтаған. Ел Ақмарқаны «ауру» десті.

Молданың айтуынша: «Бұл — еркекке етегін ашқызудан қашқан елірме дерт. Емдемесе ішер сумен, мал оттар шөппен төмен етектіге жұға беретін кесел», – депті. Сол емсек молдаға Ниетбай кеше кешкісін кісі салған. «Ұлы сөзде ұяттық жоқ. Жас тоқалымның басын дұғаласын, аузына ас алдырып, адам қатарына келтірсін». Араға жүрген адам молданың келісімімен құлынды бие құнын да айта келген. Бұл үнсіз келіскен. Басқа амалы да жоқ. Содан ін аузынан суыр андыған аңшыдай, екі көзі молданың үй жағында.

Ұлы бесін еді... Бие сауым уақыт ішінде дүние өзгеріп сала берді. Әп-сәтте аспанға бұлт үйіріліп, артынша мол жаңбыр төгіп-төгіп өтті. Үш күн қан-жынын сасытып сойған тасаттық мал құрбаны қабыл болғанына ақсақалдар мен қарсақалдар қатты қуанды. Ауыл ес жия бастады. Кенезесі кеуіп қалған жер мейірі қанғандай, сарғыштанған жүзі қайтадан жайнағалы, түрленіп келе жатты. Ауыл тіршілік тізгінін мықтап қолдарына алған. Сол кез шеткі сиыршының үйінен айқай-шу шықты. Сиыршы жігіт әйелін шашынан сүйреп, тепкіледі. Себебін білгендер айтты: «Екі күн бопты, ерден шығыпты». Молданың айтқаны айдай келді. Ауыл адамдары екі тізесін құшақтап, шөлмектей ағарған Ақмарқа жаққа шошына қарады. Ақмарқа орнынан қозғалған жоқ. Ол үшін мына пәни қараң еді. Қатты қайғырып көз жасын төккен кезде, төркін жағы, қайраны жоқ, көл болды. Молданың Ақмарқаға жасамақ ем-домын үлкен үйдің бәйбішесі естігенде есінен тана жаздады. Бұрын-соңды естімеген ем-домы. Бұ-

рын-соңды естімеген сұмдығы. Тірідей көрге көміп, үстінен қой айдамақ. Өуелі естігенде бетін басып жүрелей отырып қалған. Киіз үйдің ағаш есігін теуіп ашып, Қамысбай кіріп келді. «Сусын әкел». Бәйбіше байының өрт сөндіргендей түрін көріп, қалтырап кетті. Қамысбай үйге симай аласұрды. Кеудесін «Ақысы – Құлынды бие» деген сөз тесіп барады. Бәйбіше тостаған толы қымызды ұсынып:

– Әкесі, – деген жүзін төмен салып, – Молда қайнағама тоқтау салыңызшы. – Өмірінде байының бетіне айтқан сөзі – осы. Қамысбайдың жақ жүндері үрпиіп, жүзі сұрланып барады. – Қырық жетісін матап алып бергенде қырық күн қызығын көрмеген. Өз сору да. Тегіне тартса, хордың қызы болса да, талақ етер еді. Жатырында былғанған жылбысқы да... Тоқал алам деп несі бар еді. Жақсыбайдан өріс алатын едім ғой. Өріс...

Қамысбай қолындағы қымыз құйылған тостағанға ернін де тигізбей лақтырып жіберді. Онсыз да, жер болып отырған бәйбішенің басына қымыз молынан шашырады. Қамысбай үйден шығып кетті. Бәйбішенің жүзін жаспен бірге аппақ сүт жуып жатыр... Молданың бұйрығымен төрт-бес жігіт білектерін түріп іске кіріскен. Шыдамы таусылған Ниетбай жұрт көзіне түсіп, Ақмарқаның жанына барған.

– Сені тірідей көрге көмбек, маған көнетініңді айт, босқа... – Ақмарқаға сол сәтте Ниетбайдың бетіндегі қорасан орнында құрттардың қара басы жыбыр-жыбыр етіп тұрғандай көрінді. Оған жиіркене қарап, зорлана жымыған:

– Сенің, сендей қортықтың койныңда шірігенше, қара жердің құшағында-ақ жатайын...

Амалы құрыған Ниетбай екі иіні салбырап далаға шыққан кезде, қарсы алдынан қыздай алған, құрсақ көтермеген қатынын көрді. Ел көзі демей тілін сумандатты. Талай уақыт ішінде жүрген запыранын төгіп жатыр: – Отағасы, тізеңді жылытып, бойыңды балқытқан жас тоқалыңды қимай жүрсің-ау... қимай, қиналатын несі бар, молда қайнағамдікі оңды. Қарқыны жаман емес екен, кейін бұқаның қылығына өгіз сүйсініптінің кері боп жүрмесе... Ниетбай жерден жұдырықтай тас алып, қатынына құлаштап жіберіп қалды. Әйел кеудесін басып отырып қалды. Жылаған жоқ. Көздері от шашып, кетіп бара жатқан байының соңынан ызалана қарады.

Дегелеңнің бір бүйірін қызыл алауға бөлеп, күн-ана ұясына қарай еңкейіп бара жатыр. Таспиығын тартып, қақпанға түскен сасық күзендей шақ-шақ еткен молданың ащы дауысы төңірекке естіледі. Үрей билеген адамдар жартасқа камалған үйрлі арқардай иіріліп тұр. Төрт жігіттің алдына түсіп Ақмарқа келе жатыр. Екі бетіне қан жүгіріп, келін боп түскен кезінен де ажарланып, тіпті қап-қара шашы қалақтай жауырынын жауып, тобығына түскен. Аяғын нық басып, адамдарды қақ жарып, көрдің жанына келді. Молда әлденені күбірлеп кетті. Ел демін ішінен алды.

Ай маңдайы жарқ етіп Ақмарқа көрге өзі түскен кезде «Тиіспеңдер!» – деген әйелдің шынғырған дауысы шықты. Елмен бірге Ниетбай да дауыс шыққан жаққа жалт бұрылған. Өз көзіне өзі сенбеді. Әйелі екен. Кемсең-кемсең етіп жылап тұр. Бұлармен молданың ісі болған жоқ. Қолында – таспиығы, тілінде – бұйрығы. Көр бетіне қалың шілік тасталды, топырақ шашылды. Осының бәрін үн-түнсіз көріп тұрған Дегелең тауы әбден қартайып, келін мен баладан көргенсіздік көріп қажыған қарияның күйін кешкен. Мына сұмдықты сен көрме, ертең ағарып атасың ғой дегендей күн жарықтықты құшағына тарта берген. Бала қойшы қойларды дүрілдете айдап келе жатыр. Қалың қойдың ара-арасына, бауырына еніп алған қараңғылық жылжып келеді. Қараңғы. Ел мен дала күрсінді. Көр үстінен әрлі-берлі қойлар он шақты рет айдалды.

Көз байланған. Түн баласында бір бүйірден бас көтеретін ай да бұл сұмдықты көргісі келмегендей бесігінде құндақтаулы күйінде жатып қалғандай. Көз байланған. Қараңғы...

Ақмарқа аппақ боп көрден шықты. Көр ішінен суырып алғандар шошына айғайлап ауылға қарай қашты. Шашы, кірпігі ағарып кетіпті. Сақ-сақ күледі. Адамдар быт-шыт боп қашты. Молданың сасқаны сондай тілі күрмеліп, бойынан кіші дәреті жүріп кетті. Ауыл у-шу. Дүбір. Қалың дүбір. Тау-тас, жыра-жыңғылдың, дүниенің төрт бұрышынан бас көтерген қаралы киім киген көп әйел бірін-бірі үн-түнсіз құшақтап, дауыс шығармай іштен жылап жатыр. Сол үн-түнсіз

езілген қаралы әйелдердің ортасында ағараңдап, Ақмарқаруақ дауыс салып жылап барады.

Түн. Қараңғы түн. Ағараңдап... Қазан айында қаңбақ ұшып, жылға-жыраның қойны-қонышына тығылды. Қараша туып, қара дауыл жер тозанын аспанға көтерді. Дала ызғарлы. Ел күздеуге жүдеу қоныстанды. Ақмарқаның тірі аруақ боп кеткені жақын ауылдағының жеңгесіне, алыстағының атасының құлағына шалынғаны қашан. Ауыл-ауыл арасы алып-қашпа сөз. Бұл сұмдықты естіп-біліп отырса да, Жақсыбайдың туғандары сырт көзге сыр бермеді. Не болса да, іштерінде. Өкпеге қиса да өлімге қимайтын – туғандық қасиеттеріне сап, Жақсыбайдың көңілін аулайды. Көп ұзамай Дегелең өңіріне аппақ қар жауып, кешегі айқыш-ұйқыш қасіретті іздерді көзден тасалап, көңілден ұмыт қалдырмақ болған. Қар қалың жауды. Жақсыбай ауылы Ақмарқаны жасырын іздей бастады. Ізім-қайым жоқ. «Бәлен жерде бәлен деген емші кемпірдің қолында екен-міс» деген хабар болса-ақ, бөріктілер белді атқа қонады. Таппайды. Құр қол, қатулы қабақ қайтады. Тай бауырынан жауған қар құрсауында Жақсыбай ауылы ақыретке шала-жансар оралған пенденің бір бүйіріндей бүлкілдеп жата берді...

Тірі пенде не көрмейді... Торғай аузын қар суына шылап, төрт түлік төлін бауырына алар-алмастан Жақсыбай ауылы жайлауға шығып кеткен. Ондағысы – Қыс бойы аяз қысып, сартап болған көңілдерін бір сергітпек. Олары құр бос алданыш екендерін құрғақ төбе-төбеге үй тігіп болып, қазанға ас салған кездерінде бір-ақ білген. Бәйбішенің ботасынан айырылып боздаған бозінгендей аңырауы жерге жабағыдай жабысып жатқан қар қасатын қақыратып, көз жасы сай-саланы қуған қызыл судай ақты. Құр ат мінген жігіттер әрбір ауылға ат басын іркіп, Ақмарқаны ашық сұрасты. Іздеушілер қатары көбейіп, молая түсті. Ел ғой... Қамысбай ауылы жылқысын дүрілдете айдап, бұл өңірден құнан жарыстырар тұсқа барып қонған. Ашулы ел іргесін бұзар деп ойлаған. Сақтықта қорлық жоқ. Түнгі күзет күшейтіліп, жігіттер құрыққа сүйеніп қалғыды. Ат ауыздығы алынбады. Ит-құс – Қорығанға өш. Жылқыға қайта-қайта тиіп, екі-үш тай-жабағының қарынын ақтарып кетті. Күндіз-түні дамыл көрген жоқ. Небір арлан қанжығаға бөктерілді. Сонда да дала бөрі-

лері майдандарын тоқтатқан жоқ. Өйтпесе, қасқыр-қасқыр болар ма... Жаксыбайлар жым-жырт. Ит-жығыс өмір.

Төңірек тым-тырыс. Бұлақ басында үш-төрт бала улап-шулап бақа аулап жүр. Бет ауыздары, жалаңаш қарындары батпақ-батпақ. Осылардан басқа ауылда тірі пенде жоқ сияқты. Жым-жырт. Тіпті, әшейінде ішінен кісі арылмайтын еңселі үйдің түндігі әлі ашылмаған. Таңғы ас бағана әзірленгенмен ішілмеген. Оны-мұны, ұсақ-түйек шаруаға бола бас сұққан қызметші әйел бәйбішенің алдына леген мен құман апарып, беті-қолын шайғызып шығып кетті. Ақмарқаның шешесі күрсіне дем алды. Ауру. Сары уайым сүліктей сорған. Кейде айтып отырған сөзінен жаңылып, бейберекет бірденені қозғап та кетеді. Айтатыны – жалғыз қызы. Дауыстап шақыратыны – Ақмарқа. Ана қасіреті ауыр. Кеудесінде – шықпаған шыбын жаны... Отағасының қан жүгіріп тұратын шырайлы жүзі – оты қашқан жердей тозған. Бұл да қайғылы.

Ақмарқаны іздетіп жіберген жігіттерден хабар-ошар жоқ. Күн құрық бойы көтеріліп, көлеңке-камшы сабындай ұзарған. Ыссы ауа. Арба астында иленбеген өгіздің терісіндей бүктеліп дәу төбет жатыр. Мазасы жоқ. Ыз-ыз еткен көк бас шыбынды ауада қабамын деп, азу тістері сақ-сақ етеді. Тұмсығын жүні қалың терісіне тығып қыршып-қыршып алған кезде, аузы қылшыққа толып шыға келеді. Кенет, көздері от шашып, орынынан атып тұрды. Желке жүні күжірейіп, ауыл шетіне қарай аяндады. Үрген жоқ. Саптама етіктің басындай мұрнын алдыға созып, иіс алды. Көз ұшында – желбіреген ақ кебін. Төбет екі бұтын талтайтып, жер тарпыды. Осы кез ала мойнақ қара күшік арсалаң-арсалаң етіп, мойнына асылды. Төбет апандай ауызын ашып, арс етіп күшіктің желкесінен тістеді де, желі орнына шаңын бұрқ еткізіп, тастай салды. Қаңқ еткен күшіктің дауысын естіп, қуыс-қуыста бұйығып жатқан ит атаулы дүр көтеріліп, құлақтары желп-желп етіп, елең-елең қағып, атып-атып шығысты. Ақ сағым жақындап, желбіреп келеді. Ақмарқа...

Үстіндегі күн көзі жеген кебіні – жұлым-жұлым. Жалаң аяқ, жалаң бас. Тілерсегіне түскен ақ шашының ұшы ұйысып, ошағандар жабысып, сүйретіліп жүр. Құлын мүшесі

бұзылмаған. Сол – баяғы құрбыларымен ойнап-күліп жүрген шағындағы – өрімтал бейнесі. Шашы күнге шағылысып, күмістей жылтырайды. Мөлдір қара көздерінде нұр ойнайды. Ажары, адымдап жүрген сайын шөлді дала төсінен қанатын талдырып, саялы баққа ұшып келген тотыдай, түрленеді. Ақмарқа ауылға жақындап келеді. Иттер арс-арс етіп ұмтылғанымен, бойын тіп-тік ұстап, кебіні желмен желбіреген оның етегінен ала түсуге бата алмады.

– Әруақ...

– Әруақ...

Ауыл ұясы бұзылған ұлардай шулады. Әсіресе, үлкендер жағы бала-шағаны тасалап, айқай-шуды үдетіп жіберді. Желідегі құлындар қылғына шұрқырап, тай-биелер құйрықтарын көкке көтеріп, шапқылады. Ақмарқа дөң етегіндегі малта тастарды шықыр-шықыр басып, ауыл шетінен өтіп барады. Соңында иттер... Үлкен үйден бәйбіше аңырап шықты. Ұстап қалмақ болған бір-екі әйелді қайрат қылып қағып тастады. Әйелдер оның жанұшыра айқайлаған дауысынан шошып, қайыра жармаспай, состиып, тұрып-тұрып қалған.

– Балам-ау, бау-ау-ыыр еті-ім-аау... Мәсісінің табанын тас тіліп, ізінен қан тамшылағанына да қараған жоқ. Айғайлап, жалынып, өксіп жылап, Ақмарқаның соңынан жүгіріп келеді. Ақмарқа тоқтаған жоқ, иттер мен адамдардың дауысын естіген сайын, өне бойын еркін билеп қаша берді, қаша берді... Сорлы ана әлі құрып жерге құлап түсті. Көз алды қарауытып, ештеңе көрмейді. Тілін тартып, ышқына өксиді. Көзден аққан жасын бетін жапқан қара шашының ұшынан жер үн-түнсіз жұтып жатыр. Ана екі қолын көкке созып, қарғанды: – О, Қамысбай жалғызымнан айырған жалмауызым, көлің көріне айналсын лағынет... лағынет...

Екі өкпелерін қолдарына алып, жүгіріп-жүгіріп келген үш еркек талықсып кеткен сорлы ананың бетіне су бүркіп, біреуінің мол шапанына салып көтеріп, ауылға әкелді. Бәйбіше есін жия алмай жатыр. Үй төрінде отырған Жақсыбай орнынан үш ұмтылып, тұра алмады. Қылша мойнын талша иіп, омалып қалған. Әлде бір қарулы дүлей кеуде тұсын көк шыбықпен шабақтап жатқандай. Дал-дұл. Бұндайды кім көрген. Өлік болса, ата дәстүрінен иек артып, қарекет қылмақ-ты. Қапелімде жөн сұрамаққа маңдайын жерге тіреп,

бүк түсіп қайғы шеккен мырзаның жанына ешкім батып бара алмады. Құралайдың салқынында қуғын көрген еліктің лағындай Ақмарқа көз ұшында бұлдырап кеткен. Иттер де тілдерін салақтатып ауылға қайтқан.

Ақмарқа ауылдан ұзап кетті. Соңынан қуғыншы болған жоқ. Сүрініп кетіп, жерге етбетінен түсті. Екі қолымен жер тіреп біраз отырды да тып-тыныш даланы басына көтеріп сақ-сақ күлді. Қос қолымен шашын уыстап, жұлып-жұлып алды. Төбесінен ұшқан құсқа көзі талғанша қарап ойланды. Жерге аунап-аунап алып, сақ-сақ күлді. Сосын, әлденеге ұятты боп қалған баладай алақандарымен бетін баса қойып, саусақтарының арасынан көздері жылтырап, күлімдеді. Кенет, құлағына өзінің соқыр қозысының сағынышты үні келе қалды.

Әне... Әне. Алтыбақан. Орнынан тұрып, аяғын қорғана басып келеді. Ананы кара, қамшының өрімі. Ирелеңдеген боз елтірінің үстімен сусып барады. Өрімді ұстамаққа ұмтылды. Белі бүгіліп бұлкек-бұлкек жүгіре бастады. Көз жазып қалды. Ән қалықтап барады. Артына жалт бұрылды. Баяғы ән, қыз көшінің зарлы әні... Көздері алақ-жұлақ етіп ұзақ тындады. Ән естілген жаққа қарай жүрді. Қуанып кетті. Қызық... өрім шыбықтай шаншылып тұр. Сол бір зарлы үн... Тоқтай қалды. Ойланды. Кенет өрімді жүгіріп барып ұстамаққа ұмтылды. Өрім қатты ысқырып, оң жақ бүйірінің тұсынан ауаны осып түсті. Жалт берді. Жыланға арбалған бозторғай қанаттарын зорға қағып, ауада ұршықша иірілді. Боз жусан үстінде ирелең-ирелең еткен жыланда өші кеткендей, қайтадан ұмтылды. Қуып келеді... енді екі шұбар жылан қатар жарыса ирелеңдеді. Біраздан соң, көз жазып қалды. Желі бойы жер жүрді де, жүрелеп отыра кетті. Салқын леп есті. Қап-қараңғы...

Шұбатылған ақ шашын тарамдап көріп біраз отырды. Тұра берді. Тұра бергенде-ақ басталды. Қып-қызыл шоқтар өне бойына жан-жағынан шашылып-шашылып түсті. Ақмарқа қорғана айқайламақ еді, үні шықпады. Қызыл шоқтар қолтығының астынан, омырауын, аш белін, кара сандарын қуалап, шымырлатып барып басылды. Ақмарқа өзін бір кезде тірідей көмген көрдің жиегінде тұр еді. Құдық ішіне үңілген баладай шоқиып сүт пісірім уақыт отырды да, үстіндегі

тер сіңген кебінін шешіп тастады. Анадан туғандай жала-наш күйінде жел мен күнге тәнін сүйгізіп, үн-түнсіз, тіптен ақырын ақ шашы желп етіп, сусып көрге түсті. Табанынан көр іші салқындау сезілді. Денесі жер тартты. Жата кеткені сол еді: тағы да қып-қызыл шоқ-моншақтар өне-бойына өріп кетті. Ақмарқаның жаны азаптанды. Шоқ-моншақтар аш беліне оратылып, қос анарын күйдіріп, ақ тамағына үйіріліп, әбден есін алып барады. Осы кез аруаққа айналған ару жатқан көрдің екі жиегінен тілдерін жылтың-жылтың еткізіп бағанағы екі жылан салбырап түсті. Түсті де, сұп-суық боп оның аяқтарына оратылып, қара сандарын сығымдап, беліне оратыла берді. Бағанағы ма, қызыл шоқтар тырс-тырс жарылып, алпыс екі тамыры екіге бөлініп, қаны тасыды. Жас дене мол ләззат құшағында.

Мауқын бір басып, бір ысытып аласұртқан жыландар оның тал шыбықтай бұралған аш белін қатты сығымдап, бастарын орайша иіп тұрып алды. Қомағайлана қорылдайды. Сұр қабыршақтар қыртыстанған көмейлері бүлк-бүлк етеді. Ақмарқаның көз алдына қанатын дамыл-дамыл қағып бозторғай шыр айналды. Жыландар аласұрған денесін сығымдап барады. Ақмарқаның тістері сақ-сақ етіп, иегі дамылсыз дірілдеді. Омырауы тепсінді. Көз алдына сол бір түн... шымылдық іші, сосын...

Бір сәтке: ...Шыр-шыр еткен бозторғайға қарады.

Бір сәтке: ...сонау-сонау, биік-биік аспанның ар жағынан ән мен жырға бөленген жасаулы қыз көшін көргендей болды. Жыландар кең даланың барлық ауасын жұтпақ болған алапат ауыздарын Ақмарқаның қос анарының ұшына қадай соқты.

Бір сәтке: ...әруақ-ару көз ұшында бозторғай шырылдап бара жатты.

Бір сәтке:

Ұлы бесін еді...

1988 жыл
Саржал

ФРАНЦУЗ ӘТІРІНҢІСІ

Қарындаштарын ұштамақ болып қолына ала бергені Ксол еді, бөлмесіне келіншегі Маздақ кірді. Қабағы салыңқы. Мейірім шашып тұратын бота көздеріне соншама терең мұң ұялаған. Гүлді халатының өңірін қымтап қойды да, екі қолын беліне апарып, алдындағы алжапқышын шешті де, жайлап қана орындықтың басына іле салды.

Тасқын қарындаштардың «Қайсысын ұштасам» деген кісіше, бір-бірлеп таңдай қарады.

– Екеуіміз сөйлесуіміз керек, – деді Маздақ..

– Иә, құлағым сенде, айта бер.

Тасқын сол қалпынан қозғалмады.

– Тасташы, андағыңды! Осы сен мені шын сүйесің бе?

Тасқын келіншегіне аңтарыла қарады да, артынша күліп жіберді.

– Бала боп кеттің бе?

– Соңғы кезде сен менен айныдың ба деп қорқамын, – деп Маздақ күрсініп салды.

– Қойшы, сен де қайдағыны айтасың, әлде менен сезіктенген жерің бар ма еді, ашып айт, күдік атаулыны жасыру жан азабының асқынған түріне ұласады. Көріп жүрсің ғой... мен осы...

Маздақ оның сөзін бөліп кетті.

– Сенің осы кабинеттен шықпағаныңнан қорқамын. Сенесің бе, қорқамын. Күндіз-түні темекінді бұрқылдатып осы жерде отырасың. Бейне тас мүсін сияқтысың. Үндемейсің. Күлмейсің. Өз бетінше телміріп отырасың да қоясың..., бұл не өзі?!... Адам бір мезгіл өз шаңырағын да ойлауы керек қой.

Тасқын еріксіз оң иығын көтеріп, ештененің байыбына бара алмай тұрған жанның кейпіне енді.

– Сонда қалай, мен отбасындағы жағдайға мойын бұрмай жүрмін бе?

– Екеуіміз мына түрімізбен түсінісе алмаспыз. – Келіншек ауыр күрсініп, маңдайын есіктің жақтауына сүйеді.

– Маздақ, айтсаңшы, өзі саған не болған? – Тасқын қолындағы бір уыс қарындашты үстелдің үстіне шашырата тастай салды. – Түк түсінем бұйырмасын!

– Тасқын, есінде ме, ең алғашқы некелескен күніміз. Ауылдағы той. Шыңғыстау, Қоңыр Әулие үңгірі. Тойымыз өткен күннің ертеңінде сен мені жорғаға мінгізіп, Шыңғыстауды аралаттың. Қандай қымбатты шақ еді. Қоңыр Әулие үңгіріне кіргенімізде, сен маған үңгір түбіндегі көлден су ішкіздің, сол кезді ойласам...

– Бәрі, бәрі есімде, Маздақ. Көп болса осы қалаға көшіп келгенімізге өкпелі шығарсың?!

– Жоқ, Тасқын, мен сенімен қайда болса да баруға әзірмін. Тек сенің сол кездегі сезімдерің суып, асыл сөздерің мұкалып қалмаса екен.

– Маздақ, сен... сен бүгін бір түрлі боп кеткен сияқтысың?...

– Мен бүгін өзгерсем, сен өзгергелі қашан?– Келіншек тағы да ауыр күрсінді.

– Маздақ, мен ештеңені де түсіне алмай тұрмын.

– Тасқын, бір жыл болыпты, біздің үйге ешкім келген емес. Ешкім де. Күндеріміз көңілсіз, бір-біріне ұқсас сұрғылт боп өтіп жатыр. Танертен тұрамын да, Думанды балабақшаға апарып, оны аламын... үйге келсем, тас мүсін құсап сен отырасың. Анда-санда маған жұмыстан қыздар келсе, амандасасың да бөлмеңе кіріп кетесің. Селт етпейсің. Білсең ғой, маған қалай ауыр тиетінін.

– Маздақ, өзің ойлашы, мен архитектормын. Мына қаладағы салынбақ бір микроауданның он бес мың тұрғынына қуаныш пен бақыт сыйлау менің қолымда. Мен адамдарға жылы ұя сыйлау үшін ізденіп жүрмін.

– Қуанамын онына, қуанамын, тек өз жылы ұяңды да бір мезгіл ойласаңшы, жаным. Қалай ғана айтса екен, биылғы жаңа жылды Думан үшеуіміз ғана қарсы алдық. Достарымыз келген жоқ. Неге олар бұл үйге бас сұқпайды? Жаңа жыл кешіне арнайы алынған екі шампанның біреуі әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Содан бері қаншама мерекелі күндер өтті. Ша-

нырағымызда сол күндердің шаттығы неге аталып өтпейді? Не айтсам екен саған... Осының бәрі... мен үшін азап...

Маздақ көзіне жас алып, теріс бұрыла берді.

– Онда тұрған не бар?

Құшақтамақ болған күйеуінің қолын Маздақ қағып тастады.

– Сен эгоистсің. Өзіңе-өзің ғашықсың. Сен өзіңнің атақ-мансабына апаратын жолға ғана ғашықсың. Қатты айтсам кешір, сағым қуған бақсыға ұқсайсың ба деп қорқамын... Жатсам да, тұрсам да бойымды белгісіз зынданды үрей билеп алады... арыла алар емеспін.

– Маздақ!

– Кеше жұмыстан келе жатсам, жаныма судай жаңа қара «Волга» тоқтады да, ішінен өңі бал-бұл жанған Жанар түсті. Есен екеуін мединституттың проректоры арнайы барып үйіне қонаққа алып келе жатыр екен. Есен отыр шіреніп, анау-мынау емес проректордың «Волгасында».

– Сенің сөзіңнен ештеңе ұға алар емеспін.

– Біз қонаққа бармақ түгілі, театрға бардық па? Жылына тым құрымаса бір рет.

– Маздақ, айналайын. Сен менің жан жарымсың. Ұлымның анасысың. Өмірлік жарым ретінде мені қиын-қыстау сәттерде сүйе біл. Мен саған ғана сенем. Жалғыз өтінішім, қайдағы бір атақ-мансап қуған Есендердің тобына мені қоспа.

Маздақ оның сөзін тағы бөліп кетті:

– Сен оған күлме, ол сенен көш ілгері, тұрмысы да жақсы. Әйелін айтсаңшы, қалай ажарланып кеткен. «Биыл аманшылық болса, қорғаймын» дейді. Ал, менің диссертациялық еңбегім ше, жатыр әне, шаңға көміліп. Ол да менің арманым. Сен соған көмектестің бе? Бар көмегің – қолжазбаны басып берген машинисткаға ақша ғана төледің.

– Маздақ...

Тасқын үстелдің үстінде жатқан «Космос» сигаретінің бір талын алды да, езуіне қыстырып, қалтасынан оттық алып тұтатты. Темекіні қомағайлана сорып, түтінін ауыр демімен бірге шығарды.

«Ештеңе ұқпаймын. Жаза басқан жерім жоқ еді ғой. Бұған тулайтындай не көрінді?».

– Кешегі Жанарды қарашы, бүгін бір бөлімнің меңгерушісі, ал мен қатардағы жай біреумін.

Тасқын тұтанып тұрған темекісін қайта тұтатты. Қолдары дір-дір етіп, күл салғышқа темекінің шоғын саусағының ба­сымен шертіп түсірді.

– Маздақ, әлі де болса айтам, мансапқа ұмтылма. Атақ-дәреже тап-таза адал еңбекпен келсін. Адалдық жолы біреу-ақ! Ол – тазалық!

– Осы Ақтас қаласына келгелі мен талай адамдарға өмір сыйладым, дәрігерлік парызыма нұқсан келтірген жоқпын. Бұл не, тазалық емес пе?!

– Мен саған осыдан екі жыл бұрын айтқам, диссертацияға көмектесе алмаймын. Ғылымға жаңалық әкеп тұрсаң, астана тұрмақ, әлем мойындар. Менің айтқаным да осы еді, айта­рым да осы.

Осы кезде есіктің қоңырауы шалынды. Маздақ асығыс ба­сып барып, есікті ашты. Есен мен тағы бір адам кірді. Есен барылдай сөйлей жөнелді.

– Архитектурадағы жалғыз революционердің әйелі қалай, жауыннан кейінгі жауқазын дерсің?!

Проректор күлімдеп, үш тал роза гүлін ұсынды.

– Сізге, бақытты жеңгей.

– Рахмет, – деп келіншек көзінің астымен оған бір қарап алды, – Төрге шығыңыздар, – деді Маздақ. Бөлмесінен Тас­қын да шықты. Бірден Есенді көріп, ұнатпай қалса да, оның жанында тұрған бейтаныс адамды көріп, түсін жылытты:

– Сәлеметсіздер ме?

– Сәлеметсіз бе?

– Ассалаумағалейкум. – Есен қолын бермекке ұмтылып келе жатыр еді. Тасқын ұзын бойлы, тері куртка, джинси шалбар киген жігітке қолын алдымен ұсынды. Есен де осы кезде киіп кетті.

Жақа, танысыңыздар. Архитектурдағы жалғыз револю­ционер Тасқын Досаев деген азаматымыз осы кісі. Жақында мың жарым сомның басын жалғыз өзі қайырып тастады.

– Жақан Айдынов, осы қаладағы институтқа биыл қыз­метке келіп едім.

– Анау-мынау емес, білдей проректор, – деп Есен сұқ сау­сағын аспанға шошайтты.

Маздақ ас үйге жүгірді.

– Төрге шығыңыздар, – деді Тасқын.

– А, қазір, – проректор табаны қалың туфлин шешіп төрге шықты. Есен аяғын шешкен жоқ. Креслоға барып жайғасты да:

– Тасқын Досаевич, бір партия шахмат ойнасақ қайтеді? – деп жорта күлген болды.

– Жанар қалай, жұмысы орынша ма? – деді Тасқын әңгімені басқа арнаға бұрып.

– Сол «заведующийлығында». Жақан кейін бірдеңе ғып өз карамағына алмақшы.

Есеннің дауысында, сөйлеген сөзінде «Қалай да сенен озам!» деген адамның сынайы бар.

Ас үйден Маздақ келді.

– Тасқын, сен ет турап жіберші. Тіпті, мұздатқыштан әзер алдым. Сіздер сәл отыра тұрыңыздар. Мен балабақшаға барып Думанды алып келейін. (Бұл әйелдерді түсініп көр).

Тасқын кешірім сұрап, ас үйге кетті.

– Алыс па еді, жеңгей, – деді орнынан көтерілген проректор.

– Онша алыс емес, екі квартал жер.

– О, сізді соншама жерге жаяу жібере алмаймын, менің машинамен барып келейік.

– Несіне әуре боласыз, отыра беріңіз.

– О, не дегеніңіз, жеңеше, қысылатын ештеңесі жоқ.

– Отыра беріңіз, қонақсыз ғой, – деді Маздақ ыңғайсызданып.

– Қысылмаңыз. Біз өстіп тұрғанша барып келетін уақыт та болды, – деді Жақан жылы жымысын жүзіне үйіріп.

Проректор есікті ашып, келіншекке жол бере беріп, өзінің қолы келіншектің қиылған қыпша беліне бара жатқанын байқап қалып, тартып ала қойды. Баспалдақпен төмен түсіп бара жатып, көзінің қиығымен Маздақтың өне бойын шолып өтті.

«Жалпы сұлу келіншек екен, бірақ әлденеге көңілі толмаған жанға ұқсайды. Толмаған көңілді толтырар уақыт келер!».

Екеуі қара «Волганың» жұмсақ орнына жайғасты.

– Жеңгей, қалай қарай кеттік? – деді Жақан моторды іске қосып жатып.

– Тура, сосын оңға, сосын солға.

Проректор саусағының ұшымен магнитофонның түймесін басып қалғанда, жеңіл ырғақты музыка ойнап жөнелді.

Қап-қара «Волга» сырғып кеп, балалар бақшасының алдына тоқтады.

– Қазір, сәл күте тұрыңыз, – деді Маздақ.

– Жеңеше-ау, күт десеңіз, таңға дейін күтер ем.

Жақан жүгіре басып бара жатқан келіншектің соңынан тағы сұқтана қарады. «Толмаған көңілді толтыра білсек болды емес пе?». Руді ұстап отырған екі қолын бір-біріне шарт еткізіп соқты.

Сәлден соң Думанды ертіп, Маздақ машинаның жанына келді.

– Мама, мынаны папам сатып алды ма? – деді бала таңырқап.

– Ұлым-ау, сенің әкене мұндай машина қайдан келсін, мына ағандікі. Кәнеки, ағаға амандас.

Бала құйтақандай алақанын ұсынды. Жақан баланың қолын алды.

– Привет, мистер Март. Түү, өзі! Сен балақай, мамаң сияқты сүйкімдісің ғой.

Келіншектің көзі жарқ етті.

«Неткен ашық жан еді».

... Ас үйдегі кішкентай тақтайдың үстіне ет турап жатқан Тасқынның жанына Есен келді.

Тәке, осы біздің бір дұрыстап әңгімелесетін уақытымыз жеткен сияқты.

«Бүгін мына түсініспеген елмен түгел түсінісетін күн туған ба?».

– Иә, айта бер.

Есен оның пышақ ұстаған қолына жармасты.

– Сен қыңырая берме. Менсіз мың жарым сом алғаныңда шыққан мүйізін қайсы? Біз бір елдің азаматтарымыз. Шыңғыстаудан, ұқтың ба? Қыңырайма. Жақын жүр бізге, сенен ештеңе сұрамаймын. Сен менің табалдырығымды аттаманыңа бір жарым жыл болыпты, біртүрлі, өзім ұяламын.

Жанардан да ыңғайсыз, менің қатынымды білесің ғой, елім, жерім деп өледі ол.

– Есен, барып телевизор көрші.

«Ой ештеңенің парқын білмеген есек».

– Жақан тамаша жігіт, мықты. Ерге ерте мінген. Министрлікте нағашысы мен әкесі бар. Пайдалану керек мұны. Жақсылап күтіп жібер. Ақ көңіл, «ас та төк» жігіт. Өлгі айтпақшы, Абылай бар еді ғой, ақынсымақ. Соның тарих факультетінде оқыған Майгүлдің соңынан салпақтағанын білесің ғой. Бұл сол Майгүлдің күйеуі, нағыз рыцарь.

– Есен, барып телевизор көр. Мен мынаны тұрап тастайын. (Ол көзінің алды қалталанып тұрған Есеннің сәл қызу екенін енді ғана байқады).

Ас үйді басқаруға жарап қалыпсың, революционер архитектор!

Есен әндетіп бара жатты да, бұған дауыстады:

– Сен менімен тіреспе! Табаның күйеді!

Тасқын етті шапшаң тұрап жатыр. «Сайтан алғырдың сап етіп келгенін қарашы, жанындағысынан ұят, әйтпесе қуып шығар едім».

Өткен жұма күні түскі сағат үште Ақтас қалалық атқару комитетінің председателі

Бекен Нартаевтың кабинетінде сәулетшілердің конкурсқа қатысқан жобаларының қорытындысы шығарылған.

– Жолдастар, – деді Бекен Нұғыманович күлімсіреп, – Сәулет өнері әр ғасырда жанарып отырмай ма? Қарасаңыздаршы, мына алдарыңызда тұрған үш макеттің үшеуін де өндіріске ұялмай жіберуге болады. Әсіресе, жюри мүшелерін өзінің әсем архитектуралық ансамблімен таң қалдырған Тасқын Досаевтың микроаудандық жобасын ерекше атап өтуге болады...

Бұның жанында тұрған Есен жылжып сақалды архитектордың жанына қарай кетіп қалды. Тасқын сасқалақтап жан жағына қарағанда осы қаланың ең жас архитекторы Мейірбек бұған қолын ұсынды. Шын қуанғаны, шын тілектестігі жүзінен білініп тұр.

– Керемет емес пе? – деді Нартаев қолындағы жіңішке таяқшамен көлемі жарты метрлік макеттің әр бөлшегін нұсқап. Бас көшелер мен қосалқы көшелердің қиылысуы, бала-

бақша, мектеп, мәдениет сарайы, кинотеатр, сауда орталығы жақсы орналасқан. Тұрғын үйлерді желден қақпай ауамен тазартып отыру мақсат болған, тіпті, үйлердің фасадтарын қарасаңыздаршы, қазақ халқының әсем оюлары арқылы берілген...

Нартаев ұзақ сөйлемеді. Қалған екінші, үшінші жүлдені иемденген сәулетшілердің еңбектеріне тоқталып өтті де, кең кеудесін кере күлімдеп кеп Тасқынның қолын алды.

– Бүгінгі таңда қаламыздың көркейіп, тұрғындардың бақытына айналуына сіздей сәулетшілер керек-ақ, құттықтаймын, – деді. Досаевтың маңдайынан суық тер бұрқ етті. «Конкурсқа бекер қатыстым-ау» – деген бұрынғы ойы ада қалып, жүрек түкпірінен бас көтерген қуаныш өне бойын билеп кеткен.

Ұзын үстелдің бір бұрышында тұрып қалған Есеннің өңі сұп-сұр болып, есікке қарай жылдамдата басып бара жатып бұған жалт қараған.

Бала кезден бірге өсіп, бірге оқып, небір қуанышты кездерді бірге өткізген Есеннің бұл «мінезінен» дәл осы сәтте Тасқын тітіркеніп қалды. Әлдене демек боп Есенге ұмтыла бергенде бұны әріптестері қоршап алды.

Председательдің кабинетіндегі бұл оқиға сол сәтте-ақ, бухгалтериядағы төрт келіншектің құлағына шалынды. «Бас жүлдеге мың жарым сом ақша тағайындалғаны белгілі». Енді олар бас жүлдені жеңіп алған архитектормен тілдесіп қалуды ойлады. Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік дегендей төрт келіншектің ішінен сыландаған ең жасы суырылып алдыға шықты. «Мен барамын». Еркек атаулыға күніне үш рет лағнет жаудыратын оған қалған келіншектер ішек-сілелері қатып күлген. «Жол болсын! Жұмыс аяғы сумқанды да өзіңмен бірге ала кет».

Тасқын әріптестерінің ортасында баспалдақпен төмен түсіп бара жатқанда әлгі келіншек бұларды қуып жеткен:

– Кешіріңіздер, – деді антарылған төрт жігітке кезек-кезек қарап алып. – Тасқын Досаевич...

Джинси шалбар, тоқыма кеудеше, көйлек ішінен шарф таққан, езулерінде сағыздары бар әріптестірінің ішінен Тасқын келіншекке бір табан жақындады.

– Тыңдап тұрмын сізді.

Келіншек бұны өне бойын шолып өтті де, жымия күліп сөйлеп кетті.

– Сізге...

Жігіттер шу ете түсті:

– Бұл кісі үйленген.

– Жоқ, бойдақ....

– Тасқын Досаевич қаламыздағы ең сұлу қарындастың жүрегін де жеңіп алмасын.

Олардың қалжыңы жанына майдай жаққандай, келіншек түсін өзгертпеді. Тасқын жігіттерге басу айтып қарсы алдында тұрған әдемі келіншекке қарады.

– Сізге мың жарым сом ақша берілді, – деді келіншек.

– Ақша емес, сыйлық шығар, – деді Тасқын түзетіп.

– Жоқ, ақша, – деді келіншек нығарлап, – Үйіңіздің адресін жазып қалдырыңыз, почта арқылы жібереміз. Біздің мекеме тәртібі солай....

– Менің үйім осы қала, – деді Тасқын күлімсіреп. Кез келген адреске жолдай беруіңізге болады. Бұл оның қалжыңы еді.

Шу-шу еткен архитектордың біреуі де «Бізбен бірге жүріңізді» айтпаған соң, келіншек қоштаспастан бұрылып жүре берді.

Бұлар далаға шыққанда жаңбыр жауып өткен екен. Ауа тап-таза. Тасқын көкірек кере кең тыныстады.

– Тәке, – деп бұған Мейірбек бірдеңе айтпак боп еді, Тасқын театр бұрышындағы телефон автоматынан шығып келе жатқан досын мегзеп, – Реңжімесендер, Есенді ертіп алайық, – деді.

Олар Есеннің соңынан ілесіп келеді. Тасқын ішінен: «Осының осы қылығы-ай, бұл не мінез өзі...Арамдығы ма, адалдығы ма, бұл не өзі?» – деп ойлады.

Ағыл-тегіл өтіп жатқан машиналар. Жол қиылысы. Светофордың жасыл көзі соңғы жыпылықтағанда Есен жолдың арғы жағына шығып үлгерді.

– Аға, керегі жоқ, – деді Мейірбек. – Қасқыр да апанын сеніммен қазады. Ал, біз адамбыз. Үлкен шаруа бітірген екенсіз, құптадық. Ал, бірақ дәл анау сияқты халтурщиктің соңынан салпақтатқаныңызға жол болсын. Досыңыздың сіз туралы пікірі жақсы екен, ана жолы естідік...

Мейірбек қызбаланып кеткенін байқамады ма, сөзін кілт үзіп:

– Сіз, әлсіз екенсіз, не қуана, не қорқа білу керек қой.

– Ой, Миха, қой, сен не...

– Әй, Миха бұл кісіге өзің қаланың бас архитекторы болғанда ақылыңды айтасың, – деді Оралбек сақалын сипап.

– Менікі ақыл емес, інілік – деді Мейірбек.

– Бәрекелді, – деді Тасқын оның иығынан қаусыра құшақтап, – Светорфордың жасыл жарығы жанды, өтпейміз бе? Не істейміз?

Олар жолдан өтіп алып қайта тоқтады.

– Үйге жүріңдер, – деді Тасқын қайталап.

– Сіздің үйіңіз осы қала, ас үйі-мейрамхана емес пе, сонда кеттік, – деп Мейірбек қалжыңдап қойды.

Тасқын не істерін білмей қолын қолтасына салғанда сары құлақ бір сомдықпен бірге қала ішіндегі автобустың екі билеті шықты. Абонементтің біреуіне пайдаланған белгі соғылыпты. Олар қарқылдап күліп алды. Әрлі-берлі өтіп жатқан адамдар бұларға бір-бір қарады да, бастарын шайқап өз жөндеріне кетті.

– Аға, саспаңыз, – деді Мейірбек оң қолын көтеріп, – Отвечаю!

– Пай, пай студенттік күндер-ай! – деп әндетті Оралбек.

– Кеттік, жігіттер....

Тап-газа ыдыстарды үстел үстіне қойып жатып, көңілді төрт жігітке даяшы күлімсіреді.

– Біздің мейрамханамызда ішімдік болмайды, – деді. Артынша «Қазір қаламыздың барлық мейрамханалары ішімдіксіз жұмыс істеуде» дегенді қосты.

– Ал, біз арақ іздеп келген жоқпыз, – деді Мейірбек.

– «Сіздей перизаттың қолынан дәм татайық» деп келдік, – деді сақалын сипап отырған Оралбек.

Даяшы олардың тапсырысын шапшаң-шапшаң жазып алды да жөніне кетті.

Тасқын терезеден далаға қарады. Жол қиылысы. Светофордың көздері кезек-кезек жанады. Адамдар өтіп жатыр.

Алдарына ас келгенше үш жігіттен Есеннің бұның сыртынан айтып жүрген сөздерін естігенде, Тасқын оларға не сенерін, не сенбесін білмей дал болды. Тасқынның ішінде

ыза қайнап терезеден далаға қарады. Жол қиылысы. Светофордың көздеріне қарап отырып, есіне әлденені түсіре алмай қиналып қалды.

Тасқын Есенмен қатар отырып, әңгімелескісі келмеді. Туралған етті табаға салып қуыра бастағанда, есіктің қонырауы да шалынды. Есік ашқан әкесінің мойнына Думан асыла кетті.

– Папа, қарашы, міне, мынаны аға әперді! Жақсы аға екен... – деп, бала қолындағы шоколадты көрсетті.

– Сен ағаға рахмет айттың ба, ұлым?

– Иә, папа, мен ағаға үш рет рахмет айтып ем, бірақ ол кісімен мама екеуі күліп, менің сөзімді естіген жоқ. Рахмет аға, сізге.

Бала аяқкіімін шешіп жатқан Жақанға қарады. «Мырза ағасы» баланың басынан сипады.

– Тәке, осылар деп тырбандап жүрміз ғой өмірде. – Тасқынның іші жылып сала берді. «Жаманның жанына жақсы ерген» деген осы.

–Төрге озыңыз.

– Болады, Тәке, болады. Мен өз үйімдей сезінем ғой. Мінезім солай, – деді Жақан аңқылдай сөйлеп.

Маздақ зыр жүгіріп, қонақ үйдегі дастарқанға тамақ әкелді. Көп күттірмей, ащы қуырдақ та дайын болды.

Шампанның тығыны атылып, коньяқтың аузы ашылды. Дастархан басында қызу әңгімелер айтылды. Жақанның аузынан шыққан екі сөздің бірі олардың күлмесіне қоймады. Біраз уақыт отырып қалды. Әлі де болса отыра берер еді, Есен «Москвaмен переговорым бар еді» деп асықтырды.

Жақан қоштасып жатып, өз ойын ортаға салды.

– Тәке, ертең мына Есаған бәріміз тау жаққа шығып, серуен құрмақшымыз. Қарсы болмасаңыз, жеңгей екеулеріңіз бізбен бірге болыңыздар. Танысайық, білісейік. Есаған тұрғанда мен сіздердің алдарыңыздан кесіп өтпеймін ғой, Тәке, барайық?! «Творчество адамына бір мезгіл серуендеген пайдалы» деп жүр ғой ғалымдар.

– Барайықшы, а, Тасқын, барайықшы, – деді Маздақ жалынғандай болып.

– Тәке, сіз бармасаңыз, мен өзім де бас тартам, – деді Жақан күліп.

– Келістік, – деді Тасқын.

– Ал, ендеше, Тәке, ертеңге шейін. Жеңгей, сау болыңыз, сіздің дәм жасаған алтын қолыңыздан айналайық. – Жақан алабұртып тұрған ақ келіншектің аппақ қолынан сүйді.

Таң атар-атпастан Тасқынды келіншегі жұлқылап оятты. Бір аунап түсіп қайта жатып еді, келіншегі қолын мұның мойнына орап өзіне тартты.

– Бүгін біз серуендеуге барамыз ғой. – Ұйқылы-ояу еште-нені түсіне қоймаған ол, есінеп жатып:

– Қайда... дейсің? – деп сұрады.

– Тау жаққа, ана проректор кіммен, Есендер ше, кешегі...

– А, иа, айтқан екенбіз ғой...

Көзін уқалап, екі қолын желкесіне қойып жатты да:

– Қармақтар қайда? – деді.

– Балконда... ой, ой теріс қара... жындысың ба?

Орнынан тұрып киімдерін ауыстырмақ болған Маздақ шифоньердің қалқасына тығылды.

«Несіне ұялады екен...» деп ойлады Тасқын.

– Болдың ба?

– Тұра тұр, қазір. Қарама.

Бетін жалын шарпыды, Маздақ бұның жанына келіп кеудесіне басын қойды.

– Бүгін күн қандай тамаша!

«Бүгін бармай-ақ қойсам талай жұмысты бітіріп тастар едім, сайтан алғырлардың келе қалғанын көрмейсің бе?».

Маздақ күйеуінің көзінен, ернінен, кеудесінен алқына сүйді.

– Сен түнімен қорылдап үйді басына көтердің.

– Темекім қайда?...

«Ой, осы да, темекісі бар екен бір...»

Келіншек орнынан тұрды да, анадай жердегі шарайнаның алдында жатқан бір қорап темекіні күйеуіне лақтырып жіберді.

– Мә, темекің. Тұр, киін, жолға қамданайық.

Жатын бөлмеден Маздақ ренжіп шығып кетті.

Есіктің қоңырауы шалынды.

– Жақандар ғой....

Маздақ есікті жүгіріп барып ашты.

– Қайырлы таң, жеңеше.

– Сәлемет...

– Ой, Маза, сколько лет, сколько зим, ой какая прелесть....

Екі келіншек сүйісіп жатыр.

Үш еркек шартпа-шұрт қол алысты.

– Жүріңіздер, – деді Тасқын.

– Жүргенде қандай, Тәке, бастаңыз, – деп бұның арқасынан қағып жатқан Есен қарқылдап күліп қойды.

– Таңғы асты тәңіріміздей көретін архитектордың үйінен ішеміз деп шықтық.... Солай емес пе, Жақа?!...– «Жақасы» да күлген болып жатыр.

Осы кезде бөлмесінен Думан шықты.

– Сәлеметсіздер ме...

Бейне бір үлкен кісідей бәріне қолын ұсынып жатыр. Жанар баланы бас салды.

– Ой, дәу батыр біздің қызға қарағанда өсіп кетіпті өзі, тілім тасқа....

– Сәлеметсіз бе, апай, халіңіз қалай? Үй-іштеріңіз аман ба? Бала бейтаныс әйелге бетін тосты. Бәрі баланың сөзіне қыран-топан болып күлді. Жанар күліп:

– Әке-шешесінің тәрбиесі, дегенмен, маладес,– деді.

Жақан Думанды жерден көтеріп алып ауада бір-екі көтеріп қағып алды.

– Өзі әп-әдемі, тура мамасы сияқты.

Ас үй жаққа бара жатқан Маздақтың жүрегі дір ете түсті.

Жанар аңтарылып есік алдында тұрған еркектерге «Жоғары шықсандаршы» деп өз үйіндей сөйлеп, ықылас білдірді.

– Ой, ботцы, әбден семіріп алыпсың ғой...-деп Жанар Тасқынның қарнынан бір-екі нұқып күліп жіберді.

Тасқын төрге қарай кетіп бара жатып ыржиып күлді де қойды.

Жанар Думанды көтеріп ас үйге таңғы тамақ әзірлеп жатқан Маздақтың жанына келді.

– Жанар, халің қалай болып жатыр?Қызың қайда?

– Көрші үйде. Бір тамаша бабка тұрады, сол кісінің жанында қалдырдық.

– Біздің Думанды қалдыратын жеріміз жоқ, – деді Маздақ. Жанар баланы жерге түсірді.

– Думантай, ағаларыңа бара қойшы, ана есікті жаба кетші, күнім... – Жанар Маздақтың жанына тақау келді.

– Маза, ана Жақан бар ғой...

– Иә. – Қияр турап жатқан Маздақ аңтарыла оған қарады.

– Майгүлді білесің ғой....

– Қай Майгүл?

– Тарих факультетінде оқыған, помнишь, біз бірінші курстың каникулынан келгенде Ұзынағашта вечер жасап ек қой, есінде ме? Сонда Абылай аға ертіп кеп еді ғой бір сұлу қызды, білесің, просто ұмытып қалған шығарсың. Шашы ұзын, сұлу қыз. Қарқаралыныкі болатын...

– Иә, тарих факультетінде, иә, иә білем ғой.

– Соның күйеуі...

– Солай ма? Ол өзі қайда?

– Осында көшіп келерде машинадан авария болып, содан қазір төсек тартып жатыр.

– Түү, обал-ай!

Маздақ пышақты қате салып, қолын кесіп ала жаздады.

– Байқасаңшы.

– Сен маған көмектесіп жіберші, тұз бен қаймақты алып мынаны араластыра бер. Мен аздап қуырдақ жасап жіберейін, жас ет тез қуырылады, қазір-ақ, – деді Маздақ тоназытқышты ашып жатып.

– Несіне әуре болдық, жолға қамданайық. Сен қысылма. Біз өзіміз ғой, сынайтын адам емеспіз.

– Жақаннан ұят қой, әйелі ауырып жатса, қай бір дұрыстап тамақ іше алып жүр дейсің.

Маздақ етті шапшаң турап жатыр.

– Болсаң, аздап картошка аршып жіберші, Жанар. Жұқалап турарсың, қай бір жетісіп жүр дейсің, әйелі ауырып жатса, тамақ ішсін...

Жанар өңі бал-бұл жанып тұрған досына аңтарыла қарады. Бірақ ойына теріс ештеңе оралмады. Жалпы Жанардың мінезі қызық. Аңқылдаған ақ көңіл. Ішіндегісін адамға ақтарып тастағанша асығады. Еш жанға жаулық тілмейді де, жатырқап жатсынуды білмейді. Маздақ екеуі институтта бірге оқыды. Жерлестер. Абыралы тауының баурайында туған. Жанар Алматыдағы институт қабырғасына да бойын үйретіп жүріп-тұрып қалғасын, жерлес іздейтінді шығарды. Қайдан

болсын, әйтеуір, біреумен танысып келеді. Кешке жатарда: «Маза, мен бүгін қайнарлық бір баламен таныстым, ана жолғы Саржалдың сері жігіттерін көрдім, комнатаға қонаққа шақырдым». «Келесі жұмада бәріміз фотоға түсетін болып келістік», – деп шыр-пыр етіп, астанадағы оқу орындарына барып жерлестерін жинап жүретін.

... Езулеріне темекі қыстырған еркектерді біраздан соң әйелдер дастарханға шақырды. Шай мен ащы қуырдақты асығыс асқазандарына тоғытқан олар машинаға жайғаса бастағанда Жанар бір ұсыныс жасады.

– Тасқын, Маза, көңілдеріңе ала көрмендер. Думан біздің қыздың жанында болсын, босқа маса шағып, берекесін кетіретер, біздің қызбен танысып, білісіп қалсын. Кейін ұлдарың күйеубала болып шығып жүрмесін, – деп жарқылдай күлді.

Есен ішінен әйелін сыбап алды: «Дура, ненормальная, айттып тұрғанын қарашы. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады».

«Қап, Думанмен балық аулаймын ба деп едім» Бұл Тасқынның ойы.

– Күйеубала болса несі бар, тек сендер қыздарыңды бермей жүрмесендер, – деді Тасқын күліп.

– Сендерге барса арман жоқ қой, – деді жарқылдай күлген Жанар. Сосын кетік тіс «күйеубаланы» көтеріп алып, машинаға мінді. Бетінен шөпілдете сүйіп жатыр.

Қырғауылдың түсіндей көркем жағалауға жайғасқан олар, суға шомылып алды. Еркектер проферансқа кіріскенде екі әйел отбасында тамақ әзірлей жүріп ұзақ сырласты. Картаны қойып, еркектер волейбол ойнады. Бір уақ қармақ салып, балық аулады, сөйтіп жүргенде күн қызыл иегін тау бетіне өскен қарағайларға үйкей түсіп түн көрпесін жамылды.

Бүгінгі күнге құстың сүтінен басқаның бәрін алып шыққан Жақан балық сорпасын алдарына ала бергенде, орнынан тұрып, машинадан «Электроника-407» телевизорын әкелді де, іске қосты. Түнгі мүлгіген далада ән қалықтады.

– Қаламқас қой, мынау! – деп Жанар қолымен аузын жаба қойды.

Есен телевизордан көзін тайдырып алып кетті. Бәрі іштей үнсіз қалған.

Тасқын: «Қаламқас, Қаламқас, сенің бір тал шашың алтын ғой мен үшін. Сен маған қарамадың. Неге сен менімен кездесуден қаштың... Қаламқас...Қаламқас!!!»

Жанар: «Қаламқас, жанарың неткен мұңды еді?! Сен осы кімсің... сен осы кімсің...Неге менен алыстап кеттің?»

Маздақ: «Мен бәрін де білем...Сен жазған хаттарды да білем.Сені Тасқын сүйген, сүйген!Қызғанам сенен күйеуімді!-Сен ғажап сұлусың, қызғанам, қы-ызға-а-нам!!!»

«Ойлайсың ба, жаным, ойлайсың ба,

Балалық сезімге бойлайсың б?

Маздақ көзін телевизордан алмай отырған Тасқынның қолынан ұстады. Тасқын селқос, оның қолынан ұстаған жоқ. Келіншек күйеуінің шашынан салалай сипады.

– Қолыңды алшы...

Тасқынның жарықшақтанып шыққан даусы Маздақтың жан дүниесін тас-талқан еткендей болды.

«Шын сүйеді екен ғой, Қаламқасты шын сүйеді екен ғой...»

– Сізбен билеуге бола ма?-деп Жақан орнынан тұрып Маздақты шақырды. Ән қайырмасында ойнаған саксафон үні ойнақыланып тұр... Маздақ проректор жігітпен билеп жүр. Әлсін-әлсін телевизор алдында тұнжырап отырған күйеуіне қарап қояды.

«Әлі Қаламқасты ұмыта алмай жүр екен ғой...»

Жақан келіншектің қабағындағы кірбіңді бірден аңғарды.

– Жеңеше, сізді біреу ренжітті ме? Сізге тек қана күлкі жарасады. Күліңізш, кәне....

Маздақ күлген болып басын шайқады.

– Неменеге ренжимін. Жолдасым бар. Ұлым бар. Қызмет, бәрі ойдағыдай. Ана әнші әйел сияқты не отбасы жоқ, не бала жоқ айдалада қалсам бірсәрі...

– Түу, сіз өзі тереңнен толғап кеттіңіз ғой. Сіздей сұлу жанға көңілсіз жүрген жараспайды. Кәне, күліңізші, міні... Қараңызшы, сіз күлгенде тура Леонардо да Винчидің «Мона Лизасына» ұқсайсыз. Күліңізші, кәне, күліңізші...

Маздақ сықылықтай күлді.

«Қандай көңілді ашық жарқын жігіт».

Ән аяқталды.

Жақан мен Маздақ биін тоқтатты. Есен рюмкаларға коньякты баса құйды:

– Ал, менің бәйбішем сөйлесін.

Жанар рюмканы қолына алып сөйлеп кетті:

– Достар, біз қасиетті Шыңғыстаудың түлектеріміз. Шындығын айту керек, кейінгі кезде бір-бірімізді іздеуден қалдық. Іріп бара жатыр едік, Жақан әйтеуір бәріміздің басымызды біріктіріп, өтенімізді жаңғыртып отыр. Жақа, сізге рахмет. Мызғымас достығымыз үшін алып қоялық!

– Рахмет, Жанара. Кел, алып қоялық. – Бірінші болып Маздақ рюмкасын соғыстырды.

– Міне, Есағанның жолдасы осылай сөйлеуі ғажап емес пе.

– Кел, Жанар, – Тасқын да оған сұраулы жүзбен қарады.

Түнгі ауаны жаңғырта бәрі күліп жатыр. Жақан ештеңеге түсінбей оларға аңтарыла қарап қалды. Жанар: «Қойсаңдаршы, енді, сендер де бір қай-қайдағыны ұмытпайды екенсіңдер!» деп жас балаша бұртиып қалды.

Жанар институтта жүргенде қыздардың төрт көзі түгел отырғанда әдеттегіше тырқылдай сөйлеп: «Қыздар, менің үлкен әжем кезінде атақты Мәдиге ғашық болыпты, әжем сол кісіге тұрмысқа шыққанда мен Мәдидің немере қызы болады екенмін» деп айтып қалғаны бар-тын. Содан бері сабақ беретін мұғалімдер де, басқалар да Жанарды: «Мәдидің немере қызы» деп атайтын.

Торғынданып ай туды. Көл бетіне ақ арай ойнап, күміс шабақ көл бетін шөп-шөп сүйіп, құрбақалар тандайларын қағуға кірісті.

Екі-үш коньяк бөтелкесі босап, анадай жерде жатыр, қызу әңгіменің тиегі ағытылды. Есен мен Тасқын бір-бірімен жайшылықта қырғи қабақ болып жүрсе де, дәл осы сәт бұрынғы бауырластықтары естеріне түсіп, көңілдері де босансыды.

– Әй, сен, мені тыңда, – деді Есен оған барылдай сөйлеп, – Сен мені жек көресің, иә, солай ғой. Түкірдім сенің қағаз шимайлап алған мың жарымыңа...

Тасқын басын шұлғыды.

– Сен ештеңенің парқын білмейтін есексің, кешке дейін өзің де қамалып, Маздақты да қамап қойғансың. Сен бар ғой, сен жалпы жақсысың, өзгеріп кеткенің болмаса. Мен өсем, сен менімен тіреспе. Табаның күйеді. Мен мықты-

мын. Алматыға барам, жоқ... жоқ сыраз Москва... отырам сонда барып, ал не істейсің?..

Тасқын оның сөзін ұққан жоқ, басы жерге сылқ етті де қор етіп ұйықтап кетті. Маздақ намыстанып: «тұр-тұрлап» еді, онысынан ештеңе шықпады. Жақан орнынан ұшып түрегеліп, «Волганың» ішінен жастық алып шықты.

– Жеңеше, басына жастаңыз. Тәкен біраз шаршап қалды ғой деймін, творчество адамы, әрқашан ой үстінде жүреді. Жеңеше, қысылмаңыз, өзіміз емес пе? – деп Жақан жымыып күлді.

– Соңғы кезде денсаулығы да төмендеп жүр еді, – деп Маздақ қалай айтып қалғанын өзі де білмей қалды. – Ренжі-меніздер, өзіміз ғой...

– Жеңеше, ол не дегеніңіз...

– Маза, несіне қысыласың, баяғыда Алматыда оқып жүргенде біздің көзімізше шампанды әрең татып алатын қасқалар ғой. Енді көрмейсің бе? Әй, бірақ, осы азаматтардың арқасы ғой, кел өзіміз осылар үшін алып қоялық. Кел, енді...

Жанар рюмкасын ұсынды.

– Әй, дегенмен, Мәдидің немере қызы ғажап, ә!

Есен Жанардың мойнына қолын асып, басын иіп әкелді де, ернінен үзілте сүйді. Маздақ ұйықтап жатқан Тасқынға қарап ыза болып кетті: «Қорылдауын қарашы маубастың».

– Жеңеше...

– А...

– Келіңіз, алып қоялық!

– Әй, менің... Қа... бәйбішем қандай тәтті-а!

– Ой, жынды, кетші бар... жынды ғой... жынды ғой...

Жанар күйеуінің арқасынан оң қолымен салмақсыз бір салып өтті. Дауысында әйелге тән жұмсақтық бар. Маздақ қолындағы рюмкасын түсіріп алды.

– Жеңеше, бұныңыз не? – деді Жақан жерде жатқан рюмканы алып, қайтадан коньяк құйды. Есен мен Жанар құшақтасып, күліп әлденеге мәз болысып кетті. Жанар «Қойшы... Қойшы, бала боп кеттің бе?» – деп сықылықтай күледі. Маздақ көзіне қамшы тигендей қорланып кетті. Бір сәт Тасқынды жұлқылап оятқысы да келді.

– Жеңеше, жүріңіз, суға түсейік, түнгі көлге түскен адамға бақыт сыйлайды.

– А, не дейсіз, – деді Маздақ түсініңкірмей.

Барылдап сөйлеп отырған Есен де елең етті.

– Суға түсейік, дейсің бе? Түсейік. Мынаны алып қоялық та, шомылайықшы аздап, кел, бәйбіше тартып жібер... Ал, Маздақжан, шалым ұйықтады екен деп сен қалғыма. Есті әйел, ері қалғығанда...

– Қойсаңшы, – деді Жанар.

– Алып қоялық, жеңеше, көл суы бойымыздағы коньякті казір-ақ жұтып алады, – деді Жақан.

Бәрі коньякты алып қойды.

– Сендер бара беріңдер, Жанар екеуміз біраздан соң барамыз, – деді Есен.

– Есаға, о не дегеніңіз, бірге барайық.

– Бара беріңдер, Жақа, мен мына Жанарға айтатын аздаған лекциям бар еді... отбасы мәселесі...

– А, онда Есаға, Се-ля-ви!

– Жақан оң қолын көтерді. «Есағаң есі бар азамат, түсінеді ол мені».

– Жеңгей, жүріңіз, біз суға түсе берейік.

– Маздақжан, ренжіме, үш минут қана кешігеміз, – деді Жанар. Есен әйелінің білегінен қысып жіберді. Коньяк басына шыққан Маздақ проректормен бірге көлге бара жатып, ұйықтап жатқан күйеуіне ызалана қарады. «Сен ұйықтағанды ғана білсеңші».

Проректор Маздақтың қиылған белінен ұстады.

– Жеңеше, құлап қалмаңыз.

– Қолыңызды алыңызшы.

Келіншек аяғын жылдамдата басып, көлге келді.

Түн түндігінен төгілген ай сәулесі, омырауы алқаға толған қыздай қылымси қозғалып, көл бетінде шабақтың күміс қабыршақтарындай жылт-жылт етеді.

Шығыстан жылы жел бас көтеріп, қамыс-қоғаны ұйқысынан тұрғыза желпіп өтті. Жағалауды өпкен жалқы толқын-дар, келіншектің тоқ балтырын ұрғылайды. Маздақ жан-жағына қарап еді, Жақан көрінбеді. Жеңіл көк халатын шешіп тастап, суды тізеден кешіп бара жатқанда, тегеурінді күш өзін қапсыра құшақтап, қауырсын құрлы көрмей, тынысын тарылта көтеріп, бал құрақтың үстіне жатқызғанда, әйелдің көзіне самсаған жұлдыздар көрінді.

Алқымын ыстық жалын шарпып, жұмыр иықтарын қуатты қолдар қыса түсіп, алабұғаның ауа толған желбезегіндей қос анарын қорғасындай ауыр қимыл жаншып барады. «Тас...» деді келіншек ішінен.

Бөтен дауыс алқына сыбырлады: «Жаным, жаным». «Жаным» деді. Келіншек: «Жаным». Кенет, бөтен қимылдан есін жинап ала қойды.

– Ұят бар ма, сізде? – Бар күшін жинап, алқынған бөтен дауысты кеудесінен итеріп кеп жіберді.

– Не болды, жеңеше, ешкім жоқ қой.

– Ұятсыз!

– Жүгіріп барып халатын асыға киді де, қап-қара түнде қызыл тілін жалаңдатқан отқа қарай жүгірді. Бір-екі рет сүрініп кетті. Жүрегі алқынып, басы айналды. «Ұяттағы-ай, ұят-ай!»

Қарқылдап күлген Есен Маздақты көріп: «Маздақжан, кеп қалдың ба? Су қалай екен?»– деді.

– Қайтайықшы, – деді Маздақ даусы дірілдеп.

Қайтайық, онда тұрған не бар. Жақан қайда, ол – рыцарь келсін.

Осы кезде аяқ дыбысы естілді. Маздақ проректордың келе жатқанын біліп, ұйықтап жатқан күйеуінің жанына барды да, жұлқылап оята бастады.

– Тұр, тұр, Тасқын, саған не болған?!

Тасқын басын көтерді де, әлдене деп сөйлеген күйі қайтадан жатып қалды.

– Маздақжан, саған не болды, а? Ұйықтай берсін, таң атқанша біраз уақыт бар ғой,– деді Жанар.

– Жанар, қайтатын мезгіл болды, аз сайрандаған жоқпыз. Қайтайық.

– Қайтсақ қайтайық. Маза, шаршаған болар, – деп Жанар күйеуінің иығына басын сүйеді. Есен иығын қозғап, әйелінің басын көтеріп жіберді.

– Сен не, жылына бір серуендеп шыққанда қайтайық дейсін? Біреу қуып келе ме?!

Жанар күйеуінің жүзіне тура қарай алмай, отырып қалды.– Маздақ қайтайық деген соң...

– Маздақ қайтамыз деген соң,– деді Есен кекесін даусымен.– Немене сен оның жан құрбысы болып, жан дүниесін

түсінсең қайда қалдың, күн ұзақ үйінде қамалып отырады, бір мезгіл барып шығуға да жарамайсың, енді кеп...

Маздақ Есенге бұрылды.

– Есаға, қой енді, ашуланба, мен жай...

– Қайдан білейін, Маздақжан, күйіп кеттім, шалыңның жатысы мынау! – деді Таскынды сұқ саусағымен нұсқап... – Кескен терек сияқты. Тым құрымаса, сені Жанардың түсінетін жөні бар ғой...

– Қайтсақ, қайтайық, Есаға, қыздар дұрыс айтады, – деді Жақан мықынын таянып.

– Жақа, машинаңның ақауы бар деп едіңіз.

Проректор Есенге бұндай сөзді айтпаған еді. Жақан оның нені мезгеп сөйлеп отырғанын бірден сезді.

– Есаға, қыздарды ренжітуге болмайды. Ол кісілердің айтқаны мен үшін заң, – деп машинаға қарай кетті.

Есен оның соңынан таңырқай қарады. «Мынау жыңды ма, ей. Бос қайтпақ па». Машина жақта жүрген Жақанға дауыстап:

– Жақа, ау, Жақа, сіздің орныңызда Тасқын Досаевич болса, Маздақжанның сөзін сөз демес еді, өмірі тыңдамайды ғой, өзін де, әп-әдемі келіншегін де үйіне қамап отырады, – деп келе жатыр еді. Жанар:

– Қойсаңшы, Есен, – деп білегінен ұстады. – Қой енді...

– Немене қой, қой дейсің, қой түгілі ешкі де жоқ, шындық па, шындық. Дос жылатып, дұшпан күлдіртіп айтады деген бар. Осындайда самокритика жасап алмасақ болмайды. Сол үшін ішейік...

Есен бөтелке түбіндегі коньякті өз рюмкасына шүпілдете құйып тартып жіберді де, күйеуінің жанында тізерлеп отырған Маздаққа қарап:

– Ой-хой, Маздақжан, кереметсің ғой, ә! Күйеуіңе өткізбеген тіліңді білдей проректорға өткіздің-ә! Ғажап сұлу әйелсің ғой, баяғыда Тасқын Досаевичына Қаламқасты алғызбағаным қандай жақсы болған. Ол болса осы жерде бетімізге ыстық шашар еді... Ой, Маздақжан-ай, керемет жансың ғой, проректорды алдында құрдай жорғалатып қойдың. Ой, Маздақ... – деп ыржалақтап күлген болды. Маздақ оның сөзін естімеген болды.

Есен шындап қыза бастады. Аузына келгенін сөйлеп, Жанардың әр сөзі мазасын алды. Жақан ол не айтса да көтеріп, Тасқын екеуін машинаның артқы орындығына жатқызды.

– Жеңгей, сіз алдыға отырыңыз, -деген проректордың ұсынысын қабылдамаған Маздақ екі мас еркектің жанына барып отырды. Есен ұйықтап жатқан Тасқынның жағасына жармасты. – Сен менімен тіреспе, табаның күйеді... Мен...

Жарты сағаттан соң қап-қара «Волга» қалаға баратын тас жолға ілігіп ұшып келе жатты.

Таң ықылассыздана атып келеді. Оны олардың ешқайсысы да аңғарған жоқ.

Қандай сайтанның түрткенін кім білсін, сол түнгі көл жағасындағы «бөтен қимылды» Маздақ түсінде қайталап көрді.

Шар ете түскен телефон даусы креслода тоқыма тоқып отырған Маздақтың ойын бұзып жіберді. Телефон үні екінші рет соғылғанда ұзын халатының етегін сүйретіп, көрікті денесін тіп-тік ұстап, сүйрік саусақтарымен телефонның трубкасын көтерді.

– Алло, тыңдап тұрмын.

Ар жақтағы адам сәл бөгелді.

– Алло, – деді тағы.

– Маздақ, сен бе?

– Иә, тыңдап тұрмын.

– Мен Есенмін ғой, – деді ар жақтан, – Хал қалай? Думан как? Шауып жүр ме?

– Рахмет. Өз халдерің қалай? Хабарласпай кеттіндер ғой, қыздарың жүгіріп жүр ме? Не жаналықтарың бар?

– Все у нас нормально. Сенің Тасқын Досаевичің емеспіз, біз отбасымызға үлкен назар аударамыз. Кеше Жанар екеуіміз театрға бардық, өте жақсы болды. Өзіңе айтайық деп едік, анауыңнан қорықтық. Адамды керек қыла ма ол?... Театрдан шығысымен баяғы жас кезімізді (кеңк-кеңк күліп алды) есімізге түсіріп, түн ортасына дейін көшеде жүріп қалыппыз... Өзіңмен бір секрет әнге ме бар еді, Маздақ, как дос ретінде, өзіңе айтайық деп Жанар екеуіміз сан рет оқталдық. Оған тағы...сол өзіңмен...

Маздақтың ұзын мойны керіліп, иегі дір-дір етті.

– Иә, не боп қалды?...

– Не болушы еді, біздікі қамқорлық. В конце то концов бұл не өзі... сен түрмедегі адам емес шығарсың...

Маздақтың жүрегі дүрсілдей соқты.

– Есенжан-ау, шынында кейде өзімді қапаста отырған адамдай сезінем, – деп мұңын, шаға сөйледі. – Үйге де келмейсіңдер.

– Барар едік қой, ана архитектураны қайта құрып жатқан мықтың жақтырмайды ғой бізді.

– Жоға, неге...

– Ой, Мздақжан, сен ештеңе білмейсің ғой.

– Нені?

– Сен білмейтін шаруа көп...

Мздақтың жүрегі бұлқынды. «Бұл нені айтпақ боп тұр?». Есік жаққа қарап-қарап алды да, сөзін қайта жалғады.

– Не, Тасқын...

– Ол жағын телефонмен айтуға болмайды, мына Жанар екеуіміз өзіңмен әңгімелессек деп едік, қазір саған машина жіберейік, келе ғой, менікі достық. Мздақ, келмесең өзің біл...саған айтпаса болмайды...Анауың менің звондағанымды білмей-ақ қойсын...

Есіктің қоңырауы шалынысымен Есен трубкадан асығыс сөйледі.

– Дачаға бара жатырмыз. Кел, үлкен әңгіме бар, машина жіберем. Он минуттан кейін, аялдамаға кел...

Есіктің қоңырауы тағы безілдеді. Трубканы орнына қоя салды да, жүгіріп барып есікті ашты. Қызын көтеріп, есіктің қоңырауын басқызып тұрған әйелі – Жанарды көрді.

– Папа, сен неге есікті ашпайсың, үйге аю келеді деп қорықтың ба-а? – деді қызы сүйкімді балғын дауысымен.

– Ой, қызым-ай, сендер жоқта маған қалай қорқынышты десеңші.

– Папа қорқақ, папа қорқақ, ұят-ай, – деп сәби екі қолын шапалақтады. Есен қызын қолына алып, үйге көтеріп кіргізді.

– Мамаң екеуіңе тамақ әзірлеп қойдым.

– Папа, торт әкелдің бе, а?!

– Әкелдім, қызым, әкелдім. Мамаң екеуің үшін мен не істемеймін. Дастарханды да сіздер үшін әзірлеп қойдым.

Жанар күйеуіне ықыласпен қарады.

– Рахмет, папасы.

– Ура, мен торт жеймін, – деп ас үйге қарай бара жатқан қызына Жанар:

– Айпара, қолыңды жу, – деді.

– Мама, мен таңертең жуғанмын қолымды, – деп қызының аузы бұртиып шыға келді.

Есен қызының жанына барды.

– Жуа ғой, айналайын, осы үйдегі патшаға бағынбауға болмайды, қызым.

– Патша деген ол кім, папа?

– Ол – сенің мамаң, айналайын, екеуіміздің патшамыз.

– Патша ақылды бола ма, папа?

– Иә, ол сенің мамаң сияқты ақылды, өте әдемі болады...

– Қойыңдар енді, қызың екеуің...

– Ура, менің мамам патша, ура, ура...

Кішкентай қыз бала қолын жуу үшін ваннаға кіріп кетті.

– Қызың екеуің тіпті мені мақтап...

– Ас әзір, ханум, – деп Есен әйелінің бетінен сүйді. – Шаршаған жоқсың ба?...

Қонақ үйде тұрған телефон шырылдады. Күйеуіне аса ықыласты, ыждахатты жанарымен қараған әйел:

– Барып алшы, – деді назданып. Есен жүгіріп барып трубканы алды.

(Жақан ғой, Жақан).

– Да, тыңдап тұрмын.

– Есаға, мен ғой, – деді ар жақтан жұмсақ дауыс.

– А, мен де алаңдап отыр едім, жақсы болды, сізге ұшуға билет дайын.

– Жақсы, онда рахмет, – деді асығыс дауыс.

– Хабарласаңыз...асыға тосам, – деді бергі жақтан мығым дауыс. Дәлізден әйелінің дыбысын естіді.

– Ха-ха-ха...Көп рахмет, көп рахмет. Жанар да сізге рахмет айтып жатыр.

– Не, не?– деді ар жақтан дауыс ештеңені түсінбей.

– Мен өте алаңдаймын, – деп бұл трубканы орнына қойды.

– Ол кім?

– Біздің азаматтар ғой, жүр тамақтанайық.

(«Бұған ештеңені сездірмеу керек, ештеңені»)

- Мен Маздақтар ма деп едім, көптен хабарласпай кеттік.
- Оларда сенің жұмысын болмасын, – деді Есен түсін суытып. – Байы дос па десем, жау болды ақыры.
- Кімді айтып тұрсың, құдайым-ау, өзіміздің Тасқын ба?
- Иә, жоғарғы жаққа менің үстімнен арыз жазыпты.
- Сұмдық-ай, не деп?
- Не болушы еді, үйдің қанқасын сызбады деп, архитектордың тоқырауын құдай адам баласының басына бермесін.
- Өзі не қырып жүр екен?! – деді Жанар ашуланып. – Көре алмайды біздің өстіп жүргенімізді.
- Қойшы соларды, айналайын, одан да жүр, тамақтана-йық.
- Осындай да сұмдық болады екен-ау, – деп аң-таң күй кешкен Жанар күйеуінің соңынан ерді.
- Папа, міне, қара, қолым тап-таза, жудым, – деді осы кезде қызы.
- Ақылдым менің!
- Үстел басына отырысымен Есен қабырғадағы радионың құлағын бұрады. «кешкілік концертімізді бастаймыз».

- Кештетіп қайда жиналдың? – деді Тасқын джинси шалбар мен көйлегін киіп шыққан әйеліне дәлізде кездесіп.
- Қайда болушы еді, киноға, – деді Маздақ ызаланып.
- Мен сізден ертеңгілік жұмысқа көмек сұрайын деп едім.
- Қандай жұмыс, тақсыр?
- Ертең таудағы демалыс үйіне барып жұмыс істеп келмесем.
- Қазірден бастап неге кете бермейсің?!
- Сен қызықсың, – деді Тасқын оң қолындағы кофеварканы екінші қолына ауыстырып. – Көп жұмыс қалған жоқ, біраз табиғаттың құшағында болып, шабыт шақырмасак болмайды, шабыт керек, шабыт...
- Үйде шабытың оянбай қиын боп жүр екен ғой, солай де...
- Мен саған түсіндірейін.
- Кеш қалдық, тым кеш.
- Маздақ дәлелсіз ояна салатын әйелдік намыстың құрбаны боп өз үйінен шықты. Баспалдақпен жеңіл аяқкиімінің дыбысы білінбей түсіп барады. «Маған енді бәрібір».

Тротуар бойымен келе жатқан келіншекті машинада отырған проректор бірден аңғарды. «Ой, Ес-аға, рахмет, азамат сол!» Машинадан шықты да, жан-жағына қарап алып қарсы жүрді.

– Сұлу жеңгей, жол болсын?

– А, сіз бе едіңіз, Жанар қайда?

Проректор келіншек дидарындағы кірбінді бірден аңғарды.

– Сізді тосып-тосып таксимен кетіп қалды. Менің де үйде қонағым бар еді, сіздерде деловой әңгімелеріңіз бар екен, Есағаң мен супругасы өтінген соң... неғып тұрмыз, жүріңіз... Қап-қара «Волга» сырғып барып, жол үстінде ағылып жатқан машиналардың арасына кіріп кетті.

Жапондық магнитофоннан саксафон үні төгіліп келеді. Гажап сезім салтанатына толы жігерлі африкалықтардың музыкасы.

– Көңілсізсіз ғой, жеңеше, -деді Жақан.

Келіншек жауап бере қоймады. («Мен осы қайда барам»). Санасына оралған өз сұрағы бас көтеріп келе жатыр еді, әлдене деп сөйлеген еркектің даусы басып кетті.

– «Все пройдет, и печаль и радость» деген Боярский замандасымыздың өлеңдететіні бар. Қапа болмаңыз, естуімше, сіз қорғамақ көрінесіз, өзіңіз ештеңе айтпайсыз...

– Ой, Жақа, сол диссертациясы бар болсын, басқа тауқыметім де бастан асады, шыдамым таусылды...

Саксафон үні ышқына көтеріле берді. Олар үнсіз қалған. Таудың бұралаң жолынан шыққан машина саяжай қалашығына кеп кірді.

– Айтыңыз, жеңгей, аспандағы айды әпер десеніз де, – деп Жақан күлді.

– Бұдан былай сіз мені «жеңгей» дегенді қойсаңыз, сосын, көп отырмай қайтсақ.

Проректор жорта аңқаусып сөйледі.

– Маздақ Кереевна, қайту мәселесін мен емес, Есағаңдар біледі, мен сол адамдардың көңілі үшін үйдегі қонағымды тастап, – деп машинадан шығып кетті. Сыртта біраз бөгеліп, саяжайдың жарығын жағып келді. Есікті ашып:

– Прошу вас, мадам, – деп құрмет көрсетті. Маздақтың ашық жарқын, таза сұлу күлкісі түнгі ауада әдемі шықты.

– Көп рахмет.

Екеуі сырты сәнді өрнектермен безендірілген, саяжайдың ішіне кірді. Маздақ жан-жағына жалтақтай қарады.

– Жанарлар қайда?

– Түу, ұмытып кетіппін ғой, ол кісілер жолдан бір бабушканың үйіне соғып, қыздарын қалдырамыз деген, көп қалар. Отырыңыз. Мен қазір.

Маздақ жұмсақ креслоға отырды. Жақан жылдамдатып, журнал үстелдің үстін ішімдік, ол-пұл тағамдармен жасандырып жіберді. Ол келіншекке қарсы отыра берді де, қайта орнынан тұрды.

Кешіріңіз, Маздақ Кереевна, мен басты мәселені ұмыт қалдыра жаздаппын. – Музыка! – Проректор сұқ саусағын шошайтты. – Музыка адам жанының емшісі деген бар.

Магнитофонды іске қосқанда, музыка ырғағымен қызыл, жасыл әр түсті жарықтар жана бастады. Адам жүрегіне жайлап кіріп, кірбіңге толы көңілді қуанышқа шақырар мейіздей жұмсақ музыка ойнап тұр. Жақан жарықты өшіргенде бөлме іші тіптен жәрмеңке думанына айналды.

Қызыл, жасыл жарықтар.

«Неткен жайдары, жақсы адам» деп ойлады келіншек.

Тасқын орнынан тұрды да, екі қолымен бөлін мытылап керілді. Есінеп алды да, әлдеқашан суып қалған кофеден екі ұрттады. Бөлмені кезіп жүріп алды. Кітап сөресінен қолына іліккен кітапты алып еді, Марк Берковичтің «Кадры неоконченной киноленты» деген кітабы екен. Осыдан бір жыл бұрын оқығаны есіне түсті. «Қайталап оқу керек» деп ойлады. Ұшталған қарындаштың біреуін алды да, кітаптың атын жазып, тұсына «Ертең ала кету керек» деп жазып, шимайлай қолын қойды. «P.S. Міндетті түрде» деген сөзді және қосты. Терезе алдына келді. Қала шамдары қоламтада жатқан шоқтар сияқты. Жылт-жылт жымыңдасқан дүние. Қолындағы кітаптардың бетін ашты... Шәкен аға қолына домбырасын ұстап ән айтып отыр. Суретке ұзақ тесіле қарады.

Елес. Елес. Елестер.

Панорама: «...Құс жұмыртқасы шағылып, үйректің сары үрпек балапандары көл бетіне шыққан мезгіл. Көл беті мәресере. Құдды жаз тойын тойлап жатқандай. Қайраңнан шабақ

шоршып, жарық дүниенің ауасын шөп-шөп сүйеді. Таң рауанында жаңбыр сеуіп өткен. Ауа керімсал. Қыз ернiндей қызғалдақтар дүрия желмен наздана тербеледі. Бақ-бақтар ажарлана түскен. Қара қанат көбелектер ақ гүл үстінде кірпікше жыпылықтайды. Балғын ерiндерi гүлдiң шырын сабағын тiс-теген егiз құралай, тұяқ дүбiрiн естiп, елең етiп, құлақтарын қалқитып, пәк жанарларын кезек-кезек озысып, үзеңгi қағыстырып келе жатқан жорғаларға қадады.

–А-а-ай, тыңдаңдар мені, біз бақыттымыз.

Маздақ даусы шүрегей төбелерін етегіне шашып тастап, тәкаппарлана қараған шүлен Шыңғыстаудың тастарына тиіп жаңғырып жатыр. Тайпалған бипыл жорғалар кезек-кезек мойын озысып, жосып-ақ келеді».

Елес, елес, елестер...

Қазақтың қоңыр даласы...Шәкен ағаның майда қоңыр макамды даусы өрлеп барады.

«Беріп кет сақинаңды мыс та болса,

Жүрейік күліп-ойнап қыс та болса.

Шеш-тағы етігінді байпақшаң кел,

Көрейін өз сорымнан ұстап алса».

Қазақтың қоңыр даласы.

Қоңыр ән.

Жорғалар жосып-ақ келеді.

«Сіздердің тыңдағандарыңыз лентаға жазып алынған әндер» деді диктор. Сағат соғылып жатты. Елес...көз алдынан жоғалды. Тасқын Шәкен Аймановтың суретін кеудесіне басып жылап жібере жаздады.

Шүмектен сұп-суық суды ағызып, рақаттанып, жуынды. Ас үйге кеп кофеварканы газға қойып, газдың көгілдір жалынына ұзақ қарап отырды.

Бір шыны кофені асықпай ұрттап ішіп, бөлмесіне кеп темекі тұтатты. Қолына ұшталған қарындаш алып, аппақ қағаздағы шым-шытырық шимайға ұйқы шақырып қанталаған көзін қадады.

Қоңырау шалынды. Орнынан селқос тұрып, есікті ашып бір орнында сілейіп тұрып қалды.

– Абылай аға...

– Мынау сізге, – деді Жақан француз әтірін ұсынып.
 – Маған ба? – деді Маздақ қарақат көздері қуанышқа бөленіп. –Рахмет. –Құтыны қолына алды. Сыртқы қорабын ашып қалғанда шығыс әуеніне ұқсас музыка ойнады. – Ой қандай ғажап, рахмет сізге.

Маздақ Кереевна, о не дегеніңіз, рахмет не деген ол, келіңіз алып қоялық.

Проректордың құрметіне риза болып отырған сұлу келіншек рюмкадағы коньяқты тауысып ішті. Жақан оның «Қайтайықшы, Жанарлар неге кешікті» деген сұрақтарын ұмытқанына қуанды. Музыка ойнап тұр. Қызылды-жасылды жарық сұлу келіншектің дидарына құбылып түседі.

– Сізге қалай рахмет айтсам екен.

– Шын айтасыз ба?

– Иә.

Келіншек басын изеді. Қызылды-жасылды жарықтар. Жақан келіншектің иығынан ұстады да, өзіне тартты. Маздақ көзін жұмды. Еркектің ерні үлпілдеген ақ тамағынан аймалағанда өне бойы өртеніп есі кетті. Жақанда да тағат қалған жоқ...

– Бақытымды таптым ба?

– Қойыңызшы, бұныңыз не? Енді, жаным-ау, саған не болған бұнша...

Көптен бері еркектің еркелеткенін ұмытқан келіншектің денесі оған тығыла түсті. «Қойшы...Қойшы...» Оттай ыстық құшақтар...барлық дүние өлген, келіншектің көзі жұмулы... Еріндері жымылып...Басқа дүние ұмыт қалған. Тіптен жоқ...

Қызылды-жасылды жарықтар....

– Аға, келініңізді бір жерге жұмсап жіберіп едім, кеп қалар, ұлым ұйықтап жатыр, оятайын ба, аға!

– Сәбидің ұйқысын бұзбайық. Тәтті бір түс көріп жатқан шығар.

– Тым құрымаса, аға, көріңізші, ұлым тура ауылдың батыры.

Әбден сүліленіп шаршаған Тасқынның қуаң жүзіне лезде қуаныш табы теуіп шыға келді. Қиылып, өтініп тұр.

– Үлкен аға, көріңізші.

Абылай орнынан тұрып үстел үстінде тұрған өзі әкелген алманы қолына алды.

– Жүр, баста, батырды көрейік.

Кішкентай Думан танауы пысылдап ұйықтап жатыр. Олар баланың жанына келді. Абылай «тыныш» деп белгі берді. Баланың әкесі күліп басын изеді. Түнгі қонақ қолындағы қызыл апорттарды бір-бірден баланың жастығының шетіне қойды. Ең қызыл әдемісін баланың қолына ұстатып, еңкейіп, көрпеден шығып жатқан аяғынан ұстады да, табанынан ұзақ сүйді. Думан ештеңе сезбестен танауы пысылдап ұйықтап жатыр.

– Сүрінбесін, – деді. Сосын жарықты өзі өшіріп, қолымен ымдап «кеттік» деді. Тасқын жымиып күлді. Баланың бөлмесінің ішін алманың иісі алып барады. Олар бөлмеге қайтып келді.

– Кітабыңыз шығыпты, аға, қуаныштымыз.

– Рахмет, денсаулығың қалай, айналайын-а?

Тасқын қарсы алдында отырған ақын ағасына тіктеп қарай береді.

– Сізді көрмегелі талай уақыт болыпты.

– Бес жыл, – деді Абылай бес саусағын көрсетіп. – Бес жыл уақыт өте шығыпты-ау, жақында бір бөлмелі баспана алғам, қашан сен жана үй жобалап бергеніңше жарайды маған, – деп әзілдей күлді.

– Аға, сізді сағындым, хабарласпайсыз.

– Осы Есен пысық қайда, келін баланың аты кім еді?

– Жанар. Олар осында тұрады. Қаланы бірге жобалап жүрміз.

– Солай де. Ол пысықпен бір қалада тұрамын де.

Шай құйып отырған Тасқын оған аңтарыла қарады. «Неге жақтырмай отыр». – Аға, шай ішсеніңші....

Көптен кездеспесе де, шайда олар шешіліп сөйлеспеді.

– Рахмет, айналайын, шайыңа. Сен Майгүлді ұмытқан жоқсың ба?

Тасқын жасы қырыққа ілінсе де, әлі үйленбей жүрген ақын жігітке таңырқай қарады. –Жоқ, – деп ойланып отырып қалды да, есіне Есеннің айтқан әңгімесі оралды.

– Иә, осында тұрады деп Есен маған айтқан.

- Сол Майгүлді бір көруге келіп ем.
- Күйеуі...
- Білем айналайын, бәлем бәрін... Ол осы қалаға көшіп келе жатқанда машина авариясына ұшырап, мертігіп қалыпты. Көңіл сұрағанда не тұр? – деп күрсінді.
- Солай деңіз, – деп Тасқын ойланып отырып қалды. Абылай орнынан тұрды.
- Майгүлді бір көргім келеді.
- Күйеуінен ыңғайсыз боп...
- Айналайын-ау, – деп Абылай бөлменің ішін кезіп кетті. – Құдай маған оны бұйыртпады. Қайтейін енді, сенің ойынша ол мені тастап басқа адаммен тұрмыс құрып кеткені үшін оған деген сезімді өшіруім керек пе? Жоқ. Ол менің алғашқы махаббатыма опасыздық жасады. Қорлады, күллі әйел затына деген жиіркеніш те туғызды...бірақ. Өзің ойлашы, айналайын, барлық азапты қара нандай иығына сап көтермеген адамнан қандай махаббат сұрар едің? Мен оны шын сүйемін, мен одан көп ештеңе сұрамаймын, тезірек жазыл деймін де... – Абылай тамағын кенеді де, қоңыр дауысымен өлең оқи жөнелді.
- Аяулы жан!
- Саған арнап жыр жазам
Оңай да емес,
Қиын да емес бұл маған.
Мен, өйткені, мейірімнің құлымын,
Мен, өйткені, күндеріңмін зырлаған.
Аяулы жан, саған арнап жыр жазам.
Серпіп ашқан сезімнің түндігін,
Махаббаттың махаббаты бұл жырым.
Күн қуанып, күлімдеген аспанда,
Түрсін мынау түнеріңкі түн мұңын,
Жүрегіңе жүрек болсын бұл жырым.
- Аға...
- Сөзді бөлме. Ақымақ басым ол күйеуге шығып кеткен күні пәтеріме келдім де барлық суретін жыртып тастадым. Ақымақпын ғой мен, ақымақпын. Шынымды айтсам, ол сүрініп кеткен тасқа да зар болып қалдым, сағындым, сағындым...
- Аға...

– Мен қайтайын, інім, қиялданып мазанды алдым білем, ертең қонақ үйге хабарлас.

– Ағатай, үлкен аға...

– Рахмет, бауырым, ниетіңе, келші,– деп Абылай оның маңдайынан сүйді.

– Ренжүлісіз бе, аға? – деді ол Абылайдың құшағында тұрып.

– Сендей архитекторға қандай өкпе болмақ? Мені шығарып саламын деп әуре болма? Ондайды ұнатпайтынымды білесің.

– Аға, аға-ау, – деп жас балаша тағы құшақтады.

– Ертең қонақ үйге хабарлас, – деп оның маңдайынан тағы да бір рет сүйді де, есікті өзі ашып шығып кетті.

Тасқын не айтарын білмей, орнында тұрып қалды. «Аға маған ренжіп жүр екен?»

Ол терезеден Абылайдың соңынан ұзақ қарап тұрды. Жолды кесіп өткен жасыл көзді таксиге отырып кетті. Шырт етіп, шамның қылы үзілді. Артына бұрылған жоқ, сол орнында тұрып, ойланғысы келді. Нені? Кімді? Ол сұрақты таба алмады. Дәл қазір өзінің қатты шаршап тұрғанын сезді.

Подъезде мысық мияулады.

Терезе алдынан кетіп бара жатыр еді, көзі сырғып кеп тоқтаған қап-қара «Волганы» көріп қалды. Машинадан екеу түсті. Олар... Тасқын көзін жұмды. Қайта ашты. Олар... Көзін тарс жұмып теңселіп кетті.

Қолында Жақан сыйлаған француз әтірі бар. Маздақ баспалдақпен үшінші қабатқа ақырын көтеріліп келеді. Мысық мияулады. Селк етіп, тоқтай қалды да, подъездің кішкентай терезесінің алдында отырған кара мысыққа қарады. Ұзын жүндері сабалақтанған, шоқ көзді кара мысық қызыл тілімен екі езуін кере жалап аянышты мияулайды.

Ол есігінің алдына кеп джинси шалбарының қалтасынан кілтті алып шықты да, сәл бөгелді.

Төрлет, – деді іштен күйеуі ол табалдырықты аттай бергенде. Қарсы алдынан жұдырығын түйіп, көзі қанталаған күйеуін көргенде жүрегі су ете түсті.

– Мен...мен...

– Иә, сен...не?

– Мынаны қарашы, әдемі әтір.

– Мә, саған.

Тасқын Маздақтың жағынан шапалақпен тартып жібергенде, әйел ұшып барып қабырғаға соғылды, қолындағы француз әтірі жылу жүйесінің жіңішке трубасына тиіп бытшыты шықты.

– Өлтір, ал өлтір...

Маздақтың даусы көтеріліп, айғайлап сөйлеп жатыр.

Тасқын қалш-қалш етіп орнында тұр.

– Опасыз, – деді тістеніп.

Бөлмесінен ұйқылы-ояу жүгіріп шыққан Думан әке-шешесінің кейіптерін көріп шошып кетті.

Үйдің ішін француз әтірінің иісі алып барады. Баланың басы айналды. Шошына айғайламақ еді, даусы шықпай шегініп, кішкентай жауырынымен қабырғаға тірелді.

– Ах, – деп Думан қолындағы қызыл алманы қарш еткізіп көзін жұма берді. Бейкүнә көздерінен жас мөлт-мөлт етіп, қып-қызыл алмаға тамып жатыр.

Айқай.

Үйдің ішін француз әтірінің иісі алып барады.

Баланың көз жасы.

Қып-қызыл алма.

Тасқын әйелімен ажырасқан соң жұмысшылар жатақханасына кеп тұрды. Осы мерзім ішінде Тасқын бұл пәниде ана сүтімен бойға дарыған адалдық, еңбекке деген сүйіспеншілік, он-он бес жыл оқыған білім бәрі-бәрінен тысқары отбасының өзінен басқа ешкім көтере алмайтын қасіретін басынан кешірді. «Иненің жасуындай арамдығым жоқ еді, бұл қай басынғандығың», деп әйеліне айтқан сөзін түнімен сан мың рет қайталап шығатын кездері де болды. Кейде...

Балабақшаға ұлын ақырғы рет іздеп барғанда жарты қала танып, біліп, сыйлап, құрметтейтін тәрбиеші Кәмила апай көзіне жас алып тұрып: «Сіздің жағдайыңызды түсінем, тек балаңыздың болашағын ойласаңыз...сізге ауыр болса да айттайын іздеп келе бермеңіз. Сіз келіп кеткен соң Думанжан не тамақ ішпейді, әшейінде жайрандап балалармен ойнауды да доғарып бүк түсіп жатып қалады». Кәмила апай бұны бала-

бақшаның ауласынан шығарып салып тұрып тағы да бірденелерді айтты. Тағы да. Думан... Думан..

Сол күні жылы жаққа қайтатын құстардың қанатын жуып күздің соңғы жауыны жауған. Сілбірей жауған сұп-суық жауынның астында ол ұзақ-ұзақ жүрген. «Иненің жасуындай арамдығым жоқ еді, бұл қай басынғандығың...» Омырау қалтасындағы документтерін сыртынан сипап қойды. Онда барлық жағдай екі-үш-ақ сөзбен жазылған. Том-том кітапқа тіпті небір шебер деген ЭВМ-ға салып есептегенде түгесілмейтін отбасылық тауқымет, әкелік борыш, жұбайлық адалдық, баланың көз жасы бәрі-бәрі сыйып кеткен. «Бәрі де бітті енді...» «Иненің жасуындай арамдығым жоқ еді, бұл қай басынғандығың...» Қайталай берді...

Жауын. Жауын. Өтіп барып тоқтады. «Қаламқас...Қаламқас»...Жауын астында қолшатырсыз келе жатқан мұңлы жан бұған қарай қорғана басып келе жатты...келе жатты...

Сол күні Тасқын жатақханаға Мейірбектің бөлмесінен қайтпай қалды...

– Сол күні, – деп Қаламқас Тасқынның кеудесіне басын қойып. – Пәтерде жалғыз қалғанмын. Қыздар Талғарға тойға кетіп қалған. Жалғыздықтан біртүрлі елегізіп отырғанмын, терезе ақырын тықылдады. Пердені ысырсам, Есен ыржиып күліп тұр. Есікті аштым. «Үйге кір», «Қалың қалай, жалғызсың ба?» Есен маған үш тал роза гүлін ұсынды. «Рахмет». Қойнынан шампан бөтелкесін алып, үстелдің үстіне қойды. Мен тездетіп колбаса турап, қуырып жібердім.

– Есен, үстелді былай ысырайықшы.

– Осылай тұра берсін, Қаламқас. Несіне әуре болдың, үйде екеуміз ғана емес пе?

– Қыздардың жоқ екенін қайдан білдің?– дедім ойыма ештеңе алмаған күйі.

– Жүрегім сезді...

Екеуміз де күлдік. Түн ортасына дейін отырдық. Неге екенін білмеймін, Есен құйған шампанды тауысып ішіп қоямын. Ол тағы құяды. Күле береді... Сосын...сосын...масқара, Есен басын менің иығыма қойып ұйықтап жатыр, шошып кеттім, айғай салдым ба білмеймін, Есен де оянып кеткен,

көздері бақырайып: «Кешір, кешір», дей береді. Жыладым... ұзақ жыладым. Бар асылымнан, қымбатымнан осылай айырылам деп ойлаған жоқ едім, мен үшін ойлаудың өзі қорқынышты болатын. «Есен маған: «Үйленем, сені сүйемін» деді. Есен үнемі келіп тұрды. Сен сол кезде жиілетіп кеп жүрдің ғой, шынымды айтсам сенің көзіңе қарауға қорқатынымын.

...Жазда, жазда естідім, Есен үйленіпті, кімге дейсің ғой, Жанарға... әттең... Маздақ қызжолдас, сен күйеужолдас болыпсың. Бар дүниемнен солай тоналғанмын. Сол күннен бастап менде бір мінез пайда болды, қыздардан жасырып арақ ішетінді шығардым. Бір күні түнде қыздар ұйықтап қалғанда мен ұйқылы-оая жатқам, құлағыма біреу келіп сыбырлады. «Бері жүр, бері». Жүрдім, ұзақ жүрдім. Ауызғы бөлмеде тұрмын. «Ана шегені көрдің бе?» – дейді дауыс. «Көрдім». «Соған асылуың керек». Мен тұншығып, үндемей қалдым. Дауыс жаңғыра түсті. «Шұлығыңды ал да, соған асыл, тез, тез». Мен айтқанын істеп жатырмын, тынысым тарылып...

– Дура! – деп біреу жағымнан тартып жібергенде есімді бірақ жинадым. Қыздар іш көйлекпен үрпиісіп босағада тұр. Арамыздағы ересек қыздар маған ұрсып жүр. Жағымнан тартып жіберген де сол екен. Есімді жиып, өз-өзіме келген соң, қыздарға жасырмай бәрін айтып бердім. Олар менімен бірге жылап, осы оқиғаны ешкімге тіс жарып айтпауға серт берді. Оқуды тастап кетіп қалғым да келді. Сонда қайда бармақпын, ешкімім жоқ қой, ызаланып жылайтынмын, саған хат жазатынымын. Маздақтан сені өлердей қызғандым...

– Ой, ақымақ, сол салдақыны қайтесің, – деді Есен.

– Сен не айтып тұрсың?

– Сені Маздақ сүйеді, біздің Жанармен дос қой, бар сырын соған айтатын көрінеді. Көп сөзді қой, біздің тойда күйеужолдас боласың.

– Боламын. Бірақ, Қаламқасты тойға шақырғанда тұрған не бар?

– Сен өзі ақылды тыңдасаңшы, ол қыздың атағы шыққан, зооветтің жігіттері кезек-кезек барса да, көне береді екен, анада сыраханда жігіттер айтып отыр.

Тасқынның өне бойы мұздап кетті. «Қалайша, ондай қыз емес сияқты».

– Сен де осы, өсек айтқаныңды қойсаңшы, – деді Есенге ызалана қарап.

– Ха...ха..ақымақ...

Есен қолын сермеп Тасқынға әлденені түсіндіріп келеді. Жол қиылысы. Светофордың жасыл жарығын көрген Есен тұра жүгірді. Тасқын орнында тұрып қалды. Кенет қызыл жарық жанды да жүргіншілер тоқтады. Машиналар ағылып жатыр. Жолдың арғы шетінде тұрған Есен бұған «Ақымақ», деп сұқ саусағымен шекесін бұрап қояды.

Сонда Тасқын светофордың жасыл жарығы жанбауын тілеп еді.

– Сен менен енді ештеме сұрама, өтінем, жаным. Саған бәрін айттым ғой, -деп Қаламқас үнсіз жылады.

Тасқын үндеген жоқ, ауыр күрсініп, тісін шықыратты. Ол орнынан тұрып телевизорды қосты да, темекісін қолына алды. Сіріңке іздеп, жан-жағына қарады. Көгілдір перде тұтылған терезе жарығынан бөлме іші көк сәулеге оранған. Тасқын пердені ысырып қалып, кейін шегінді. Аппақ дүние. Ұлпа қар жауып тұр. Алғашқы қар.

– Қар жауып тұр, – деді Тасқын терезеге жақындап. – Қаламқас, қарашы.

Қаламқас халатына қолын созды. Ұлпа қар үдей жауып қара жерге қонып жатыр. Тасқын Қаламқасты шашынан иіскеп, өзіне тартты. Қаламқас оған тығыла түсті.

– Мен сені сүйемін, Тасқын, сүйемін.

Ұлпа қар үдей жауып тұр. Телевизордан «Таңертеңгілік почта» программасы болып жатыр. Алла Пугачева.

«Знаю милый, знаю что с тобой,

Потерял, себя ты потерял...»

– Сенсің, бәріне кінәлі, сенсің...

Жанар төсекте қолын желкесіне қойып, қарнымен көрпе тіреп жатқан күйеуіне жиіркене қарады.

– Болды-ей, қой енді бажылдамай, – деді Есен есінеп. – Біреу қатынымен айырылысады, соған да мен кінәлімін бе-ей-а?

– Сен неге олардың сотына бармадың? Неге? Мені де алдап жіберген жоқсың. Олар не үшін айырылысты? Ешқандай жазығы жоқ, Думан тірі жетім қалды? Неге? Біздің баруымыз керек еді ғой, достары едік қой....

– Ну и... Мен не оларға, адвокатпын ба? Ақшасын төлесін, қызмет жасауға болады... Ха...Ха... – деп Есен өтірік күліп жатты да, тоқтата қойды. –Айтпақшы, сен еске дұрыс салдың, отбасымен ажырасқан адамның моральдік бейнесі туралы жоғарғы жаққа арыз жазып жіберу керек екен... Я ведь молодой коммунист....

– Сұмырай, сен адам емессің. Талай рет сен туралы естігенде адамдардың пендешілігі шығар деп едім. Сен нағыз алаяқ екенсің, мен сенің кім екенінді енді ғана білгендеймін. Жақан да сенің айырылмас досың еді ғой, ол да мүгедек әйелін тастап қашып кетті, жазғыш болсаң, неге оның үстінен арыз жазбайсың?

– Әй, қатын, слушай, жап аузыңды қақылдамай, мен не, азуы алты қарыс Жақанның үстінен арыз жазып өле алмай жүр дейсің бе? Білеміз, көргеміз Майгүлдің Абылайды тастап оған күйеуге шыққанын. Оларда жұмысың болмасын, қайта Жақанмен связді бұзбау керек, сенің диссертацияна...

– Құрысын бәрі, алаяқсындар сендер, құдай-ау, мен кім болғам? Өлтір, өлтірсеңші мені, неғып жатырсың өлтір, өмір не деген азап еді. Айырылысам мен сенімен, ертең сотқа арыз берем.

Есен басын көтеріп алды. Жанардың боп-боз болып кеткен жүзін көріп сескеніп қалды. «Әйелге сенім бар ма? Бұлардан бәрін күтуге болады».

– Жанаржан...

– Сөйлеме маған, – деп Жанар айқай салды.

– Есік ақырын ашылып, үстінде пижамасы бар Айпара кірді. Мөлдіреген сәби жанарына жас тұнған.

– Мама, папа тебя любит, -д еді жыламсырап.

Жанар қызын құшақтап жерден көтеріп алды.

Есен «уһ» деп демін алды да, қолын созып телевизорды іске қосты. Экранда бір жалаң сызық тоқтамай секіре бастады. Жанар терезенің пердесін ысырды. Сыртта қар жауып

тұр. Алғашқы қар. Аспан әлемінен мамықтай қалқып қара жерге қонып жатқан ақ ұлпаға қарап Жанар:

– Мен қалай адасқанмын, қызым, айналайын, ботақаным, сен мына аппақ таза әлемге қара, – деді.

– Алақай, аппақ қар, алақай.. Папа, қарашы қандай әдемі қар...

Айпара шешесінің қолынан түсті де, төсекте жатқан әкесінің жанына келді.

– Папа, қарашы, аппақ қар, жүрші.

– Әй, қызым-ай, түү тәйірі ақ қар деген немене ол, қан жаумаса болды емес пе?

– Нақұрыс, – деп Жанар күйеуіне жалт бұрылды.

– Мама, – деді Айпара аузы бұртиып. – Я же вам говорила, папа любит тебя.

Төсегінен ыржалақтап тұрған Есен қызын мойнына мінгізді де, түк басқан қарнын салбыратып әйелінің жанына келді. Жанардың дірілдеп тұрған иығынан аялай сипады.

– Ой, біздің....

– Тарт, кір қолыңды.

Есеннің денесі мұздап кетті. Соңғы кезде әйелінің мінезі біртүрлі өзгеріп кеткенін байқамапты. Ыржалаңдап күлген болды. «Шынымен бұл...Әй, бірақ, оның бетін аулақ қылсын. «Оның ішкі ойын айтпай біліп қойғандай Жанар». Айырылысам, бұдан артыққа шыдамаймын, құтыласың менен...» – деді. Қызының қолынан ұстап бөлмеден шығып кетті. Есен орнында сілейіп тұрып қалды.

Телевизор экранындағы жалқы сызық тоқтай қалды.

«Без меня тебе любимый мой, земля мала, как остров...»

Телефон шыр етті. Есен трубканы көтерген кезде телефонистканың «Алматыға жауап беріңізші» – деген сергек даусы естілді. Сәлден соң Жақанның «Есаға» деген жұмсақ даусы шықты. Бұл қалбалақтап Жақан дәл алдына кеп тұрғандай амандық-саулығын сұрап жатыр.

– Есаға, – деді ар жақтан жуан даусы. – Жағдай қиындап тұр. Сіздің ауылда бір вариант болмай тұр... Сізден басқа ешкімім жоқ...мына жақтағы қызметтен... Заң жаман....

Есен бір орнында тұра алмай телефонның ұзын бауын тартқылап терезе алдына келді. Жақан сөйлеп жатыр...сөйлеп жатыр. Кенет Есен терезеден далаға қарағанда ауланың

қақ ортасында Жанарды, бақыра жылап шешесінің қасында отырған кішкентай қызын көрді.

Жүрегі қысып талмаусыраған Жанар әлсіз күбірледі.

– «Қызым, қызым жыл-а-маашы...»

Есен телефонның трубкасын тастай салып, үстіне ештеңе киместен далаға ұмтылды.

Қар. Үдей жауған қар ауладағы үшеудің үстіне үн-түнсіз қонып жатыр.

– «...Алло, алло, фу, фу, естілмей кетті...Есаға, алло, Есаға» – дейді Жақан жалынышты дауыспен.

– Алло, сөйлесіп тұрсыңдар ма? – деді телефонистка.

– Естілмей кетті, қарындас дұрыстап қосыңызшы, дұрыстап қосыңызшы, Есаға, мені естіп тұрсыз ба...Есаға сіз болмасаңыз...Қызметтен, бәрінен...

Жақанмен ешкім де сөйлесуге тиіс емес еді.

Ол тым ерте оянып алса да, төсегінен тұрмай жата берді. Көзін тарс жұмып ойланып жатыр. Абылай түсіме неге кірді. Неге? Неге? Майгүл көзін ашып, терең бір күрсініп алды да, қолын созып тумбочка үстінде тұрған дәрілерін алып, стакан түбіндегі сумен ішті. Түйе жүнінен сырылған көрпесін қымтап, көзін жұмды.

Төсегінің аяқ жағында сүйеулі тұрған таяғы жан біткендей сырғып еденге құлады.

– Аааа аа...

Майгүл шошып кетіп басын көтеріп алды. Таяқ көптен жуылмаған еден үстінде жатыр. Жан-жағына қарады. Қайта жатты. Біреу есік қаққандай болды. Тың тыңдады. Ешкім жоқ, Әне қайта естілді. Түк...түк... Есік емес...тырс-тырс... ванна жақтан естіледі. Ызасы келіп, бар даусымен айқай салғысы келді. Кімге, неге? Ол жағын өзі де білмеді.

Ішкі дүниесінен басталған айқай жоғарылай берді. «Жақан...Жақан». Жоқ, олай боп шыққан жоқ, айқай мүлдем басқаша, тосын, әлдеқайда ұмытысқан, ұмытпаса да атамай ардақтап жүрген адал сезім иесінің атын айтты.

– Абы-ыыл-ай!

Анық осылай шықты. Қайта айқайлағысы келді. Қорықты. Қаны қашқан ақ жем еріндерін қамқыра тістеледі. «Қа-

лай да айқайламау керек». Көрпенің астына қайта кіріп алды. Қараңғылық. Түк...түк...Жүрегі соғып жатыр. Оң қолымен жүрек тұсын басып алды. Бәрібір естіледі. Түк...түк...Кенет бойы жеңілдеп, ауыр минуттар азабынан айыға бастады. «Құдайым-ау, мына өмір не боп барады?» деп ойлады Майгүл. «Мен жынданатын шығармын». Қозғалмай жата берді. Біраз уақыт өткен соң торғай шырылдағандай болды. Тағы...тағы... жоқ, есік қоңырауы. Көрпесін серпіп тастады. Орнынан қинала тұрып, халатына қол созды. Таяғына сүйеніп, бойын тіктеп ұстағанда басы шыңылдап қоя берді.

Есік қоңырауы тағы шалынды.

– Қазір, қазір, – деді дауыстап. Көздерімен күнгірт бөлме ішін шолып өтті. Жүрегі бұлқынды. Саскалақтап не істерін білмей біраз тұрды. Жан-жағына қарады. Неге екені белгісіз, саскалақтап телевизорды іске қосты. «Құдайым-ау, бұл кім?». Қабырғаға сүйеніп есіктің алдына келді. Дірілдеген сүйіріктей саусақтарын созып ағылшын құлыбының құлағын бұрады.

Есік ашылды.

– Сізге кім керек еді?– деді Майгүл шашын ақ көмкерген ер адамның сәлемінен бұрын. «Қар жауып па?» (Абылай Майгүлдің ауыр науқастан ұзақ төсек тартып, әбден қажыған мұңлы жүзіне қарады. «Жаным-ау қалай өзгергенсің?»). Майгүл сұрағын қайталады.

– Майгүл, мен Абылаймын ғой.

(Дүние көз алдында дөңгелеп жүре берді).

– Абылай, сен құлайсың, байқа, – деді Майгүл көз алдында айналып бара жатқан бейнеге.

– Жоқ, жаным. Сен жанымда болғанда мен ешқашан да құламаймын.

Ұлпа қар.

Алғашқы қар.

– Ах, – деді келіншек буындарынан әл кетіп бара жатып.

– Папаң тағы не деп айтты?– деп сұрады Маздақ баласынан.

– Папам қазір үлкен қала салып жатыр екен, мен азамат болғанша салып бітіруге уәде берді, мен де папама тезірек үлкен боламын дедім.

– Құрып қалсын сенің папаның қаласы, бізді құртқан сол шимайы... бар болсын, неғып көзің бақырайып қарап тұрсың, жина мына төсегінді, елдің сендей баласы қолына сыпыртқы алып, үйді тазалап шешесіне қолқабыс қылады. Сен де әкене тартқан қаңғыбассың.

– Менің папам жақсы.

Маздақ ұлының жанына жетіп келіп, алақанымен кішкентай жаурынының ортасынан салып қалды. Қолы қата тигенін сезді.

– Мама....

Жазықсыз жәбірленген Думан көздері бақырайып шешесіне қарап алды. Маздақ ұлының түрін көріп теріс бұрылып кетті де, не істерін білмей, бұрышта төрт аяғ шіреніп, үнсіз тұрған телевизорды іске қосты. Думанның тынысы тарылды. Есіне папасы екеуі балконда жатып, қашан қалғып кеткендерінше жұлдыз санайтындары түсті. Амалы құрыған бала кішкентай гантельді аяғымен төсек астына домалатып жіберді де, терезе алдына келді. Пердені ысырды. Қар. Аппақ қар. Алғашқы қар. Думан ақ тұмандана жауған қарға қарады. «Папа, сен қашан келесің? Келсеңші, папа?». Мен сені жақсы көремін. Айтқан сөздеріңді тыңдаймын, папа, мен ақылды болам, сен маған ренжіп кеттің бе, папа, ренжіме. Папа, сен қала салмай-ақ қойшы, осы үйде тұра берейік, балық аулап келген соң екеуміз балконға жатып жұлдыз санаймыз...»

– Думанжан, келе ғой, – деді Маздақ ұлына жылы ұшырай сөйлеп.

Бала жауап қатпады.

Ақ ұлпа қар аспан әлемінен үнсіз, тіптен қауқарсыз құлап жатыр.

Думан аппақ әлемге қарап жылап тұр.

– Папа, сен қашан келесің, тезірек келсеңші...папа...

Маздақ ұлына жақындай берді де, тұрып қалды.

Қар. Аппақ қар. Алғашқы қар. Бала жылап тұр. Маздақ аппақ әлемге, ақ дүниеге қарай алған жоқ?.

«Ты найдешь себя, любимый мой, и мы еще споем...»

Қар. Жапалақ-жапалақ етіп жерге қонып жатыр. Аппақ. Ақ қала. Ақ дала. Қар құшағында қалған ағаш бұтақтарын селт еткізіп оятып, ақ үкі қонды. Үн-түнсіз жауып жатқан қарға қарап отыр. Түймедей көздерімен аппақ әлемге қызықтай қарайды.

«Без меня тебе любимый мой, лететь с одним крылом...»

Өн қалықтап барады. Қар толассыз жауып жатыр. Аппақ қар....Алғашқы қар...

Ас үйдің жарығын сөндіріп, жатын бөлмеге ақырын басып бара жатыр еді, телефон шырылдады. «Қайсысы тағы?» Трюмо тұсындағы жарықты жақты да, телефон трубкасын көтерді.

– Да, тыңдап тұрмын.

– Маздақ Кереевна, сәлеметсіз бе, сізді...

– Гүлмира, сен бе айналайын, не боп қалды?– деді мед-сестраның даусынан танып.

Гүлмира мезгілсіз телефон соғып тұрған жағдайын айтып шықты.

– Қазір барамын.

– Апай, сізге машина жіберілді, -деп Гүлмира трубканы қойды. Маздақ жылдамдатып киінді, тумба үстінде тұрған үйдің кілтін қолына алды да, танауы пысылдап ұйықтап жатқан ұлының бас жағына кеп отырды. Маңдайынан ақырын өпті де, көрпесін қымтап, күрсінді.

Подъезд алдына кеп тұрған жедел жәрдем машинасының қартан шофері оны күтіп алды.

– Сәлеметсіз бе, аға?

– Қайырлы кеш, шырағым. Отыр, – деп есікті ашты.

– Рахмет, аға, – деп Маздақ машинаның жұмсақ орындығына жайғасты. Олар он минуттан соң әйелдер босанатын клиникалық емханаға келді. Баспалдақпен жылдамдатып үшінші қабатқа көтеріліп келе жатыр еді, қарсы алдынан балалар дәрігері мен Гүлмира кездесті.

– Сәлеметсіздер ме, Исаак Исаакович, бүгін кезекте сіз бе едіңіз?

Гүлмира жылы жымыып күлді де, кері бұрылып кетті.

– Рахмет, Маздақ Кереевна, сізді қарсы алуға түсіп бара жатыр едік, былай жүріңіз.

– О, Исаак Исаакович, оларыңызға көп рахмет.

Кабинетке кірісімен үстіне ақ халат киіп алды. Есікті ашып имене кірген ұяң қызға:

– Гүлмира, айналайын, анализдермен танысып шықсам, – деді.

– Мен әкелдім, апай.

– Рахмет, – деді он тоғыз жасар қызға көз тоқтата қарап. – Өз жағдайың қалай болып жатыр, айналайын?

– Жатақхана ала алмай жүрмін апай, тұрып жатқан пәтеріміз қолайсыздау.

– Бір амалын табармыз, – деп Гүлмираға мейірлене қарады. Қолына науқас кітапшасын алды. Кенет, бота көздері шарасынан шығып кете жаздап, шегініп кетті. Қолындағы қағаз үстел үстіне түсті.

«Қаламқас... сен бе, Қаламқас».

– Апай, сізге не болды, – деп Гүлмира оның жанына жетіп келді. – Маздақ Кереевна, сізге...

Исаак Исаакович оның білегінен ұстап тамыр соғысын байқады.

– Гуля, терезені ашшы.

Олар айқара ашылған терезе алдында түнгі ауамен дем алып тұр.

– Ештеңе етпейді, қазір бәрі жақсы болады, – деді Исаак Исаакович. – Темекі тартыңыз, – деп қалтасынан «ВТ» сигаретінің қорабын шығарды.

– Рахмет, Исаак Исаакович, тартпаймын, қажеті жоқ.

Гүлмира тоңазытқыштан «Сарыағаш» суын стақанға құйып әкеп берді.

– Маздақ Кереевна, – деп терезені жауып жатқан Исаак Исаакович әлдене демек еді. «Сіздер шыға тұрыңыздаршы» деп Маздақ оларға өтініш айтты.

Олар кабинетте Маздақты оңаша қалдырды. «Қаламқас... Қаламқас. Екеуміздің кездесетін жеріміз осы ма еді?! Құдайдың бұл қай мазағы? Ар мен ұят, борыш пен намыс сынасар жер осы ма? Бұл өмір неткен қиын еді?» Маздақ еңсесін басқан ауыр ойдан тез арылды да, анализдермен мұқият

танысып шықты. Есікті ашып, дәлізде тұрған әріптестерін шақырды.

– Маздақ Кереевна, қандай тұжырымға тоқтадыңыз?– деді балалар дәрігері Исаак Исаакович.

– Операция, басқа жол жоқ.

– Маздақ Кереевна, мен өзім де солай ойлаған едім, хирургтың үйіне телефон соққанмын үйінде жоқ, енді келмесе, – деп телефон дискасын бұрап жатыр еді, Маздақ оның қолының сыртынан ұстады.

– Қажеті шамалы, үйінде жоқ адамды күтіп отырамыз ба?

– Біз әлі мамандарға зәру мекеме екенімізді өзіңіз білесіз ғой, – деді балалар дәрігері әріптесі алдында мәдениеттілігін көрсетіп.

– Менің мамандығым– акушер-гинеколог екенін сіз ұмытпаған боларсыз...

Балалар дәрігері оның бірден шешімге келгеніне қуанды.

– Мадам, Вашу преданность к своей работе я всегда с почтением признаю, – деді Исаак Исаакович сүйсініп.

– Рахмет, сеньор.

Маздақ медсестраға бұрылды:

– Айтпақшы, әйелдің соңынан біреу келді ме?

– Бізге ешкім жолықпады.

– Ал, жарайды, онда бастайық.

Операция үстелі.

«Жарық беріңіздер...жарық...»

Емхана алдына кеп жер тістей тоқтаған қызыл шамды таксиден Тасқын жүгіре түсті. Ішке еніп Қаламқастың жағдайын сұрап білген соң, байыз таба алмаған ол далаға шықты. Қалтасынан темекі алып тұтатты. «Жаны қалса болды, жаны...» Бағана Ленинградтан самолетпен келісімен асығып жеткен, есікті өз кілтімен ашып үйге кірді. «Қаламқас» деп дауыстады. Жауап болмады. Жүрегі су ете түсті. Жатын бөлмеге кірді. Жоқ, есікке қайыра ұмтылып барып, тумбочка үстіндегі бір парақ қағазға көзі түскен.

«Жаным Тасқын!

Самолет жайлы қонған болар, жаным. Ренжіме, қарсы алуға бара алмадым. Бірнеше минуттардан кейін роддомға кетем. Қатты қиналдым. Өзі де тентек ұл болар. Сүйдім!»

P.S. «Көйлектерің үтіктеулі, шкафта тұр». Қаламқастың өзіне таныс шимайланған қолын көрді.

Саусағының ұшы дыз ете түсті. Тұқылы ғана қалған темекісін лақтырып тастады. Үшінші қабаттағы жарық жанып тұрған терезелерді санап шықты. Тура он үш. Қалтасынан темекі алып тұтатты.

Түн. Қала. Аяқ дыбысы.

...Шар ете түскен бала үнін естігенде Маздақтың жүрегі жарыла қуанды. Жарық дүниеге інгәлап келген сәбиді Исаак Исааковичтің қолына берді. Операция сәтті аяқталғанына қуанды. Буындарынан әл кетіп, екі шекесі солқылдады. Қолын сабындап жуды да, ақ сүлгімен мұқият сүртті. Сосын шынының ішінде арнайы аппараттармен дем алып жатқан балаға сүйсіне қарады.

– Ұл бала, – деді Исаак Исаакович қуанып. – батыр екен өзі.

– Көзіңіз тиеді, Исаак Исаакович, біздің халықта жас балаға сұқтануды жақтырмайды.

– Ол сөз жалпыға ортақ, Маздақ Кереевна, менің көзім балаға тимейді, оларды сүйеді...

– Ағай...

Ол селк ете түсті. Жоғарыдан Гүлмира тағы дауыстады. Тасқын басын көтере алмай қиналды. Арқасы мұздап, буындары қалтырап кетті.

«Аман ба өзі...»

– Сіз кімді күтіп тұрсыз?– деп Гүлмира сыңғырлай күлді.

– Мен бе№...

Тасқын дауысын шығара алмай қиналды.

– Ұлыңыздың бауы берік болсын!

Бұлдыр дүние дөнгелей берді. Ол бар күшін жинап, бойын тіп-тік ұстап жоғары қарады.

Самсаған салтанатты жұлдыздар.

«Өмір неткен тәтті едің...»

Түн. Қала. Жүрек дүрсілі.

– Да, тыңдап тұрмын, – деді Маздақ телефон трубкасын көтеріп.

– Маздақ Кереевна, сіз бе?– деді ар жақтан қарлыққан дауыс.

– Иә, мен.

– Осыдан бір-екі сағат бұрын мені іздепсіздер.

– Бәрі сәтті аяқталды, жайлы жатып жақсы тұрыңыз, – деп Маздақ трубканы тұғырына қоя салды.

– Ол кім? – деді Исаак Исаакович терезе алдында темекісін тұтатып жатып.

– Хирург.

– Ну да, жастар деңіз, үйіне жаңа ғана келген екен ғой: жастар, менің биыл он алтыға толған Нәллиімнің үйге қонбағанына бүгін екінші күн. Күніне бір рет шешесімен телефон арқылы сөйлеседі...соның тәрбиесі, сегізінші класта джинси деді, әпердік, банан деді оған да көндік. Енді Австралияның тоңы...

Кабинетке ұяла басып Гүлмира кірді. Үстіндегі ақ халатының өңірінен құлаған бұрымы бота тірсегін тосады.

– Апай, – деп келе жатты да терезе алдында тұрған Исаак Исааковичті көріп қысылып қалды.

– Не айтайын деп едің, айналайын?

– Жай, – деп Гүлмира қысылып кабинеттен шығуға ыңғайланып еді, Маздақ оның нәзік білегінен ұстады.

– Айта ғой, айналайын.

Исаак Исаакович темекісін өшірмеген қалпы кабинеттен шығып кетті.

Гүлмира жабылған есікке қарады да:

– Апай, мен жатақхана ала алмай жүрмін, – деді.

– Неге? Өткен жолы бас дәрігер жұмысшылар жатақханасына қатынас қағаз жазып еді ғой.

– «Бере алмаймыз» дейді. «Жаңадан ашылған Мәншүк Мәметова атындағы тігін фабрикасына келген жастарды орналастыра алмай жатырмыз» дегенді айтты.

– Иә, айналайын, қаламыз көркейіп келеді ғой, – деп Маздақ күрсініп алды да сөзін қайта жалғады, –Тұрмысқа қашан шығушы едің... Мейірбек деген жігіт іздеп келуші еді....

– Апай, сіз не...

Маздақ күліп алды.

– Ойнап айтам, сіңлім, ертеңнен бастап біздің үйде тұрасың. Бөлме жетеді...Сені Думан да жақсы көреді. Соған келісейік, айналайын.

– Апай, сіз сондай мейірімді жансыз.

Гүлмира Маздақты құшақтап бетінен сүйді. – Сізді жақсы көрем. Біздің детдомда да сіз сияқты мейірімді адам тәрбиеші болған.

Маздақ Гүлмираның маңдайынан сүйді.

– Қысылма, сіңлім, ертең кел, ал мен үйге қайтайын, «сен келеді» деп Думан бауырыңды да қуанта берейін.

– Рахмет, апай.

Гүлмира көз жасын көрсеткісі келмей терезе алдына қарай кетті. Маздақ ұзын дәліздегі креслода темекі тартып ойланып отырған Исаак Исааковпен жылы қоштасты.

– Қайырлы түн болсын, қарындасым.

– Рахмет, Исаак Исаакович!

Баспалдақпен төмен қарай түсіп келе жатқан Маздақ кілт тұра қалды.

– Тасқын, сен...

Тасқын оны дәл осы жерден кездестірем деген ойы болмаған еді. «Қалайша? Маздақ осында...»

– Сен...сен...осында...

Маздақтың жүрегі шаншып-шаншып кетті. «Жүдеп кетіпсің ғой». Ол бойын тез жинап алып бұрынғы күйеуіне қарады.

– Алаңдама, бәрі жақсы. Ұлың бар, – деді тамағына өксік тығылып.

– Рахмет, жолыға алам ба?– деді Тасқын не айтарын білмей.

– Жоқ, – деді Маздақ жан-жағына қарап. –Жолыға алмайсың, кейін, жүр мені шығарып сал.

Емхана алдындағы самала жарықтың астында кетіп бара жатқан екі көлеңкеге қарап, Гүлмира терезе алдында жылап тұр. «Мейірім, Адам мейірімі. Дүние шуағы бір ауыз сөзден тұрады екен-ау...Мені анам роддомға тастап кетті. Менің қандай жазығым бар еді? Мен оған өкпелемеймін, анашым, тек маған бір көрінші...Қандай екенсің бір рет көрейінші....жан-ана....»

«Жедел жәрдем» машинасының рулінде қалғып отырған қартаң шоферды ешкім мазаламады.

– Үйге кір, – деді Маздақ есікті ашып.

Олар үнсіз үйге кірді. Тасқын аяқкиімін шешіп тұрып қалды.

– Былай шыға бер, мен қазір, – деп Маздақ оған қонақ бөлме жақты нұсқап, өзі жатын бөлмеге қарай кетті. Тасқынның аяғы еденде төселген жұмсақ кілемге тигенде жүрегі атша тулады. «Думан екеуміз сан рет ойнап едік». Жатын бөлмеден халатын киіп, Маздақ келді де, креслоға отырды. Ауыр бір күрсініп алды. Үнсіздік. Көгілдір сәулелі «Электрон» сағаты секундтарды жаңылмай санайды. Аз үнсіздіктен соң Маздақ орнынан сылбыр тұрды да «Консул» гарнитурының ішінен жеңіл шарап алып шықты.

– Қажеті жоқ.

– Неге қажеті жоқ, бар. Бүгін сенің қызығың емес пе? Ұлың бар, қуанайық, күлейік...тіпті билейік...кәне, аш...

Тасқын жеңіл шарапты ашып екі тап-таза рюмкаға орталап құйды.

– Ал, кел, – деді Маздақ ызалана мырс етіп күліп.

– Саған рахмет, – деді Тасқын рюмкасын қағыстырып жатып.

– Не үшін?

– Қаламқастың жанын....

– Ха...ха...күлемін-ау, – деді Маздақ тамағына өксік тығылып. – Ол менің дәрігерлік парызым ғой...кел алып қоялық, сосын билейміз, музыка...иә, сен таңқалма, кейінгі уақытта осындай боп кеткем.

Тасқын рюмкадағы шарапқа тиіспеді. Маздақ тауысып алып қойды.

– Думан қайда?

– Ол ұйықтап жатыр. Оятпай-ақ қояйық.

– Мені іздей ме?

Маздақ оның сұрағына жауап бере алмады. Олар тағы үнсіз отырып қалды. Тасқын ауыр бір дем алып, аркасын креслоның жұмсақ арқалығына тіреді. Ойына Ленинградта жүргенде «Балалар әлемінен» Думанға алған базарлықтары түсті. «Ертең әкеп беру керек».

– Сен, сен не, жылап отырсың ба?– деді Тасқын екі иығы дірілдеп, алақандарымен бетін жауып алған Маздаққа қарап. Келіншек халатынан қол орамалын алып көз жасын сүртті.

– Мен адастым. Адаспадым демеймін, айырылысқаннан кейін сен екі айдан соң Қаламқасқа үйлендің. Біз үйленген жылдары саған өліп-өшіп хат жазған. Ақыры құдай тілеуін берді.

Тасқын тістеніп үндемей отыр. Маздақ ол сөйлемеген сайын қинала түсті.

– Думан үшін кешіруің керек еді, – деді Маздақ жыламсырап. – Күнде-күнде, сағат сайын «Папам қашан келеді?» деген сайын, бұл дүниеден безіп кеткім келеді. Сен неге үндемейсің? Бірдеңе десеңші. Бас салып неге ұрмайсың. Мен ішем, мен бұзыламын, ал ендеше...

Маздақ журнал үстелінің ортасында тұрған шөлмектің жіңішке мойнынан ұстап, қақала-шашала жұта бастады. Тасқын оның қолынан бөтелкені жұлып алды.

– Не болған саған? – деп бөтелкені гарнитурдың ішіне салып қойды. – Не болған саған, ал мен кетейін, ұлыма ертең келем.

Келіншектің еріндері дірілдеп, көзінен жас парлап ағып тұр. Оған ызалана қарады.

Тасқын үйден шығып кетті. Подъезден шығысымен мойнындағы галстугін ағытып алып, пиджагінің қалтасына салды. Тротуар бойымен келе жатып, түнгі аспанға қарады. Ал-қара көк аспан дүниеде құс жолы созыла түсіпті. Құс жолы...

Маздақ ваннаға кіріп, мұздай суық суға жуынып алды да, төсегіне кеп жатты. Талай уақыт кеудесін жаншыған азапты ойлардан сергіп қалған сияқты. Ұйқы шақырған көздерін жұма алмай қиналды. Ақырын жылжып кеп терезеден түскен айдың сүттей сәулесі қабырғада ілулі тұрған Рафаэльдің «Сикст құдай анасы» суретіне түсті. Құдіретті живопись туындысына Маздақтың көзі түйіскенде жүрегі дір ете қалды. Думан дүниеге келгенде Тасқын осы Рафаэльдің «Сикст құдай анасы» туындысын алып кеп: «Маздақ, бала көтерген құдай-анаға сені ұқсатамын» деп қабырғаға іліп қойған. Маздақ суретке ұзақ қарап, өткен күндерін ойлады...

Көзі жұмылып барады. Ақырын тыныстап ұйқыға кетті.

Тәтті түс көріп жатқан Думан аунап түсіп сөйлеп жатты.

«Папа!...»

(СОҢЫ)

...Сол түні Маздақ көз ілмей шықты. Таңның тезірек атуын да тілемеген. «Біз ертең бұл қаладан кетеміз». Думанды алып келерсің...» Санасында Тасқынның осы сөздері ғана...Басқа ештеңе жоқ. Азапты түн таңға ұласты. Маздақ Думанды жетектеп аэропортқа келген. Бірден жоғарыға шығып кетті. Буфеттен Думанға балмұздақ әперді. Киоскіден газет-журнал алды. Тынши алмады. Төмен қарады. Титр. 3 секция. 42-67 рейс.

Кейін шегінді.

– Папа, папа...

Думан баспалдақпен төмен қарай жүгіре жөнелді.

– Думан, ұлым...

Жаңғырған дауыстар.

– Думан, ұлым....

– Папа, папа...

Маздақ ұмтылып барып тоқтады. Абылай мен Майгүлді, құндақталған бала көтерген Қаламқасты көрді.

Елес, Елес. Елестер.

Бала көтерген Қаламқас. «Сикст құдай анасы».

Ер-тұрманның әбзелі күнге шағылысқан боз жорға ақ селеулі даламен жосып барады.

Маздақ кейін шегінді.

Жарқ-жұрқ еткен қызыл-жасыл жарықтар. Француз әтірінің иісі. Баланың көз жасы. Қып-қызыл алма. Қаламқас бала көтеріп келе жатыр.

Маздақ кейін шегінді.

Ұшу алаңы. Аппақ құстар көктен зулап кеп алаңға қонды да, іле тап-таза аспанға көтерілді. Кеудесіне қара таңба түсіріп алған бір құс ұша алған жоқ....

Ұшу алаңы. Көктен «Сикст құдай анасы» түсіп келе жатыр.

Дауыл. Жапырақтар жер бауырлап ұшып жатыр.

Маздақ кейін шегінді.

Әуеде аппақ құстар.

Алматы,
1984 жыл



2 БӨЛҮМ
ӘНТҮМЕЛЕР



ЛЕНИННИҢ БӘТЕНКЕСІ

*А, дүние, дүние,
Ақылға сонда кім ие?
Шәкәрім*

Шошып оянған... Осыған өте ұқсас қорқынышты түсті бұрын да көрген. Бес жыл бұрын облыстық мәслихатқа депутаттыққа үміткер болғанда. Нақтысы сайлаушыларына қытайдың қантын тегін таратып жүрген кәсіпкермен үзеңгі қағыстырып мәреге жеткен кезде. Сегіз адам. Алтауы төбе басына шыға алмаған. Көтерілген кәсіпкер мен Жазушы. Алда екінші айналым. Шешуші. Сайлау комиссиясы мен төрағасының шешімі баспасөзде жарияланды. Жазушы өзін жеңіске жеткендей сезінді. Кәсіпкермен тең түсті. Тіпті, біраз дауыс артық алды. Қолдаушы, тірегі жоқ Жазушы екінші айналымға шықты. Теледидар, газет, радио күндіз-түні ақша шашқан Кішкентайды мақтады. Бұл жаяу жүрген. Тоңған. Әу баста республикалық беделді газеттің меншікті тілшісі, бір прозалық кітаптың авторын жігіттер, студенттер қолдауға келген. Ақшасы жоқ екенін біліп біразы Кішкентайдың компаниясына кеткен, қалғандары теріс айналған. Бұл жалғыз қалды. Бірақ... бірақ... екінші айналымға шыққан. Халық қолдаған. Сол күні қорқынышты түс көрген.

Бүгін тағы көрді. Түсті. Шошып оянған. Баяғы сол базар екен дейді. Ағыл-тегіл адам екен дейді. Жалаң аяқ, жалаң бас қалың саудагерлердің алдында қайыр сұрап сұңқылдап отыр.

Терісаққан. Адамдар. Ала қап арқалаған, арақ, темекі сатқан өңкей жайсандардың ортасында Жазушының жалғыз өзі. Домбырасының құлақ күйін келтіріп алды да, әнге басты.

Бәрі аңтарылып бір сәтке қарады. Қарады. Ән салған шерлі қайыршы Жазушыға. Жұлым-жұлым жүдеу адамға.

Дертімді менің қозғама

Онсызда ғұмыр аз ғана,
Бәрі күбірлеп сөйлей бастады. «Апыр-ау, дауысы та-
ныс». «Мынау, әлгі...».

Адасып жүрген ақбөкен,
Қайжаққа ауып барасың,
Қай жерден пана табасың.

Өзегі өксік дүние-ай,
Өртеніп іштен жанасың.

Ақбөкен-ау, ақбөкен...

«Ей, бейшара-ай».

«Осы жігітті қайдан көрдік...»

«Полигонда ақбөкен қырылып жатыр деп алғашқы да-
был қаққан осы жігіт емес пе?»

«Бір кезде жап-жақсы жазушы еді».

«Иә, әлгі миллионердің карманный жазушысы емес пе?»

Бәрі бұған мүсіркеп бір-бір доллардан тастады. Мың-
миллион адам. Көк қағаз аспаннан жапырақтай жауды.
Байқап тұр, тұп-тура 30 кг болды. Бұндай қуанбас. «Мама-
ма үй әперем». Қайдан шыққаны белгісіз, бастығы жетіп
келсін. «Сен сияқты бичке доллардың керегі не, сен менің
идеологиялық құлымсың...»

Жазушы басын изеді.

«Мен саған бес жыл бойы айлық төлегем».

Басын шұлғыды.

«Сен мені сатып кеттің, оңбаған сағқынсың, жақсылық-
ты білмеген итсің».

Бірдеңе айтқысы келген. Тілі күрмелді. Кішкентайдың
мысы басты. Кір-кір тырнағымен жұлым-жұлым кеудесін
тырналай берді.

– Ха, ха, жыласаңшы, сенің көз жасыңды, жалынғанын-
ды көрсем, жаным рақаттанып қалады. Жалын кәне, жыла,
жыла.

Бір тепті де, алдындағы доллардың бәрін жинап алып
кетіп барады.

Жазушы зар иледі: «Мамама үй әперейін деп едім. Тым
құрмаса үш килосын тастап кетші... Бес жыл күндіз-түні
шапқылағанымда үш килограмдық еңбегім жоқ па?».

Тағы тепті. «Мен саған айлық төлегем».

Жазушы зар еңіреп жылады.

Кішкентай ұзап барады...

Шошып оянған. Ағыл-тегіл жылап жатыр екен. Қуанды. Түсі болғанына. Түнемелден шығып мұздай суға жуынып алды. Гүлім мен ұлы диванда жатыр. Быжылдап тұрған телевизорды өшірді. «Мен жаман түс көріп жатқанда, шешесінің бауырына тығылып ұйықтап жатқанын қарашы» деп ұлына іштей кіжініп алды. Келіншегі оқушыларының дәптерін қарап тастапты. Ас үйге кіріп, суық шәй ішті. Радионың құлағын бұрап еді, гимнді баяғыда ойнап кеткен сияқты. Үнсіз.

Жылы жамылғы жапты. Гүлім ұйқысырады. «Ертең айлық бере ме екен?» Жүрегі шым етті. «Айналайын, Гүлім менің, мені сен ғана түсінесің». Гүлім – Күнім сенен басқа кімім бар?» Жүрегі шым-шым етті. Қапсыра құшақтады. «Папасы, қойшы, танертең бірінші сабағым бар». Қоймады. Гүлімді құшақтап жатып ұзақ ойланды. «Мен неге осындай бейшара болып қалдым, адал жұмыс істемедім бе, еңбегім неге жанбайды». Жүрегі шаншып-шаншып кетті. Думан шешесін іздеп қыңқылдап жылады. «Бар, түнемелге барып жат, мен қазір...» Сүйретіліп орнынан тұрды. Балконға шықты. Аспаннан сол сәт бұны тосып тұрғандай жапалақтап қар жауды. Алғашқы қар. Әппақ. Есіне түсті. Баяғыда Алматыдан «День Валентинада» Гүлімге хат жазған. Жауап жоқ. Телефон шалған. «Аға, сізді тыңдап тұрмын». «Аға, бір құрбымның туған күніне бара жатыр едім...» қатты қызғанатын. Сол Гүлімге екі жылдан соң қолы жеткен. Думан дүниеге келгенде жер бетінде бұдан бақытты адам жоқ еді. Ұлын перзентханадан көтеріп алып шыққан. Сол кездегі қуаныш. Жүрегі бұлқынды.

– Папасы, тоңасың ғой.

Екеуі аппақ қар құшағына құс болып бірге ұшатындай. Қалықтап, сонау ғажап әлемге ұя салатындай. Келіншегі оның иығына куртқасын жапты да, құшағына ене түсті.

Гүлімнің шашынан сипады. Көзінен, ернінен сүйді.

– Ақылдым менің.

– Не ойлап тұрсың?

– Кімді деші? Сені, Гүлім! Тек сені ғана!

– Қойшы.

– Рас айтам, баяғыда «День Валентинада» саған жазған хатымды ойлап тұрмын.

– Жаным менің!

Гүлім күйеуінің мойнына асылды. Еркеледі. «Қойшы, сенің Алматыдан жазған хатың есімде жоқ курстастарыңның біреуіне жазған хатынды айтып тұрған жоқсың ба?»

Жазушының жүрегі тулап-тулап кетті. Зымыраған уақыт-ай. Кеше ғана екі бөлмелі үй алған сияқты еді. Думан биыл мектепке барды. Тек жұмыс... бәрі жақсы еді, бастығы...

Қар. Аппақ. Әдемі. Момын. Сонша нәзік. Ақырын-ақырын жауып тұр. Мәңгілік тыныштық. Сұлулық. Осының бәрін өзі бұзды. Бір-ақ ауыз сөзбен.

– Думанға қысқы етік...

Келіншегі құшағынан шығып, үйге кіріп кетті. Жазушы алғашқы қарға қарап ойланып тұр. «Адам қызық, бір сұлулықты көрсе, бір байлықтың шеті көрінсе мәңгілік екен деп ойлайды. Мына жауған қарды боран ұшырады, аяз қатырады, көктем келіп ерітеді. Жаз болады. Маса, шыбын-шіркей. Күзді аңсайды. Одан қайтадан қыс келеді. Өстіп быжырынып-тыжырынып жүргенде, өмірдің өткенін де білмей қалады». Өзіне-өзі ыза болады. «Осы менің басым істемейді, әйтпесе жұмыстан босаймын ба?». Шашына қонған қарды сілкіп тастап еді, мұрнына жарған қауынның исі келді. Тоңып кетті. Ішке кірді. Кеш болса да Гүлім телефонмен сөйлесіп жатыр.

– Мама, ренжімеңіз, папам ұйықтап жатыр ма? Жо, жо-жок... ертең бірінші автобустан ақша, ет, күріш, егер бар болса, біраз май беріп жіберші. Думанға етік...

Түн емелге кіріп кетті. Басын жастықтың астына тығып, ештеңе естігісі келмеді. Бірақ кеудесін тырнаған ыза-кек маза бермеді.

«Баяғыда, – деп ойланды Жазушы, – Женіске жетіп тұрғанымда ағаларым алдыма келгесін, Кішкентайға жолымды бердім ғой. Бұл жолын бермесе, Нәуке ағасы Парламентке өте алмайды екен. Екі күш, екі кандидат Нәукен мен Кішкентай бірігуі керек. Әйтпесе дауыс бөлінеді.»

Сайлау біткесін Жазушы онсыз да сұрқы кетіп тұрған қаланы алабажақ қылғысы келмей, өзінің суреттері, бағдарламасы ілінген жерлердің бәрін тазалап шыққан.

Ой. Ой. Ойлар...

Күн-түн демей жұмыс істеді. Республикалық басылымның бәріне шығарды. Мақтады. Болашағына сенді. Облыстық мәслихаттың депутаты ретінде бүкіл ел білді. «Қайырымды. Білімді қазақтың азаматы осындай болсын. Қалай бағасын білмей жүргенбіз». Тандайын қаққандардың қатары көбейді. Кішкентайдың имиджі көтерілді. Мерекелі, даталы күндерде бастығы теледидар мен радио, газет бетін босатқан жоқ. Осының бәрін Жазушы жазған. Жазушы жасаған. Оны бір құдай мен бастығы ғана біледі. Енді, міне, жұмыстан бос. Ешкімге керегі жоқ. Бес жыл. Бақандай бес жыл күндіз-түні шапқылаған. Өзімен бірге істеген жігіттер бір үй, бір мәшине алған. Жазушыға велосипед те бұйырмады. Енді, міне, баласының аяғына етік алып беруге шамасы жоқ. Жұмыссыз. «Жоқ. Жоқ...»

Далада алғашқы қар жапалақтап жауып тұр.

Жазушы үнсіз жылады.

Қорланып...

Жазушы күйіктен ішіп кетті. Басқа амалы құрыған. Өзгерген. Нұр шашып тұратын көздері кіртііп, сөйлеген сөздері бұзылып көшеде кездескен танысына тура қарамай алға тарта беретін болған. Тозған. Бір жақсысы таңертең келіп, кешке сүріне-қабына төсегіне кеп құлайтын көрінеді. Айықтырғыштың босағасынан аттап, халық әндерінің біразын сонда орындапты. Таныс полицей үйіне әкеп тастапты. Бірде ұрлық жасады. Кәдімгі мемлекеттік деңгейдегі ұрлық. Оған өзі ұялған да жоқ. Ол былай болған. Ертістің жағасындағы күн көсем Лениннің ескерткіштерінің біреуін әлдекімдер көтеріп алып кетіпті. Білетіндердің айтуынша түрлі-түсті металл сынықтарын қабылдайтын жерде өңделіп, қытай асып кететін көрінеді. Ұрлағандар өзі сияқты тәжірибесіз екенін Жазушы сезген. Өйтпей ше, күн көсемнің екі үлкен бәтеңкесін қалдырып кетіпті.

Ол ұзақ ойланды. Бәтенкеге қарап. Таза мыс. Тәп-тәуір ақша. Расында мол ақша екен. Қол шанаға салып алып, қабылдау пунктіне тапсырғанда оған көзі анық жетті. Содан бері аузы аққа тиіп, қолы ұзарып, паркте саяси әңгімелерді бірге айтып, бас жазатын жігіттердің алдында беделі өсіп-ақ қалды.

Тағы бір байқағаны – ешкімнің ештеңеде жұмысы жоқ екен. Лениннің бәтенкесі салынған шананы көшеде сүйретіп келе жатқанда бір адам «Шырағым, мынауың не?» деген жоқ қой.

Кеше драматургияны қолға алып жүрген бір жігітпен кездесіп қалған. Әй, бір жақсы азамат. Жазушыны керемет сыйлайды. Бұл да оның 50 беттік пьесасын бастан-аяқ қайта жазып, тыңнан кейіпкерлер қосып, жөндеп берген. Екеуден-екеу отырып бір сілтеген. Арғы жағы бұлыңғыр. Есінде қалғаны...

– «Аға, менің пьесамды үстінен қарап шыққаныңызды ешкімге айтпаңызшы... Сізді жұмыссыз қалдырмаймын. Жігіттерге айтып бірдене қылармыз.

– «Рахмет, бауырым, маған сенің жаның ашымағанда кімнің жаны ашиды. Қай жерге барсам да «Кішкентайдың советнигі едің ғой» – деп бетіме басады.

– «Сізге Волга беріп еді ғой».

– «Әй, әкеңнің»... – деп ыза болғаны соншалық, алдында тұрған қырлы стақандағы көкпенбек арақты тартып жіберген.

...Шөлдеп жатып оянды. Түсінбей қалды. Өз құлағына өзі сенбеді.

«Жай шақырттың ба?»

«Қайдан жай болсын, анау әлі жатыр, айдан асты жұмыссыз. Оны қойшы, күнде үйге мас...» Екі беті ду ете түсті. Орнынан тұрмақ еді, онысынан ештеңе шықпады. Бір қырына аунап түсіп, жата берді. Мұрнына сәлден соң тамақ иісі кеп, жұтынып қойды.

– Сені шақырады, – деп ұлы түнемелге кіріп шықты. Соңғы уақытта әкесіне бұрынғыдай еркелеуді қойған. Жазушы соған ыза болады. Ішкен кезде бір-екі рет құлағынан тартып: «Сен менің ұлым емессің», – деп жылатып қойған. Орнынан зорға тұрып, ваннаға кіріп біраз бөгеліп шықты. «Қайдан ғана жетіп келіп еді?»

- Сәлеметсіз бе? – деді қарсы кездескен енесіне.
- Балам, халің жақсы ма?
- ?

Дастарқанның шетіне барып отырды. Буын-буыны дір-дір етеді.

Енесі үлкен кесеге құрт қосылған көже құйып әкеп берді. Қара бұрышты сеуіп-сеуіп жіберді. «Шіркіннің иісі, бір жүз грамм болса».

Ойын ұға қойды ма, енесі ортаға бір бөтелке арақ қойды.

– Жақында омыртқаға көршілерді шақырғанбыз, сарқыт қой, өзің құйып ішерсің, балам.

«Молодец, теща». Баға алмай біраз отырды.

– Ойбұй, газға сүт қойып едім, – деп енесі ас үйге қарай кетті.

Жазушы бір кесе арақты бір-ақ төңкерді. Борша-борша тер кетсін.

– Ненавижу тебя! –Гүлім күйеуіне жиіркене қарады. – Алкаш несчастный.

Жазушының беті бүлк етпеді. Көжені баппен ішіп отыр.

– Кәне, балам, ыстықтай құйып әкелейің, терінді сүртші, – деп ас үйден қайтып келген енесі гүлді орамал берді. Жазушы белуарынан тұрған бөтелкенің түбін әп-сәтте көрсетіп тастады. Ағыл-тегіл терлесін.

– Думантай, тамақ ішпеуші ме едің?

– Жоқ, апа, ертең екеуіміз «Собачий бойға» барайықшы.

– Онысы несі, тағы?

– Стадионда иттерді төбелестіреді.

– Әкең екеуің бармайсындар ма?

– Онда ақша жоқ.

– Қой, үлкен кісіні мазалама, – деп Жазушы баласына зекіп тастады.

Енесі екеуі шай ішіп отыр. Бағанағыдай емес, ол өзін еркін сезінді.

– Таймас қалай, үре ме?

– Енді, ит болғасын үреді ғой... Әйтеуір қораға ұры-қарыны жолатпайды. Соған шүкір дейміз. Қазір не көп, екі аяқты қасқыр көбейді ғой.

Ауылдың адамдарына қиын боп тұр.

Думан шикылдап күлді. Әкесіне қарап. Жазушы ыңғайсызданды. Атасы есіне түсті.

– Ағам қалай?

– Ағаң сол, жүр, шал болғасын ептеп ауырып қояды. Жақында пенсия берген, өткен екі-айдың... сосын өздеріңе келіп кетейін дегеніміз ғой.

Шайді ұзақ ішті. Екеуден екеу. Гүлім мен ұлы өз бөлмелерінде. Тым-тырыс.

– Гүлім ванна дайындап қойыпты. Қазір күн аяз, жастықпен байқамайсындар, аяқтан өткен суық қиын болады, – деді енесі.

Сол күні Жазушы тұяқ серіппей ұзақ ұйықтады.

Стадион толы қазақ. Шу-шу етеді. Көбінің қолында көк бөтелкеге құйылған қытайдың сырасы. Жазушы жұтынып қойып, нағыз итше таласып жатқан иттерге қарап отыр. Жеті атасы Шыңғыстаудың қасқырынан қасқыр қоймаған дәу төбеттің неміс овчаркасынан жеңіліп қалғаны. Жеңілгенде қан жоса болды. Қан. Қып-қызыл. Бірақ төбет қыңсылаған жоқ. Құлақ шекесінен қан сорғалап жатыр. Иесі одан да өткен намысқой екен, қонышынан жарқ еткізіп кездікті суырып, төбеттің дәл жүрек тұсынан бір-ақ ұрды.

Қазақтар ал кеп шуласын.

«Нағыз азамат, жақсы ит өлігін көрсетпейді деген осы».

«Жеңілген иттің керегі не?»

«Сол үшін алып қоялық...»

Жазушы жұтынды. «Жүз грамм болса ғой». Бір кез шуылдап отырған адамдарға көзі түсті. Таныды. Ағалары. Жерлестері. Кішкентайды жеңіп тұрғанда бәрі кезек-кезек келіп: «Бізді тындасаң, Кішкентайға жолынды бер. Елден ұят. Кейін өзіңе бәрін жасаймыз». Кандидатурасын алған. Ағаларын сыйлаған.

...Кішкентайдың банкетіне осы ағалары қауқаулап бұны апарған еді. Жомарт екен. Кішкентай: «Жазушы ініме бір – «3129», қызметке шақырамын». Бұл балаша қуанды. Әкесіне берем деп қуанды. Ауырады ғой. Қалаға ауруханаға келіп жүрсе болды. Керемет қуанған. Бірақ... бірақ

сол «Волганың» өзі түгілі доңғалағы әлі күнге дейін жоқ. Бастығына бір-екі рет айтып еді, «Кредитті жаба алмай жатырмын» – деген. Бес жыл күндіз-түні жұмыс істеген Кішкентайға. Рас, айлық алды. Бірге істеген жігіттер де айлықпен бірге... Бұған түк те жоқ.

Осы қорлықтың бәріне Жазушы төзді. Шыдамай кеткені де бар. «Менің еңбегімді қайсың бағалап жатырсың?» – деген. Бастығы: «Қой, Жазушы мырза, өйтіп айтпа, сен біз үшін керексің», – деді.

«Сен халыққа керексің, – деді көмекші бала. Жазушы оларға сенген. Аферистерге. Алданып қалған. Ұрысқан. Өзіне-өзі. «Осы менің жоқ жерден бала сияқты болып кетінім-ай...»

Қазақтар шу-шу етеді.

Иттер қан-жоса болып таласып жатыр.

Ол ағаларына қарады.

– Нәуке, Нәуке, сізді қайтадан сайлаймыз, – деді біреуі.

– Нәуке, бүкіл Парламентте сізден алғыр ешкім жоқ, – деді екіншісі.

– Нәуке, Нәуке, көптен бері келмей кетіп едіңіз, бізге өкпеңіз бар ма? – деді үшіншісі.

– Кешке біздің шалдың үйіне барып осы мәселені жақсылап тұрып ақылдасамыз, – деді жылп-жылп еткен қара жігіт.

– Өздеріңе сеніп келдім ғой, – деп Нәукесі сақалын бір сипап, көзілдірігін орамалмен ұқыптап сүртіп, жан-жағына қараған кезде бір бұрышта бүрісіп отырған Жазушы інісін көріп жүзі жалтарып кетті.

Иттер таласып жатыр.

Ыр-ыр...

Жазушының басы айналды. О, құдірет, құлағына шу-шу еткен көп қазақтың даусы емес, марқұм Жәнібек ағасының үні келді.

Ағалар-ай,

Көңілін інілердің жараламай,

Бірге ұшып, бірге қонып жүрсендерші,

Қатарын бұзбайтұғын бал арадай

Өздерің қонақтайтын бәйтеректің,

Тамырын балталамай, араламай

Әттең, әттең, ағалар-ай!

...Кешкісін театрға бару ойында жоқ-тын. Оның үстіне Жазушы дел-сал күйде еді. Оған енесі болды ма? Билет алған. Баяғыда депутаттыққа кандидат боп тіркелгенде күйеу баласына әперген костюмді үтіктеп, жарқыратып қойыпты.

Басынан ақ орамалын тастамайтын, жүзінен үнемі бір мейірімділік шуағы білініп тұратын енесі үлкен-кішіні сыйлайды. Сондықтан Жазушы енесіне жақын. Атасы да жақсы. Бірақ кісі жұмсағыш. Сосын бұл да жоламайды. Театрға баруын барғанмен өң мен түстің арасында отырды. Өзі жазған драма. Дұрысы қайта жазып шыққан дүниесі.

Шымылдық жабыларда көрермендер «Автор, автор!» – деп сахнаға алқызыл гүлдер лақтырды.

Жазушының маңайынан пана іздегендей қанаттарын сатыр-сұтыр қағып, мың-миллион кептер пайда болды. Теңселіп барып түзелді. Енесінің иығына басын сүйеп:

– Тәте, такси ұстаңызшы, – деді. Үйге келісімен сұлқ түсті. Қай жері ауыратынын білмейді. Біресе денесі күйіп-жанып, біресе тісі-тісіне тимей қалш-қалш етеді. Енесі бәйек болып жүр. Жазушы баласын жанына алып жатып: «Ұлым менің», – деді. Маңдайынан иіскеді. «Құлыным. Өмірімнің жалғасы...» Ұлын бауырына басқан әкеден бақытты кім бар?! Думанды қатты құшақтады. Әрі қарай...

«Папа, саған не болған?»

Иттер таласып жатыр.

«Әттең, әттең, ағалар-ай.»

– Апа, апа, папамды қа-р-а-ааа».

«Қара, кара, қа-р-а-ааа».

Думан қол-аяғы мұздап бара жатқан әкесін құшақтап жұлқылап жатыр:

Өлмеші, папа, өлмеші...

Жазушы екі күннен кейін аурухана төсегінде көзін ашқан болды. Гүлімді көрді. Анық. Жағы суалып жүдеп кетіпті. Бота көздерінен мөлт-мөлт етіп жас тамды. Жазушының кеберсіген ерніне бір тамшы жас тамды.

– Папасы, есінді жинашы.

Гүлім күйеуін қолынан мықтап ұстады.

– Гүл...

Жазушы сөйлей алмады. Бірақ есін жинады. Бір тамшы жас. Шөлдеген жүрегіне нәр берді. Тілі күрмеліп қалған. Көзі бақырайып келіншегіне қарап жатыр. Енесі келді. Сөйледі. Бұл ұқпады. Әне, Гүлім бірнеше дәрі-дәрмектің қорабын шешесіне көрсетіп жатыр. Екеуі бастарын шайқап-шайқап қояды. Бір кез енесі қолынан сақина, білезігін шешіп қызына берді. Гүлім жылдам шығып кетті.

Жазушының көз алды бұлдырады...

Екі кісілік палатаға көшірілгеннен бері жағдайы жақсара бастады. Жанындағы орыстың шалымен бір-екі партия шахмат ойнады. Шал мықты. Ойыншы. Ойлы. Күрсіне береді. Ол бірде сұрады Жазушыдан.

Осы қазақта иттің киесі деген ұғым бар ма?

– Бар, – деді Жазушы.

– Онда мені құдай атты, – деп шал өз-өзіне «мат» жасап, орнынан атып тұрды. – Преставляешь, мені атып өлтіретін адам жоқ.

– Here?

Шал айтты. Бәрін. Стадионда дәу төбетке әлсірететін дәрі салған. Текті итке. Өте сирек кездесетін асыл тұқым Қазақы төбетке. Таластырудың алдында иесі көп өтінген. «Менің итім бәрін жеңеді. Бірақ біреудің овчаркасынан жеңілуі керек». Көп ақша берген. Бұл салған. Уколды. Енді, міне, сол ақшаға дәрі-дәрмек укол алып, өзінің жаны қалған.

Жазушының безгегі ұстағандай қалтырады. Шалға: «Иттің жаман десе, намыстанған қазақ, бүгінде...» – деп айтпақ болған. Айтпады.

Шал сөйлеп отыр, сөйлеп отыр. «Әттең, әттең, ағалар-ай».

Жазушы жұмысқа шықты. Он күннен кейін. Ауруханадан жазылып шыққан соң, ауылдан анасы келген: «Құдағи, сізді қорқытып аламыз ба?» – деп, хабар бермегенімізге ренжімеңіз. Анасы жылаған. Ұлының маңдайынан сүйген. «Жарығым, аман жүрші, соңғы уақытта түсіме жиі кіріп жүрдің. Жүрегім сезіп еді». Маған үй әпермей-ақ қой, ба-

лам, өзің аман болшы». Жылаған. Анасы. Жұбатты. Енесі. Шай ұзақ ішілді. Жазушы байқамай жүр екен. Думан суретші. Тәп-тәуір. Әсіресе, Ертіс жағасындағы балықшыларды салғаны ұнады. Шәйді келіні қайыра бір демдеп әкелгенде, «Құдағи, құлағыңа тәуір сырғанды неге тақпай жүрсің?» – деп сұрады.

– Құдаңыздың бір жас келіншекке көзі түсіп, соған сыйлап кеттім, – деп жауап берді Жазушының енесі.

Күлді. Бәрі. Үйдің іші шаттық. Жылылық. Жазушыға осындай туыстық жылылық ерекше ұнайды. Енесінің жауабына ерекше риза болды. Басқа біреу болса: «Сенің ұлын ауырып жатқанда дәріге ақша таба алмай сатып жібердік», – деп бір емес, бірнеше рет айтар еді. Енесі өйтпеді. Өзілге бұрды. Жасырды. Сыйластық. Шынайы. Бірлік. Татулық. Екі жастың шаңырағын сақтап тұрар туысқандық қасиет.

Екі кемпір жарысып ән айтты. Балаларының үйінде. Сосын. Екеуі екі бағыттағы ауылдарына қайтқан.

Жазушы жұмысқа шықты...

Жанын салған. Жұмысқа. Бір күні қызық болды. Түскі үзіліске таман қағаздарын реттеп отыр еді, ақ телефон шар етті. Гүлім. «Тез кел». Тастай салды. Құстай ұшты. Үйге кіріп барды. Ентелеп. Өз көзіне өзі сенбеді. Ағалары. Дәл бір әкелерінің үйіне келгендей тайрандап жүр. Жазушының жүрегі тоқтап қала жаздады.

– О, біздің бауырымыз келді!

– Ой, сағындық қой сені!.. – Бармысың, бауырым – деп құшақтады депутат ағасы. Халың қалай, көптен көрмедік қой...

– Жазушы ас үйде жүрген келіншегіне шүйлікті.

– Мыналарды кім шақырды?

– Мен қайдан білем...

– Неге кіргіздің? – деді кіжініп.

– Ағаларың ғой...

– Болса қайтейін.

– Папасы, қойсаңшы, одан да маған көмектесіп жібер.

– Мен саған...

– Доғар енді, – Гүлім күйеуіне тіктеп қарап. – Менің қайбір төркінім келіп жатыр, келсе өзіңнің ағаларың.

– Жазушы жым болды. Дастарқанға отырды. Туыстарымен. Ішті. Арақты. Ағалары айтты.

– Сен бізге жақын жүр.

– Сені мақтан етеміз.

– Сен нағыз талантсың.

– Әкең жарықтық, қандай кең еді, осы отырған бәрімізге студент кезімізде көмектескен. Сен нағашыларыңа тартқансың ба, нашарлаусың, – деп Нәуке көзіне жас алды. Жазушы ағасының бетінен сүйді. – Ағалар, – деді толқып, – Сіздер үшін, аман болыңыздар!

Бәрі орнынан тұрып, алып қойды.

– Бауырым, рахмет!

Туыстар. Тартып-тартып жіберді. Арақты.

Думан сабақтан келді.

Арқасындағы арқалаған сөмкесін жерге қойып:

– Ассалаумағалейкум! – деп жағалай үлкендермен қол беріп амандасты.

– Шалдың ұлы, – деді Жазушы маңғазданып. – Атасына тартқан.

– Алтынның сынығы, асылдың тұяғы ғой, – деп Нәуке ағасы баланың қолын алды. Бірақ. Иіскемеді. Мандайынан.

– Гүлім, ағаларыңа бірдеңе бар ма? – деп айғай салды Жазушы.

– Жоқ-керегі жоқ, – деді ағаларының біреуі. – Келген шаруаларымызға көшейік, мына ағаң келер жылы қайта сайлауға түспек, сенің ойың қалай, қолдаймыз ба? Намысымыз қайда? Елдігіміз... әруақтан ұят емес пе, өз туысымызды өзіміз қолдамасақ... Не болғанымыз?.. Елдіктен кеткеніміз ғой...

Олар ішкен. Түнімен. Туыстар.

Ертеңіне одан да қызық болды. Келген. Түстен кейін жұмысқа. Бірінші шақырған. Барды. Отырды. Бастығы бір кезде:

– Сіз, – деді нығырлап ақ қағаз ұсынды. – Жұмыстан кету туралы маған өтініш жазыңыз. Он күннен кейін қол қоя-

мыз ба, жоқ әлде... бір айдан соң оны хатшы қыздан білерсіз, әзірге орныңызға барыңыз.

Жазушы екі қолымен басын ұстады.

«Әттең, әттең. Ағалар-ай».

Жегені желім болып бір ай жүрді. Өзіне тапсырған жұмысты атқарып жатыр. Хатшы қыздан хабар жоқ. Жұмыстан кететіні есіне түссе, жанын қоярға жер таппайды. Кей күндері дөнбекшіп ұйқы көрмеген кездері болды. Уақыт емші. Ойламады. Ештеңе. Өйткені жұмысы көп. «Ел мен Жер» бағдарламасын жасап, қабылдау бөлмесіне апарып берген. Тым-тырыс. Серт берді. Өз-өзіне. Ешқашанда ағаларына жоламауға. «Тек, аман болсын...»

Кабинетіне үлкен бастықтың өзі келді. Жымиып қана жылы амандасты. Үндеген жоқ. Қайта шығып кетті. Осы үндемегені ескі жараның аузын жұлды.

... Ауруханадан шыққан күні бастығы кімнен телефонды алғаны белгісіз, өзі хабарласқан. «Ертең келіп кетсеңіз». Барған. Сөйлескен. Қызметке кіріскен. «Не болды сонша, кім жұмыстан кешікпей жатыр, кім үйіне қонақ келсе ұрттап қоймайды екен». Іштей бастығын қиады. Жақсы жігіт. Көп уәде бермейді. Айтқанын орындайды. Сөзінде тұрады. Енді, міне, үш-төрт ай үйреніп қалған жерінен кетпек. Не үшін? Ағаларын үйінде қарсы алғаны үшін бе? Жоқ, әлде осыдан біраз жыл бұрын бүгінгі бастығы Кішкентайдан теперіш көргені үшін бе? Өткен сенбіде түс көрген. Түсінде жаман түс көрген. Түсінде жаман іс көрген Жазушы. Қарлы боран арасында жалаң аяқ қалған бұдан қараң-құраң етіп біреу қашып барады. Аяғына Лениннің бәтеңкесін киіп алыпты. Жалынды. Жазушы: – Бәтеңкені тастап кетші. Үйде нан алатын ақша жоқ...» Сол түс осыған көрінген екен ғой. Телефонға жармасты.

– Алло.

– Иә, папа, тыңдап тұрмын.

– Мамаң қайда?

– Жұмыста.

– Сен мамаңа айтшы, бізде жұмыста қысқарту жүріп жатыр.

– Ну, папа, қызықсың ғой, мен сурет салып отырмын, – деп Думан трубкуны тастай салды. Жазушы аласұрды. Кабинеттің ішін шыр айналды.

Қоңыр телефон шар етті. Бар күшін жинап буынын бекітті. Көтерді.

– Тыңдап тұрмын.

– Маған кіріп кетіңізші.

«Маған кіріп кетіңізші». «Кетіңізші». «Кет...» Бастығына келе жатып есіне түсті. Пенде емес пе? Жаны танауының ұшына келгенде... Ойлады. Өтінішін орындаған. «Әкем туралы естелік жазып берсеңіз. Көзі тірі адамдармен әңгімелесіп, мағлұмат жинасаңыз. Еңбегіңізді жемеймін».

Жазушы айтқан: «Бірге істеп жүрміз, сөзіңіздің садағасы». Жазған. Кейіпкерінің өзі тамаша адам болған екен. Мол мағлұмат жинады. Он күн отырып жазып тастаған. 1500 жол. Үш тарау. Ой келген. Үшке бөлді. Үш үлкен мақала. Алматыға жіберген. Суреттерімен. Құдайға шүкір, беделді журналистердің бәрі Жазушының сөзін екі етпейді. Керемет сыйлайды. Айдың аяғында үш мақала беделді үш газетке жарқ-жарқ етіп шыға келген.

Қуанған. Бастығы. Көзіне жас алған: «Осы жақсылығыңызды өмір бойы ұмытпаймын», – деген.

– Отырыңыз.

Креслоға жайғасқан болды. Бастығы кнопканы басты.

– Шай әкеліңіз. Жазушының есіне әкесі марқұм:

«Балам, қабырғаң сынып кетсе де сыр білдірме» деген сөзі түсті. Бойын тіктеді. Қарсы алдында отырған басшының көзіне тура қарады.

– Тыңдап отырмын.

– Әңгіме былай, Жазушы мырза, Сіз жасаған «Ел мен Жер» бағдарламасы біздің фирманың, анығырақ айтсақ, менің болашағым...

Өз құлағына өзі сенбеді. Көпке дейін мең-зең күйде отыра берді. Шай ішкен соң, өз-өзіне келді.

– Сіз басқадай ойламаңыз, – деді бастығы, – Мынау қаламақыңыз, он бес мың доллар...

Жазушы орнынан атып тұрды.

– Жо, жоқ, ал...

– Отырыңыз, – деді әмірлі дауыс, – Мен капиталиспін, өзіме еңбек еткен адамға тиісті ақшасын беруге міндеттімін. Оның үстіне әкем марқұмның: «Балам, біреудің маңдай тері мен табан ақысын өтеусіз қалдырма», – деген өсиеті бар еді...

Он бес мыңы бар болсын. Жазушы қара терге түсті. Кішкентайға бес жыл еңбек еткенде далада қалып еді. Төрт айға толар-толмаста он бес мың. Өңі ме? Түсі ме? Білмеді...

– Таза еңбегіңіз, алаңдамай жұмысыңызды істей беріңіз, айтпақшы, мынау ана жолы жазған арызыңыз, жеке архивіңізге сақтаңыз керек болады. Жазушы бірдеңе айтпақ болған. Хатшы қыз кірді.

– Шетелдіктер келіп тұр.

– Кешіріңіз, – деді бастығы, – Уақытым жоқ, бір өтінішім, арақ ішпеңіз, сосын менен доллар алдым деп жалпақтамаңыз, алсаңыз – өзіңіздің қаламақыңыз...

Шықты. Сыртқа. Қар жауып тұр. Наурыз қары. Жұмсақ. Әдемі. Ұлпа. Жел жоқ. Құстай ұшты. Үйге.

Үш күн Гүлім екеуі табанынан таусылып мамасына үй іздеді. Сатылатын үй баршылық. Бірақ бәрі ескі. Кешкісін Думан ұйықтап қалған еді, есіктің қоңырауы соғылды. Ашты. Орта бойлы мығым келген немістің шалы.

– Вам кого?

– Ассалаумағалейкум, – деді таза. – Босағада өстіп тұра берем бе?

– Жоғарылаңыз, – деді таңқалған ерлі-зайыптылар.

Шал үйін сатпақ. Ертең келіп көрулеріне болатынын айтты. Мекен-жайын жазып алды. Таңды әрең атқызды. Екеуі барды. Көрді. Керемет. Алты бөлме. Он төрт мың доллар. Бір цент түсірмей қойды. Шал. «Алмасаңдар өздерің біліңдер, негізінде бұл үй жиырма бес мыңның үйі, асығып тұрмын. Кемпірім мен немерем Германияда. Қазақтарды сыйлаймын. Саржалды адамның көзі қалай қиып кетеді дейсің, амал жоқ немерем үшін бара жатырмын. Қазақ десең өзіңе тиеді. Аласыңдар ма өзі, алмайсыңдар ма?» — деп шал ашуланды. Гүлім келісті. Жазушы ойлаған. Он мыңға үй. Қалғанына машина... Оған шал көнбеді. Үй керемет. Екі күн әуре болып кілтті қолдарына алды.

Атама барып құран оқытамыз деп Думан қуанды. Кешкі автобуспен Гүлім мен ұлы ауылға кетті. Мамасын ертіп келмек. Ақылдаспақ. Жоспар құрмақ... Мамасы қуанатын болды. Автобуска мінгелі тұрғанда Гүлім айтты. Үйді мамаңның атынан Думанға оформить етуіміз керек. Жазушы ойлаған, көзі тірі адамның немересіне мұра қалдырғаны бір түрлі екен. Бірақ үндемеді. Иығынан ауыр жүк түскендей болды. Екі жүз долларды өзіне алып қалды. Енесіне алтын сырға, сақина әпермек. Кешке барып алты бөлмелі үйге жалғыз өзі қонды. Үстіне әкесінен қалған қара тонды жамылып, каминде жанып жатқан отқа қарап жатып ұйықтап кетіпті.

Түс көрді. Үш облыс бірігіп, бұлар аймақтың орталығы болыпты. Халық қуанып жүр екен дейді. Жәнібек ағасы тірі екен дейді. Ұлы әнші үкілі домбырасын қолына алып ән салды.

Саған ғана жан сырымды ашайын,
Саған ғана маржанымды шашайын.
Қосыл кәне әуеніме, домбыра,
Қоңыр кеште қоңыр әнге басайын.

Бәрі мәз. Алтыбақан тербетіліп, кәрі мен жас қуанып жүр. Бықсытып әнебіреу шашлық пісіріп жатыр. Қазақ қызық. Наурызда ғана киетін шапаны мен бөркін бүгінде киіп шығыпты.

Ән домбыра -а...

Жан домбыра -а...

Жазушы жалт қарады. Ертісті кешіп өтіп келе жатқан Кішкентайды ап-анық көрді.

О сұмдық-ай, аяғына күн көсемнің бөтенкесін киіп алыпты.

Шошып оянды...

*Меркі– Алматы,
1998 жыл*

МҮЗАЙНА

*Көкала үйрек, көк үйрек,
Көкті жасақан көп үйрек,
Қайда кетіп барасың,
Қара Ертісте жоқ үй деп?
Нұржан Қуантайұлы*

Күн қабағы көңілді. Жылы. Жел жоқ. Қармақтарына ештеңе ілінбеген балықшылар асай-мүсейлерін жинап, қалаға қайтуға ыңғайланды.

– Ертісте балық құрып қалған ба? Үш күннен бері ырымға болсын бір шабақ ілінбеді ғой, – деп сақалды күнк етті.

– Кешке дейін шыдай тұру керек еді, – деді кішкентай кара жігіт.

– Әй, сен де айтасың-ау! Байқамаймысың, жылдан-жылға мұз да жұқарып келе жатыр.

– Алыста, Америка жақта дей ме, үлкен мұз еріп, жер беті жылынып келе жатыр дейді ғой.

– Енең айтты ма, – деді сақалды кекеп.

– Жоқ радиодан естідім.

– О, онда енді елу жылдан кейін Ертісе крокадилдер жүзіп жүреді десеңші.

– Жағына жылан жұмыртқаласын. Сен-ақ осы, кара аспанды төндіріп бітгін, тым құрымаса бірер сағат қармақ салып көрейік.

– Басымды қатырмашы, қалсаң, өзің қал. Онсыз да аяғым сырқап, түні бойы ұйықтамай шығамын. «Есің барда – елін тап» – деген, қайтайық.

Өзен бойында танысып, туыстай болып кеткен екі балықшы төрт-бес жылдан бері бірге келе жатыр. Бұл балықшылар үшін өте сирек болатын татулық. Күн одан сайын жылына түскендей. Ертістің екі езуі жырылып кеткен, беті көкпеңбек. Олар жағалауға жетіп қалғанда кара жігіт қалт етіп тұра қалды.

– Әй, сақал ананы кара!

Тоқтай қалды. Мұз үстінде төңкеріліп есік жатыр, босаға жақтауы аман.

– Өлмегенге өлі балық деген, бауырым. Ертең базарға апарып сатамын. Кім екен, ә, бүп-бүтін дүниені суға тастаған?

– Саяжайды тонап жүргендер өздерінше жарбаққа тыққан түрлері ғой, – деді кішкентай балықшы. Екеуі біраз әуреленіп, есікті жақтауымен бірге көтеріп, шетке қойды, есік орнында төртбұрышты мұз қалды.

– Әкелші ана қайланды, мұзды шағып тастайын.

– Қайтесің, – деді дәу жігіт сақалын сипап-сипап алды да, саптамасының өкшесімен итеріп-итеріп қалды. Сол-ақ екен, суға батыл барып қайта шыққан төртбұрышты мұз ағыспен ақырын-ақырын жылжи берді. Темекісін тұтатып жатқан сақалды ойланып қалды. «Есіктен шыққан мұз қай жерге барып ериді екен?» – деп ойлады. Тағы, тағы басына ой келді. Бірақ жанындағы жолдасына жақ ашып ештеңе айтпады.

«Күндіз-түні радио тыңдайтын бәле мазақ етіп жүрер».

– Ертісті қытайлар бұрып жатқан көрінеді, – деді мықшындап келе жатқан кішкентай жігіт.

– Радио айтты ма?

– Жоқ, енем айтты.

– Ой, ененді...

Олардың дабырлап сөйлеген дауысын Ахау-үйрек апанық естіп жатты. «Адамдар не деп бара жатыр екен?» Сөйлесу. Шіркін. Ахау-үйректің жанында Муза болса... Ой. Ой. Ой. Құс. Құса болған. Ахау-үйрек Музамен өткізген соңғы түнді есіне алды.

«Муза-Мұңылығым. Жанымда қалшы, қалқам. Екеуіміздің туып-өскен Ертісіміз бір қысқа пана болар, өлмеспіз. Өлсек, екеуіміздің қанатымыз бірге айқасып, өзеннің ағысымен бірге кетерміз».

«Қала алмаймын, – деп мұнайды Ахау-үйректің кеудесіне басын қойып жатып. – Аналық рұқсат бермейді. Таң ата жылы жаққа ұшамыз. Жаныңызды қинамай, бізбен бірге неге кетпейсіз?»

«Біздің Ахау-үйректердің заңы бойынша, мүшел жасымызда туған жерімізде қыстап шығуымыз керек».

«Жанымда қал деп жас мені қинағанша, қайраттанып, менімен бірге жылы жаққа қарай қанатыңызды неге қақпайсыз? Жақсы көргеніңіз осы ма? Жоқ, әлде менің әлсіздігімді сынап көрмексіз бе?»

«Жо-жоқ, Мұңылығым, сен ұшып бар жылы жаққа. Тонсам, мен тоңайын. Семейдің сақылдаған сары аязында қанатымнан қайрылып қатып қалсам да, әр қауырсыным сыбызғыдай сызылып, саған деген сағыныш әуенін жел арқылы жеткізер».

«Ахау-аға, мен де сізді қимаймын. Бір жаратушы бізге қанат берді. Аспан да, қамыс қоғасы шулаған көлдер де біздің еншімізде. Бірге болып, балапандарымызды өсіріп, көл бетін мәре-сәре қып жүрсек, басқа құстардан неміз кем? Сіз жанымда болсаңыз, аспан асты, жер үсті мен үшін жұмақ, Ахау-аға».

«Жаным, Мұңылық, сенің жас ғұмырыңды қор етем бе деген қорқынышым да жоқ емес, иә, иә, сені қызғанам. Көл бетінде сен ерекше сұлусың. Бәрі саған сұқтанып қарайтын сияқты. Сен жап-жассың. Ал, мен...»

«Жо-жоқ, атамаңызшы Сіздің жүрегіңіз де жас, жаныңыз да жас, қауырсындарыңыз сұлу, қанатыңыз қатты. Өте кеш болса да, сізге кездесіп едім. Амалым қанша, Аналық сіз екеуміздің бірге болғанымызды әу бастан қалмаған».

«Балапанын қорғаған Аналықты кінәламаймын».

«Рахмет оныңызға. Аспанға ұша алған, көлде жүзе алған сіз әлі жассыз, Ахау-аға».

«Түсінемін сені, Муза. Соңғы уақытта сен маған жадырап сөйлемейтін болдың. Суда жүзіп келе жатып, мені көрсең, бірнеше рет жалт бұрылып кеттің ғой».

«Сіздің мұңлы көзіңізге қарасам, жылағым келеді».

«Жылағамшы, Муза! Біз онсыз да аспанның көз жасынан жиналған көл ішінде жүрміз ғой».

«Біздің көлдер де жетім».

«Сыңары жоқ жан иесінің бәрі мен сияқты жетім», – деді Ахау-үйрек.

«Мен сіздің жаныңыздамын», – деді Муза мұңайып.

«Таң ата жылы жаққа кетесің ғой».

«Ал, сіз неге қаласыз?» – деді Муза жыламсырап.

«Болмайды ғой, болмайды», – деп Ахау-үйрек терең күрсінді.

«Бак», «Бак».

Аналықтың дауысы түнгі тыныштықты тіліп түсті. Муза-Мұңылық дір-дір етті. Әдемі мойынымен Ахау-үйректің кеудесінен, арқасынан айналып өтті де, шолп етіп суға түсіп кетті. Желсіз түнде, жарық ай астында басын шайқап-шайқап жүзіп барады.

Ай астында...

«Бак», «Бак...»

Таң атты...

Ахау-үйрек қалғымаған. Ой. Ой. Ой. Жанын жегідей жеген. Қанатын қаға алмай, сіресіп қалған. Жылы жаққа жиналған барлық үйрек дүр етіп, кепкен жапырақтарды шулатып аспанға көтеріліп, Ертісті үш айналып қоштасты. Муза төмендеп, Ахау-үйрекке қарай келе жатыр еді... «Бак», «Бак». Аналық үйрек шоқып-шоқып қайтадан қайырды ғой. Осының бәрін өз көзімен көрген Ахау-үйректің шығарға жаны жоқ еді...

Муза қаңқылдап ұшып бара жатыр.

«Қош бол, Мұңылық! Жаным! Келер жаз аман-есен кездесейік. Тағдыр бізге өзгелер төзбес сын берген шығар. Сен де шыда. Мен де шыдайын. Қыс өтер, көктем келер. Ораларсың. Әзірге қош бол, Муза. Қанатың талмай, жылы жаққа аман-есен жете ғой». Ахау-үйрек аһ ұрған... Аппақ болып қара жерге қар түскен күні Музаны сағынғаны соншалық, жылы жаққа ұшып кеткісі келген. Бірақ...

...Қаңтардың басында он күн аяз болған. Ахау-үйрек бүйтіп сағыныштың өртіне өртене бергенше өле салғысы келген. Бірақ ата салты, Ахау-үйректердің заңы бойынша қалайда тірі қалып, қыстап шығу керек...

Аспан тап-таза.

Ахау-үйрек қанатын қатты-қатты қағып, ұшқысы келді. Киіз үйдің орнындай ойыққа бір-екі сүнгіп шықты. Сілкінді. Тұмсығымен денесін ұзақ сипады. Қос қанатын кеңінен созып қағып-қағып, ақырын көтеріле берді. Тіпті, биіктеген де жоқ. Ұша берді. Көзі біраздан соң төбелесуге айналған әлгіндегі екі балықшыға түсті.

– Әй, сақал, есікті тауып алған мен ғой, сенің үйіңе неге апаруымыз керек?

– Ой, ененді...

– Әй, сақал, осы сенің менің енемде нең бар, а? Одан да ана базарда жүрген қатыныңды...

Ахау-үйрек олардың жанынан шүр етіп ұшып өтті. Балықшылардың дауысы еміс-еміс естіліп барып үзілді...

Бала күлкісі естілді. Ахау-үйрек ерекше ұнататын әдемі үн. Оларды айнала ұшты.

– Папа, папа, мылтық болса ғой, тарс еткізіп атып алушы едік.

– Қой, балам. Семейді пана көріп, қыстап қалған үйректің обалына қалам дегенің не, ол да сен сияқты біреудің баласы.

– Ой, папа, бөсесің ғой, маманың ішіндегі кішкентай бөпе сияқты ма? – деп, бала рахаттана күлді.

Отағасы баласына жауап берудің орнына ай-күні жетіп, әбден шаршап-шалдығып таза ауаға шыққан келіншегін қолтықтап алды.

– Қалайсың, жаным?

– Мені, роддомға апарасың ғой деймін, қарашы, – деп келіншегі күлімсіреген болды. – Қозғалады, ауыртпай тепкілеген болады.

– Ұл болар, – деді күйеуі.

– Қыз болса екен, папасы, ұлдарыңмен футбол ойнауға кетсеңдер де, мен үйде жалғыз қаламын. Қызым болса, жанымда болады ғой, әйтеуір... Ана құсты көрдің бе, төбемізден айнала ұшты? Қыз бала болар, – деп ырымдап жатыр келіншегі.

– Жаның аман қалсыншы, жаным, – деп күйеуі өбектеп жатыр.

Бала қолына ағаштың бір бұтағын алып, ұшып бара жатқан үйректі көздеп «пах! пах!» деп қояды.

Ахау-үйрек олардан ұзап бара жатып, Ертістің жағасындағы орындықта отырған кемпір-шалды көрді.

– Кемпір-ау, бір аяғымыз көрде, бір аяғымыз жерде тұрған шағымызда далада қаңғып қалдық қой...

– Келіннің ашуы басылар, бір-екі күн шыдайық, жас бала ғой, түсінер.

– Біздің босағаны аттағалы он бес жыл болды, қашан оған ақыл кіреді? Ана сенің ынжық ұлың бізді үйден қуып шыққанда бір ауыз сөз айтуға жарамады ғой.

– Өз балаңды өзің табалап қайтесің? Қайбір жетісіп жүр дейсің карағым. Оған да оңай дейсің бе? Келіннің кесірінен бір адаммен араласа алмайды, елдің баласы сияқты дұрыс қайын жұрт та кездеспеді.

– Өзі сорлы, – деді шал жерге бір түкіріп. – Түнде вокзалға қондық, енді бүгін қайда барамыз? «Ұлым, ұлым» дейді ғой маған аузын толтырып, ұл емес ол, нағашысына тартқан ынжық неме! Адал еңбек еттік, ешкімнің ала жібін аттаған жоқпыз. Қартайған кезімізде бар көргеніміз осы ма?

– Әкесі-ау, жалғыз ұлыңа ренжімеші, қайтесің енді. Саған айтуға батылым жетпей жүрген, соңғы уақытта темекі тарта-тын боп жүр. Денсаулығың құртып ала ма екен?

– Өзі де құрысын, ұл болмай кеткір!

– Ашуланғаннан кейін айтасың ғой, екеумізді кейін үйден қуып шыққанда артымыздан жүгіріп келіп, сенің құлақшыныңды, менің пимамды әкеп берді ғой, қайт дейсің құлыншағыма?! Қайдан ғана мынаған кезікті, тойып семірді ғой иттің қызы, босағамызды аттағанда үстінде өңі тозған жаман шыт көйлегі ғана бар еді.

– Өлемін! – деді шал тістеніп.

– Өлсең, өл, құдай тілеуінді берсін. Менің алдымда бір күн бұрын өлші, артымда жетім шал болып жаутаңдап қалғанша, – деп кемпірі кемсең-кемсең етті.

– Өлімнің аулы алыста боп тұр ғой, – деді шал, ұшып бара жатқан үйрекке қарап ауыр күрсінді. – Кеудемнен шыбын жаным ана үйрек құсап ұшып кеткенше, бізге тыныштық жоқ қой...

Ахау-үйрек биіктеп ұшып бара жатыр...

Аспалы көпір. Жаңа Семейге бара жатқан автобус ішінде он шақты жолаушы ғана отыр. Кеше қала бойынша жол ақысы екі есеге көтерілген. Орындықта ойланып отырған жігіт әбден жүдеген, сақал-мұрты өскен. Ұсқынсыз. Кенет... Кенет... орнынан атып тұрды.

– Водитель, тормозни! – Терезені сындырардай соққылады. – Әсел, Әсел!

Қас-қағым сәтте қалыңдықтың ақ көйлегін киген Әсел автобустың терезесінен Ертарғынды көріп қалды.

– Аға, аға!

Әселдің көңіл-күйін бақылап жүрген жеңгесі ешкімге білдірмей қолтықтап алды:

– Айнам, жүр, машинаға барайық.

Автобус ұзай берді...

Ахау-үйрек аспанда аласұрды. Ғашық жүректе көз бола ма? Ахау-үйрек әлгінде ғана балықшы өкшесімен итеріп-итеріп жіберген мұзайнадан өз бейнесін көріп. Муза екен деп қалған болатын.

Мұзайна ағыспен жылжып барады.

Ахау-үйрек қиғаштай ұшады. Төмен ұшады. Биіктейді. Муза көрінбейді. Төмендейді. Жоқ. Қайта биікке самғай көтеріледі.

«Қайдасың, Муза? Жаңа ғана бар едің ғой».

– Водитель, тормозни. – Ертарғын екі қолымен басын соққылады. – Әсел, Әсел...

Көктем. Семей көңілді еді. Жазушы университеттің көркемсурет факультетінде оқитын Әселмен таныстығы да қызық болған.

Көрмеге барған. Студент қыздың алғашқы көрмесі. Кенет, «Дала» картинасына ұзақ қарап тұрып қалған.

Суретші қыз жанына келіп:

– Қарындасым-ау, сондай керемет жазушы болса, бұл қалада неғып жүр... Америкаға кетпей? – деді әзілдеп.

– Ой, ағалар-ай! – Қыз күйіп кетті.

Ертарғын екі қолын шапалақтап рахаттана күлді.

Көрмеге келгендер бұрылып-бұрылып қарады.

Қыз ештеңе түсінбеді. Әдемі көздері мөлт-мөлт етіп, екі бетінің ұшы қызарды.

– Рахмет саған, – деп Ертарғын студент қыздың бетінен сүйді.

Көрмеге келген көпшілік қол соқты.

Сол күннен бастап екеуі аға мен қарындас болып Ертістің жағасында бірге қыдыратын болды.

Әсел өзенде жүзіп жүрген үйректерге қарап ойланып кетті де:

– Шіркін, мына құстар қандай бақытты, қыс келе жатқанда жылы жаққа ұшып кетеді, – деді Ертарғынның иығына басын сүйеп.

– Сен де бір күні мені тастап, жылы жаққа кетесің ғой, – деді Ертарғын күрсініп. Оның көңіл-күйін бірден аңғарған Әсел еркелей сөйледі:

- Аға, аға деймін, балмұздақ алып берші.
- Тамағың ауырады.
- Аға деймін, аға...
- Сен қыз, қоясың ба, жоқ па?
- Қоймаймын, – деп бұртиды. – Сізге өкпелеп қалдым.

Ертарғын үндемеді. Ертісте алаңсыз жүзіп жүрген үйректерге қарап жазушы ойланып кетіп еді.

Сол... Сол үйректің ішінде Ахау-үйрек пен Муза да бар болатын. Бірге еді. Аналықтың көзіне түспей, қамыстың көлеңке жағында жүрген.

Ахау-үйрек Музаның мұзайнадағы бейнесін көргеннен бері ақыл-есінен айрылғандай... Қанатын қаға береді.

Жас жұбайлардың тойын түсіріп жүрген оператор жігіт камерада пайда болған үйректі көріп таң қалды...

...Қыз жүрегі – жұмбаққа толған шарайна. Әркім өзіне таныс бейнені көргісі келеді. Жазушы қанша талантты болса да, сол айнадан әзіл көре алмаған. Тіпті, ойламаған. Әсел жазушы ағасына деген сезімдерінің бәрін картиналарына жұмсады. Қазақтың жігіті, талантты адам жарқырап көрінсе деген адал ниеті ерекше еді. Бар сырын жеңгесіне жасырмай айтқан.

Сол күннен бастап бәрі басталды. Бәрі... бәрі... Жазушы туралы не естімеді. Әсел өң мен түстің арасында жүргенде, жеңгесі бір жас жігітпен таныстырды. Көрікті, жақсы жігіт. Бәрі тез... Үш айдан кейін құдалар келген. Бүгін, міне, той...

Өң мен түстей... Өзгерген өмір. Сезім. «Жазушы ағасы».

Жұмбақ. Жұмбақ. Жұмбақтар.

– Қайтесің, жазушыны...

– Жеңеше, қателестім ғой, тым құрмаса, арманын жалғастыра артынан ерген ұлы да жоқ қой. Енді бәрі кеш. Қазақтың талантты жігітін тірідей өлтірдік қой, жеңеше...

Қалыңдық көз жасын тыя алмады.

– Қоя ғой, күйеу баладан ұят болады, – деді жеңгесі есі шығып.

Көңілді топтың ортасында тұрған күйеу жігіт әдемі қыздың құлағына сыбырлады.

– Бір күні сені ресторанға шақырамын.

– Көйлегім жоқ, – деді қыз.

– Онда саунаға барайық, – деді жігіт.

Қыз жыртың-жыртың күлді. Ашуланған жоқ.

– Әй, не түсіріп тұрсың? – деп, жағалай шампан құйып жүрген жігіт операторға айғайлады.

Ол аспандағы үйректі түсіріп жатыр. Міне, үйрек төмендеп барады. Қанатын қатты-қатты қақты. «Жаным, Муза-Мұңылығым!»

– Женеше, – деді Әсел жылап. – Мына дүниенің бәрі Ертарғын ағаның «айналайын» деген сөзіне тұрмайды ғой... Ол енді өледі... Шыдай алмайды... Онсыз да жалғыз еді...

– Жыламашы, айнам, түсінем сені. Қайтейін? Басқа амалым болмады. Жазушы болса қайтейін? Осы уақытқа дейін басында баспанасы жоқ адам саған қалай қамқор болады деген жазығым ба? Біз, әйелдер қателігімізді, бақытсыздығымызды көз жасымызбен жуып алуға ғана шамамыз келеді. Кәне, кәне, қоямыз жылауды...

Оператор үйректің әр қимылын қалт жібермей, түсіріп тұр.

Қатар-қатар машиналардың жанында күліп-ойнап тұрған көпшілік өздерінше мәз...

Камераның көзіне қалыңдық түсті. Ол да төмендеп бара жатқан үйрекке қарап қалған.

«Сен де бір күні мені тастап, жылы жаққа кетесің ғой» деген Ертарғын ағасының сөзі есіне түсті.

Ахау-үйректің есіне Мұңылық екеуінің сырласқан соңғы түні елестепті.

«Таң ата жылы жаққа кетесің ғой».

«Жаным, Муза, келе жатырмын. Сені ғана сүйемін».

Қанатын қатты-қатты қағып, Муза-Мұңылыққа жақындай берді... Жақындай берді.

Ахау-үйрек әлгінде ғана босаға жақтауы бүтін есіктің ішінен шыққан мұзайнаға барып қатты соғылды. Мұзайна быт-шыт болды. Ұп-ұсақ, мың-миллион мұз моншақтар су бетіне толып кетті. Мың-миллион мұз моншақтар...

Қалыңдық ұп-ұсақ моншақтарға қарап жылап тұр.

Жалғыз...

Мұз моншақтар...

Мөп-мөлдір...

Семей қаласы,
2005

ҚАНДЕН

Күнді түн жұтты. Ай қашып, жұлым-жұлым қара кебін ішін кезіп кетті. Тоқтамайды толған ай. Нені іздейді? Жұлдыздарды ма? Тұнық түнгі аспанды ма? Жоқ әлде...

Бақша ішінде отырған Елемес қалың ой құшағында, басы аспандағы табақтай аймен бірге айналды. «Құрып кетсін бұл өмір. Мына қатыннан құтылмай, маған тыныштық жоқ. Мені өлтіріп тынар...» Отыз жыл отасқан қатынын біраз жерге апарып тастады. Ұршық жел алма ағаштарының жапырақтарын шымшықтарша шулатып, бір айналып барып басыла қалды. Әп сәтте жарық айдың беті көрінді. Тыныштық. Басына жабысқан жапырақтарды қолымен қағып-қағып тастады. Ай топ-толық. Жарық. Төңірекке көз жүгіртті. Үйінің мұржасынан шыққан көк түтін бойын түзей алмайды. Терезелерде жарық жоқ. Тым-тырыс. «Иттің ғана қатыны мен салған бес құдық пештің түбінде борша-борша болып ұйықтап жатқан шығарсың. Сирағыңнан алып далаға лақтырып жіберейін бе?» Шал іштей кіжінді. Одан басқа қолынан келер ештеңе жоқ. Бойы тоңа бастады.

– Әй, қайдасың? – деді даусы қарлығып. Сыбдыр-сыбдыр. Құйрығымен кепкен жапырақты сабалап, қанден келді. Шарик сұп-суық тұмсығын қожайынының қолынан түрткілеп, жып-жылы тілімен бетінен жалап-жалап алды.

– Бірдеңе бар ма? – деді жолдасымен сөйлесіп отырған адам құсап. – Тапсаңшы әнеукүні жазушы огородқа бір-екі шөлмекті көміп жүр еді ғой. Қанден иесінің сөзін әдейі естімегендей құйрығын бұлғаңдатты.

– Бар деймін, – деп ақырып қалды. Қанден жалт беріп жоқ болды. Шал үш жыл бұрын боранды күні біреуге пеш салып екі бөтелке арақ, бір консерві, елу теңгеге бауырын көтермеген осы күшікті алған. Адал еңбегін қанден ақтап ақ жүр. Қанден жақсы өсті. Қолды-аяқты. Айтқанын екі етпейді. Шаруаға кірісіп кеткен кезде шалдың қолқанаты. Темекісін,

әр жерде қалдырған қалағын тістеп әкеп беріп жүреді. Тілі жоқ демесең бәрін ұғады. Төрт аяғы болғанымен, көрінде өкіргір енесінен ақылды боп шықты. Бұның бәрі өмірін бұзған қақпас енесі. Шал ішейін деп ішті ме? Әу баста араққа үйірлігі тіптен жоқ еді. Марқұм атасы ғой бұны ащы суға үйреткен. Қара жер хабар бермесін, жуас момын адам еді. Енесі екі иығын жұлып жеп, үйдің ішін алағандай бүлдірген кезде, қыста моншаға, жазда сарайға қонып, жүдеп-жадап жүретін еді. «Балам, ренжіме, жыңды қатын не айтпайды, кел одан да алып қояйық» – дейтін. Енді, мені көрмейсің бе? Марқұм атасының жолын қуып, Елемес те қыста моншаға, жазда сарайға қонып жүріп жатыр. Шал аспанға қарады. Толған ай толып тұрған сияқты. Түнгі аспан қара кебінін шешіп тастаған. Құс етті. Боп-боз. Жұлдыздар сирек. Жапырақтарды сытыр-сытыр басып, келе жатқан қанденге жалт қарады. Шариктің көзі айнадай жарқ-жарқ етеді.

– Күшігім сол, сен болмасаң қайтер едім. Бүгін түн өлетін едім ғой. Менің басымды ойлағаныңа рахмет. Үлкен іс бітіргенін шарик иесінің дауысынан-ақ білген. Әнеу күні шалды абақтыдан алып шыққан түні жазушы жігіт Ахат екеуі моншада отырып біраз сілтеген.

– Сенің осы қанденің Чеховтың «Каштанкасынан» мың есе артық. Осы итің туралы мен қатырып әңгіме жазамын деген. Көңілді, ештеңеге мойымайтын қайсар жігіт екен. Әй, өзі де бір молодес. Қырлы стақанмен сілтеген кезде қамшы салдырмайды.

– Аға, есіміз барда Шарикке көрсетіп, бір-екі жартыны огородқа көміп тастайық. Бас ауырып, балтыр сыздағанда қажет болар деп еді. Жазушы көпті көрген көреген екен. Айтқаны айнымай келді. Жас жазушы болса да бас жазуды жақсы білетін болып шықты. Ахат Шалдың моншасында бір аптадай тұрып, күндіз-түні жазуын жазды. Елеместің бір таң қалғаны «Әй, Ареке ептеп бірдене ұрттасаңшы шаршадың ғой десе. Жоқ, аға, ақ қағазға арақ ішіп отыруға болмайды. Бұл киелі қағаз деп қояды». Бір аптада киімдерін жуып, ауладағы пешке өз тамағын өзі істеп жап-жақсы болып қалған болатын. Кемпір емес пе, жас жігітті қуып жіберген. Қыстап шықса да болатын еді. Шал екеуі әңгімелесіп, шүйіркелесіп,

бір-біріне сеп болатын. Баласындай болып кетіп еді. Бала демекші Елеместің ұлы мен келіні көрші ауылда тұрады. Мотоциклмен жарты-ақ сағатта жетіп келеді. Екеуі де жұмыста, ұлы шахтада, келіні аспаз. Тұрмыстары жақсы. Көктемде бұзаулы сиыр сатып алған. Әнеукүні келіннің қолынан қаймақ жеп бір жасап қалған. Келін айналып кетейін бір жақсы бала. Айына бір-екі келсе де, үйді қағып-сілкіп тамақ істеп, атасының киімдерін жуып, шашы мен тырнағын алып беріп, таза көйлек кигізіп кетеді.

– Қызым-ау, келген сайын әуре боласың, демалсаңшы, қарағым.

– Папа, сіз жүдеп жүрсеңіз ел не ойлайды? Бізге ұят қой. Жұмыс-жұмыс дей бермей, бір мезгіл өз денсаулығыңызды күтсеңізші, – деген келіні жалынардай болды.

– Қызым-ау, мені сыйласаң сені құдай сыйласын.

– Ол не дегеніңіз, папа? Менің әкемді ұлыңыз жақсы көреді. Мен де сізді сыйлауым керек. Осы сөзді естігенде Шалдың жүрегіндегі ескі жараның аузы ашылып кетіп еді. Елемеске марқұм әкесі «Балам-ау, сен келіннің бетіне шешесінің қылығын қайта-қайта айтып баса берме, қайтсе анасы емес пе, көңіліне келеді. Ашындырма. Әйелді төменшіктете берсең, тілі шығады деп еді». Міне, енді көрмейсің бе ырың-жырың тірлік. Қартайған шағында өз үйінен пана таппай жүр. Әйтеуір, көңіліне бір демеу, жанынан бір елі қалмайтын қандені. Шарик туралы әңгіме де, анекдот та көп, тіпті қалаға келген Мәскеу циркінен ұрлап алынған үйретілген қанден деген қауесет те тұрады. Осындай сөздерге алғашқы кезде күйіп-пісетін. Ашуланатын. Қазір құлағы үйренген. Шал осы қандені үшін тәп-тәуір жұмыс орнынан айырылып қалды. Қарағай ішіндегі демалыс үйінде монша жағып, аула сыпыратын. Бір күні шет елден бір әйел келіп демалған. Мейірімді жан. Келген күннен бастап, Шарикпен достасып алды. Элизабет ханымның бауырмалдығы сондай, соңғы уақытта қанденді қойнына алып жататынды шығарды. Шал риза болып жүретін. Шет елдік әйел моншаға түседі дегенде, соншаның іші-сыртын тазалап, жаны қалмайтын. Өттең, тілін білмейді. Әйтпесе өзінің Шаригі туралы талай қызық әңгімелерді айтып беретін еді. Он шақты күн

өткеннен кейін қаладан екі адам келіп, Шарикті бір күнге алып кеткен. Елемес сол күні алаңдап ұйықтамай шықты. Ас батпаған, түстен кейін кешегі екеу Шарикті тор көз қорапқа салып, қайтадан алып келген. Елемес жүгіріп барған...

– Әй, онбағандар мыналарың не, сендердің? Менің қанденімді тұтқындағаннан саусыңдар ма?

– Әрі тұр, – деді жуан қара. – Бұл шетелге кететін ит. Әбден саулығын тексеріп, үсті-басын тазалап, құжаттарын жөндеп алып келдік. Енді сенің қанденің мұхит асып кетеді.

– Ой, әкеңнің, қайдағы мұхит, не сөйлеп тұрсың? Боса-тыңдар қанденді. Иесін көріп Шарик аянышты қыңсылады.

– Әрі тұр, – деп жуан қара кеудесінен итеріп қалғанда шал шалқасынан түсті. Орнынан атып тұрып қайта ұмтылды. Есік тарс жабылды. Елеместің жаны шығып кете жаздады. Шағын ағаш үйді айнала жүгірді. Терезесінен сығалады. Перде жабық. Ештеңе көрінбейді. Бір кезде жанағы екеу үйден шығып көліктеріне отырып жатыр. Жетіп барды.

– Інім, – деді ұзынтұрағы жаутаңдап. – Шарикті сендер не істемексіңдер?

– Бізге сенің қанденің көк тиынға керегі жоқ. Ана шетелдік әйел ертең өзімен бірге еліне ала кетпек.

– Оны не істейді? – деді даусы дірілдеп.

– Не істеуші еді, мүмкін еліне барған соң қарнын жарып, мүшелеп сататын шығар. Шалдың үстіне біреу мұздай су құйып жібергендей қалтырап кетті.

– Қалай, қалай?

– Әй, әрі тұр, – деді жуан қарын машинаның есігін жауып жатып. – Шетелге ит түгіл баланы да әкетіп жатыр.

Машина қозғалып кеткен.

Шал тұрып қалды.

– Батя, – Иығына ауыр қол сарт ете түсті. Күзет бастығы. Енгезердей. Ерініп әрең сөйледі. – Батя, сүйегің шашылып қалмасын десең, сен шетелдік қонақ жатқан үйге бір метр жақындаушы болма. Менің мінезімді білесің, сүйегіңді шашып жіберемін. Елемес безгек ұстағандай селкілдеп кетті. Ертістің жағасына барып отырды. Ой, Өле салғысы келген... Қанша уақыт отырғанын білмейді.

– Аға, аға, – деген дауысқа жалт қарады. – Ертістің жағасында от жағып жүрген жігіт «бері кел» дегендей қолын бұлғады.

Шал орнынан қозғалмады. Жігіт ерінбей төменге түсті.

– Ассалаумағалейкум, аға.

– Жүріңіз, аға бүгін қармағымды балық жақсы қапты. Сорпа ішейік, жалғыз өзіммен, – деп жігіт желкесін қасыды.

– Таңдай жібететін бірденең бар ма?

– Бір шерік самагон бар, аға. Бірақ, маған бүгін ішуге болмайды.

– Аурумысың?

– Жоға. Бүгін жазу жазатын күнім, сіз өзіңіз ептеп...

– Не, тақпақ жазамысың?

– Солай десе де болады. Екеуінің танысқан түрі осы болды. Балықтың сорпасы бапты пісіпті. Әңгімелері жараспады.

– Бауырым, өзің алсаңшы.

– Аға, сіздерде бүгінше қонып шығатын орын бар ма?

– Неге болмасын, бар менің бөлмем кең, ол жаққа кешкі алтыдан кейін ешкім келмейді.

– Ахат, – деді жас жігіт қолын созып. – Бізді ел жазушы деп атайды.

Шал міңгірлеп атын айтқан болды.

– Таныстық үшін. – Стақандар сарт-сұрт етті. Жазушы көңілді жігіт екен. Аңқылдап сөйлеп жатыр. Елемес шыдамады, болған жағдайдың бәрін айтып берді. Ахат ойланды. Тістеп алған. Үндемей.

– Не істейміз, бауырым?

– Ертең журналистерді көтереміз. Баспасөз мәслихатын өткіземіз. Әйтпесе болмайды. Шетелдіктер әбден басынып бітті бізді. Елемес оның бір сөзіне сенген жоқ. Тіпті, өзін мазақтап тұрғандай сезінді. Олар ішті кетті... Ахат дарылдап өлең айта бастады.

«Арманымнан уайым кештім,

Мендей саған тілемес бақыт ешкім.

Аяулым сүйе алмас мендей ешкім,

Арманымнан уайым кештім».

– Боташка, я тебя люблю, – деп айқайлайды. Жылайды. Жазушыны әрең жатқызған. Далаға шығайын деп келе жа-

тыр еді күзет бастығын көріп қалып, ішке қайтадан қалай кіргенін өзі де білмей қалды. Бұқа мойынның жұдырығы қатты. Үлкен-кіші демейді. Қағып-соғып жүреді.

Танертең ерте айғай-шудан оянды. Көзін тырнап ашқан екеуіне күзет бастығы діңкілдеп тұр.

– Әй, Шал, қанденің қайда?

– Шетелдік қатынның қойнында жатыр, – деді қырсығып.

– Жоқ, қашып кетіпті. Сен қай жерге тықтың?

– Сен үлкен кісіге қалай-қалай сөйлейсің? – деді Ахат.

– Әй, сен кімсің?

– Жазушымын.

– Бас жазушы шығарсың? Жүз грамыңды іш те, қанденді табуға көмектес. Элизабет ханым жылап жатыр. Кешке самолетпен еліне қайтуы керек. Шетелдік қонақтан ұят болады, – деді діңкілдеп.

Шалдың қолына кісен салып, қалаға алып кетті. Іздеу басталды. Жоқ. Қанден таптырмады. Қарағайдың ішін мелисасы бар, орманшылары бар, шенеуніктер қосылып қарап шықты. Жоқ. Қанденсіз Элизабет ханым жылай- жылай Отанына қайтты.

Шал өмірінде мұндай тозақты көрмеген шығар. Қаны басына шапты. Түрменің тар бөлмесінде аласұрды. Жүрегі ауырды. Бір кез көзі ілініп кеткен екен, кілттерді шалдыр-шұлдыр бұрап ауыр есікті біреу ашты.

– Шық, саған келіп тұр. Шалдың тамағына өксік тығылды.

– Аға, хал қалай?

– ?

– Жүріңіз, үлкен бастық күтіп отыр.

Кең бөлмеге екеуі кірді. Төрте отырған жас жігіт орнынан тұрып, бұларға қарсы жүрді.

– Ассалаумалейкүм, ақсақал! – деп қос қолдап Елемеске амандасты. – Отырыңыз, жоғары шығыңыз.

– ?

Майор бір түймені басты.

– Мағжан Елубекович, тыңдап тұрмын.

– Айнұр, бізге шәй әкел. Ақсақалға сүт қосқан, қою күрең болсын.

Шай ішкен болды. Нәшәндік шалдан қайта-қайта кешірім сұрап отыр.

– Шопырыңыз келіп тұр, – деген Айнұрдың дауысы шықты.

– Кірсін.

Сарт-сұрт етіп форма киген жас жігіт келді. Қолында – кітаптар. Ахаттың көзі жайнап кетті.

– Жолдас майор, менің кітаптарым ғой.

– Ахатжан, сенен қолтаңба алып, жеңгене бір мақтанбасам. Сенің шығармаларың бәрімізге ұнайды. Жаңа үлгіде жазасың. Саған комсомолдық бір тапсырма – өз елінен ешқайда кеткісі келмеген ақсақалдың қандені туралы қатырып бір әңгіме жазшы. Келістік пе? – деп күліп қойды.

Ахат қолтаңба берді.

– Машина апарып салсын.

– Рахмет, өзіміз жетеміз, – деді жазушы.

Шал үндемеді. Тіпті, қоштаспады да. Далаға шыққаннан кейін қатты бір үһілеп:

– Шарикті алып кетті ме? – деді жыларман болып.

– Жоқ таптырмады.

«Уһ». Шал ауаны толғап– толғап жұтты.

Қарағай ішіне келгеннен кейін бұқа мойын күзет бастығы бұларды қабағын түйіп қарсы алды.

– Сен шал, бүгіннен бастап бұл жерде жұмыс істемейсің. Табаныңды жалтырат. Біздің фирманың имиджін түсірдің. Сүйегінді шашып жіберейін бе?!

Шал үндемей, оны-мұнысын жинастырып, қалаға қарай бет алды. Іші удай ашиды шалдың. Көз алды – тұман. Ахаттың сөзін тындағысы да келмейді. Аялдамаға жақындап қалды.

Қанден үрді.

Шал тоқтай қалды. Аялдама жақтан арсалаң-арсалаң етіп Шарик жүгіріп келді де, иесінің екі аяғының ортасынан өте шықты. Құлағын жымитып алып, құйрығын бұлғандатып айнала шапқыласын.

– Әй, әй, тоқта деймін, иттің баласы!

Шал жылап жіберді. Қанденді біресе боктайды, біресе айналып-толғанады. Сол күні Ахат екеуі моншаның ішіне кіріп алып, әй бір, сілтеді-ау. Баласындай бауыр басып кет-

кен Ахатты қақпас кемпір қуды ғой. Шал тісін шықырлатты.
Қылқ-қылқ жұтты арақты.

Түнгі аспан. Ай қара бұлттан қашып жүр...

– Әй, Шарик, ана қақпасты сирағынан алып далаға лақтырып жіберсем, мені тағы да абақтыға қамай ма?

Қанден көзі жауандап иесіне қарады.

Күнді жұтып алған түн айды ұстай алмай қуып жүр. Жыртық-жыртық қара бұлт арасынан бұлтың етіп көріне қалған ай жарығы қанденнің жасаураған түймедей көздеріне түсіп-түсіп қалады. Иесінің тізесіне басын қойған қанден жауап қата алмайды.

– Мен мас емеспін, шындықты айтам, – деді күжілдеп.

– Осы сұмырай кемпір мені құртқан! Шешесінен аумай қалған, оңбаған қатын! Оның шешесі сенің шешең сияқты көрінген төбетпен ылығып, қаңғып жүретін, нағыз сука... жәлеп. Сенің шешең сияқты көрінген төбетпен...

Шалдың көзі жарқ етті. Қанден аяғынан жұлып-жұлып алды. Шалбары жыртылып, балтырынан қан шықты.

– Не істедің, иттің ғана баласы?!

Шалға жауап орнына қанден тісін ақситты.

Ай қашып жүр...

*Семей қаласы,
2005 жыл*

МАРАФОН

(Рок – новелла)

Екінші қабаттағы фойеге көтеріле берген сұлу қыздың көзі түйе жүннен тоқылған кеудеше киген жас жігітке түсті. Жігіттің қимыл қозғалысы (әсіресе, қыздар үшін) тіпті, қолын аузына апарып есінегеніне дейін өзіне жарасып-ақ тұр.

«Сол нахалдың өзі, шіренуін қарашы! Аузындағы сағызы не, деревня!»

Ол футболшыға тән жүрісімен ақырын басып буфетке барды. Өлдекімдермен бас изесіп амандасты да, кезекте тұрып, екі жүз грамм армиян коньягі мен «Ертегі» шоколадының біреуін алып, оқшау тұрған биік үстелге кеудесін аса орналасыпты. Рюмканы аузына апара бергенде, алғашқы қонырау шырылдады.

Қыз оның бар қимылын бақылап тұрған еді, онысын ешкімге сездірмеді. Дархан коньягін ішіп болды да, шоколадының қалған сынығын ұртына атып ұрып, көрермендер залына қарай беттеді. Алғашқы қатарға баспалдақпен жеңіл басып кетіп барады. Көзіне түскен бұйра шашын артқа сілкіп тастады. Сырт көзге тәкаппар, маңғаз. Екінші қатардың бірінші орындығына жайғасты. Жан-жағына қараған жоқ. Иықтарын қомдап қойды да, отыра берді.

Қонырау екінші рет шырылдады.

– Рұқсат па екен?

Жігіт орнынан үн-түнсіз тұрып, қызды өткізіп жіберді. Қонырау үшінші рет шырылдады. Артық жарықтар сөніп жатыр. Қыз жігітке тіл қатты:

– Есіңізде ме, сіз соқыр болғанда... мен...

Дархан қызға жалт бұрылып, қарқылдап кеп күлді. Артта отырған мәдениеттілер оны «жынданған шығар» деді. Спектакль басталып кетті.

...ОТЕЛЛО...»

«Венецияның көшесі. Түн».

«Жөнел, жоғал.

Өкпелеймін мен саған», – деп Радриго шыға келді. Қыз ұрланып жігітке қарап қояды.

... Театр орындығында қатар отырған қыз бен жігіттің арасында қызық оқиға болған еді.

Май айы, құралай салқынынан кейінгі мамыражай тірлік. Киім ательесінен – мамандар кеңесінен шыққан Айжан, аялдамаға келгенде абыржыған адамдардың үстінен шықты.

«Байқұс бала десеңші!»

«Ту, обалдағы-ай...»

«Қор болған жас».

«Мас болар...»

«Қой әрі, тілінді тарт».

Апарып тастасаңыздаршы, жалынамын. Мендей балаларыңыз бар шығар?

«Ту, обалдағы-ай, біреуің жеткізіп тастасандаршы». Айжан жігіттің кеудесіндегі «слепой» деген тақтайшаны көргенде не істерін білмей кетті. «Жап-жас жігіт, неткен бақытсыздық».

– Адамдар... жарық дүниенің иелері, мені қаланың шетіне баратын автобуска отырғызып жіберіңдерші.

Аялдамадағылар күңкілдесіп кетті.

«Автобус та осы қалада тым нашар жүреді... бізді қойшы, мынадай бейшараларға обал ғой...»

«Жаның ашыса апарып таста, сауап болады».

«Сауап тілеп сандалар... жайым жоқ».

«Ендеше, суырылма».

Орта бойлы арық әйелмен ұзын бойлы жас келіншек жүз шайысып қалды. Ұзын бойлы келіншектің ұрыс майданында ұзаққа баратынын білетін күйеуі сыраға деп сақтап жүрген екі сомына сеніп, такси тоқтатты. Қалтасынан «Вермуттың» ұзын мойны шығып тұрған тапал бойлы талтақ шал бір бүйірден килікті.

«Вот, дура...а».

«Кімді айтасың-ей, жаман шал!»

«Қарағым-ау, мен ананы айтып тұрсам».

Шал әлдеқашан қозғалып кеткен такси жақты мегзеді.

«А, сіз бе едіңіз». Орта бойлы арық әйел масаттанып сала берді. Жігіт зарлап тұр. Естіген адамның төбе құйқасы шымырлайды. Бүйірі жарылардай болған тор толы картоп көтерген жуан егде әйел аялдамадағыларға айғай салды.

«Ей, қайсың барсың? Ана байғұсты зарлатпай апарып тастасаңдаршы, бұндайлардың қалтасында ақша да болуы мүмкін... тым құрмаса таксиге отырғызып жіберіңдер».

Айжан шыдай алмай кетті. Жігіттің жанына жетіп барды.

– Жүріңіз...мен сізді жеткізіп салайын. – Қыз байқамай қалды, зағип жігіт қолынан мықтап ұстап үлгеріпті.

– Апарып салыңызшы, – жігіт жылап жіберуге шақ қалды. Осы кезде автобус та көшенің бұрышынан шыға келді. Аялдамадағылар шулап кетті.

«Апарып сал, айналайын...»

«Көргенді бала екен».

«Шапағаты тиеді... шапағаты» деп тапал дауыстап қалды. Қаланың шетіне баратын сары автобус орнынан ыңыранып зорға қозғалды. Жоғарыда бас түйісіп, төменде тау аяқтар құйтқандай баспаларды езіп, автобус іші базардағы еттің өшіретінен кем емес, айғай-шу. Айжан жанарынан айырылған жігітке қарамауға тырысады. Қараса болды өзі жылап жіберетін сияқты.

«Неткен бақытсыз жігіт еді». Қырықаяқтай қыбырлаған сары автобус іші қаладан ұзаған сайын адамдардан сейіле бастады.

Айжан жігіттен қай аялдамадан түсу керек екенін сұрамақ болып артына бұрылды. Жігіт жоқ.

«Қайда кеткен адасып кететін болды-ау».

Автобус ішіндегілерден сұрады. Ешкім үндемеді. Иықтарын қиқаң еткізді де қойды. Аялдамадан түсе беріп, іштен біреудің күнкілін құлағы шалып қалды.

«Мына қыздың есі дұрыс па, бізден жігіт сұрағаны, несі?»

Сол күннен бастап Айжаннан маза кетті. Бір түрлі бұйығы тартып, бұрынғы күлкісі өзінен-өзі тиылған. Бар ойлайтыны жанарынан айырылған жас жігіт. Бір-екі рет түсіне кірді. Бөлмеде бірге тұратын үш қызға болған оқиғаны айтып еді, олар да бастарын шайқап, аяушылық білдірді. Күн артынан күн өтті.

Күз келді. Жатақханаға бармақ болып Айжан автобуска отырды. Ығы-жығы. Жүргіншілер автобус ішінде өте көп. Айжан өзіне күлімсіреп, төмен қарап кеткен жігітті аңғарып қалды. Жүрегі дір ете түсті. Айжан дұрыстап қарады. Сол жігіт әлдекімдермен ымдап сөйлесіп әуре. «Мынау сол ма, жоқ па, соған ұқсас жан болуы мүмкін ғой...»

«Мына мылқау пәле болды ғой», – деп жүйкесі тозғандар күңкілдеп жатыр. Орындықта мығым отырған үйрек ауыз, ет жеңді әйел оған қызықтап қарайды. Қыз бен жігіттің жанары түйісіп қалды. Қыз:

«Сен қызықсың ғой... мұның не, енді...»

(Сол ма, сол емес пе).

Жігіт: «Сен сондай тамаша қызсың!»

(Айырылмау керек енді).

Қыз: «Неменеге қарайсың, керек едің сен маған?»

Жігіт: «Мен сенімен қалайда танысам, сүйкімді қыз!»

Автобус аялдамаға тоқтады. Айжан автобустан түсіп барады.

Мылқау жігітке тіл бітті.

-Қарындас, сәл кідіре тұрыңызшы.

«Боже мой!» Оны қызықтап қарап отырған етжеңді әйелдің жүрегі қысылып қалды. (Сірә, бұрыннан инфаркпен ауыратын болса керек).

Асығыс адамдар автобус ішіне ентелеп кіріп жатыр. Дархан сыртқа шыға алмай қалды. Автобус ілгері қозғалып кеткесін есікті ұрғылап, жүргізушіге айғайлады.

– Водитель, откройте дверь!..

Әйел есін толық жинай алмады. Оның дауысын естіген сайын «ah» деп жүрек тұсын укалайды. Адамдар қол орамалмен желпіп әуреге түсті.

«Антракт».

Жарық жанды. Көрермендер орнынан тұрып жатыр.

– Қарындас, қаласаңыз буфетке барайық, – деді жігіт.

– Ішімдікке әуессіз-ау, деймін?

– Мүлдем қателесесіз, өте жақсы жігітпін.

– Өзіңізді-өзіңіз мақтағаныңыз шынында, қызық екен?

– Мақтанғаным емес, ағымнан жарылуым.

– Сенбеймін сөзіңізге.

– Here?

– Сіз өте сүйкімді жігітсіз, бір қызығы өзіңізді соқыр да, мылқау да қылдыңыз. Бұныңызды қалай түсінуге болады?

– Айналайын, қарындас, мен ХХІ ғасырға дайындалып жүрген адаммын.

– Дайындықтарыңыздың нәтижесі қандай?

– О, не дегеніңіз, шүкіршілік. Пенде мен періштенің арасындағы жікті тапқандай болдым.

– Айтпағыңыз не сонда?

– Сізге қалай ғана түсіндірсем екен, мысалы бір аялдамадан сіздей періште таптым.

– Бағалауыңыз тым артық емес пе?

– Сізде адамгершілік, ар, сезім, инабат барына табынамын.

– Қойыңызшы... рас па? Қыз мырс етті. «Рыцарь».

– Сізге жасандылық атаулыдан аулақ болған жөн.

– Жасандылық жан ауруының қозғаушысы.

– Соңғы сөзіңізді тұңғыш рет естіп отырмын. Ойлы жан екенсіз.

– Ашық түрде таңданғаныңыз маған қатты ұнады, айналайын, мен сізді бүгін қонақ қыламын.

– Сізге қонақ болу, мен үшін зор бақыт!

– Мен қуаныштымын!

– Сіз қай жерденсіз? –деп сұрады.

– Саржалдың жігітімін.

– О.., – Қыз таңқалды.

Спектакльдің екінші бөлімі басталды. Жігіт пен қыз бір-біріне ұрланып қарап қояды.

«Бойы сәл биік болса ғой; ұзын бойлы жігіттер көрнекті болады».

«Боянғаны жаман екен... Қайран жусан иісі аңқыған қазақтың қыздары...»

Шымылдық баяу сырғып барып жабылды. Көрермендер сахнаға Шекспирдің өзі шығып, рольде ойнаушыларға ілтипат көрсетіп жатқандай дуылдата қол соғып қошемет көрсетті. Киім ілгішке қарай сабылыс басталды. Көрермендердің ең соңғы көмбесі де сол. Екеуі үн-түнсіз киім ілгішке жақындады. Дархан қызға қарап тіл қатты:

– Сіздің нөміріңіз нешінші? – «340»

– Менікі «341»

– Қызық екен...

– Кәне, маған беріңіз, мен көрейін.

Жарты сағат шіретте тұрып жігіт қыздың шотыландық жеңіл курткасымен, өзінің жапондық жеңіл плащын алып шықты. Олар театрдан шыққанда күздің алғашқы жылы жаңбыры жауып тұрды. Ұсақ тамшыларға алақанын тосқан қыз жанарында тұнық нұр шапақ шашқандай болды. Көрермендер тарап жатыр. Қала түнгі әніне басқан... момақан тірлік... көшеде зулаған машиналар. Қыз жігітті рұқсатсыз қолтықтап алды.

– Сіз бақыттысыз, – деді жігіт.

– Рахмет сізге... біз мынаған келісейік: бірінші танысайық, екінші спектакльден алған әсерлерімізді әңгімелейік.

– Кешіріңіз 1:0.

– Айжан.

– Дархан.

Жандарына шиқ етіп такси тоқтады. Таксист терезеден басын шығарып, бұларға айғай салды:

– Әй, соқырсыңдар ма, түге!

– Кешір, батя.

Екеуі сықылықтап күліп жолдың арғы шетіне жүгіріп өтті.

– Егер, Айжан, қаласаңыз жаяу барсақ.

Қыз алақанын жаңбырға тосып сәл ойланып қалды.

– Бала кезімнен жаңбырды ұнатам, сондықтан ұсыныс қабылданды.

– Айжан, айып болмаса қайда оқисыз?

– Педтің физматында.

– Джеймс Клерк Максвеллдың теориясы жөнінде мағлұмат бересіз бе?

– Қойыңызшы, мен әлі екінші курстамын.

– А, солай ма?!

Қыз оған наздана тіл қатты:

– Дархан, мүмкін болса, «сен» деп сөйлесейікші. Сіз деген адамды бір түрлі алыстатып тұрады екен.

– Ризалықпен құптаймын.

Екеуі екі ойдың жетегіне еріп, үнсіз келе жатыр.

«Осыным дұрыс па?.. Театрдан шыға сала, бұрын білмейтін жігіттің үйіне келе жатырмын».

«Тамаша! Жүрісінде бір ерсілік бар, әйтпесе, нағыз періште... аяқтарын салтанатпен басса ғой...» Екеуі шағын үйдің жанына тоқтады.

– Менің үйім осы.

– Үйдегілерден ұят болып жүрмей ме?

– Қысылманыз, әзірге құдай жалғыз, мен жалғыз. Осы үйде өзім ғана тұрамын. Қалтасынан кілт алып, үйдің есігін ашты. Ауызғы бөлмеге шешініп, төрге озды. Төргі бөлменің қабырғасында кітап сөресі сіресіп тұр. Еденде араб кілемі, дәл ортада екі кресло мен журнал столы тұр. Екі креслонь аяқ жағында аңның терілері жатыр. Күнгірттеу бөлмені Айжан көзімен шолып өтті. «Феодал XX века».

– Қалай, кітап авторларымен таныстың ба?

– Иә, – дей салды қыз.

– Қаласаныз бір уақыт келіп, оқып отыруыңа толық мүмкіндік бар. Саған рұқсат.

– Осының бәрін оқыдың ба?

– Кант, Ницшенің туындыларынан басқасын оқыдым, ол екеуін оқуға жүрегім дауламай жүр.

– Неге?

Ницше Кантты жек көрген деген қауесет бар...

– Дархан, мен сенімен дауласа алмайтын шығармын.

– Онда екеуіміздің арамызда Фауст пен Вагнердің арасындағы тартыс та туып қалар ма еді?

– Айжан, сен отыра бер, мен тамақ әзірлейін.

– Мен саған көмектесейін.

– Ықыласыңа рахмет, сен одан да светомузыка тыңда.

Дархан қолын созып, кітап сөресінің үстінде тұрған жапондық магнитофонның клавишін басты.

«Ирапшын» ансамблі жеңіл-ырғақты бастап ала жөнелді. Жарқ-жұрқ еткен қызыл-жасылды жарық. Дархан журнал үстелдің үстіне «Ассорти» шоколады мен мексикалық шампан және бір бөтелке (басталған екен) коньяк, кара уылдырық, кесілген шұжық қойды.

– Мынаның бәрін кім ішеді?

– Келген қонақ дастарқанды ашық түрде сынамас болар. Кофе қайнағанша осымен алдана тұрайық. (Ол өтірік айтты, тіптен кофені қайнатуға қоймаған еді).

– Кінәлімін.

– Айжан, өзім нәзік жандарды жеңіл шараппен сыйлағанды ұнатам. Олар менің осы ойымды дұрыс түсінер деген үмітім бар, сондықтан сізге тек шампан ғана құямын.

– Үмітіңіз ақталады. Ойымыз бір жерден шықты.

– Таныстығымыз үшін алып қоялық.

Айжан мен Дархан хрусталь бокалдарды соғыстырды. Музыка тұңғиығына батып алған.

Жарқ-жүрк еткен жарық.

– Дархан, мен саған таң қалам, сен маған білімді адам боп көрінесің.

– Айжан, мақтауымды тым асырып жібердің ғой, білім меніңше шексіз мұхит сияқты. Сол мұхитқа ескексіз қайықпен түсіп кеткен жоқпын ба деп қауіптенем...

– Ұқпадым... ойынды ашып айтшы.

– Оның бәрін қойшы, Айжан, өзің туралы айтшы?

– Не айтсам екен, осы физматқа түскеніме өкінем, әйелдерге көйлек тігудің шебері болсам деп армандаймын.

– Символика... сен маған осы сөзіңмен қатты ұнап қалдың. Қыз жанары жарқ етті. Жүзінде нұр ойнап шыға келді.

– Дархан, билейікші.

Айжан, дәл қазір сенімен билегім келмейді. Сен осы күйі синтетикалық қуыршақ сияқтысың.

– Түк түсінсем бұйырмасын, бұл не маскара!

– Билегенше, әңгімелесіп отырайықшы.

– Онда, – деді Айжан көздерін төңкеріп, – мен саған сұрақ қояйын:

а) – Қайда оқисың?

б) – Қандай мамандық иесі болмақсыз және қысқаша өмірбаяныңыз туралы мағлұмат бере кетсеңіз?

«а» – Бәлендей мамандығым жоқ, бар болғаны орталық моншада от жағушы болып істеймін.

«б» – Сурет салуға құштармын. Швейцарияда тұмағаныма өкінем.

– Неткен ұлылық!

– Қойшы, айналайын, не болса соған тандана бермей, одан да кел алып қоялық. Сенің денсаулығың үшін, Айжан!

– Рахмет.

Екеуі үн-түнсіз күлімсіреген қалпы тағы ішіп салды. Дархан қызыңқырап қалды. Қыздың бойына жеңіл шарап тарап, жанын балқытты.

Музыка ойнап тұр.

Жарқ-жұрқ еткен қызылды-жасылды жарық.

– Айжан, сен жар болуға дайынсың ба?

– Қалай айтсам, өмірден өз Прометейімді шарқ ұрып іздеп жүрмін.

Олар бір сәт үнсіз қалды. Үнсіздікті Дархан бұзды.

– Біз бәріміз де Гамлетпіз.

– Ой, ұрлап сөйлеп отырсың.

– Оның рас, бәрін де қойшы: жүр мен саған өзім салған суретімді көрсетейін. – Дархан қыздың қолынан ұстап, ауызғы бөлмеге келді. Қабырғаның бетін жауып тұрған ақ шүберекті ысырып қалды.

– А... аа!

Айжан оның «Жылан арбаған әйел» атты полотносын көргенде шыңғырып, төр үйге қарай тұра жүгірді.

– Шедевр... шедевр, – деп күбірлеген күйі креслоға барып отырды. Дархан (ол рюмкамен емес, бокалмен ішіп отырған) коньяктан тағы ішіп салды да, магнитофонның кассетасын ауыстырды. Музыка құтырынып ала жөнелді. Дархан жұмсақ креслода отырған қызға тұңғыш рет сұқтанып қарады. Еріні уылжи ашылып қалған, кірпіктерін жиі қағады. Велюр көйлегінің өңірін тырсылдата теуіп отырған қос анары дем алған сайын дір-дір етіп, ес кетіреді. Толқып отырған қыз жүрегі өзіне қарай еңкейіп келе жатқан жігітті көргенде алқымына тығылды. «Сүйші, Дархан, мені аймалашы. Сен сондай жақсы жігітсің». (қыз жүрегі мен еріні алғашқы сүйісті тағатсыздана күтті). Ұзақ күтіп отырды да, көзін ашып жіберді... ғажайып. Дархан сол қолын бүйіріне таянып коньяк ішіп тұр. Қыз орнынан ұшып тұрды... ыза боп кетті.

– Айжан, саған не болған?

– Мен кетем!

– Here?

- Жатақхана жабылып қалады.
- Отыра тұр. Қазір вокзалға барып бір вагон көмір түсіреміз. Ақша табу керек.
- Стипендия алам ғой, – деді қыз.
- Ол не болады? Жазда Мәскеуге «Олимпиада-80» баруымыз керек.

Қыз үндемей қалды. «Жынды ма мынау».

Дархан білегіндегі «кварц» сағатына қарады (Сағат таңғы беске бес минут қалыпты).

- Таң атуға біраз уақыт бар.
- Сен мені әбден жалықтырдың.
- Қаласаң, мен саған скрипка ойнап берейін. «Жетпегені сол еді енді»,

Дархан скрипканы қолына алды да, Паганинийдің шығармасын ойнап кетті.

ПАНОРАМА: Асау толқынды теңіз жағасы. Гүлді жағалаудамың сан көбелектер ұшып жүр. Теңіз бетінде жалғыз шағала біресе төмен құдилап... біресе жоғары шарықтап шарқ ұрып жүр... Жағалауда сан мың көбелектер... бейне бір алуан гүлдер үзіліп, желмен ұшып жатқандай... Сан-мың көбелектер. Жалғыз шағала...

- Дархан... а... Дархан! – Не?
- Мен әбден жалықтым.

Дархан скрипканы тізесіне бір салып, лақтырып жіберді.

- Оның не сенің?

Айжан оған үрке қарады. Көзі шарасынан шығып барады.

- Сені жалықтырмау үшін, аймалап, жылы-жылы сөздер айтуым...

- Не смейте!

Шынында, солай ғой, жылы-жылы сөйлеп жандарыңды өтірік болса да аялап тұрғанды қалайсыңдар. Жасанды аялаумен жандарыңды ауыртқандарыңды кеш, өте кеш түсінесіңдер.

- Доғар енді! Тындағым келмейді.
- Мен гениймін.
- Жоқ, сен Қожанасыр мен Дон Кихоттың қалдығысың.
- Ха...ха...ха...ол да мүмкін.
- Мен кетем...

– Бара бер...

– А, солай де фразэр!

Қыз сыртқа ұмтылды. Асығыс киініп жатыр. «Дурак XX века. Қазір-ақ, алдыма кеп кешірім сұрап жалынарсың». Дархан құтырынған музыканы күшейтіп қойды да, билей жөнелді. Музыка ойнап тұр. Жарқ-жұрқ еткен қызылды-жасылды жарық. Айжан үйден шығып бара жатып күлді. Неге күлгенін өзі де білмейді.

Сөгілген құс жастықтың мамығындай аспаннан ақ ұлпа қар жерге қалықтап қонды. Дүние аппақ. Қала іші көңілді. Әкетіп бара жатқан аяз болмаса да адамдар қысқы тондарына оранып алған.

Дархан күнделікті жұмысына барып жүр. Әзірге жұмысы тыныш. Айжан бір сәт ойынан кеткен емес. Үйіне келгенде тіпті байыз таба алмайды. Сурет салады, новелла жазады, бірақ Айжан бейнесі көз алдында тұрады.

Күндер өтіп жатты. Айжан да оны ұмыта алмады.

Бірде бөлмеде тұратын бір қызбен театрға барған. Бірінші қоңырау соғылысымен көрермендер залына кіре бергенде қарсы аддынан Дархан шыға келді. Басын изеп жанынан өте шықты. Жұмсақ орындыққа жайғасысымен өз ойымен өзі боп кетті.

«Қазір-ақ, арсалаңдап жетіп келерсің... Мұнымен дұрыстап сөйлеспеуім керек. Ана күннен бері бір іздеп келген жоқ... «Д'Артаньяншылын бұның!...»

Антракта Дархан келген жоқ.

Жатақханаға келісімен қыздар дайындап қойған тамаққа қарамастан төсегіне жатып қалды. Кірпігі айқассашы.

«Неге келмедің, Дархан... Сен неге қыздардың жаны дөрекілікті емес, аялауды қалайтынын түсінбейсің... түсінесің, бірақ...»

Түннің бір уағында барып ұйықтап кетті. Сол күннен кейін қыздар қаншама рет театрға билет алып келсе деп ол бармады. Өзімен-өзі бір күй кешіп, кісі киіктеніп, онаша жүретінді шығарды.

Группаларында бір қыздың туған күні болатын болған соң, дос қызы екеуі сыйлық алуға галантерейлік магазинге барды. Айжан кассаның алдында шіретте тұрған Дарханды көргенде жүрегі шым етті. Жанындағы қыздың жеңінен тартты.

– Қарашы, анау тұрған жігітті көрдің бе?

– Қайсы, анау... ұзын... бойлы мұртты ма?

– Жоға, кассаның алдында үшінші тұрған.

– Ақ шарф таққан әне біреу ме?

– Иә, сол, мен сыртқа шығам, сен ол жігіт осы магазиннен шығар кезде маған белгі бер... келістік пе?

– Жарайды, – деді аң-таң болған дос қызы.

– Жарайды.

Айжан далаға шықты да, қолындағы шағын сумкасының замогын ағытып, ішін ақтарып жатыр. Сырт көзге тіптен жәй ұсақ-түйек затын таба алмай тұрған сияқты. Көзінің астымен шынының ар жағында тұрған дос қызына қарап қояды. Ол қолын көтерді. Бұл белгі еді. Сумкасының аузын ұқыптап жапты да, баспалдақпен ақырын басып төмен түсті. Жүрегі лүп-лүп соғады. Магазиннің шыны қабырғасынан байқап қалды. Дархан артында адымдап келе жатыр. «Полный порядок».

«Токтасам қайтеді жо... жоқ... алдыма кеп жалынып, өзі токтатсын»

«Айжан, бұл сен бе едің, аяғың қисық екен ғой, жарқын-ным... Токташы». Жігіт жүрегі дүрс-дүрс соғады.

Титр: Магазиннің қабырғасына қойылған Электроника 407 телевизорында.

Қасқыр қоянды қуып барады. Қоян қашып бара жатып, құрып қойған қақпанның екі ортасынан зу етіп өте шықты. Ал, қасқыр аяғын алғанша қақпанның шаппасы шарт етіп жабылды. Қоян мазақ қылып, күледі. «Ну погоди, заяц!»

Айжан келе жатып, аяғы тайып кетті де, құлап түсті. (Бұнысы қисынбайтын еді).

«Неткен жасанды едің, Айжан».

«Көтерші мені, Дархан».

Жігіт құлап жатқан қызға бұрылып бір қарады да, басын шайқап алдыға қарай жүре берді.

«Неткен жасанды қылық».

Айжанды серуендеп жүрген кемпір мен шал көтеріп алды.

Шал: «Қызым-ау, байқасаң етті».

Кемпір: «Осы сендердің түптеріңе осы биік өкше етік жетеді, қайдағыны қайдан шығарады... осылар мода еместі мода ғып... Жазым бола жаздадың ғой... еш жерің ауырған жоқ па?»

Алқынып дос қызы жетті.

«Не болды саған».

– Соқыр, нағыз соқыр! – деді Айжан.

Кемпір мен шал ештеңеге түсінген жоқ. Бастарын шайқап жөндеріне кетті.

«Соқыр, нағыз соқыр».

Дос қызы түсінген жоқ.

Адамдар асығыс басып өтіп жатыр.

Қыс түсті. Жұмыс ауырлады. Дархан Айжанды бір сәт ұмыта алған жоқ. Бүгін де ол жұмыстан шаршап шықты. Шаршағаны соншалық үстіндегі жұмыс киімін ауыстыруды да ұмытып кетіпті. Ұзақ жүрді, бір кезде қараса педагогикалық институтының жатақханасының алдында тұр.

«Айжан... Айжаным менің, мен саған бүгін қалай да жолығам». Жатақхана ішіне кіріп, вахтер кемпірге «жылу жүйесін жөндеймін», – деп ішіне енді. Баспалдақпен жоғары өрлеп бара жатып: түсіп келе жатқан бір қызды тоқтатты. Қыз бұның өне бойын шолып өтті. «Деревня».

– Не керек сізге?

– Айжан деген қыз қай бөлмеде тұрады?

– Қай Айжан, қай курс, қай факультетте оқиды?

– Ұмытпасам физматтың екінші курсында.

– Білем, білем, бір курста оқимыз.

Қыз бұның өне бойын қайтадан шолып шықты. – «Олар «413»-ге тұрады».

– Рахмет сізге, бақытты болыңыз.

Қыз үнсіз басын изеп, төмен түсіп жүре берді. «Қайдан көрдім осы жігітті, тіптен таныс...»

«413»-бөлменің алдына кеп аз тұрды. Есікте откриткаға фламастермен бөлмеде кімдер тұратыны жазылып жапсырылып қойыпты. Ақырын қақты.

«Кіре беріңіз», — деді іштегі дауыс.

Есікті ақырын ашып ішке енді. Екі қыз тоқыма тоқып отыр. Біреуі екі қолын желке тұсына қойып, қабырғаға арқасын тіреп, қалың ойға шомған. Кіріп келген бұған сол ойшыл қыз ғана одырая қарады. Сосын қолын паровойға созды да, тартып ала қойды.

– Сізге кім керек? – деді ол.

Тоқыма тоқып отырған қыздар да бастарын көтерді. «Айжан... айналайын»... «Дархан... өнім бе, түсім бе?»

– Қыздар, Айжанды оңаша қалдыра тұрындаршы. Қыздар аң-таң.

– Қыздар, мен сендерге айтып тұрмын ғой...

Қыздардың көздері бағжиып аң-таң күйлері бөлмеден шығып кетті.

«Мынау жынды ма өзі?»

– Немене айтуға келдің бұл күйінде?..

– Менің сыртым лас болса да, жаным алмас.

– Такпақтауын... не айтасың... айтта кет, мен сені көргім келмейді.

– Сен маған күйеуге шығасың ба?

– Не?

– Күйеуге шығасың ба, жоқ па?

– Мәссаған, сен не?

«.....»

– Сен не... не...

Қыз абдырып не істерін білмеді. Жігіт сұрағын қайталады.

– Бірден қалай айтам?!

– Соңғы рет сұраймын. Күйеуге шығасың ба, жоқ па?

Қыз: – Жоқ.

Жігіт: – Сау бол, онда!

Керзі етігін құрп-құрп басып шығып кетті. Еденде етіктің батпиған қап-қара іздері қалды. Айжанның көздерінен мөп-мөлдір моншақтар мөлт-мөлт етіп, омырауына шашылып түсіп жатты.

Азалы ақ көрпесін тастаған қара жер көк желеңге оранып қыз қылықтанып шыға келді. Жұмыстан қолы босаған Дархан сурет салады... Бірақ немен алданса да, Айжан бейнесі көз алдынан бір кеткен емес.

Театр қысқы маусымын жергілікті драматургтың спектаклімен аяқтайтын болды. Театрға автордың таныстарымен қала халқы ағылды. Дархан да сол күні театрға барды. Көрермендер залына кіріп бара жатып, Айжанды бетпе-бет кездестірді. Айжан жалт бұрылып халықтың арасына кіріп, бұған көрінбей кетті. Антрактта екеуі тағы ұшырасты.

– «Айжан, айналайын Айжаным...» «Дархан... неге жүдеп кеткенсің...»

Жігіт жанары: «Айналайын, мен сені сағындым... сағындым...»

Қыз жанары: «Дархан, неге жүдеп кеткенсің?» Қыз жалт бұрылды да, қаша жөнелді. Жігіт соңынан еріп келеді. Айжан далаға шықты.

Қала түнгі әуеніне басқан.

Жігіт қызды қуып жетіп, қолынан тартты.

– Айжан, тоқташы!

– Жібер деймін мен саған... сені көргім келмейді. «Дархан, сені сағындым».

– Айжан,.. Айжан, тоқташы түсіндірейін, сені сағындым... сені шын сүйемін, талай түндер түсімде көрдім... не сенбейсің бе? Сөйлесейінші, тоқташы, сен не... (құшақтамақ болады).

Дархан, сен мақтаншақсың, ылғи бөсесің де жүресің, өзінше море болып... бар жүре бер, кеттің ғой сан рет өз бетіңмен.

– Айжан!

«.....»

Қыз асфальт жолды тақ-тақ басып, алдыға қарай жөнелді. Дархан жүгіріп барып қарсы тұра қалды.

– Былай тұр деймін мен саған!

– Кетпеймін.

– Кетесің, кеткенде қалай...

«Дархан мені сағынғаныңа сенем... сен сондай жақсысын».

– Айжан, айналайын...

– Қойшы енді, – Қыз даусы мұнды шықты.

Екеуі үнсіз қалды. Айжан алдыға түсіп жүріп кетті. Дархан соңынан еріп келеді. Олар тоқтады. Шлагбаум түсіп, пойыз дүрсілдеп келе жатыр.

Жігіт жүрегі дүрс-дүрс соғады.

Қыз жүрегі лүп-лүп соғады.

«Дархан... Дарханым менің...»

«Жаным менің, Айжаным!»

Қыз көзін жұмды. Дархан оны құшақтап ернінен сүйді.

Қыз ерні әуелде сұп-суық боп тиді де, бірте... бірте... жігіт жаны отқа тақағандай балки түсті. Қыз көзін жарқ еткізіп ашқанда, жігіт ернін жұлып ала қойды.

Қыз қайтадан жігіттің мойнына ақ білегін асып, ернінен батылсыздау сүйді. Қос ерін уылжи ашылып, ақырын-ақырын от демін шығарады. Жаңбыр құйып өтті де, қоя қойды. Найзағай ойнады. Шлагбаум көтерілді. Машиналар ағылды. Екеуі ештеңеден бейхабар... машиналар бұларға сигнал береді... олар қозғалмады... машиналар айналып өтіп жатыр. Қыз сықылықтап күлді де, қаша женелді. Жаңбыр тағы жауып өтті. Жарқ етіп найзағай ойнағанда екеуі анық көрініп қалды. Қыз қашып, жігіт оны қуып барады...

Қыз: «Сен мені шын сүймейсің... сүйсең аялар едің»... Тағы-тағы – жанжалды дауыс.

Автор күбірледі: «Солар ғой... солар...»

Өзі асыға басып келеді.

1981 жыл, 14 март.

Саржал

МОНШАШЫ, «ҰРЛАНҒАН ҚАЗДАР» ЖӘНЕ МЕН

Ол кісінің азан шақырып қойған аты Ержық болса да, біреудің тобығынан шалып немесе жағасынан алып жанжалдасып жатқанын көрмеппіз. Тіпті, бүкіл ауылда көрген-білген жан жоқ. Болса естір едік қой...

Бозбалалық шағы сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде өтеді. Ағамыз үйленеді. Ел-жұрт таңдайларын қағып, бастарын шайқап, жағаларын ұстауға шейін барады. Өйткені, Ержық ағам Кавказдан көшіп келген Отто деген неміс шалдың күнбағыс мінезді, көркіне көз тояттайтын, қол-аяғы балғадай Лея деген жалғыз қызын алады. Бірге түтін түтеткен ширек ғасыр уақыт ішінде жеңгіміз жоспарынан жаңылмай тура он бір құрсақ көтереді. Қандай құпиясын барын бір құдайдың өзі білсін, балалардың біреуінің не көзі, не шашы нағашы жұртына тартпады. Жеңгіміз әлде риза болғаны, әлде ренжігені белгісіз былай дейді екен-мыс: «Құдайдың бергеніне шүкіршілік, әу баста қыз тапқым келіп еді... Ақымақ басым, байымның тілін аламын деп... Енді, міне, бай да жынды, бала да жынды, шашым ағаратын болды. Айтайын десең елден ұят, қазақ десең өзіңе тиеді...»

Ержық ағамның арғы ата-бабаларында батыр, барымташы, сал-сері, ұры-қары көп болған деседі. Ол жағын анық таратып айтып бере алмаймын. Естігенмін. Ерағамды айтам, мен еңбектеуді қойып, ес біліп жүре бастағанымда ауылымыздағы тас моншаны жағатын. Бұл анық...

...Сол жылы мен тағы да КазГУ-дің журфагіне түсе алмадым. Сосын ауылға келіп орталық жемшөп дайындау цехына дробильщик болып жұмысқа кіргем. Ұмытпасам 1978 жылдың январының он төрті күні ғой деймін. (Сол күні біздің цехтың жігіттері бүгін жаңа жыл дегі бір сомнан ақша жинап жүрген. Көпшілік жылудан жырылып қалмайын де-

ген ниетпен мен де қосылғанмын. (Диірменіміз бұзылып қалды да жұмыстан ерте шығып кеттік. Үйге қарай еріне басып келе жатып көзім ұзын мұржасынан қою қара түтін будақтаған моншаға түсті. Пендешілік дегенді қойсаңызшы! Ерағаммен келісіп кешке моншаға түсіп алғым келді. (Әри-не тегін емес.)

Саңылауынан бу шығып жатқан жабулы есікті жұла аштым. Тұман. Ештеңе көрінбейді.

– Ераға-ау, мен келдім, – дедім міндетсі дауыстап. Жауап болмады. Тағы да дауыстадым. Тым-тырыс. Ер ағам жоқ. Жылжыдым. Аяғым жұмсақ бірдеңеге тірелді. Еңкейдім. Сұмдық... Ерағам алдымда жатыр. Шошып кеттім. «Аға, аға тұр... тұр...» Үн жоқ. Кішкентай өткір көздері аспанға қадалып қатып қалыпты. Сыртқа ұмтылдым. Айғай салып жүгіріп келем. Анандай жерде күпәйкесінің арқасы кислотаға күйген Аққозы деген механик жігіт келеді екен, тоқтай қалды.

– Ей, не болды-ей, қағынып кеттің бе, тал түсте айқайлап.

Жанына жүгіріп бардым. Дауысым шығар емес. Ол қабағын түйген күйі қалтасынан қорабының быт-шыты шыққан «Прима» алып шықты да:

– Мә, – деп темекінің майға малып алғандай бір талын ұсына берді.

– Жо-жоқ... тарт... анда Ержық аға... өліп жатыр.

– Не?– Механик Аққозының қолдары дірілдеп кетті.

– Ана жақта, моншада Ержық аға өліп жатыр, – дедім аптығып. «Қой... бағана ғана...»

Ол да мен сияқты қорқақ екен, темекісінің күлін шаша-маша екі аттап, бір тоқтап монша жаққа қарай бет алды.

Екеуміз де тірі жан емеспіз бе, ашық тұрған есіктен ішке үнілдік. Ол алда, мен артта.

Қайран Ержық ағам! Насыбайын ернінің астына тастап жіберіп, ышқырын бір көтеріп жүре беретін. Қайран, Ержекең, ажалың тас моншада жетті-ау?!

Ержық ағамды айтам, ойдың түлкісі мен қырдың түлкісіндей екі мінезді, қызық адам еді. Анада байғұстың менімен қоштасқаны екен ғой. Кешкілік гитараны тыңқылдатып жалғыз отырғам. Үйге кірді. Электр шамы жарқырап тұрса да маған күн сала қарады.

– Қал жақсы ме-ей, ұл?!

– Ассалаумағалейкум, Ержеке.

– Уағала... жоғары шығайын ба? – Менің «жоғары шығыңызды» айтқанымша Ержекең, осы марқұм моншашы етігінің ізін еденге баттитып жоғары шықты.

– Өлеңді көститіп отырсың-а, бала.

– Иә, көститіп отырмын, – дедім әдейі.

– Дұрыс, оның. Сен анада бір өлең шығарыпсың. Құдай тілеуіңді берсін, Тақан шырағым, соны былай, айтып жіберші бір, құлағымның құрышын қандырып.

Бәлсінген жоқпын. Гитараны «сабап-сабап» алдым да «керзвивыйлау» даусыммен барылдатып ала жөнелдім:

Ассалаумағалейкум, тас склад,

Есік пентерезеңнен жел ысқырат.

Ішінде бүрсеңдеген біз пақырға

Бір құдайдан басқа кім пысқырат.

– Ой, маладес, маладес. Ише екінші аузын айт. Ой, маладес! Ержық ағам орнында бір-екі қопандап қойды.

Үйіліп тоннасымен арпа жатыр,

Дравильщик жұмысшы біздер пақыр.

Күніне бес тоннадан тартсаң-дағы,

Бұл не деген бітпейтін дәнді дақыл.

– Ой, Тақаным-ау, сол, құлағымның құрышын бір қандырдың ғой. Ой маладес! Көк, көк... түү, мына жөтелі бар болсын. Ал, Тақан, бұл өлеңді жуу керек қой, ә?!

Мен орнымнан тұрдым да шкафты ашып едім, орта бөтелке ақ арақ тұр екен. Қырлы стаканға орталап құйдым да Ержекеңе ұсындым. Оң қолымен стаканды аузына апарып котара салды.

– Түү, саған деймін... сасқанымнан тілек те айта алмаппын. Тағы құй, бірдеңе деп жіберейін. – Мен тағы да құйдым.

– Ал, Тақан шырағым, мықты азамат бол. Азамат болғанда мына ағанды ұмытпа. Баяғыда осындай ағам болып еді деп шимайыңның бір жеріне қыстырып жібер. (Көзін қысып, ышқырын көтерді). Мықты, азамат еді де. Сен негізі маған бөтен емессің. Қайран, Бимәрім апам өліп қалды ғой, содан кейін алыстап кеттік. Араласпағанымызбен Мариям тәтем мен Төкен ағам мен десе ішкен асын жерге қояды. Да-

вай, ол кісілерді ренжітпе. Ренжітсең мойнынды бұраймын, күшік! Төкен ағам ауырады ғой, ол кісінің жүрегі ауырады. Оны сен білесің бей-а, ақымақ, оқитын баласың ғой, ағаның арқасында. Баяғыда шешем марқұм: «Оқы, оқуға түсірейін» дегенде, мен дурак оқымадым ғой... Ендігі бір ферманы бас-карып жүруші едім. Солай ма, ей, ұл?!

– Солай ғой, аға, солай.

– Әй, Тақан, сен осы үйдің өңге балаларындай емессің. Ашық-жарқын, қалжыңбас, жақсы жігітсің, Тек сенің... – Ержық ағам күмілжіп, қолындағы стақанын жоғары көтеріп аузына апара берді де көзін қысты. Маған айтар «тілек» – өз жайына қалды.

– Ал, Тақан, сый-құрметіңе рахмет. Мен моншаға барайын. Маған сол күйе-күйе моншадан басқа не қалды дейсің, шырағым... Мен өз көшімнен өзім қалып қойдым ғой, шырағым. Аға, тәтеге келіп, ептеп ұрттап кеткенімді айтарсың. Ол кісілер ренжімейді. Төкен ағам асыл адам ғой. Осы ауылда сол кісінің жақсылығын «көрмедім» деген адам жоқ шығар. Ағаны ренжітпе, сабака, ренжіп қалдың ба? Сен ренжіме, қатты айтсам – інімің, саған ақыл айтпағанда кімге ақыл айтамын. Кімге, ойбай-ау?!

Ағам мен тәтем асыл адамдар ғой, халық сыйлайды. Сен бірақ оқымай кеттің... А, нешауа, бас аман болсын. Көп болса мен сияқты монша жағарсың...

«Тістегеннің тісінде, ұстағанның уысында» – Етігінің ізін баттитып басып үйден шығып кетті. – Қайран, Ержық ағам менің, сонда менімен қоштасқан екенсің ғой. Қайтейін енді...

Иығыма ауыр қол сарт ете түсті. Селк еттім. Механик Ақ-қозы екен. Қабағы түсіп кеткен, зорға сөйледі:

– Сен кеңсеге бар, ж-жоқ, қазір әбед... Сен тура Өмірғалидің ұлы Нұртасқа хабарла, мен осында отыра тұрайын.

Жазған құлда шаршау бар ма, арыстай азамат ажал танқанда, кеттім құлдилап. Ентігіп, алқын-жұлқын басбухтың үйіне кіріп барғанымда қазы кертіп отырған басбух тіксініп қалды:

– Жайшылық па, қарағым? Жайшылық па?

– Моншада... моншада Ержық ағам өліп жатыр.

– Алда байғұс-ай, шиеттей балалары...

Басбухтың адымы алымды екен, моншаға менен бұрын жетті. Лезде ішке кіріп қайта шықты да:

– Қуарған қу арақ-ай, – деп табалдырыққа отыра кетті. – Шиеттей балалары...

Аз үнсіздіктен кейін:

– Сен милиция мен дәрігерге бар, тез келсін, – деді басбух сәлден соң маған қарап.

Хабарлап келсем жаманат жерде жата ма, біраз ел жиналып қалыпты. Бәрі моншашының қазасына қынжылып тұр. Әр жерден:

– Жақсы адам еді.

– Шиеттей балалары десеңші.

– Иә, ажалға дауа бар ма?!

– Ауырмай-сырқамай бір-ақ күнде...

– Осы туыстары кім еді, қалай естіртеміз?

Көңілі бос бір-екі әйел сыңсып жылаған болды. Мен моншаның бұрышына бардым да, сылқ етіп отыра кеттім. Ойыма нелер келіп, нелер кетпеді десеңші. Баяғыда жас бала күнімізде аш жүргендей осы марқұм ағамның екі қазын ұрлап тауға апарып, қуырып жегеніміз бар еді. Енді сол қаздың етінің дәмі аузыма келіп, денеме у болып тарап, есеңгіретіп бара жатқан сияқты ма...

– Ха-ха-ха... – Күлкіге жалт қарасам қазаға жиналған ел шынымен күліп тұр. Бірі ішін басып күлсе, екіншісі саусағын шошайтып ішек-сілелері қатып қалған. Мен аң-таңмын:

– Моншаға түсуге келдіңдер ме? – Ержық ағамның даусы! (Астапыралла, нақ соның өзі!). Өне бойым бір түрлі болып кетті. Моншашы жаңағы сөзін тағы бір қайталады да табалдырыққа жүрелей отыра кетті. Нұртас аға бір шелек суық су әкеліп басына құя салып:

– Ішінді... – деп бір сыбап үйіне қарай аяңдады.

Жұрт өліп-тірілген моншашыны мазақ қылып әуре.

Оқиға былай болыпты. Милиция, дәрігер, тағы бір-екі адам ішке енгенде «марқұм» Ержекең орнынан қозғалмапты. Қатты ұйықтап жатқан күйі жан тапсырса керек. «Милиция мен дәрігер қалам-қағаздарын дайындап жатқанда батыл басбух жанына барып моншашының бетіне үнілсе ақырын ғана «уһ» деп алып, көзін (ашып-жұмған әрине) қысыпты,

– дейді. Басбухтың ашуы келіп «өліп» жатқан моншашыны (милицияның қой дегеніне қарамастан) жағасынан жұлып алып, жақтан дәу жұдырығымен салып өткенде «марқұм» шынтақтай моншашы ұшып барып, қабырғаға соғылып, лақ– лақ құсып далаға беттеп бара жатыр дейді. Сыртқа шықса өз қазасына жиналған халық, жыртың-жыртың күлкі, мазақ. Міне, бары осы. Енді жұрт мені қоршады.

– Бірге ішіп пе едіңдер?

– Ұрған жоқсың ба ішінен?

– Ой, сен өлімнен алып қалдың. Давай, ертең есін жиған соң костюм-шалбар сұра, сен болмасаң өлер еді. Жаныма механик Акқозы келді де:

– Ұят болды ғой, – деп моншашының өлмегеніне өкінгендей жөніне кетті.

Мен үндемей бұрылып жүре бердім. Сол күні бойымнан талай жыл арқалап жүрген ауыр кінәмнан арылғандай болдым. Бірақ та, не керек мен туралы өсек те өрши түсті.

Төкіштің баласы моншашымен бірге ішіп, артынан өлімші ғып сабап кетіпті.

– Қой ол бала да сондай ма еді?

– Айтасың-ау, ондай болмаса әкесі оны апарып оқуға түсіруге шамасы жоқ дейсің бе, сосын ғой табанын тіліп жұмысқа салып қойғаны.

Е, солай де бәсе...

Уақыт өтіп жатты. Баяғыда барымталаған екі қазды ойлауды қойғам. Қыс қатал басталды. Қаңтардың ортасында төпеп жаңбыр жауды. Тұяқты мал қолға қарап қалды. Ит-құс қатты.

Төрт дравильщиктің екеуіне тұмау тиіп үйлерінде жатыр. Мұхит екеуіміз таңның атысымен тұрамыз да, бұрқылдатып кешке шекті арпа тартамыз. Шаруашылық ауырлаған сайын ел азаматтарының қабағы салбырап жақ еттері солып... берекелері кетті. Әкем қалада ауруханада жатыр. Шешем бір барып келген, сонан кейін қатынаса алмадық. Жұмыстан титықтап шаршап келдім де үйге кеп, төсекке құладым. Әлден уақытта (біз ас-суымызды ауызғы үйде ішеміз) шешеммен біреу сөйлесіп отырғанын естідім. Әрі-бері аунап ұйқымды ашып алдым. Келген Ержық ағам екен, даусынан болжадым сәл қызулау ғой деймін...

- Болады тәте, маған бола әуре болмаңыз.
- Тақан жұмыстан шаршап келеді ғой деп әзірлеп жатыр едім... үстінен келдің, жақын отыр (шешем мені көрмеген).
- Мариям тәте, уыстағанның уысында, тістегеннің тісінде кетпеу керек қой, жай сол амандасайын деп ағадан хабар бар ма білейінші деп, тілеулес көңілмен келген ғой тәте... Ана Тақан әйтеуір жұмыстың шетінде жүр маған былай екі-үш қап жем тауып бере ала ма деген ғой тәте... болады... маған бола дастарқан жаймаңыз. (Бір аунап түстім де жата бердім).
- Құдай тілеуінді берсін: моншаң жылы болса кілтін берші, балалар түсіп алсын.
- Жо... жоқ тәте болмайды, ол не дегеніңіз. Закон есть закон.
- Бөтен бала емессін, ойбай-ау, ұмытып кетіппін ғой. (Шешем шкафты ашып, бірдеңе алды ғой деймін).
- Ой, Мариям тәте несіне әуре болдыңыз, болмадыңыз ғой.
- Шаршап жүрген шығарсың өзің құйып іше ғой... (Стаканға арақ құйылды).
- Ал, тәте, ағам тез жазылсын, (ішіп салды).
- Осы ағамның деймін тәте таппайтын арағы болсашы. Мына арақ сіздердің үйлеріңізде ғана бар.
- Шай іш. Ұл қазір кеп қалар. (Бүркеніп төр үйде мен жатырмын).
- Тақанның өңі жүдеу ғой. Ана жолы моншаға келгенде көрдім, ол күні монша кереметтей ыстық еді. Өзі жылдам шығып кетті.
- Ауырады ғой. Оның үстіне оқи алмай қалды, қатарынан қалғанға байғұс бала қынжыла ма... Қайтейін, жайрандап жүрген бала еді, – деп шешем жабырқай сөйледі.
- Жазушы болайын деп жүр емес пе?
- Ия, содан не шығады дейсін, әйтеуір күн-түн демей жазып жатады, түнеу күні аудандық газетте шимайын «нашар» деп сынады емес пе, елден ұят өзі...
- А, нешауа тәте Тақан мықты азамат болады. – Ержық ағам тағы бірді тартып салған сияқты.

– Ууу, жарықтық-ай... Тәте бүгін монша суық ертең балалар түсер.

– Құдай тілеуіңді берсін Ержықжан бөтен бала емессің, ана алдындағыны өзің құйып іше ғой.

-Тақан келмеді-ә?

(Мен бүркеніп жатырмын, ұйқым келер емес).

– Жақсы көмірің болса ескерсеңші, бөтен бала емессің, ағаң болса бәлністе. Биылғы алған көміріміз нашарлау болды. Ертең сырттан ер адам келгенде жүдеп-жадап отырғанымыз қиын ғой. Ұлға айтам, завхоздан барып көмір сұра деп, бетінен басады бала емес пе... көмір жағын ескер, қарағым...

– Жо... жоқ... тәте ол болмайды, закун есть закун, тістегеннің тісінде уыстағанның уысында кетпеу керек қой. Мариям тәте болмайды ол. Ал, Мариям тәте сау болыңыз мен кеттім, әлгі Тақан келмеді ғой, ағаның халін білейінші деп келген ғой менікі...

– Ұлға айтармын өзіңнің келгеніңді, көмір жағын ескерсеңші...

– Мариям тәте-ау, баяғыда Төкен ағам ферманы басқарып тұрғанда маған талай жақсылық жасап еді. Құдай, дені-қарына саулық берсін, ағам келгенде «бермеді» десеніздер ұят болып жүрер, алыңыздар. Арғы шет жағынан алсын шытырлап жақсы жанады.

– Е, сөйдесеңші, ұлдарды жіберейін.

– Тақаннан басқа ешкімді жібермеңіз. (Таспен атып ем, аспен аттың ғой мені).

...Сол күні үйдің қабырғасын қырау шалмақ түгілі, мұз қаптаса да көмірге бармадым, менен басқа біреу алуына болмайды: «закунь есть закун» ертеңінде совхоздан авансқа ақша алып, қолдан атасының құнын сұраса да екі тонна көмір түсірдім.

...Түнімен ақ қағазға ештеңе түсіре алмай аласұрып, қыстың ұзақ түнін түріп, қысқа таңын қарсы алып отырып қалыппын. Бөлмеме шешем сөйлей кірді.

– Ақ қағазда басың қалсын сенің басың қалғыр. Отыр сөйтіп, түнімен жынымен сөйлескен бақсы құсап, күбір-

күбір етіп, сенің кесіріңнен осы айға светке удай ғып ақша ұстады.

– Не боп қалды тағы?

– Болғанда қайтер едің, түнімен жарқанат құсап ұйықтамайсың, күндіз қолың қалт етсе ана тарсылдақ машинканды басып әбден мазамызды кетірдің ғой өзі, ойбай..

– Не боп қалды өзі, айтсаңызшы.

– Бар да көр әні қыс бойы арпаға бөктіріп, семіртіп жүрген аталық қазды түнде біреулер қорадан ұрлап алып кетіпті. Момын адамның ашуы да қызық қой, шешем дүниенің бәрін бір тарының қауызына сыйдырып бара жатыр. Он төрт құрсақ көтеріп, жетеуін қара жерге беріп, қалған жетеуіміздің қызығымыз бен шыжығымызды көріп келе жатқан шешемді аяп кеттім:

– Қазды қайтеді – өзі шығып кеткен шығар.

– Өзі сонда аузындағы құлыпты бұрап алып тастай ма? Жүрегім алқымыма тығыды. «Баяғыда біз де...»

– Мама, жүрегім.

– Ойбай... ойбай... тағы ауырып қалдың ба, дәрің қайда еді. -Су... су...

– Міне, қазір... түү зәремді алдың ғой балам, айналайын, байқашы отыр мына жерге, ақырын, қазы бар болсын сендер аман-сау болсаңдар болды...

Ертеңінде білдік: біздің қазды ұрлағандар моншаның ішіне барып қуырып жеп, екі-үш бөтелке «Вермут» ішіпті.

Мен солардың қазды емес қорада тұрған екі тоқтының бірін алып кетпегеніне шындап өкінген едім...

Арада төрт-бес жыл уақыт өте шықты. Қалада цемент заводында ел қатарлы жұмыс істеп жүріп жатырмын. Шілденің шідерлеулі ыстығында кезекті демалысымды алып, аунап– қунап қайтайын деп ауылға келдім. Құлазып тұр. Әйтеуір тым– тырыс дүние. Көрші-қолаң, туған-туыстарға амандасып шықтым. Ішім пысты. Әуелде ауылға баратын автобусқа билет аларда менде мынандай ой болған: «Барғасын туған-туыс, дос– жарандар жабыла қонаққа шақырар. Кекіреймей оң қабақпен барып, дұрыс қайтайын «Қа-ай-да,

енді солардың халің қалай, ей, дегендерін күтіп үйде жатырмын. Осындай тәтті үмітпен екі-үш күнді өткіздім. Өліп кете жаздадым...

Сол күні құлқын сәріден тұрып алдым. Шөп таситын шопырлар болмаса ауыл тұрғындары ояна қоймаған. Біреу таңғы асына шақырғандай барымды киіп алдым. (Түнде костюм – шалбарымды өтектеп қойғам). Далаға шықтым. Ыстық еңселерін басқанша түндегі тәтті түстерін айтып қалғысы келгендей құстар таңғы ауада рақаттана сайрайды. Ауыл шетіне қарай аяндадым. Біреу жөтеледі. Бұрылып қарасам, жаңа жобамен салған моншаның алдында, орыс бақшасында өте жиі кездесетін «Қаракшыдай» қалқайып баяғы Ержық ағам тұр. Қуанып кеттім. Аяндап жанына бардым.

– Ассалаумағалейкум, Ераға.

– Уағалейкум, – Қолымды өте көңілсіз, селқос ала салды.

– Аға халіңіз қалай? Үй ішіңіз аман ба? Лея жеңешем қуатты ма? – Неге екенін білмеймін Ерағамның қора-қопсысын тергеп сұрап жатырмын, сұрап жатырмын...

– Иә, бала кім боласың, танымадық қой?!

Мен аң-таң боп Ерағама қарадым. Шынымен танымағанын не әдейі мені мазақ қылып тұрғанын ажырата алмай дел-сал болдым.

Қырсықтығым ұстап қалды. Әке-шешемнің аты-жөнін, қай жылы, қай айда, қай жерде туғанымды жіпке тізіп айтып бердім.

– Уай, Тақан сенсің бе, айналайын. Латипаны, балаларды тақақтап сұрап жатқан бұл – кім десем...

Ерағам мені екі-үш рет айналып шықты да, тау халқының сері жігіттерінің әдетіне салып, басын шайқап, таңдайын қақты.

– Шикарнә, сен де адам болдың, ә?! Мен күлдім. Ашуланған жоқпын.

– Өстік қой, аға, – дедім көңілденіп.

Ағам мені тағы да екі-үш рет айналып шықты. Басын шайқай береді.

– Құдайдың шатастырғаны-ау, сені танымай, мына қымыз бен сүрі қазының кезінде ауыл-ауылды кезіп жүрген реви-зорлардың біреуі шығар деп. Ренжіме, айналайын, өзімнің

Тақаным екенсің ғой иә, баяғыда қаз... мен не айтып кеттім өзі. Айтпақшы бұл келісің, әке-шешеме келін түсірейін деп сол (күлді). Дұрыс қалада жұмыс істейсің, ендігі биік үйден жеке өз басына пәтер алған шығарсың, маладес...

– Жок, аға, салт бастыларға үй бермейді. Жатақханада тұрамын. Үйленген соң болмаса...

– Иә, солай е, –Бетіме жиіркене қарады. Солай де (шегінді). Әке-шешеннің соры болдың ғой сен, отызға келсең де он жастағы баланың ақылы жоқ сенде, сен дұрыс бала болмадың. Әу баста сенен үміт күте қоймап едім... әй, әй (басын шайқады). Сен -ақымақсың. Ана бауырларыңа қандай үлгі көрсетпексің, а? Әй, өзі сенде ұят, сана-сезім деген бар ма өзі, а? Тасқа ұялмай– қызармай махаббат деп (қолын сермеп-сермеп қойды) адамгершілік деп сөз басқызасың. Әй, өзі сен кімсің-ай, а?!

– Аға!

– Тоқтат. Сен өзі мынаған жауап берші. Мына ағаң сияқты (кеудесін қолымен ұрғылады) немістен қатын алып, тіфә, тіфә, тіл-көзім тасқа, еш қоспасыз он бір қазақты тапқыза аласың ба-ай, а?!

Мен иығымды қиқаң еткіздім.

– Ә, солай ма екен, – деді екі бүйірін таянып. – Қолыңнан келмейді. Сенің қолыңнан не келеді, а?!

Қазақ тілі сабағынан «екілікті» ала-алатақта алдынан әбден жауыр болған оқушыдай екі иінім түсіп мен тұрмын. Моншашы ағам жерден алып жерге салып ұрсып жатыр.

– Әке-шешенді бүкіл халық сыйлайды. Жақсы адамдар. Сенің өстіп жүргеніңе просты мен...

– Аға, – дедім ызаланып. – Аға, сіздің бұныңыз не... Мен құдайға шүкір, ел қатарлы жұмысымды істеп жатырмын. Қыз-келіншекке қырындамаймын... Театр, киноны құр қалдырмаймын. Айықтырғышқа түскем жоқ... Күнделікті газет-журнал оқимын.

– Әй, қоя тұршы-ей. Сен не өзі, мынаған жауап берші. Мына сендер үйлеріндегі жеті баласындар. Алтауы бір-біріне өте ынтымақты. Ал сені олар дағы адам деп те есептемейді? Сол бауырларың мейрам сайын бастарын туған үйлерінде қосады. Сені көрмейміз. Әй, сен сонда қайдан шыққан құ-

дайсың, а?! Әй, әй (қолымен мені нұқып-нұқып қалды) сен өзі мына мен сияқты монша жаға аласың ба? Жазу-сызуды қайтесің одан да ауылға кеп менің көмекшім боп монша жақ, ағайыныңның арқасын ысып берсең де көңілін табасың...

Бір түрлі жасып мұңайып қалдым. Ерағамның нені меңзеп, нені көздеп айтып тұрғанын іштей мойындап тұрғандаймын. Ол кісі мінбеде үзліс жасаған адамдай сөзін қайта жалғады.

– Жарайды, жасыма, жігіт емессің бе? Адам туған ұясының суығын да, ыстығын да көру керек, Көкек емес шығармыз... Қалған әңгімені кешке үйге кел сонда жалғастырамыз. Ұмытпа. Мен де жеңгенге ас салдырармын. Үйтілген қаздың еті бар. Арақ ішем деп дәмеленбе, мен үш жыл болды ішкенді қойғам, немерем бар, қалайда кешке үйге кел...

– Жарайды, – деп бұрылып кетіпбара жатыр едім, жеңімнен тартып тоқтатты.

– Тақан сен осы монша жаға аласың ба? – деді де бетіме қарады.

– Қазір жауап бере алмасаң кешке қонаққа келгенде айтарсың?

Үйге келдім. Ауызғы үйде шешем газға, әлі ояна қоймаған, оянса азан-қазан жылайтын, немерелеріне сүт қойып жатыр екен. Ұрса жөнелді.

– Қайда жүрсің, таң атпай астыңнан су шықты ма? қорадан қаздар шығып кетіпті. Барып іздеп кел... Мынасы несі шыттай киініп алғаны, әйтеуір жақсылық болғай.

– Қазы бар болсын. Соны неменеге асырайсың, бір бейнет қылып.

– Е, сен не келін түсіріп, бейнетімізді соның мойнына артып қойыппыз ба, о, несі, асырайын деп асырадым ба? Былтыр осы уақытта Ержық ағаң кеп, тәте түсіме Тақан кіріп жүр, үйленетін шығар, мына екі қазды соған әкелдім, мен берді деп айтарсыз», -деген. Былтыр олимпиаданы көруге Мәскеуге кеттің бе, ауылға беттемедің. Тақауда балапан шығарған. Бар енді шай қайнағанша іздеп кел, танымасаң бөтегесі қызыл бояумен боялған.

...Күн құрық бойы көтерілгенде қаздарды зорға дегенде іздеп таптым-ау. Көк қуалап ұзап кеткенге ұқсайды. Сияқты емес анық солай. Баяғыда біздің бала кезімізде Саржалдың

маңы көк майса жайлау еді. Қыз бұрымындай бұратылып мөп-мөлдір бұлақ ағып жататын. Қазір сол қымбат көріністің бірі де жоқ. Жер тозған. Жүрген сайын көзіңе түсетіні, аяғыңа ілінетіні консервінің қалбыры, бос бөтелке, темір-терсектер. Тіземізден жалдап бір-бірімізге су шашатын арыққа тау-тау қып күл-коқыс төгілген.

Тақыр жермен бес қаз емес, бір қора қой айдағандай шаңға көміліп келе жатырмын. Пысынадым. Терледім. Шөлдедім. Мойнымдағы галстугімді ағытып, костюмді шешіп алдым.

Борпылдақ шаңы бұрқ-бұрқ еткен жолмен қаздарды айдап келе жатып Ержық ағам жағып жатқан моншаның түтінін көрдім. Есіме ағамның қойған сұрағы түсті. Қалайда жауап беруім керек қой... Ойланып келем!

Сіз қалай ойлайсыз?!

Шынында да монша жаға алам ба?!

*1981 жыл,
Саржал*

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ.

Повестер

Гауһар.....	4
Ойшоғыр.....	55
Ұлу жылы.....	125
Ақмарқа.....	153
Француз әтірінің иісі.....	172

II БӨЛІМ.

Әңгімелер

Лениннің бәтеңкесі.....	223
Мұзайна.....	240
Қанден.....	249
Марафон.....	257
Моншашы, «ұрланған қаздар» және мен.....	270

Талғат КЕҢЕСБАЙ

Марафон

Повестер мен әңгімелер

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсебай*

Мұқабаны безендірген – *Талғат Кіршібаев*

Мұқабаның бірінші бетіне қолданылған сурет –
Пабло Пикассо. «Скрипка мен жүзім», 1912 жыл.

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 15
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс №

«Қарағай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-33-2



9

786017 505332

Басуға 12.04.2016 ж. кол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 15
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс №378

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.




ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7505-33-2



9 786017 505332





Հ. Կ. Լուսինյանի անվան ՀՀ Կենտրոն
Պատկերազնային Ազգային Գրադարան



000001517021



Талғат Кеңесбай – жазушы. 1961 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Саржал ауылында қарнайым отбасында дүниеге келген. Семей педагогикалық институтын тәмамдаған. 1980 жылдан бері шығармалары баспасөз беттерінде жарияланып келеді. Республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты (1988). Тұңғыш кітабы «Француз әтірінің иісі» 1990 жылы жарық көрген. Еуразия жазушылары одағының мүшесі. Шығармалары шет тілдерге аударылған.